- жазғы құрғақшылық (маусым-тамыз) жауын-шашын тапшылығы мен экстремалды температура салдарынан, әсіресе тамыз айында, Қазақстанның барлық аумағын қамтыды (Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарынан басқа) және 15-49 тәулікке созылды;

- күзгі құрғақшылық (қыркүйек айында) еліміздің оңтүстік өңірінде - Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстарында байқалды, онда жауын-шашын тапшылығы 80-100% және ауа температурасының ауытқулары 1,6-3,7°C құрады.

Топырақтың құрғақшылығы. Көктемгі егіс жұмыстарының басында Қазақстанның батыс, солтүстік, орталық және шығыс бөліктерінде топырақтың метрлік қабатында ылғалдың жеткіліксіз қоры қалыптасты. Сәуір-мамыр айларында жауын-шашынның аз мөлшері (60%-дан аз, кей жерлерде 20%-дан аз) және экстремалды температура (95-процентильден жоғары) атмосфералық және топырақтың құрғақшылығына ықпал етті. Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды облыстары аумағының басым бөлігінде, сондай-ақ Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарының кейбір аудандарында 3-5 онкүндік ішінде көктемгі топырақ құрғақшылығы байқалды. Маусым-тамыз айларында көктемгі кезеңге ұқсас ауа райы жағдайларына байланысты (жауын - шашынның қатты тапшылығы және ауа температурасының экстремалды ауытқулары) топырақтың құрғақшылығы жаз мезгілінде Қазақстанның батыс, солтүстік, орталық және шығыс бөліктерінде, сондай-ақ оңтүстік облыстардың кейбір аудандарында - Алматы және Түркістанда 3-9 онкүндік бойы тіркеле берді.

Суховейлер келесі өңірлерде байқалды: Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарының аумағында шілде айында ұзақтығы 5-тен 7 тәулікке дейін; Атырау облысында сәуір және тамыз айларында ұзақтығы 5-тен 6 тәулікке дейін; Қызылорда облысында сәуір, мамыр, маусым және шілде айларында ұзақтығы 5-тен 12 тәулікке дейін (суховей ең ұзақ ұзақтығы сәуір және мамыр айларында Жосалы МС байқалды); Жамбыл облысында мамыр, маусым және шілде айларында 5 тәулікке созылады; Қарағанды облысында мамыр, маусым, шілде және тамыз айларында ұзақтығы 5-тен 24 тәулікке дейін (суховейның ең ұзақ ұзақтығы Саяқ МС шілде айында байқалды); ал Қостанай облысында шілде айында ұзақтығы 4-тен 16 тәулікке дейін (суховейның ең ұзақ ұзақтығы шілде айында Екідың МС байқалды).

Бұршақ Жамбыл және Алматы облыстарының тау бөктеріндегі аймақтарында байқалды.

Волонтерлардың қатысуы

2021 жылы ТЖМ аумақтық бөлімшелері волонтерлік ұйымдармен бірлесіп 100 мыңнан астам адамды жалпы қамтумен 234 акция («флешмобтар» (2 961) білім беру мекемелерінде аула аумақтарын және су өткізу құрылыстарын қардан тазарту және су айдындарындағы қа-

уіпсіздікті қамтамасыз ету) өткізді.

2021-2022 жылдар кезеңінде іздестіру жұмыстарына 570 волонтер тартылды, 160 мың аулаларды аралау және түсіндіру материалдарын таратумен рейдтер өткізілді.

ТЖМ мен «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды, ТЖ салдарын жоюға волонтерлерді тарту алгоритмі бекітілді.

ТЖД-да «Волонтерлік ұйымдардың басшылары мен үйлестірушілері» санаты бойынша 741 адам оқытудан өтті.

**3 БӨЛІМ.
СУ РЕСУРСТАРЫ**



3 БӨЛІМ. СУ РЕСУРСТАРЫ

3.1. БЕТКІ СУ РЕСУРСТАРЫ

Республика аумағында 39 мыңға жуық өзен мен уақытша су ағындары бар, олардың 7 мыңнан астамының ұзындығы 10 км асады.

Қазақстан өзендерінің басым көпшілігі Каспий және Арал теңіздерінің, Балқаш көлінің, Алакөл және Теңіз көлдерінің ішкі тұйық бассейндеріне жатады. Тек Ертіс өзені Солтүстік Мұзды мұхит бассейніне жатады.

ҚР Су заңнамасына сәйкес ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілеріне Каспий теңізі, Балқаш көлі, Зайсан көлі, Алакөл көлінің жүйесі, Ертіс өзені жатады.

Қазақстанда бірнеше мыңдаған көл бар және олардың басым бөлігі солтүстікте шоғырланған. Ең ірілері – Балқаш, Зайсан, Алакөл – шығыс және оңтүстік-шығыс аудандарда орналасқан. Көптеген көлдерде судың минералдануының жоғары болуы оларды шаруашылық мақсатта пайдалануға кедергі келтіреді.

Су шаруашылығы – әкімшілік аудандастырудың негізіне республиканың негізгі өзен су шаруашылығы бассейндеріне гидрографиялық бөлінуі жатады.

Республика аумағында сегіз өзен су шаруашылығы бассейні бөлінген: Арал-Сырдария, Балқаш-Алакөл, Ертіс, Есіл, Жайық-Каспий, Нұра-Сарысу, Тобыл-Торғай және Шу-Талас.

Беткі суларды зерттеудің қазіргі деңгейінде Қазақстанның барлық өзендерінің өзен ағысының иеліктегі су ресурстары жылына 100 км³ шамасымен бағаланады, оның ішінде 54 км³ республика аумағында және 46,0 км³ – іргелес елдерде қалыптасады (Қытай – 21,2 км³, Өзбекстан – 14,6 км³, Қырғыз Республикасы – 3,1 км³, Ресей – 7,5 км³).

Жер асты суларының барланған қоры жылына шамамен 15 км³ құрайды.

Ертіс өзенінің бассейні, Балқаш-Алакөл бассейні беткі және жер асты суларымен де өзен ресурстарымен қамтамасыз етілген. Нұра-Сарысу, Есіл, Тобыл-Торғай бассейндерінің жер асты сулары бойынша тапшы болып табылады. Есіл, Жайық-Каспий, Арал-Сырдария, Тобыл-Торғай және Нұра-Сарысу бассейндерінің едәуір аумақтары қазірдің өзінде беткі және жер асты суларының тапшылығын сезінуде.

3.1.1. БЕТКІ СУЛАРЫНЫҢ САПАСЫ

«Қазгидромет» РМК 130 су объектісінде: 84 өзенде, 29 көлде, 13 су сақтағышында, 3 каналда, 1 теңізде бөлінген 358 гидрохимиялық жармада гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша беткі суларының сапасына бақылау жүргізілді.

Қазақстан Республикасы су объектілерінің су сапасын бағалау «Су объектілеріндегі су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесіне» сәйкес жүргізіледі (АШМ СРК 09.11.2016 ж. №151 Бұйрығы), (3.1-кесте).

Су сынамаларында беткі суларын зерттеу кезінде 60 дейін физикалық-химиялық сапа көрсеткіштері анықталады: температура, қалқыма заттар, хром, мөлдірлік, сутегі көрсеткіші (рН), еріген оттегі, ОБТ₅, ОХТ, тұз құрамының негізгі иондары, биогендік элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар, пестицидтер.

3.1-кесте

2021 жыл бойынша Қазақстан Республикасының беткі суларының сапасын бағалау

Сапа сыныбы*	Суды пайдалану түрлері бойынша судың сипаттамасы	Су объектілері және су сапасының көрсеткіштері
1 сынып (ең жақсы сапа)	Бұл су пайдалану барлық түрлеріне жарамды	6 су объектілері (5 өзен, 1 су сақтағышы): Қара Ертіс, Ертіс, Усолка, Үржар, Беттібұлақ, Ақсу (Түркістан облысы) өзендері, Өскемен су сақтағышы.

2 сынып	Бұл су балық өсіру, рекреация, суару, өнеркәсіп үшін жарамды; тек шаруашылық ауыз сумен жабдықтау үшін қарапайым су дайындау әдісі қажет	9 су объектілері (9 өзен): Бұқтырма (марганец), Оба (марганец), Баянкөл (жалпы фосфор), Қаскелен (жалпы фосфор), Қаратал (жалпы фосфор), Үлкен Алматы (жалпы фосфор), Лепсі (жалпы фосфор), Түрген (жалпы фосфор), Шілік (қалқыма заттар, нитрит-анион, жалпы фосфор) өзендері.
3 сынып	Бұл су рекреация, суару, өнеркәсіп үшін жарамды; су балықтың тұқы түрлерін өсіру үшін жарамды; лас сорғыш үшін қажет емес; шаруашылық ауыз сумен жабдықтау үшін қалыпты және қарқынды су дайындау әдістері қажет	18 су объектілері (15 өзен, 3 су сақтағышы): Брекса (аммоний-ионы), Красноярка (магний, кадмий), Глубочанка (магний), Үлбі (кадмий), Іле (магний), Текес (аммоний-ионы, магний), Ақсу (Алматы обл.) (аммоний-ионы), Есентай (аммоний-ионы), Талғар (аммоний-ионы), Қорғас (аммоний-ионы), Темірлік (магний), Қарқара (магний), Кіші Алматы (магний), Арыс (магний), Бадам (магний) өзендері, Шортанды (магний), Вячеславское (магний), Қапшағай (магний) су сақтағыштары;
> 3 сынып	Су суару және өнеркәсіп үшін жарамды	5 су объектілері (4 өзен, 1 су сақтағышы): Жайық (Батыс Қазақстан облысы) (фенолдар), Деркөл (фенолдар), Шаған (фенолдар), Шу (фенолдар) өзендері, Сергеевское (фенолдар) су сақтағышы.
4 сынып	Су суару және өнеркәсіп үшін жарамды; шаруашылық ауыз сумен жабдықтау үшін терең су дайындау әдістері қажет	32 су объектілері (26 өзен, 3 арна, 3 су сақтағышы): Емел (магний), Перетаска (магний), Яик (магний), Жайық (Атырау облысы) (магний), Елек (Ақтөбе облысы) (магний, аммоний-ионы, хром ^{(6+)*} , фенолдар*), Ембі (Ақтөбе облысы) (аммоний-ионы, фенолдар*), Ор (магний, аммоний-ион, фенолдар*), Ойыл (магний, аммоний-ионы, фенолдар*), Ақтасты (аммоний-ионы, фенолдар*), Қосестек (аммоний-ионы, фенолдар*), Қарғалы (магний, аммоний-ионы, фенолдар*), Үлкен Қобда (қалқыма заттар, фенолдар*), Темір (қалқыма заттар, фенолдар*), Елек (Батыс Қазақстан облысы) (фосфаттар, фенолдар*), Сарыозен (қалқыма заттар, фосфаттар, фенолдар*), Торғай (магний, минерализация), Есіл (Солтүстік Қазақстан облысы) (магний, фенолдар*), Жабай (магний), Шағалалы (магний), Сілеті (магний), Нұра (Қарағанды обл.) (магний, фенолдар*), Есік (қалқыма заттар), Шарын (қалқыма заттар), Сарықау (магний, сульфаттар, фенолдар*), Сырдария (Қызылорда облысы) (магний, сульфаттар, минерализация), Келес (сульфаттар, фенолдар*), Көшім арнасы (қалқыма заттар), Қ. Сәтбаев атын. арна (магний), Нұра-Есіл арнасы (магний), Бұқтырма (қалқыма заттар), Самарқан (магний), Кенгір (магний, минерализация, сульфаттар) су сақтағыштары;

5 сынып (ең нашар сапа)	Су өнеркәсіптің кейбір түрлеріне ғана жарамды (гидроэнергетика, пайдалы қазбаларды өндіру, гидрокөлік)	8 су объектілері (7 өзен, 1 су сақтағышы): Аягөз (қалқыма заттар), Қара Қобда (қалқыма заттар), Әйет (қалқыма заттар), Тоғызақ (қалқыма заттар), Үй (қалқыма заттар), Қарабалта (сульфаттар), Есіл (Ақмола облысы) (жалпы фосфор) өзендері, Аманкелді (қалқыма заттар) су сақтағышы.
>5 сынып	Су пайдаланудың барлық түрлеріне жарамсыз	28 су объектілері (24 өзен, 4 су сақтағышы): Тихая (қалқыма заттар), Шаронова (қалқыма заттар), Киғаш (қалқыма заттар), Ембі (Атырау облысы), (қалқыма заттар), Бірғыз (қорғасын), Шынғырлау (хлоридтер), Қараөзен (хлоридтер), Тобыл (қалқыма заттар, магний, хлоридтер), Обаған (қалқыма заттар, магний, минерализация, ОХТ, сульфаттар, хлоридтер), Желқуар (қалқыма заттар), Ақбулак (кальций магний, минерализация, хлоридтер), Сарыбұлақ (магний, минерализация, хлоридтер), Ақсу (Ақмола облысы) (минерализация, ОХТ, хлоридтер), Қылшықты (кальций, магний, минерализация, ОХТ, хлоридтер), Нұра (Ақмола облысы) (жалпы темір), Қара Кенгір (аммоний-ионы, кальций, ОБТ ₅ , хлоридтер, минерализация), Соқыр (марганец, аммоний-ионы), Шерубайнұра (марганец), Талас (қалқыма заттар), Асса (қалқыма заттар), Токташ (қалқыма заттар), Ақсу (Жамбыл обл.) (қалқыма заттар), Сырдария (Түркістан облысы) (қалқыма заттар), Қатта-Бүгүн (қалқыма заттар) өзендері, Қаратомар (қалқыма заттар), Жоғарғы Тобыл (қалқыма заттар), Тасөткел (қалқыма заттар), Шардара (қалқыма заттар) су сақтағыштары.

* - осы сыныпқа арналған заттар нормаланбайды
Көзі: «Қазгидромет» РМК.

«Қазгидромет» РМК ҚР ЭГТРМ 16.01.2020 ж. №29-02-01-05/6591 шығыс хаты негізінде ҚР көлдері мен теңіздерінің сапасын бірыңғай жіктеу бойынша бағалауға мүмкіндігі жоқ.

Толығырақ ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

2021 жылғы Қазақстан Республикасының беткі суларының жоғары ластануы және өте жоғары ластануы жағдайлары туралы мәліметтер


Соңғы жылдары сол ингредиенттердің қайталануымен беткі су қоймаларының ЖЛ және ЭЖЛ туралы ақпараттың түсуі жиілеп кетті. Бұл ретте «Қазгидромет» РМК ЖЛ және ЭЖЛ туралы ақпаратының бір бөлігі «тарихи ластану» және табиғи факторларға байланысты табиғи фондық ластану нәтижелері бойынша белгіленеді. Мәселен, мысалы, Ақмола, Қостанай және Қарағанды облыстарының су объектілерінің ЖЛ жағдайларының негізгі себептері осы су қоймаларының қалыптасқан табиғи фондына байланысты табиғи сипатта болып табылады. Ақтөбе облысындағы Елек өзенінің беткі және жер асты суларының бормен ластануы тарихи болып табылады.

«Қазгидромет» РМК 25.05.2018 ж. № 449-ө Бірлескен бұйрығымен бекітілген тәртіпке сәйкес ҚР ЭГТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитетімен өзара іс-қимыл жасайды.

2019-2021 жылдардағы ЖЛ және ЭЖЛ жағдайларының динамикасы 3.1-суретте ұсынылған.

3.1-сурет

2019-2021 жылдардағы ЖЛ және ЭЖЛ жағдайларының динамикасы, бірлік




Көзі: «Қазгидромет» РМК.

3.1-суретте көрсетілгендей, 2021 жылы су объектілеріндегі ЖЛ жағдайларының саны 22 және ЭЖЛ жағдайларының саны 11 өсті.

2021 жылы беткі суларында 24 су объектісінде 17 ЭЖЛ және 270 ЖЛ жағдайлары: Сарыбұлақ өзені (Нұр-Сұлтан қ.) – 1 ЭЖЛ және 43 ЖЛ жағдайы, Ақбұлақ өзені (Нұр-Сұлтан қ.) – 7 ЭЖЛ және 7 ЖЛ жағдайы, Есіл өзені (Ақмола облысы) – 4 ЖЛ жағдайы, Нұра-Есіл (Нұр-Сұлтан қ.) – 2 ЖЛ жағдайы, Жабай өзені (Ақмола облысы) – 1 ЖЛ жағдайы, Елек өзені (Ақтөбе облысы) – 21 ЖЛ жағдайы, Қара Кеңгір (Қарағанды облысы) – 5 ЭЖЛ жағдайы және 41 ЖЛ жағдайы, Самарқан су сақтағышы (Қарағанды облысы) – 2 ЖЛ жағдайы, Соқыр өзені (Қарағанды облысы) – 4 ЖЛ жағдайы, Шерубайнұра өзені (Қарағанды облысы) – 4 ЖЛ жағдайы, Нұра өзені (Қарағанды облысы) – 19 ЖЛ жағдайы, Глубочанка өзені (Шығыс Қазақстан облысы) – 5 ЖЛ жағдайы, Брекса өзені (Шығыс Қазақстан облысы) – 7 ЖЛ жағдайы, Тихая өзені (Шығыс Қазақстан) – 2 ЖЛ жағдайы, Үлбі өзені (Шығыс Қазақстан облысы) – 8 ЖЛ жағдайы, Красноярка өзені (Шығыс Қазақстан облысы) – 2 ЖЛ жағдайы, Тобыл өзені (Қостанай облысы) – 1 ЭЖЛ жағдайы және 48 ЖЛ жағдайы, Обаған өзені (Қостанай облысы) – 3 ЭЖЛ жағдайы и 36 ЖЛ жағдайы, Әйет өзені (Қостанай облысы) – 1 ЖЛ жағдайы, Үй өзені (Қостанай облысы) – 2 ЖЛ жағдайы, Тоғызақ өзені (Қостанай облысы) – 2 ЖЛ жағдайы, Желқуар өзені (Қостанай облысы) – 7 ЖЛ жағдайы, Сарыөзен өзені (Батыс Қазақстан облысы) – 1 ЖЛ жағдайы тіркелді.


3.2 және 3.3-суреттерде 2021 жылы беткі суларының ЖЛ және ЭЖЛ туралы ақпарат ұсынылған.

2020-2021 жылдардағы беткі суларының жоғары ластану жағдайлары, бірлік



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

2020-2021 жылдардағы беткі суларының өте жоғары ластану жағдайлары, бірлік



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

ЖЛ жағдайларының ең көп саны Қостанай, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласында тіркелді.

ҚР беткі суларының жоғары және экстремалды жоғары ластануы жағдайында қабылданған шаралар туралы ақпарат 3.2-кестеде ұсынылған.

2021 жылы ҚР бегкі суларының жоғары ластануы және экстремалды жоғары ластануы жағдайлары

Су объектісінің атауы	ЖЛ және ЭЖЛ	Ластағыш заттың атауы	ҚР ЭГТРМ ЭРБК деректері бойынша қабылданған шаралар
Ақбұлақ өзені, Нұр-Сұлтан қ.	7 ЭЖЛ, 7 ЖЛ	Хлоридтер Кальций Магний Фторидтер Минералдану	Департаменттің зертханалық-талдамалық бақылау бөлімінің қызметкерлері Сарыбұлақ және Ақбұлақ өзендеріне барып, көрсетілген нүктелерден сынамалар алды. ШЖШ асып кетуі расталмайды.
Сарыбұлақ өзені, Нұр-Сұлтан қ.	1 ЭЖЛ, 43 ЖЛ	Минералдану Аммоний ионы Хлоридтер Еріген оттегі ОХТ Магний	Судың жоғары минералдануы мен ластануы ЖЭО-1 күл үйіндісінен бастап, одан әрі қоныстану аймағы бойынша және Н.Тілендиев даңғылына дейінгі жеке сектор өзенінің бойында орналасқан шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулардың ағуына байланысты. Еріген оттегінің асып кету себептері судағы қоспалардың тотығу процестерімен түсіндіріледі.
Есіл өзені, Нұр-Сұлтан қ. және Ақмола облысы	4 ЖЛ	Хлоридтер Кальций ОХТ	
Нұра-Есіл арнасы, Нұр-Сұлтан қ. және Ақмола облысы	2 ЖЛ	Хлоридтер Кальций ОХТ	
Жабай өзені, Ақмола облысы	1 ЖЛ	Магний	ЖЛ себептері табиғи климаттық жағдайлар болып табылады, бұл су объектілерінің қалыптасқан табиғи фонына байланысты.
Елек өзені, Ақтөбе облысы	21 ЖЛ	Хром ⁽⁶⁺⁾	Елек өзені суларының алты валентті хроммен ластануы тарихи болып табылады.
Ембі өзені, Атырау облысы	1 ЖЛ	Хлоридтер	
Глубочанка өзені, Шығыс Қазақстан облысы	5 ЖЛ	Марганец ⁽²⁺⁾ Кадмий	

Красноярка өзені, Шығыс Қазақстан облысы	2 ЖЛ	Марганец ⁽²⁺⁾	Брекса (Филипповка), Тихая, Үлбі (Тишин кеніші ауданында) өзендерінің ластануы тау жыныстарының үйінділерінен (мемлекет меншігінде) және «Казинк» ЖШС төгінділерінен тарихи ластану болып табылады.
Үлбі өзені, Шығыс Қазақстан облысы	8 ЖЛ	Марганец ⁽²⁺⁾ Жалпы темір	Красноярка және Глубочанка өзендері (Тишин кеніші ауданында, Риддер қ.) «Шығыстүстімет» ЖШС тау-кен өндіру кешенінің жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарының ықпалында.
Брекса өзені, Шығыс Қазақстан облысы	7 ЖЛ	Аммоний иондары Марганец ⁽²⁺⁾ Жалпы темір	Жоғарыда аталған өзендердегі жоғары ластанудың ықтимал себебі табиғи-фондық жағдай (су тасқыны кезеңінде өзен аңғарларынан еріген сулар) болып табылады.
Тихая өзені, Шығыс Қазақстан облысы	2 ЖЛ	Аммоний иондары Жалпы темір	
Нұра өзені, Қарағанды облысы	19 ЖЛ	Жалпы темір Темір ⁽³⁺⁾ Хлоридтер	Қара-Кеңгір өзенінде Жезқазған қаласының «Жылумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ (ЖСЖК) төгуді жүзеге асырады.
Қара Кеңгір өзені, Қарағанды облысы	5 ЭЖЛ, 41 ЖЛ	Магний Жалпы темір Кальций Минералдану Аммоний иондары Жалпы фосфор Еріген оттегі ОБТ ₅	«ЖСЖК» АҚ қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Тексеру нәтижелері бойынша аммоний-ионы, ОБТ ₅ фосфаттар және еріген оттегі бойынша асып кетулер анықталды. ҚР ӘҚБтК-нің 328-бабы бойынша Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалды, айыпшұл салынды.
Соқыр өзені, Қарағанды облысы	4 ЖЛ	Хлоридтер ОХТ	Соқыр мен Шерубайнұра өзендеріне «Саранская» шахтасы «АрселорМиттал Теміртау» АҚ Көмір департаменті мен «Қарағанды Су» ЖШС төгеді.
Шерубайнұра өзені, Қарағанды облысы	4 ЖЛ	Хлоридтер Жалпы темір	Экология департаменті жедел мәліметтер негізінде «Қазгидромет» РМК филиалынан «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «Саранская» шахтасы, «Қарағанды Су» ЖШС Соқыр және Шерубайнұра су объектілерінде жоғары ластану жағдайлары бойынша жоспардан тыс тексерулер жүргізілді. Тексеру барысында су сынақтары алынды, асып кетулер тіркелмеді. Жоғарыда аталған кәсіпорындарда тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ. Осыған сүйене отырып, хлоридтің жоғары мөлшері табиғи болып табылады.
Самарқанд су сақтағышы, Қарағанды облысы	2 ЖЛ	Жалпы темір	«Қазгидромет» РМК Самарқанд су сақтағышы мен Нұра өзенінің жоғары ластануына қатысты жедел мәліметтері негізінде «АрселорМитталТеміртау» АҚ, «ТЭМК» АҚ және «BasselGroup LLS» ЖШС қатысты жоспардан тыс тексерулер ашты.

Тобыл өзені, Қостанай облысы	1 ЭЖЛ, 48 ЖЛ	Хлоридтер Жалпы темір Магний Еріген оттегі Сульфаттар Кальций Аммоний-иондары Минералдану Марганец ⁽²⁺⁾	Су объектілерінің ЖЛ себептері осы су объектілерінің қалыптасқан табиғи фонына байланысты табиғи климаттық жағдайлар болып табылады.
Желкуар өзені, Қостанай облысы	7 ЖЛ	Хлоридтер Марганец Марганец ⁽²⁺⁾	
Обаған өзені, Қостанай облысы	3 ЭЖЛ, 36 ЖЛ	Хлоридтер Кальций Магний Сульфаттар Минералдану	
Тоғызқак өзені, Қостанай облысы	2 ЖЛ	Марганец ⁽²⁺⁾ ОБТ ₅	
Сарыөзен өзені, Батыс Қазақстан облысы	1 ЖЛ	Хлоридтер	Батыс Қазақстан облысында су сынамаларындағы хлорид шоғырлануының артуы судың төмен деңгейімен және аз мөлшерде сұйылтылуымен байланысты болды.
Барлығы: 24 су объектісінде 270 ЖЛ және 17 ЭЖЛ жағдайлары.			

ЖЛ және ЭЖЛ бойынша толығырақ ақпарат (су объектілері, гидрологиялық жармалар, фазалар, ластанудың ықтимал көздері) 12. «Аймақтардың экологиялық мәселелері» және «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyu-informacionnyu-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayushchey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

3.1.2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ӨЗЕНДЕРІ СУЛАРЫНЫҢ САПАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

2021 жылға Қазақстан Республикасының трансшекаралық өзендері суларының сапалық жағдайы

«Қазгидромет» РМК 32 трансшекаралық өзенде 38 гидрохимиялық тұстама бойынша беткі сулардың ластану мониторингі жүргізілді.

Бірыңғай жіктеу бойынша 2021 жылғы су объектілерінің су сапасы төмендегідей бағаланады:

Қазақстан Республикасы – Ресей Федерациясы

1 сынып (ең жақсы сапа) – Ертіс өзені;

3 сынып – Шаған өзені;

4 сынып – Есіл, Жайық, Елек (Целинный ауылы), Елек (Шілік ауылы), Сарыөзен, Үлкен Қобда, Ор, Тоғызақ (Михайловка ауылы) өзендері;

5 сынып (ең нашар сапа) – Әйет, Үй өзендері;

судың сапасы нормаланбайды (>5 сынып) - Тобыл (Аққарға кенті), Тобыл (Милютинка ауылы), Обаған, Тоғызақ, Желқуар, Қараөзен, Шаронова, Қиғаш өзендері.

2020 жылмен салыстырғанда Шаған өзеніндегі судың сапасы жақсарды, Есіл, Әйет, Үй, Тобыл (Милютинка ауылы), Тоғызақ өзендерінде - нашарлады, Ертіс, Тобыл (Аққарға кенті), Желқуар, Обаған, Тоғызақ, Қараөзен, Сарыөзен, Елек (Целинный кенті), Үлкен Қобда өзендерінде, Шаронов, Қиғаш, Ор - айтарлықтай өзгерген жоқ.

Қазақстан Республикасы – Қытай Халық Республикасы

1 сынып – Қара Ертіс өзені;

2 сынып – Баянкөл өзені;

3 сынып – Қорғас (Баскүнші), Қорғас-Ынталы, Іле, Текес өзендері;

4 сынып – Емел өзені.

2020 жылмен салыстырғанда Қара Ертіс, Іле, Текес, Емел өзендеріндегі судың сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ, Қорғас (Баскүнші), Баянкөл, Қорғас-Ынталы өзендерінде су сапасы нашарлады.

Қазақстан Республикасы – Өзбекстан Республикасы

4 сынып – Сырдария (Азаттық ауылы, Көкбұлақ ауылы), Келес (сағасы) өзендері.

2020 жылмен салыстырғанда Сырдария өзеніндегі судың сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ, Келес өзенінде – жақсарды.

Қазақстан Республикасы – Қырғыз Республикасы

3 сынып – Қарқара өзені;

нормаланбаған (>3 сынып) – Шу өзені;

4 сынып – Сарықау өзені;

5 сынып – Қарабалта өзені,

нормаланбайды (>5 сынып) – Талас, Асса, Ақсу, Тоқташ өзендері.


2020 жылмен салыстырғанда Қарабалта өзеніндегі судың сапасы жақсарды, Талас, Асса өзендерінде – нашарлады, Қарқара, Шу, Ақсу, Тоқташ, Сарықау өзендерінде – айтарлықтай өзгерген жоқ.

2021 жылғы қоршаған орта компоненттерінің радионуклидтік, макро- және микроэлементтік талдауларының нәтижелері

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Ядролық физика институты» РМК 2021 жылдың көктемі мен күзінде Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазгидромет» РМК іріктеп алған радионуклидтік және элементтік талдау әдістерімен зертханалық-талдау жұмыстарын орындады.

2021 жылдың көктемі мен күзінде Қазақстанның барлық бақыланатын трансшекаралық өзендерінің суларында U-238 және U-234 уран изотоптарының шоғырлану мәндері 3.4-суретте ұсынылған.

2021 жылдың көктемінде (үстіңгі) және күзінде (астыңғы) Қазақстан трансшекаралық өзен бассейндерінен іріктелген су сынамаларының радиохимиялық талдау нәтижелері




Ескерту: CH- Шаған өз., UR - Орал өз., IK - Елек өз., EK - Елек өз., TO - Тобыл өз., PR - Ертіс өз., EM - Емел өз., IL - Іле өз., TK - Текес өз., SH - Шу өз., KB - Қарабалта өз., TA - Талас өз., SD - Сырдария өз.
Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Осы радионуклидтер шоғырлануының ең үлкен мәндері Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстандағы Шу, Емел, Сырдария өзендеріне, және әсіресе, Қарабалта өзеніне тиесілі екендігі көрініп тұр. Дегенмен, олардың радиациялық белгі бойынша мөлшері тірі ағзалар мен қоршаған ортаға қауіп төндірмейтінін атап өту қажет, өйткені 2021 жылғы көктем (683 мБк/л) мен күз (603 мБк/л) мезгілдеріндегі U-234 радионуклидінің Қарабалта өзеніндегі шоғырлануының ең үлкен мәндері ҚР «Араласу деңгейі» санитариялық нормативінде көрсетілген осы радионуклидтің судағы шоғырлануы мәнінің (2,8 Бк/л) айтарлықтай елеусіз үлесін (сәйкесінше, 0,244 және 0,215) құрайды.

Сонымен қатар, осы өзендердің алабында орналасқан мамандандырылған кәсіпорындардан (Қара-Балта, Ак-Түз, Востокредмет және т.б.) шығатын радиоактивті қалдықтардың едәуір мөлшерін ескере отырып, олардың суларының радионуклидтік және элементтік құрамын тұрақты бақылап отыру қажет.


2021 жылғы көктем және күз мезгілдерінде барлық БП-ден іріктеліп алынған су сынамаларын ИБП-МС, -АЭС және НАТ әдістері арқылы микроэлементтік талдау нәтижелерінен көретініміз, көптеген өзендердің суларының құрамында табиғи таралғандығына сәйкес келетін деңгейдегі зерделенген элементтер бар. Сонымен қатар, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аймағындағы: Қарабалта, Емел, Талас өзендерінің суларында U (38,0 мкг/л дейін), Мо (38,7 мкг/л дейін), Sr (3 680 мкг/л дейін) және едәуір Ba (98,7 мкг/л дейін) ең үлкен мөлшерлері байқалатынын атап өтуге болады (3.5-3.6-суреттер).

2021 жылғы көктем мезгілінде Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің суларындағы U, Mo, Sr, Ba мөлшері (ИБП-МС, -АЭС деректері, 29-шы экспедиция)



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

2021 жылғы күз мезгілінде Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің суларындағы U, Mo, Sr, Ba мөлшері (ИБП-МС, -АЭС деректері, 30-шы экспедиция)



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Келесі маңызды жағдайды қайталап атап өту қажет деп есептейміз. Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарында судағы уран (химиялық элемент ретінде) үшін ШЖШ мәні келтірілмеген. Сонымен бірге, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) ұсынымдарына сәйкес химиялық қауіптілік бойынша уран 1-ші класқа жатқызылған және ауыз сулардағы оның мөлшері үшін ШЖШ=30 мкг/л мәні белгіленді. Осы нормативтерді ескере отырып, Қарабалта өзенінің суларындағы уранның мөлшері (38,0 мкг/л) (29-шы экспедицияда алынған су сынамаларын ИБП -МС, -АЭС әдістерімен талдау деректері бойынша) ШЖШ=30 мкг/л мәнінен 27% асып кетеді.

ҚР Санитариялық қағидаларына сәйкес, қауіптіліктің 1 және 2-ші сыныбына жататын заттардың жиынтықтау қасиеті бар, яғни қауіпті кластағы бірнеше зат болған жағдайда ластанудың қосындылық көрсеткіші – зияндылықтың лимиттік көрсеткіші есептеледі.

$$K_{\text{злк}} = \sum_{i=1}^n C_i / \text{ШЖШ}_i$$

ол үшін қауіптіліктің 1 және 2-ші сыныбы элементтерінің анықталған шоғырлануы қосындысының олардың судағы ШЖШ мәніне қатынасы 1,0-ден аспауы тиіс. Осы талапқа сүйеніп, көктемде және күзде іріктеліп алынған барлық зерделенген көздердің суларына арнап $K_{\text{злк}}$ мәндерін есептедік. Бұл ретте, қауіптіліктің 2-ші сыныбына жататын элементтердің шектеулі тізімі назарға алынды, олар: Al, As, B, Ba, Li, Mo, Pb, Sb, Sr. нәтижелері 3.3 және 3.4-кестелерде ұсынылған.

3.3-кесте

Қазақстанның трансшекаралық өзендері суларының Қазақстан Республикасының нормативтері бойынша $K_{\text{злк}}$ мәндері (ИБП -МС, -АЭС деректері), 29-шы экспедиция

Сынама коды	Al C/ ШЖШ	As C/ ШЖШ	B C/ ШЖШ	Ba C/ ШЖШ	Li C/ ШЖШ	Mo C/ ШЖШ	Pb C/ ШЖШ	Sb C/ ШЖШ	Sr C/ ШЖШ	$K_{\text{злк}}$ (ҚР)
CH-WD29	0,05	0,04	0,48	0,27	0,49	0,004	0,008	-	0,07	1,41
UR-WD29	0,18	0,04	0,21	0,42	0,17	0,005	0,027	-	0,06	1,11
IK-WD29	0,12	0,05	0,32	0,53	0,37	0,005	0,014	-	0,06	1,47
EK-WD29	0,3	0,05	0,65	0,49	0,66	0,005	0,033	-	0,09	2,28
TO-WD29	-	0,03	0,45	0,41	1,08	0,011	0,186	-	0,09	2,26
AY-WD29	-	0,02	0,25	0,38	0,27	0,008	0,013	-	0,07	1,01
PR-WD29	0,02	0,03	0,09	0,25	0,11	0,009	0,006	0,02	0,04	0,57
IR-WD29	0,04	-	0,05	0,17	0,1	0,015	0,022	0,02	0,03	0,45
EM-WD29	-	0,06	0,51	0,38	0,4	0,066	0,012	-	0,14	1,57
IL-WD29	0,01	0,03	0,12	0,51	0,17	0,014	0,012	-	0,06	0,93
TK-WD29	0,08		0,1	0,63	0,22	0,008	0,035	-	0,09	1,16
SH-WD29	0,05	0,05	0,31	0,78	0,27	0,028	0,011	-	0,12	1,62
KB-WD29	0,11	0,08	0,51	0,6	0,9	0,112	0,007	0,03	0,37	2,72
TA-WD29	004	-	0,19	0,87	0,2	0,011	0,015	0,01	0,09	1,43
SD-WD29	-	0,03	0,4	0,52	0,63	0,032	-	-	0,27	1,88
ШЖШ, мкг/л	500	50	500	100	30	250	30	50	7 000	-

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

3.4-кесте

Қазақстанның трансшекаралық өзендері суларының Қазақстан Республикасының нормативтері бойынша $K_{\text{злк}}$ мәндері (ИБП -МС, -АЭС деректері), 30-шы экспедиция

Сынама коды	Al C/ ШЖШ	As C/ ШЖШ	B C/ ШЖШ	Ba C/ ШЖШ	Li C/ ШЖШ	Mo C/ ШЖШ	Pb C/ ШЖШ	Sb C/ ШЖШ	Sr C/ ШЖШ	$K_{\text{злк}}$ (ҚР)
CH-WD30	0,043	0,068	0,45	0,53	1,12	0,006	-	0,015	0,138	2,4
UR-WD30	0,033	-	0,24	0,61	0,43	0,01	-	0,05	0,103	1,5
IK-WD30	0,056	0,049	0,42	0,61	1,01	0,008	-	-	0,154	2,3
EK-WD30	0,063	0,041	0,37	0,61	0,73	0,007	0,014	-	0,126	2,0

Сынама коды	Al C/ ШЖШ	As C/ ШЖШ	B C/ ШЖШ	Ba C/ ШЖШ	Li C/ ШЖШ	Mo C/ ШЖШ	Pb C/ ШЖШ	Sb C/ ШЖШ	Sr C/ ШЖШ	K _{злк} (ҚР)
TO-WD30	0,013	0,101	0,31	0,41	0,82	0,012	0,004	-	0,102	1,8
AY-WD30	-	0,037	0,28	0,47	0,78	0,007	0,005	-	0,102	1,7
PR-WD30	0,049	0,034	0,08	0,3	0,16	0,013	0,006	-	0,031	0,7
IR-WD30	0,023	-	-	0,09	0,08	0,011	0,278	-	0,013	0,5
EM-WD30	0,014	0,087	0,74	0,4	0,8	0,155	-	-	0,159	2,4
IL-WD30	-	0,045	0,12	0,46	0,22	0,016	-	-	0,069	0,9
TK-WD30	-	-	0,01	0,33	0,12	0,006	-	-	0,045	0,5
SH-WD30	0,023	0,044	0,26	0,55	0,34	0,024	0,01	-	0,136	1,4
KB-WD30	0,045	0,089	0,4	0,38	1,23	0,082	0,023	-	0,526	2,8
TA-WD30	0,039	0,02	0,12	0,99	0,25	0,009	0,006	-	0,097	1,5
SD-WD30	-	0,069	0,58	0,46	1,09	0,038	0,04	-	0,459	2,7
ШЖШ, мкг/л	500	50	500	100	30	250	30	50	7000	-

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Салыстыру үшін осындай есептеулер қауіптіліктің 1 және 2 сыныбына жататын: As, B, Ba, Mo, Pb, Sb, U элементтеріне арналып ШЖШ ДДҰ мәндері бойынша жүргізілді (3.5 и 3.6-кестелер).

3.5-кесте

Қазақстанның трансшекаралық өзендері суларының ДДҰ нормативтері бойынша К_{злк} мәндері (ИБП -МС, -АЭС деректері), 29-шы экспедиция

Сынама коды	As C/ ШЖШ	B C/ ШЖШ	Ba C/ ШЖШ	Mo C/ ШЖШ	Pb C/ ШЖШ	Sb C/ ШЖШ	U C/ ШЖШ	K _{злк} (ДДҰ)
CH-WD29	0,18	0,1	0,04	0,01	0,02	-	0,02	0,37
UR-WD29	0,19	0,04	0,06	0,02	0,08	-	0,06	0,45
IK-WD29	0,23	0,07	0,08	0,02	0,04	-	0,03	0,47
EK-WD29	0,24	0,14	0,07	0,02	0,1	-	0,11	0,68
TO-WD29	0,16	0,09	0,06	0,04	0,56	-	0,10	1,01
AY-WD29	0,1	0,05	0,05	0,03	0,04	-	0,17	0,44
PR-WD29	0,13	0,02	0,04	0,03	0,02	0,05	0,14	0,43
IR-WD29	-	0,01	0,02	0,05	0,07	0,05	0,24	0,44
EM-WD29	0,29	0,11	0,05	0,24	0,04	-	0,46	1,19
IL-WD29	0,17	0,02	0,07	0,05	0,03	-	0,22	0,56
TK-WD29		0,02	0,09	0,03	0,1	-	0,19	0,43
SH-WD29	0,25	0,06	0,11	0,1	0,03	-	0,71	1,26
KB-WD29	0,39	0,11	0,09	0,4	0,02	0,07	1,27	2,35
TA-WD29	-	0,04	0,12	0,04	0,05	0,03	0,31	0,59
SD-WD29	0,17	0,08	0,07	0,11	-	-	0,28	0,71
ШЖШ, мкг/л	10	2 400	700	70	10	20	30	-

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

**Қазақстанның трансшекаралық өзендері суларының ДДҰ нормативтері бойынша
K_{злк} мәндері (ИБП -МС, -АЭС деректері), 30-шы экспедиция**

Сынама коды	As С/ ШЖШ	В С/ ШЖШ	Ва С/ ШЖШ	Мо С/ ШЖШ	Pb С/ ШЖШ	Sb С/ ШЖШ	U С/ ШЖШ	K _{злк} (ДДҰ)
CH-WD30	0,34	0,09	0,08	0,02	-	0,04	0,04	0,61
UR-WD30		0,05	0,09	0,04	-	0,12	0,12	0,42
IK-WD30	0,24	0,09	0,09	0,03	-	-	0,07	0,52
EK-WD30	0,20	0,08	0,09	0,02	0,04	-	0,09	0,52
TO-WD30	0,50	0,06	0,06	0,04	0,01	-	0,10	0,77
AY-WD30	0,18	0,06	0,07	0,02	0,01	-	0,08	0,42
PR-WD30	0,17	0,02	0,04	0,05	0,02	-	0,10	0,40
IR-WD30	-	-	0,01	0,04	0,83	-	0,08	0,96
EM-WD30	0,44	0,15	0,06	0,55	-	-	0,68	1,88
IL-WD30	0,22	0,02	0,07	0,06	-	-	0,14	0,51
TK-WD30	-	0,002	0,05	0,02	-	-	0,08	0,15
SH-WD30	0,22	0,05	0,08	0,08	0,03	-	0,95	1,41
KB-WD30	0,45	0,08	0,05	0,29	0,07	-	1,11	2,05
TA-WD30	0,10	0,03	0,14	0,03	0,02	-	0,29	0,61
SD-WD30	0,35	0,12	0,07	0,14	0,12	-	0,45	1,25
ШЖШ, мкг/л	10	2400	700	70	10	20	30	-

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

3.3-3.6-кестелерде ұсынылған нәтижелер ҚР трансшекаралық өзендерінің сулары K_{злк} көрсеткіші бойынша сындық ахуалда екенін куәландырады.

ҚР нормативтері бойынша осы өзендердің суларына арналған K_{злк} көрсеткіші көктемде 12 бақылау пунктінде (БП) және күзде – 15 БП ішінен 11-де 1,0 санитариялық мәнінен асады.

ДДҰ нормалары бойынша K_{злк} көрсеткішінің асуы көктемде Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің 4 пунктінде, ал күзде 4 БП байқалады. Сонымен бірге, K_{злк} көрсеткіштеріне уран елеулі үлес қосады.

ДДҰ мен ҚР K_{злк} көрсеткіштерінің елеулі айырмашылығы ДДҰ-да U (15 мкг/л орнына 30 мкг/л) және B (500 мкг/л орнына 2 400 мкг/л) үшін ШЖШ жаңа уақытша нормативтерінің енгізілуімен түсіндіріледі.

Трансшекаралық өзендер мен трансшекаралық өзендер суларының сапасы туралы толығырақ ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

3.2. ЖЕР АСТЫ СУЛАРЫ

Жерасты суларының барланған қорлары толтырылатын табиғи ресурстар (атмосфералық жауын-шашын, өзен ағысы және т.б.) есебінен қалыптастырылады және 27 жылға бекітіледі, одан кейін оларды қайта бағалау бойынша барлау жұмыстарын жүргізу талап етіледі.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік есеппен тәулігіне 43 120,56 мың м³ мөлшерінде бекітілген пайдалану қорлары бар 4 416 кен орны (5 384 учаске) есепке алынды, оның ішінде санаттар бойынша: А – 13 428,23; В – 13 481,26; С1 – 10 675,31 және С2 – 5 535,75 мың м³/тәул. Баланстан тыс қорлар тәулігіне 714,72 мың м³ құрайды.

Пайдалану қорлары нысаналы мақсаты бойынша бөлінеді:

-шаруашылық – ауыз сумен жабдықтау үшін (ШАЖ) – тәулігіне 13 882,65597 мың м³, оның ішінде санаттар бойынша: А – 3 521,55; В – 5 206,52; С1 – 3 890,69; С2 – 1 263,89 (3692 кен орны, 4 288 учаске);

-өндірістік – техникалық сумен жабдықтау (ӨТЖ) үшін, мұнда дренажды сулар (ДС) –

тәулігіне 1 932,59787 мың м³ ескерілген, оның ішінде санаттар бойынша: А – 811,56; В – 665,41; С1 – 403,48; С2 – 52,15 (377 кен орны, 407 учаске);

-жерді суару үшін (ОРЗ) -17 384,9114 мың м³/тәул., оның ішінде санаттары бойынша А – 5 682,41; В – 4 452,25; С1 – 3 590,46; С2 – 3 659,79 (155 кен орны, 287 учаске);

-шаруашылық-ауыз су және өндірістік - техникалық сумен жабдықтау үшін (ШАЖ және ӨТЖ) – тәулігіне 3 047,2259 мың м³, оның ішінде санаттар бойынша: А – 757,51; В – 1 113,11; С1 – 764,78; С2 – 411,83 (164 кен орны, 314 учаске);

- жерді суарумен бірге шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін (ШАЖ және ЖС) – тәулігіне 4 951,94 мың м³, оның ішінде санаттар бойынша: А – 1 820,22; В – 1 303,82; С1 – 1 824,6; С2 – 3,3 (18 кен орны, 78 учаске).

- шаруашылық-ауыз су, өндірістік-техникалық су және жерді суландыруға арналған сулар (ШАЖ, ӨТЖ, ЖС) - 725,0 мың м³/тәул, оның ішінде санаттары бойынша А -253,7; В-178,3; С1-178,0; С2 – 115,0 (1 кен орны, 0 учаске).

- шаруашылық-ауыз су, жерді суару, бұлақ ағынына келтірілген залалды өтеуге арналған қорлар (ШАЖ, ЖС, *ШАЖ) – тәулігіне 1 109,7 мың м³. оның ішінде санаттары бойынша А -557,2; В-534,1; С1-18,4 (1 кен орны, оның ішінде 3 учаске).

3.3. СУ РЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

3.3.1. ТҰШЫ СУДЫ АЛУ

Қазақстанның су ресурстарының негізгі көлемін орташа жылдық көлемі 100,9 км³ беткі сулары қамтамасыз етеді. Оның ішінде 54,5 км³ жергілікті түрде қалыптасады (негізгі бассейндер: Есіл, Нұра-Сарысу, Тобыл-Торғай), ал қалған 46,4 км³ – Қытайдан, Өзбекстаннан, Ресейден және Қырғызстаннан трансшекаралық өзендердің ағыны есебінен (негізгі бассейндер: Ертіс, Арал-Сырдария, Балқаш-Алакөл, Жайық-Каспий, Шу-Талас).

Тұщы судың қосымша көздері жер асты сулары болып табылады, тек пайдалануға бекітілген қорлары жылына 15,4 км³ құрайды, ал тұщы жер асты суларының болжамды ресурстары жылына 40,4 км³ жетеді (оның ішінде қазіргі уақытта жылына 1,2 км³ өндіріледі), теңіз суын тұщыландыру және басқа да көздер (шахталардан су алу, су қоймаларынан тікелей тұтыну, сарқынды суларды пайдалану, тұзсыздандыру – барлығы жылына 3,9 км³).

Жер асты суларының негізгі қорлары Балқаш-Алакөл және Ертіс бассейндерінде орналасқан (қорлардың жалпы көлемінің 66%).

Сондай-ақ, мұзды массаларда тұщы судың үлкен қоры бар екенін ескеру қажет. Қазақстанда теңіз-мұздық және үйінді көлдерінің саны 927 құрайды (Алматы облысында – 675, Шығыс Қазақстан облысы – 146, Түркістан облысында – 42, Алматы қаласында – 37, Жамбыл облысында – 27), олардың саны жыл сайын өсіп келеді.

Қазақстанда суды пайдаланудың негізгі үлесі ауыл шаруашылығы өндірісіне тиесілі – елдегі су тұтырудың жалпы көлемінің 60% астамы.

3.3.2. СУДЫ ТҰТЫНУ

Жалпы ел бойынша соңғы 5 жылда экономиканың барлық салаларында жыл сайынғы суды тұтыну көлемі орта есеппен 25,7 км³ құрайды, бұл ретте 95% – беткі сулар есебінен.

Суды пайдалану: ауыл шаруашылығы – 60% астам, өнеркәсіп – шамамен 20%, шаруашылық-ауыз су мұқтаждықтарына жыл сайын жалпы су тартудың 4-5% пайдаланылады.

Ауыз сумен жабдықтау

Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бірінші кезекте орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізу арқылы жүзеге асырылады.

2021 жылы қалаларда сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға арналған «Нұрлы жер» инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде республикалық бюджет пен Ұлттық қордан 46,7 млрд теңге сомасына 55 жоба іске асырылды. Ауылдарда сумен жабдықтау жүйесін дамытуға республикалық бюджеттен және Ұлттық қордан 2021 жылы жалпы

сомасы 69,5 млрд теңгеге 248 жоба іске асырылды.

Қазақстанның сумен жабдықтау жүйелерін салу және реконструкциялау жұмыстары жалғасуда. Түркістанда қала тұрғындарын таза ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз ету үшін жаңа техникамен және энергия үнемдейтін қондырғылармен жабдықталған толық автоматтандырылған сумен жабдықтау жүйесі жұмыс істей бастады. 2021 жылы Кішкентай кен орнынан Ақмола облысы Бұланды ауданы Макинск қаласын сумен жабдықтау объектілеріне дейін су құбыры мен су тарту құрылыстары салынды, Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Жаңыс би және Шенбертал ауылдарында топтық су құбыры желісі пайдалануға берілді, Солтүстік Қазақстан облысында Тұщы су топтық су құбыры қайта жаңартылды.

2021 жылы елімізде Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарында 5 топтық су құбыры пайдалануға берілді. Сондай-ақ, тест режимінде Ақтөбе, Қарағанды және Қызылорда облыстарындағы (жалпы ұзындығы 800 км) 3 нысан бойынша сапалы ауыз су беріледі.

Осылайша, 2021 жылы 5,8 мың халқы бар 5 ауылдық елді мекен сапалы ауыз суға қол жеткізді, сондай-ақ 203 мың халқы бар 51 ауылдық елді мекен мен 3 қаланы (Жезқазған, Сәтбаев, Макинск) сумен жабдықтау жақсарды.


Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында (Нұра топтық су құбыры, Есіл топтық су құбыры, Булаев топтық су құбыры) 50 жылдан астам уақыт бұрын пайдалануға берілген (желілердің тозуы 65% астам) магистральдық сумен жабдықтау желілерінің жоғары тозуына байланысты пайдаланушы ұйым оларды күтіп ұстауға айтарлықтай шығындар әкеледі.

Жарты миллионнан астам адам сумен жабдықтауда қиындықтарға тап болған Батыс Қазақстанның елді мекендерін сумен жабдықтауды жақсарту мақсатында «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы мен Еуразиялық даму банкі 2021 жылғы маусымда «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбырын қайта жаңарту жобасын іске асыру туралы келісімге қол қойды. Жоба ЕАЭО екі елі – Ресей мен Қазақстан аумағында іске асырылуда және екі жылға есептелген.

2021 жылы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі ауылдарды сумен қамтамасыз етудің интерактивті картасын іске қосты, онда сумен қамтамасыз ету, қаржыландыру және қаражатқа қажеттілік, халық саны, желілердің ұзындығы, тозуы және т.б. туралы ақпарат бар. Карта ашық қол жетімді (3.7-сурет).

3.7-сурет

Ауылдық елді мекендерді сумен қамтамасыз ету жөніндегі интерактивті карта



Көзі: <https://auylsu.kz/provision>.

Интерактивті карта деректеріне сәйкес, 7 159 645 тұрғыны бар 4 680 ауылдық елді мекен сумен жабдықтау қызметтеріне қол жеткізе алады, 1 613 ауылдық елді мекен (537 018 адам) сумен жабдықтау қызметтеріне қол жеткізе алмайды.

Ауылдық елді мекендердің (АЕМ) орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілуі 3.7-кестеде ұсынылған.

Ауылдық елді мекендерді орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету

Облыс/Аймақ	ОС қолжетімділігі бар АЕМ саны	ОС қол жеткізусіз АЕМ саны	200 адамнан аз халқы бар АЕМ	200 астам халқы бар АЕМ
Түркістан	705	119	53	66
Алматы	668	64	50	14
Маңғыстау	46	12	6	5
Қарағанды	252	169	136	32
Қызылорда	198	32	19	13
Шығыс Қазақстан	616	67	16	51
Ақмола	377	212	121	91
Ақтөбе	196	119	70	49
Батыс Қазақстан	245	171	115	56
Жабыл	270	97	30	67
Атырау	128	25	24	1
Солтүстік Қазақстан	406	229	155	73
Қостанай	305	212	120	92
Павлодар	268	84	46	38

Көзі: <https://auylsu.kz/provision>.

3.3.3. СУДЫҢ ЖОҒАЛУЫ

Тасымалдау кезінде судың жоғалуы орта есеппен келесідей: ауыл шаруашылық тұтынушылары үшін 60%, өнеркәсіп тұтынушылары үшін 40% жуық және суды тұтыну көлемінен коммуналдық шаруашылықтар үшін 50%.

Коммуналдық және ауыл шаруашылығында су ресурстарын пайдаланудың ағымдағы жағдайы сақталған, өнеркәсіпте тиімділіктің орташа артуы 2040 жылға дейін су бұру көлемі жылына 29,7 км³ дейін өсуі күтілуде.

3.3.4. ТҰЩЫ СУДЫ ҚАЙТАЛАМА ПАЙДАЛАНУ

Қазіргі жағдаймен салыстырғанда айналымды және қайталама-дәйекті сумен жабдықтау көлемі 2040 жылға қарай 1,2 есеге ұлғаяды, 9 760,244 млн м³ көлемінде, оның ішінде айналымдық – 8 895,505 млн м³, қайталама – 864,739 млн м³ көлемінде күтілуде.

3.3.5. ШАРУАШЫЛЫҚ-АУЫЗ СУҒА БЕЛГІЛЕНГЕН СУДЫҢ САПАСЫ

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің аумақтық органдары және ұйымдарымен халықтың шаруашылық-тұрмыстық мақсаттарға пайдаланатын ауыз суларына тұрақты бақылау және мониторинг жүргізіледі.

2021 жылы Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің аумақтық органдарының бақылауында 1 санаттағы 179 ашық су қоймасы (2020 ж. – 179) және 2 санаттағы 548 ашық су қоймасы (2020 ж. – 499) болды.


ҰЭО филиалдарының зертханалары 1 санаттағы ашық су қоймаларынан микробиологиялық көрсеткіштерге 1 330 су сынамасын зерттеді (2020 ж. – 1 465), оның ішінде санитарлық талаптарға сәйкес келмеді – 79 немесе 6,0% (2020 жылы – 55 немесе 3,8%).

Санитарлық-химиялық көрсеткіштерге 1 236 су сынамасы зерттелді (2020 ж. – 1 261), оның ішінде санитарлық талаптарға сәйкес келмеді – 64 сынама немесе 5,2% (2020 жылы – 85 немесе

6,7%), (3.8-сурет).

3.8-сурет

2020-2021 жылдардағы санитариялық-химиялық көрсеткіштерге 1 санаттағы ашық су айдындарының суын зерттеу нәтижелері, бірлік



Көзі: ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті.

2 санаттағы ашық су қоймаларының ішінен микробиологиялық көрсеткіштерге 3 190 су сынамасы зерттелді (2020 жылы – 3 162), оның ішінде 449 немесе 14,1%-ға сынаманың санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес келмейді (2020 жылы – 406 немесе 12,8%).

Санитариялық-химиялық көрсеткіштерге 2 санаттағы ашық су қоймаларынан 2 954 су сынамасы зерттелді (2020 ж. – 2 815), оның ішінде 328 немесе 11,1% сынаманың санитариялық талаптарына жауап бермейді (2020 ж. – 270 немесе 9,6%).

3.3.6. ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ

2021 жылға гидроэнергетикалық сегмент Қазақстанда ең дамыған жаңартылатын және баламалы энергия көзі болып табылады. Кеңестік және посткеңестік кезеңдерде орнатылған су электр станциялары елдің энергетикалық балансында маңызды рөл атқарады.

Қазақстанда гидроэнергетика нысанға бай үш аймақ бар: ірі гидроэлектростанциялары бар Ертіс өзенінің бассейні (Бұқтырма, Шұлбі, Өскемен), Іле өзенінің бассейні (Қапшағай, Мойнақ) және Сырдария, Талас және Шу өзендерінің бассейндері.

Қазақстанның гидроэнергетикалық ресурстық әлеуеті келесідей көрсеткіштермен сипатталады:

- жалпы (теориялық) потенциал - 170 млрд кВт · сағ / жыл;
- пайдалану үшін техникалық мүмкін әлеует – 62 млрд кВт · сағ / жыл;
- экономикалық мүмкін әлеует – 27-30 млрд кВт · сағ / жыл.

Жыл сайын көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындық мақсатында Бассейндік инспекциялар құрамында төтенше жағдайлар, экология органдарының өкілдері, жергілікті атқарушы органдар және «Қазсушар» РМК құрамында ГТҚ тексеру жөніндегі жұмыс топтарын құрады.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің деректері бойынша ел бойынша су шаруашылығы құрылыстарының жалпы саны 5 956 құрайды, оның ішінде:

- республикалық меншікте – 4 732 («Қазсушар» РМК);
- коммуналдық – 980;
- жеке меншікте – 229;
- иесіз болып саналады – 15.

Оның ішінде су сақтағыштар – 326, су тораптары – 117, бөгеттер – 400, бас құрылыстар – 24, каналдар – 3 208, сорғы станциялары – 93, басқа ГТҚ (ұңғымалар, бөгендер, тоғандар) – 1 788.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша барлық ГТҚ визуалды тексерумен қамтылған. Зерттеу барысында 527 ГТҚ жөндеуді қажет ететіндігі анықталды (3.8-кесте).

2021 жылға арналған ГТҚ жағдайы

Облыс/Аймақ	ГТҚ жалпы саны	Тексерілді	Жөндеуді қажет етеді
Нұр-Сұлтан	1	1	0
Алматы	39	39	9
Шымкент	10	10	2
Алматы	889	407	59
Ақмола	95	90	34
Ақтөбе	185	126	15
Атырау	16	16	0
Шығыс Қазақстан	229	136	66
Жамбыл	521	153	35
Батыс Қазақстан	124	68	16
Қарағанды	282	262	226
Қостанай	98	98	16
Қызылорда	1 100	37	16
Маңғыстау	1	1	1
Павлодар	68	70	1
Солтүстік Қазақстан	23	23	7
Түркістан	2 275	109	24
Қазақстан Республикасы	5 956	1 646	527

Көзі: ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі.

2021 жылы республикалық бюджеттен 13 жоба (6-ҚМЖ және 7-ЖСҚ) бойынша ГТҚ салу мен реконструкциялауға 6 420 млн теңге бөлінді.

2021 жылы «Кенсай-Қосқорған-2» су сақтағышы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды, бір жоба бойынша 5 ТЭН әзірленді, ЖСҚ әзірлеу басталды.

Түркістан облысындағы Келес суару алабындағы Қызылорда және Р-3 тарату каналындағы «Әйтек» су торабын қайта жаңарту аяқталды.

2 жоба бойынша ЖСҚ әзірлеу: «Көкарал бөгетін сақтау және Сырдария өзенінің атырауын қалпына келтіру» және «Қызылорда облысындағы Қараузяк каналында су сақтағышын салу». Жалпы көлемі жылына 3,6 млрд м³ болатын 9 өңірде 39 жаңа су сақтағышының құрылысы жоспарланған.

Анықтама: 32 су сақтағыштары іске асыру сатысында: 1 -құрылыс (Кенсай-Қосқорған-2), 26 - ТЭН әзірлеу жүргізілуде, 2 - ТЭН әзірлеу (Ерсайты, Ақмола), 3 - ЖСҚ әзірлеу (Қараузяк, Күміскеткен, Бузулук) аяқталды.

Су сақтағыштарды салу 70 елді мекен (137 мың адам) үшін су тасқыны құбылыстарының қаупін азайтуға, айналымға 394 мың га жаңа суармалы жерлерді енгізуге, ауыл шаруашылығында 129 мыңнан астам жұмыс орнын құруға; трансшекаралық өзендердің су көлеміне тәуелділікті жоюға мүмкіндік береді: 30% дейін - Қырғызстан, 25% дейін - Өзбекстан, 15% дейін - Ресей Федерациясы.

**4 БӨЛІМ.
БИОӘРТҮРЛІК**



4 БӨЛІМ. БИОӘРТҮРЛІЛІК

Қазақстанның ландшафты алуан түрлілігімен ерекшеленеді: елдің Орталық, Шығыс және оңтүстік-шығыс бөліктеріндегі таулар, оңтүстік-батысында шөлдер мен шөлейттер, солтүстігінде орманды даламен ұштасқан шөлді далалар. Сонымен қатар, орман жамылғысы аз, ол аумақтың шамамен 5% алып жатыр және 13,3 млн га құрайды.

Орман алқаптары деп танылған аумақтың едәуір бөлігі орманмен қамтылмаған, бұл спутниктік деректермен расталады, оған сәйкес Қазақстанның орман алқаптары елдің жалпы аумағының тек 4% немесе 11,6 млн га алып жатыр. Бұталар мен қорғаныш екпелері шамамен 1,2 млн га құрайды, ал негізгі ағаш түрлері – қылқан жапырақты, жұмсақ жапырақты және қатты жапырақты, тек 3,3 млн га сексеуілдер 6 млн га астам жерді алып жатыр.

Барлық дерлік ормандар мемлекеттік меншікте және кесу шектеулерімен қорғалған.

4.1. ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАР

Республикада барлық дерлік табиғи аймақтарда ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың әртүрлі түрлері бөлінген. Мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік табиғи ұлттық парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар, мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік қорық аймақтары, мемлекеттік ботаникалық бақтар құрылды және жұмыс істейді. Қорық қоры объектілерінің маңыздылығына қарай олар республикалық немесе жергілікті маңызы бар санатқа жатады.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің деректеріне сәйкес, 2021 жылғы жердің басқа санаттарында ескерілген қорғалатын аумақтарды қоса алғанда, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жалпы ауданы 8 975,1 мың га немесе республиканың жер қорының 3,3% құрайды (4.1-сурет).

4.1-сурет

01.11.2021 жылға Қазақстан облыстарының жер қорларындағы ЕҚТА жерлерінің үлес салмағы, %



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар объектілері алып жатқан жалпы аланда мемлекеттік табиғи қорықтардың үлесіне 6,6%, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің үлесіне – 10,9%, мемлекеттік табиғи резерваттардың үлесіне – 12,7% келеді. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың негізгі аяндарын мемлекеттік қорық аймақтары – 46,1%

және мемлекеттік табиғи қорықтар – 23,8% алып жатыр. Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 122-бабына сәйкес мемлекеттік қорық аймақтары мен мемлекеттік табиғи қамалдардың жер учаскелері жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан оларды алып қоймай, жердің басқа санаттарының құрамында болады.

Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар объектілерінің тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 26.09.2017 ж. № 593 қаулысымен бекітілген. 2021 жылы аталған Тізбеге Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Барсакемес мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің аумағын кеңейтудің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 29.07.2020 ж. № 484 қаулысымен өзгерістер енгізілді. Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар объектілері алып жатқан жалпы алаң 24,6 млн га құрайды, республика бойынша 2020-2021 жылдары ерекше қорғалатын аумақтардың түрлері мен алаңдары 4.1-кестеде ұсынылған.

4.1-кесте

Республикалық маңызы бар Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар


Атауы	2020 жыл		2021 жыл	
	объектілер саны	көлемі, мың га	объектілер саны	көлемі, мың га
Мемлекеттік табиғи қорықтар	10	1 613,7	10	1 613,7
Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер	14	2 667,4	14	2 726,4
Мемлекеттік табиғи резерваттар	6	3 122,1	6	3 122,1
Мемлекеттік табиғи қамалдар	50	5 837,3	50	5 837,3
Мемлекеттік қорық аймақтары	5	11 311,9	5	11 311,9
Мемлекеттік табиғат ескерткіштері	25	6,5	25	6,5
Ботаникалық бақтар	7	0,8	7	0,8
Барлығы	117	24 559,7	117	24 559,7

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Республикада 10 мемлекеттік табиғи қорық, 14 мемлекеттік ұлттық табиғи парк, 6 мемлекеттік табиғи резерват, 50 мемлекеттік табиғи қорық, 5 мемлекеттік қорық аймағы, 25 мемлекеттік табиғат ескерткіш, 7 мемлекеттік ботаникалық бақ, оның ішінде 1 республикалық маңызы бар мемлекеттік дендрологиялық парк жұмыс істейді.

01.11.2021 ж. жағдай бойынша МҰТП жалпы ауданы 2 726,3 мың га құрайды (4.2-сурет, 4.1-кесте). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 7.12.2021 жылғы қаулысымен Қарағанды облысында 58,9 мың га алаңда «Ұлытау» МҰТП құрылды.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар объектілерінің орналастырылуы



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

01.11.2021 жылға арналған облыстар бойынша республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың негізгі объектілерін орналастыру

Облыс/Аймақ	Мемлекеттік табиғи қолдықтар		Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер		Мемлекеттік табиғи резерваттар		Мемлекеттік табиғи қорымдар		Мемлекеттік табиғи қорық аймақтары		Табиғат ескерткіштері		Ботаникалық бақтар		Көлемі
	саны	көлемі, мың га	саны	көлемі, мың га	саны	көлемі, мың га	саны	көлемі, мың га	саны	көлемі, мың га	саны	көлемі, мың га	саны	көлемі, мың га	
Ақмола	1	543,2	2	311,4	-	-	3	222,2	-	-	8	10,0	-	-	1 076,8
Ақтөбе	-	-	-	-	1	1 173,5	1	296,0	-	-	-	-	-	-	1 469,5
Алматы	2	137,4	5	1 138,2	1	415,2	7	2 074,9	-	-	3	6 154,0	2	430,4	3 772,3
Атырау	-	-	-	-	1	111,5	1	45,0	1	662,6	-	-	-	-	819,1
Шығыс Қазақстан	2	189,1	2	787,0	1	654,1	5	486,7	-	-	1	137,0	1	154,0	2 117,2
Жамбыл	-	-	-	-	-	-	3	1 020,6	1	2 757,0	-	-	-	-	3 777,6
Батыс Қазақстан	-	-	-	-	-	-	3	160,0	-	-	-	-	-	-	160,0
Қарағанды	-	-	2	201,1	-	-	9	139,5	-	-	-	-	1	62,0	340,7
Қызылорда	1	191,4	-	-	1	489,8	3	137,8	-	-	-	-	-	-	819,0
Қостанай	1	163,1	-	-	-	-	2	29,1	-	-	-	-	-	-	192,2
Маңғыстау	1	223,3	-	-	-	-	2	307,5	1	1 230,3	-	-	1	39,0	1 761,1
Павлодар	-	-	1	68,5	1	278,0	2	437,0	-	-	1	2,0	-	-	783,5
Солтүстік Қазақстан	-	-	-	-	-	-	4	429,9	-	-	12	181,1	-	-	430,1
Түркістан	2	166,2	1	149,0	-	-	5	51,1	2	6 662,0	-	-	-	-	7 028,3
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Алматы қ.	-	-	1	12,2	-	-	-	-	-	-	-	-	1	104,0	12,3
Нұр-Сұлтан қ.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	1	46,3	-
Барлығы	10	1 613,7	14	2 667,4	6	3 122,1	49	5 837,3	5	11 311,9	25	6 484,1	7	835,7	24 599,4

Жамбыл	312,1	4 429,1	4 429,1	+4 117,0	-
Батыс Қазақстан	209,4	217,0	217,0	+7,6	-
Қарағанды	211,5	190,2	190,2	-21,3	-
Қызылорда	1 412,8	6 510,3	6 510,5	+5 097,7	-
Қостанай	422,6	423,5	456,7	+34,1	+33,2
Маңғыстау	242,4	254,2	254,2	+11,8	-
Павлодар	451,0	126,0	126,0	-325,0	-

Солтүстік Қазақстан	640,4	545,2	545,2	-95,2	
Түркістан	79,0	3 009,7	3 009,7	+2 930,0	-
Шымкент қ.	-	-	-	-	-
Алматы қ.	0,2	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	0,4	0,4	+0,4	-
Барлығы	10 179,2	22 398,3	22 435,3	+12 256,1	+37,0

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Орман пайдалануға берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қайтару нәтижесінде, ұлғаю жағына қарай ең көп өзгерістер Қостанай облысында болды (33,2 мың га).

Орман қоры жерінің негізгі көлемі Қызылорда (6 510,5 мың га), Жамбыл (4429,1 мың га), Алматы (3 750,6 мың га), Түркістан (3 009,7 мың га) және Шығыс Қазақстан (2 153,9 мың га) облыстарында, ал орман қоры құрамында саналатын ағаш және ағаш-бұталы екпелер көлемі – Қызылорда (5 441,6 мың га), Алматы (2 177,7 мың га), Жамбыл (2 239,3 мың га) және Шығыс Қазақстан облыстарында (1 449,7 мың га) есептеледі.

Орман қоры жерінің облыстар бөлігінде алқап түрлері бойынша бөлінуі 5.9-кестеде ұсынылған.

5.9-кесте

01.11.2021 ж. орман қоры жер алқаптарының облыстар бойынша құрылымы

Облыс/Аймақ	Барлық жер, мың га	Оның ішінде					
		ауыл шаруашылығы алқаптары		орманды алаңдар мен ағаш-бұталы екпелер		өзге жер	
		мың га	%	мың га	%	мың га	%
Ақмола	514,8	160,8	31,2	326,6	63,4	27,4	5,3
Ақтөбе	221,0	52,8	23,9	85,8	38,8	82,4	37,3
Алматы	3 750,6	1 225,7	32,7	2 177,7	58,1	347,2	9,2
Атырау	56,0	13,9	24,8	25,9	46,2	16,2	28,9
Шығыс Қазақстан	2 153,9	336,3	15,6	1 449,7	67,3	367,9	17,1
Жамбыл	4 429,1	1 700,2	38,4	2 239,3	50,5	489,6	11,0
Батыс Қазақстан	217,0	36,3	16,7	158,0	72,8	22,7	10,5
Қарағанды	190,2	63,4	33,3	89,3	46,9	37,5	19,7
Қызылорда	6 510,5	467,3	7,2	5 441,6	83,6	601,6	9,2
Қостанай	456,7	139,1	30,5	295,0	64,6	22,6	4,9
Маңғыстау	254,2	93,8	36,9	143,8	56,6	16,6	6,5
Павлодар	126,0	13,9	11,0	109,1	86,6	3,0	2,4
Солтүстік Қазақстан	545,2	54,1	9,9	483,7	88,7	7,4	1,3
Түркістан	3 009,7	2 441,6	81,1	501,4	16,6	66,7	2,22
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-	-
Алматы қ.	-	-	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	0,4	-	-	0,4	100,0	-	-
Барлығы	22 435,3	6 799,2	30,3	13 527,3	60,3	2 108,8	9,4

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Орман қоры жерлерінің құрылымында орман алқаптары мен ағаш-бұта екпелері 60,3% (13,5 млн га) алып жатыр.

Ең ормандылығы жоғары болып Солтүстік Қазақстан (88,7%) және Павлодар (86,6%) облыстары саналады, ал неғұрлым аз – Түркістан облысы (16,6%). Есептік деректерде ормандылығы жоғары (83,6%) Қызылорда облысының орман қоры сексеуілді ормандардың өте сиректілігімен сипатталады.

Орман алқаптары және ағаш-бұта екпелері

Республика аумағында, табиғи жағдайлардың әртүрлілігіне байланысты, орман түрлері де әртүрлі болып кездеседі. Олардың ішінде ең көп тарағаны:

- шоқ қайыңды орман;
- шоқ қарағайлы ормандар мен жалқарағайлар;
- тау ормандары;
- жайылмадағы және тоғайлы ормандар;
- сексеуілді орман.

01.11.2021 ж. жер балансының деректері бойынша орман алаңдары республикада 15 714,6 мың га алады, соның ішінде орман өскен жер – 11 614,4 мың га, орман өспеген жер – 3 957,2 мың га, питомниктер мен жанаспаған ағаш екпелері – 143,0 мың га. Ағаш-бұталы екпелер 1 216,7 мың га алады, оның ішінде қорғаныш мақсатындағы екпелер – 194,2 мың га.

2021 жыл ішінде орман алаңдары 373,8 мың га артты, соның ішінде орман өскен жер – 539,0 мың га ұлғайса, орман өспеген жер 164,8 мың га азайды. Ағаш-бұталы екпелер көлемі 3,0 мың га ұлғайды (34-кесте). Қалыптасқан динамикаға Қостанай, Алматы, Павлодар, Қарағанды және Түркістан облыстары үлкен ықпал етті.

5.10-кесте

1991-2021 жылдары жер қорының орман алаңдары мен ағаш-бұталы екпелер динамикасы, мың га

Көрсеткіштер	1991 ж.	2000 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+,-)	
					2021 ж. 1991 ж. қарағанда	2021 ж. 2020 ж. қарағанда
Орман алаңдары (аумағы)	12 791,5	12 955,5	15 340,8	15 714,6	+2 923,1	+373,8
оның ішінде:						
орман өскен жер	8 453,3	8 607,4	11 075,0	11 614,0	+3 160,7	+539,0
орман өспеген жер	4 008,0	4 208,7	4 122,0	3 957,2	-50,8	-164,8
питомниктер мен жинақталмаған ағаш екпелері	330,2	139,4	143,8	143,0	-187,2	-0,8
Ағаш-бұталы екпелер (аумағы)	1 498,8	1 370,5	1 213,7	1 216,7	-282,1	+3,0
оның ішінде қорғаныш екпелері	295,5	211,3	191,6	194,2	-101,3	+2,6

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Өңірлер бойынша негізгі орман алаңы Қызылорда – 34,5% (сексеуіл), Алматы – 16,9% және Шығыс Қазақстан – 15,2% және Жамбыл – 14,3% облыстарында, ағаш-бұталы екпелер – Шығыс Қазақстан – 31,0% және Алматы – 20,0% және Қарағанды – 9,3% облыстарында есептеледі.

Республикада қорғаныштық орман өсірудің мол тәжірибесі жинақталған. Алайда, қазіргі

уақытта, қорғаныштық орман жолақтары олардың мәртебесі туралы ереженің болмауы салдарынан дағдарыс жағдайында қалып отыр. Егіс қорғаныштық орман екпелерінің едәуір көлемі кесілген және қураған болып шықты. Жаңа қорғаныштық орман екпелерін отырғызу жұмыстары тоқтатылған. Орман аландары аумақтың экологиялық қорғалуының маңызды факторы болып табылады, сол себепті, жалпы Қазақстан аумағында орманды жерлер өте аз екендігі ескеріле отырып, республикадағы барлық ормандар негізінен су қорғау, қорғаныштық, санитарлық-гигиеналық және сауықтыру функцияларын атқаратын I-топтағы ормандарға жатқызылған. Соңғы жылдары жаңа ағаш екпелері отырғызылатын жалғыз өңір республиканың астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы болып табылады. Оның айналасында санитарлық-қорғаныштық мақсаттағы жасыл аймақ құрылуда.

5.1.3. СУ ҚОРЫНЫҢ ЖЕРЛЕРІ

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес су айдындары (өзендер және олармен теңдестірілген каналдар, көлдер, су қоймалары, тоғандар мен басқа да ішкі су айдындары, аумақтық сулар), мұздықтар, батпақтар, су көздерінде орналасқан, ағысты реттейтін су шаруашылығы құрылыстары алып жатқан жер, сондай-ақ көрсетілген су объектілерінің су күзет белдеулеріне және ауыз сумен қамтамасыз етудің бас саға жүйелерін санитарлық күзет аймақтарына бөлінген жер су қорының жері деп танылады.

01.11.2021 ж. жер балансының деректері бойынша су қоры жерінің көлемі 4 206,5 мың га немесе республика жер қорының 1,5% құрайды (5.11-кесте).

5.11-кесте

1991-2021 жылдардағы су қоры жер көлемінің динамикасы, мың га

Алқап түрлері	1991 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+, -)	
				2021 ж. 1991ж. қарағанда	2021 ж. 2020ж. қарағанда
Барлық жер	819,9	4 208,4	4 206,5	+3 386,6	-1,9
оның ішінде:					
ауыл шаруашылығы жері	59,7	144,1	141,9	+82,2	-2,2
су алып жатқаны, барлығы	725,9	3 883,7	3 884,1	+3 158,2	+0,4
оның ішінде:					
өзендер мен жыралар алып жатқаны	129,9	281,1	281,1	+151,2	-
көлдер алып жатқаны	140,7	2 963,9	2 963,9	+2 823,2	-
жасанды су айдыны алып жатқаны	455,3	638,7	639,1	+183,8	+0,4
өзге жер	34,3	180,6	180,5	+146,2	-0,1

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Жалпы республика бойынша 2021 жылы су қоры жерлерінің ауданы 1,9 мың га азайды.

Су қоры жерінің құрылымында су алып жатқан жер 3 884,1 мың га (92,3 %) құрайды, соның ішінде көлдер – 2 963,9 мың га (70,4 %), өзендер мен жылғалар – 281,1 мың га (6,7 %), жасанды су айдындары – 639,1 мың га (15,2%) алып жатыр.

Облыстар бойынша су қоры жерін орналастыру және оның құрамы 5.12-кестеде келтірілді.

01.11.2021 ж. су қоры жер алқаптарының облыстар бойынша құрамы, мың га

Облыс/Аймақ	Жалпы көлемі	Оның ішінде					өзге жер
		ауыл шаруашылығы алқаптары	су алып жатқан жер			өзге жер	
			барлығы	көлдер мен жылғалар алып	көлдер алып жатқаны		
Ақмола	200,8	3,6	159,5	23,9	110,8	24,8	37,7
Ақтөбе	13,1	5,3	6,7	-	-	6,7	1,1
Алматы	192,1	22,8	155,0	4,1	-	150,9	14,3
Атырау	20,5	-	18,0	6,3	11,7	-	2,5
Шығыс Қазақстан	571,1	20,3	548,8	105,4	139,5	303,9	2,0
Жамбыл	356,1	16,0	308,4	1,7	293,7	13,0	31,7
Батыс Қазақстан	81,5	8,1	62,3	53,2	9,0	0,1	11,1
Қарағанды	50,0	15,7	25,9	15,1	0,9	9,9	8,4
Қызылорда	2 285,9	28,6	2 210,4	20,3	2 190,1	-	46,9
Қостанай	67,9	1,7	65,5	0,2	46,1	19,2	0,7
Маңғыстау	11,8	1,8	-	-	-	-	10,0
Павлодар	78,9	15,2	54,6	23,4	30,7	0,5	9,1
Солтүстік Қазақстан	142,4	1,5	140,0	2,1	128,0	9,9	0,9
Түркістан	134,4	1,3	129,0	25,4	3,4	100,2	4,1
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-	-
Алматы қ.	-	-	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	-	-	-	-	-	-
Барлығы	4 206,5	141,9	3 884,1	281,1	2 963,9	639,1	180,5

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Көлдер мен бұлақтар алып жатқан жердің негізгі көлемі: Шығыс Қазақстан облысында (Ертіс өзені) – 105,4 мың га (37,4 %), көлдер алып жатқаны – Қызылорда облысында (Арал теңізі) – 2 190,1 мың га (73,9 %), жасанды су айдыны алып жатқаны – Шығыс Қазақстан облысында – 303,9 мың га (47,1 %) және Алматы облысында – 150,9 мың га (23,6 %).

Су объектілерін есепке алуды жетілдіру мақсатында республиканың аумағы шартты түрде сегіз есептік су шаруашылығы бассейндеріне бөлінеді, олардың әрқайсысы аумақтың сумен қамтамасыз етілуінің әртүрлі деңгейімен және су ресурстарын пайдалану жағдайларымен сипатталады (5.4-сурет).

Еліміздің су қорын бассейндік басқару, ең алдымен, су объектілерін мемлекеттік есепке алу және мониторинг жүргізуге, бар су ресурстарына және олардың табиғи сипаттамасына сүйене отырып, әр бассейн бойынша перспективалық жоспарлар мен дамыту бағдарламалары негізінде тиімді, экологиялық тұрғыдан тұрақты су пайдалануды ұйымдастыруға бағытталады.

Су шаруашылығы бассейндерін орналастыру схемасы



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Қазақстан, су көздерінің, соның ішінде әсіресе тұщы су көздерінің шектеулі санымен сипатталады. Осыған орай, республикада барлық су объектілерін кадастрлық есепке алудың маңызы зор, соның ішінде су күзет аймақтары мен белдеулерін пайдалану режимін нақтылау және сақтау, оларды су және жер заңнамасына сәйкестендіру жағынан маңызды.

5.1.4. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕР

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер ерекше құқықтық режимге ие және қорғауға жатады, ол осындай жерлерді алып қоюды шектеуге, құнарлылығын сақтауға және арттыруға бағытталады. Бұл санаттағы жердің жер қоры құрылымындағы көлемі 114,0 млн га немесе пайдаланылатын жердің 43,3% құрайды.

Облыстар бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемінің динамикасы 5.13-кестеде ұсынылған.

5.13-кесте

1991-2021 жылдардағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемінің облыстар бойынша динамикасы, мың га

Облыс/Аймақ	1991 ж.	2005 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+, -)	
					2021 ж. 1991 жылға қарағанда	2021 ж. 2020 жылға қарағанда
Ақмола	13,6	9,1	10,8	10,9	-2,7	+0,1
Ақтөбе	23,0	7,1	11,4	12,6	-10,4	+1,2
Алматы	15,9	6,8	8,3	8,6	-7,3	+0,3
Атырау	8,9	2,4	2,9	3,1	-5,8	+0,2
Шығыс Қазақстан	22,2	6,0	12,0	12,3	-9,9	+0,3

Жамбыл	11,5	4,6	4,7	4,7	-6,8	-
Батыс Қазақстан	12,9	3,6	7,3	7,8	-5,1	+0,5
Қарағанды	28,4	9,5	16,3	18,0	-10,4	+1,7
Қызылорда	18,9	3,1	2,8	2,9	-16,0	+0,1
Қостанай	18,1	8,2	10,5	10,8	-7,3	+0,3
Маңғыстау	13,9	8,4	3,4	3,4	-10,5	+0
Павлодар	10,6	3,2	6,6	7,1	-3,5	+0,5
Солтүстік Қазақстан	9,0	5,8	7,3	7,3	-1,7	-
Түркістан	11,5	4,4	4,3	4,5	-7,0	+0,2
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-
Алматы қ.	-	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	-	-	-	-	-
Барлығы	218,4	82,2	108,6	114,0	-104,4	+5,4

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

1991-2005 жылдары ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын реформалау кезеңінде республика бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің көлемі 136,2 млн га қысқарды, бірақ кейіннен осы санаттағы жерлердің көлемі жыл сайын өсіп, оның жалпы ұлғаюы 2005 жылдан 2021 жыл аралығында 31,8 млн га құрды.

2021 жылы санатта келесі өзгерістер болды:

- 6 708,3 мың га ұлғайды (ауыл шаруашылығы мақсатындағы босалқы жерлерді беру есебінен +6 706,8 мың га, жер-шаруашылық орналастыру жүйесінің материалдары негізінде Павлодар облысындағы елді мекендердің шекарасын нақтылау кезінде +1,5 мың га),

- 1 309,6 мың га азайды (-0,9 мың га жерді өнеркәсіптік мақсаттарға шығару есебінен (Алматы облысында -0,7 мың га, Түркістан облысында - 0,2 мың га), жер-шаруашылық орналастыру жобалары бойынша елді мекендердің шекараларын нақтылау (-12,3 мың га), Қостанай облысында жанама орман пайдалануға берілген шаруа қожалықтарының жер телімдерін орман қоры жерлеріне қайтару (-32,1 мың га), пайдалану мерзімінің аяқталуына және өз еркімен бас тартуына байланысты босалқы жерге қайтару есебінен - 1 264,3 мың га).

Жалпы, соңғы жылдары барлық өңірлердегі ауыл шаруашылығы жерлері босалқы жерлерді игеру есебінен ұлғайып жатса, биыл олардың жалпы көлемі республика бойынша жалпы көлемі 5,4 млн га ұлғайды. Барлық облыстарда өсім байқалды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер санатында республиканың ауыл шаруашылығына қатысты неғұрлым құнды жерлері бар: 97,9% – егістік, оның ішінде 91,2% – суармалы жер, 41% – көп жылдық екпелер, 51,7% – тыңайған жерлер, 44,9% – шабындықтар, оның 36,6% – жақсартылған және 45,0% – жайылма суару.

Ауыл шаруашылығы алқаптары

Ауыл шаруашылығы алқаптары жер санаттарының барлығында бар, алайда олар мына санаттарда басым келеді: ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерде – 97,5%, елді мекендер жерінде – 89,4 % және босалқы жерде – 81,1 %.

Неғұрлым құнды ауыл шаруашылығы алқаптары (егістік, соның ішінде, суармалы егістік, көп жылдық екпелер), негізінен, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер құрамында басым болады (5.14-кесте).

**01.11.2021 ж. ауыл шаруашылығы алқаптарының
жер санаттары бойынша бөлінуі, мың га**

Жер санаты	Ауыл шаруашылығы алқаптары	оның ішінде					
		егістік		көп жылдық екпелер	тыңайған жер	шабындық	жайылым
		барлығы	о.і. суармалы				
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	110 971,8	26 120,5	1 584,2	61,8	1 902,8	2 292,1	80 594,6
Елді мекендер жері	21 749,4	376,1	135,2	68,2	155,8	217,9	20 931,4
Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	741,8	16,0	0,7	0,3	6,9	1,7	716,9
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар	3 530,8	2,6	0,3	0,7	1,4	127,5	3 398,6
Орман қорының жері	6 799,2	105,3	3,0	0,9	6,0	231,5	6 455,5
Су қорының жері	141,9	-	-	0,1	0,2	30,6	111,0
Босалқы жер	70 257,0	40,1	12,8	16,0	1 608,6	1983,7	66 608,6
Барлық жер	214 191,9	26 660,6	1 736,2	148,0	3 681,7	4 885,0	178 816,6
соның ішінде республика шегінен тыс	0,7	0,1	-	-	-	0,4	0,2
Басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлер	5 397,8	-	-	-	-	220,0	5 177,8
Республика аумағы	219 589,0	26 660,5	1736,2	148,0	3 681,7	5 104,6	183 994,2

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының, көбіне жайылымдардың, едәуір көлемі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер құрамында және босалқы жерде есептеледі, олар ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы көлемінің, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерде 34,4%, босалқы жер құрамында – 34,6%, елді мекендерде – 9,8%, орман қорында – 3,1% құрайды. Бұған қоса, ауыл шаруашылығы жерінің 5,4 млн га басқа мемлекеттердің пайдалануында.

Ауыл шаруашылығы жерінің неғұрлым ірі алабы Қарағанды облысында – 37,4 млн га, Ақтөбе облысында – 26,9 млн га, Шығыс Қазақстан облысында – 22,6 млн га, Қостанай облысында – 18,0 млн га, Алматы облысында – 15,3 млн га, Батыс Қазақстан облысында – 13,9 млн га, Ақмола облысында – 13,1 млн га және Маңғыстау облысында – 12,6 млн га есептеледі.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының облыстар бойынша бөлінуі 5.15-кестеде ұсынылған.

5.15-кесте

01.11.2021 ж. ауыл шаруашылығы алқаптарының облыстар бойынша бөлінуі, мың га

Облыс/Аймақ	Ауыл шаруашылығы алқаптары	оның ішінде					
		егістік		көп жылдық екпелер	тыңайған жер	шабындық	жайылым
		барлығы	о. і. суармалы				
Ақмола	13 121,5	6 125,4	17,2	6,8	361,3	243,4	6 384,6
Ақтөбе	26 970,2	708,9	12,3	1,6	501,2	464,6	25 293,9
Алматы	15 298,9	1 040,1	478,0	30,3	145,8	458,5	13 624,2
Атырау	9 767,2	9,1	9,1	0,8	11,5	132,9	9 612,9
Шығыс Қазақстан	22 629,1	1 502,3	132,6	5,8	230,9	1 057,0	19 833,1
Жамбыл	9 235,4	834,2	205,0	7,1	0,0	251,9	8 142,2
Батыс Қазақстан	13 890,4	567,3	17,8	2,7	1 013,2	1 238,2	11 069,0
Қарағанды	37 395,7	1 370,6	63,6	2,3	382,6	389,5	35 250,7
Қызылорда	10 893,8	192,2	192,2	2,4	59,4	109,1	10 530,7
Қостанай	18 013,1	6 293,5	6,3	11,2	223,0	326,8	11 158,6
Маңғыстау	12 641,3	0,8	0,8	0,5	0,3	0,3	12 639,4
Павлодар	11 172,6	2 032,5	111,4	3,1	537,3	302,3	8 297,4
Солтүстік Қазақстан	8 394,3	5 004,0	11,7	5,5	90,6	33,6	3 260,6
Түркістан	10 043,4	926,4	456,9	38,3	120,2	94,9	8 863,6
Шымкент қ.	80,9	46,5	19,6	6,1	4,2	0,3	23,8
Алматы қ.	27,3	3,0	1,6	22,9	0,0	0,0	1,6
Нұр-Сұлтан қ.	13,7	3,7	0,1	0,6	0,2	1,3	7,9
Барлығы	219 589,0	26 660,5	1 736,2	148,0	3 681,7	5 104,6	183 994,2

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы алқаптарының көлемі аздап қана өзгерді. Мұнда алқаптардың құрамы ғана, оларды өзгертуге және бір санаттан бір санатқа ауыстыруға байланысты, өзгеріп отыр. Ауыл шаруашылығы алқаптарының құрылымында егістік 26 660,5 мың га (12,1%) құрайды, соның ішінде суармалы егістік – 1 736,4 мың га (0,8%), көпжылдық екпелер – 148,0 мың га (0,1 %), тыңайған жер – 3 681,7 мың га (1,7 %), шабындық – 5 104,6 мың га (2,3 %). Мұнда табиғи жайылымдар басым келеді – 184 994,2 мың га (83,8 %) және олар, негізінен,

шөл және шөлейт түрдегі жайылымдар болып келеді.

Егістік

Егістік ауыл шаруашылығы алқаптарының неғұрлым құнды түрі болып табылады. Ауыл шаруашылығы алқабының жалпы көлемінде егістік 26,6 млн га немесе 12,1% құрайды. Егістіктің неғұрлым ірі алаптары Қостанай (6,3 млн га), Ақмола (6,1 млн га) және Солтүстік Қазақстан (5,0 млн га) облыстарында шоғырланған, бұл республика егістігінің 65,41% құрайды. Қазіргі уақытта, бұрын тыңаюға қалдырылған, топырағының сапасы жақсы жерлерді егістікке игерудің тұрақты үрдісі байқалады. 2000 жылдан 2021 жылдар аралығында егістіктің көлемі 5,3 млн га артты.

Егістік көлемінің облыстар бойынша бөлінуі және оның динамикасы 5.16-кестеде ұсынылған.

5.16-кесте


1991-2021 жылдардағы егістік көлемінің облыстар бойынша динамикасы, мың га

Облыс/Аймақ	1991 ж.	2000 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өгерістер (+, -)	
					2021 ж. 1991 ж. қарағанда	2021 ж. 2020 ж. қарағанда
Ақмола	6 383,2	4 531,9	6 040,4	6 125,4	-257,8	+85,0
Ақтөбе	2 126,8	662,8	704,8	708,9	-1 417,9	+4,1
Алматы	1 708,3	1 100,5	1 039,5	1 040,1	-668,2	+0,6
Атырау	31,2	2,1	9,2	9,1	-22,1	-0,1
Шығыс Қазақстан	2 686,6	860,9	1 495,6	1 502,3	-1 184,3	+6,7
Жамбыл	1 022,8	851,7	834,2	834,2	-188,6	0,0
Батыс Қазақстан	2 021,6	407,0	579,5	567,3	-1 454,3	-12,2
Қарағанды	2 291,9	1 062,2	1 301,3	1 370,6	-921,3	+69,3
Қызыорда	258,0	124,0	188,0	192,2	-65,8	+4,2
Қостанай	6 719,1	5 605,0	6 232,1	6 293,5	-425,6	+61,4
Маңғыстау	0,7	0,7	0,8	0,8	+0,1	0,0
Павлодар	3 510,7	1 302,2	1 944,8	2 032,5	-1 478,2	+87,7
Солтүстік Қазақстан	5 459,8	4 060,7	4 982,9	5 004,0	-455,8	+21,1
Түркістан	1 189,9	786,3	916,4	926,4	-263,5	+10,0
Шымкент қ.	-	-	48,4	46,5	+46,5	-1,9
Алматы қ.	2,3	2,0	3,0	3,0	+0,7	0,0
Нұр-Сұлтан қ.	-	9,8	3,6	3,7	-	+0,1
Барлығы	35 412,9	21 369,8	26 324,5	26 660,5	-8 756,1	+336,0

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Егістік пен тыңайған жер көлемінің өзгеру динамикасы көрсеткендей, егістік көлемі азайған кезде тыңайған жердің мөлшері ұлғайып (1991-2000 жылдар кезеңі) және керісінше, егістік көлемі артқан сайын тыңайған жер көлемі төмендеді (2000-2021 жылдар), (5.5-сурет).

2000-2021 жылдардағы егістік және тыңайған жерлер динамикасы, млн га



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Облыстар бойынша егістік көлемінің динамикасын талдау, егістік көлемінің ұлғаюы, негізінен, республиканың астық егетін облыстарында жалғасып отырғандығын көрсетеді. Мысалы, есепті жылы егістікке Павлодар облысында – 87,7 мың га, Ақмола облысында – 85,0 мың га, Қарағанды облысында – 69,3 мың га, Қостанай облысында – 61,4 мың га, Солтүстік Қазақстан облысында – 21,1 мың га, Түркістан облысында – 10,0 мың га, Шығыс Қазақстан облысында – 6,7 мың га, Қызылорда облысында – 4,2 мың га, Ақтөбе облысында – 4,1 мың га, Алматы облысында – 0,6 мың га қосымша кіргізілді. Алайда, мұнымен қатар, 2021 жылы шаруашылық жүргізуші субъектілер 12,3 мың га егістікті тыңайған жерге қалдырып, оны жайылым мен басқа алқап түрлеріне өзгертті, оның 0,1 мың га – Атырау облысында және 12,2 мың га – Батыс Қазақстан облысында.

Көп жылдық екпелер

01.11.2021 ж. жер балансының деректері бойынша республикада 148,0 мың га көп жылдық екпелер есепке алынған, соның ішінде бау-бақша – 99,5 мың га, жүзімдіктер – 15,8 мың га және басқа екпелер – 32,7 мың га. В 2021 жылы көп жылдық екпелердің көлемі, жалпы республика бойынша 0,3 мың га артты (5.17-кесте).

5.17-кесте

1991-2021 жылдардағы көп жылдық екпелердің екпе түрлері бойынша динамикасы, мың га

Екпе түрлері	1991 ж.	2000 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+,-).	
					2020 ж. 1991 ж. қарағанда	2021 ж. 2020 ж. қарағанда
Бау-бақшалар	123,1	105,2	99,6	99,5	-23,6	-0,1
Жүзімдіктер	23,5	18,4	15,9	15,8	-7,7	-0,1
Басқа екпелер	16,6	12,2	32,1	32,7	+16,1	+0,5
Барлығы (аумақ)	163,2	135,8	147,7	148,0	-15,2	+0,3

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Есепті жылы алқаптарды өзгерту немесе олардың көлемін нақтылау нәтижесінде көп жылдық екпелер көлемі Алматы облысында 0,5 мың га, Солтүстік Қазақстан облысында 0,5 мың га және Түркістан облысында 0,3 мың га, Шымкент қаласында 0,1 мың га, Нұр-Сұлтан қаласында 0,3 мың га көбейіп, Жамбыл облысында 0,2 мың га азайды (5.18-кесте).

5.18-кесте

**1991-2021 жылдары облыстар бойынша көп жылдық екпелер
ауданының динамикасы, мың га**

Облыс/Аймақ	2000 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+,-)	
				2021 ж. 2000 ж. қарағанда	2021 ж. 2020 ж. қарағанда
Ақмола	5,4	6,8	6,8	+1,4	-
Ақтөбе	1,7	1,6	1,6	-0,1	-
Алматы	34,9	30,3	30,3	-4,6	+0,5
Атырау	0,7	0,8	0,8	+0,1	-
Шығыс Қазақстан	5,8	5,8	5,8	-	-
Жамбыл	9,2	7,1	7,1	-2,1	-0,2
Батыс Қазақстан	2,8	2,7	2,7	-0,1	-
Қарағанды	5,5	2,3	2,3	-3,2	-
Қызылорда	2,9	2,4	2,4	-0,5	-
Қостанай	11,4	11,2	11,2	-0,2	-
Маңғыстау	0,6	0,5	0,5	-0,1	-
Павлодар	3,1	3,1	3,1	-	-
Солтүстік Қазақстан	6,4	5,5	5,5	-0,9	+0,5
Түркістан	39,6	38,4	38,3	-1,3	+0,3
Шымкент қ.	4,8	22,8	22,9	+18	+0,1
Алматы қ.	1,0	0,6	0,6	-0,4	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	5,8	6,1	+5,8	+0,3
Барлығы	135,8	147,7	148,0	+12,2	+0,3

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Республикада жүзімдіктер мен бау-бақшаларды қалпына келтіру бағдарламасын жүзеге асыру жалғасып отырғандығына және көп жылдық екпелер алатын жерлерді қалпына келтіру мен жаңаларын салуға жұмсалатын қаражаттың бір бөлігін мемлекет қаражаттандыратындығына (субсидиялап) қарамастан, өңірлерде бақ шаруашылығы мен жүзім шаруашылығы дамымай отыр десе де болады.

Тыңайған жер

Тыңайған жер көлемі 01.11.2021 ж. 3 681,7 мың га құрды. 2021 жылы өңірлерде тыңайған жер көлемдерінде түрлі өзгерістер жүрді. Біреулерінде тыңайған жерлер әрі қарай игеріліп, олардың көлемі азайып отырса, басқаларында – керісінше егістіктің бір бөлігі тыңайған жерге аустырылғандығы және оның көлемінің ұлғайғандығы байқалды.

Тыңайған жерлер негізінен Павлодар (95,0 мың га), Ақмола (49,3 мың га), Қарағанды (19,9 мың га) Қостанай (14,3 мың га), Солтүстік Қазақстан (9,1 мың га), Түркістан (4,5 мың га), Ақтөбе (3,9 мың га) және Қызылорда облыстарында (2,1 мың га) жақсы игерілді.

Алайда 2021 жылы, кейбір облыстарда тыңайған жерлер көлемі ұлғайды, оның едәуір бөлігі Шығыс Қазақстан облысында 17,1 мың га, Батыс Қазақстан облысында 12,9 мың га, Алматы облысында 1,0 мың га, Атырау облысында 0,1 мың га және Шымкент қаласында 0,6 мың га, Нұр-Сұлтан қаласында 0, мың га құрады. Жалпы республика бойынша тыңайған жер көлемі 166,3 мың га азайды (5.19-кесте).

1991-2021 жылдары облыстар бойынша тыңайған жер көлемінің динамикасы, мың га

Облыс/Аймақ	1991 ж.	2000 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+, -)	
					2021 ж. 1991ж. қарағанда	2021 ж. 2020 ж. қарағанда
Ақмола	-	1 571,2	410,5	361,2	+361,2	-49,3
Ақтөбе	63,7	319,3	505,1	501,2	+437,5	-3,9
Алматы	10,5	337,1	144,8	145,8	+135,3	+1,0
Атырау	9,6	38,1	11,4	11,5	+1,9	+0,1
Шығыс Қазақстан	58,0	1 572,5	213,8	230,9	+172,9	+17,1
Жамбыл	5,1	-	-	-	-5,1	-
Батыс Қазақстан	9,6	1 185,2	1 000,3	1 013,2	+1 003,6	+12,9
Қарағанды	20,5	1 061,7	402,5	382,6	+362,1	-19,9
Қызылорда	48,3	124,9	61,5	59,4	+11,1	-2,1
Қостанай	-	76,4	237,3	223,0	+223,0	-14,3
Маңғыстау	0,2	0,2	0,3	0,3	+0,1	-
Павлодар	6,3	1 477,1	628,9	533,9	+527,6	-95,0
Солтүстік Қазақстан	0,1	758,1	103,1	94,0	+93,9	-9,1
Түркістан	45,9	237,6	124,7	120,2	+74,2	-4,5
Шымкент қ.	-	-	3,6	4,2	+4,2	+0,6
Алматы қ.	0,1	-	-	-	-0,1	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	-	0,2	0,3	+0,3	+0,1
Барлығы (аумақ)	277,9	8 759,4	3 848,0	3 681,7	+3 403,8	-166,3

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Тыңайған жер, су қорынан басқа, жер санаттарының барлығында бар. Алайда, оның негізгі көлемі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер – 1 902,8 мың га (51,7%) мен босалқы жер санаттарында – 1 608,6 мың га (43,7 %).

Шабындық

01.11.2021 ж. жер балансының деректері бойынша республикада шабындықтар көлемі 4 885,0 мың га, оның ішінде жақсартылған шабындық – 41,2 мың га, жайылма суармалы шабындық – 711,2 мың га алады. 2020 жылмен салыстырғанда аз ғана өзгерістер болған және олар басқа алқаптарға игеру және олардың көлемін нақтылау есебінен жүрген (5.20-кесте).

1991-2021 ж.ж. шабындықтар көлемінің динамикасы, мың га

Көрсеткіштер	1991 ж.	2000 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+, -)	
					2021 ж. 1991 ж. қарағанда	2021 ж. 2020 ж. қарағанда
Жалпы көлем (аумақ)	5 106,3	5 015,5	5 117,4	4 885,0	-221,3	-232,4
оның ішінде:						
жақсартылғаны	164,3	63,2	41,6	41,2	-123,1	-0,4
жайылмалы	821,4	797,9	731,8	711,2	-110,2	-20,6

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Өзендер мен көлдер суын көп мөлшерде пайдалану Қазақстанның көптеген жайылмалы жерлерінің су режимін өзгертіп, олардың шөлейттенуіне ықпалын тигізді. Сырдария мен Шу өзендерінің жағаларындағы жайылма жерлерде қамысты батпақ пен шабындықтардың үлкен бөлігі жойылып бара жатыр. Орал өзенінің аңғары күрт шөлейттеніп кетті. Оның ортаңғы және төменгі ағыстарында шабындықтар жойылып кетті десе де болады. Ертіс өзенінің алқабында да шабындықтардың далалануы байқалады, олардың өнімділігі күрт төмендеп кеткен.

Шабындықтардың жалпы көлемінің 1% азы ғана жақсартылған, оның өзінде де оларда 15-20 жыл бұрынғы көп жылдық шөптер басым.

Жер санаттары бойынша шабындықтар: ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер құрамында 2 292,1 мың га (46,9%), босалқы жерде – 1 983,7 мың га (40,6%), орман қоры жері мен басқа жер санаттарында – 609,2 мың га (12,5%) алады.

2021 жылдағы шабындықтар көлемін бөлу және оларды сипаттау 5.21-кестеде ұсынылған.

Шабындықтардың негізгі көлемі Батыс Қазақстан (1 023,5 мың га) және Шығыс Қазақстан (1 057,6 мың га) облыстарында орналасқан. Жайылма суармалы шабындықтар көлемінің 29,0% көбі Батыс Қазақстан облысында шоғырланған және 207,3 мың га құрайды.

5.21-кесте

01.11.2021 ж. облыстар бойынша шабындықтар көлемі, мың га

Облыс/Аймақ	Барлығы	оның ішінде	
		жақсартылғаны	жайылмалы
Ақмола	243,4	6,0	72,5
Ақтөбе	464,6	-	101,5
Алматы	458,2	4,0	-
Атырау	132,9	-	51,5
Шығыс Қазақстан	1 057,6	0,4	71,7
Жамбыл	251,9	4,8	15,0
Батыс Қазақстан	1 023,5	0,3	207,3
Қарағанды	384,9	0,8	78,3
Қызылорда	107,8	0,0	-
Қостанай	326,8	14,7	44,0
Маңғыстау	0,3	-	-
Павлодар	302,3	-	69,0
Солтүстік Қазақстан	33,6	10,1	0,4
Түркістан	95,2	0,1	-
Шымкент қ.	0,3	-	-
Алматы қ.	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	1,3	-	-
Барлығы	4 885,0	41,2	711,2

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Жайылым

Жайылымдық алқаптар Қазақстан Республикасында басым кездесетін алқап түрі болып саналады және 183,9 млн га (ауыл шаруашылығы жерінің 43,8%) алады, соның ішінде жақсартылғаны – 5,8 млн га және суландырылғаны – 103,4 млн га.

Өңірлер бойынша жайылымдардың едәуір көлемі Қарағанды - 35,2 млн га, Ақтөбе - 25,3 млн га, Шығыс Қазақстан - 19,8 млн га, Алматы - 13,6 млн га, Маңғыстау - 12,6 млн га, Қостанай - 11,1 млн га және Батыс Қазақстан облыстарында – 11,0 млн га есептеледі (5.22-кесте).

01.11.2021 жылдары облыстар бойынша жайылымдар көлемі, мың га

Облыс/Аймақ	Жайылымдар көлемі, барлығы	оның ішінде		оның ішінде а/ш мақсатындағы жерде	оның ішінде	
		жақсартылғаны	суландырылғаны		жақсартылғаны	суландырылғаны
Ақмола	6 384,6	1 195,4	2 368,0	4 441,4	969,5	1 331,7
Ақтөбе	25 293,9	0,0	9 488,8	11 296,9	0,0	4 806,4
Алматы	13 624,2	74,4	9 989,3	7 212,9	30,0	5 839,4
Атырау	9 612,9	0,0	4 306,3	2 864,6	0,0	1 254,3
Шығыс Қазақстан	19 833,1	46,9	12 787,3	9 919,6	2,6	6 563,7
Жамбыл	8 142,2	168,2	5 750,5	3 653,0	114,2	2 973,3
Батыс Қазақстан	11 069,0	52,0	8 196,4	6 097,0	30,3	5 005,7
Қарағанды	35 250,7	1 111,5	19 803,4	15 810,7	999,4	10 083,8
Қызылорда	10 530,7	0,1	5 867,1	2 112,5	0,1	1 505,8
Қостанай	11 158,6	1 450,5	4 288,6	4 248,2	945,0	1 058,1
Маңғыстау	12 639,4	0,0	6 581,7	2 908,9	0,0	2 541,6
Павлодар	8 297,4	914,9	5 617,3	4 715,1	465,2	2 577,7
Солтүстік Қазақстан	3 260,6	596,7	1 569,5	2 020,6	388,2	706,8
Түркістан	8 863,6	86,9	6 805,3	3 292,8	67,4	2 245,9
Шымкент қ.	23,8	0,0	23,8	0,0	0,0	0,0
Алматы қ.	7,9	1,4	0,0	0,4	0,2	0,0
Нұр-Сұлтан қ.	24,3	0,0	24,3	0,0	0,0	0,0
Барлығы	183 994,2	5 698,9	103 444,3	80 594,6	4 012,1	48 494,2

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Топырақтың сипаттамасы


Қазақстанның әртүрлі климаттық және геологиялық жағдайлармен шартталған топырақ жамылғысының алуан түрлі болуы, ауыл шаруашылығы өндірісі бағыттарының кең спектрлі түрде дамуын алдын ала айқындады. Ауыл шаруашылығында топырақ ресурстарын тиімді пайдалану генезисті, еліміздің топырақ жамылғысының географиясын зерттеу негізінде топырақ табиғаты, топырақтың түзілу процесі туралы сапалы білімді қажет етеді.

Республика аумағындағы топырақтың бөлінуі көлденең және тік топырақ белдемдігі (зоналылығы) заңдарына бағынады.

Қазақстан Республикасының жазықтық аумағы солтүстіктен оңтүстікке қарай төрт топырақ аймағынан: сұр орман топырағы, сілтісізденген қара топырақты және шалғынды қара топырақты орташа-ылғалды орманды дала аймағы; нақты және оңтүстіктің қара топырақты орташа-қуаң дала аймағы; күрең топырақты қуаң дала және шөлейтті дала аймағы мен құба және сұрғылт-құба топырақты шөлді аймағынан тұрады (5.6-сурет).

Табиғи аймақтардың географиялық шекаралары сұр орман топырағының, қара топырақтың, күрең және құба шөл топырағының белдемелік типтерінің ареалына сәйкес келеді. Биоклиматтық жағдайлардың айқын біліну дәрежесі, негізгі және жүктеме топырақ түзілу процестерінің пайда болуы бойынша, табиғи және топырақ аймақтары оларға сәйкес топырақтың белдемелік топырақ түр тармақтарына сәйкес келетін тармақшаларға бөлінеді.

Қазақстан Республикасының топырағы



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Жүргізілген топырақтың белдемдік сипаттамасын талдау, республиканың табиғи аймақтары бойынша топырақ жамылғысының елеулі айырмашылықтары бар екенін көрсетеді және соған байланысты ол жер алқаптарының құрамы мен пайдаланылуына өз ықпалын тигізеді.

Ауылшаруашылығы алқаптарының негізгі көлемі, яғни 85,4 млн га немесе 39,9% күрең топырақты қуаң далалы және шөлейтті аймақтарда кездеседі, соның ішінде күңгірт-күрең – 33,6 млн га, күрең – 20,6 млн га және ашық күрең топырақтар – 31,2 млн га болады.

Барлық түр тармақтарының қара топырағының жалпы көлемі 21,1 млн га немесе ауыл шаруашылығы алқабының 9,8% құрайды, оның ішінде сілтісізденгені – 0,5 млн га, нақты қара топырақ – 9,2 млн га, оңтүстіктің қара топырағы – 11,4 млн га.

Құба және сұрғылт-құба топырақ 60,4 млн га немесе ауыл шаруашылығы алқабының 28,2%-ын алады.

Тау етегі және таулы аумақтардың негізгі топырақ ортасын сұр топырақтар - 11,4 млн га, тау етегі және таудың күрең топырақтары - 11,0 млн га, тау етегі және таудың қара топырақтары - 3,9 млн га құрайды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер санатында, ауыл шаруашылығы жағынан неғұрлым құнды болып табылатын, барлық қара топырақтың 87,3%, күңгірт-күрең топырақтың 87,0% және күрең топырақтың 79,4% бар.

Республиканың егістік жерінің 83,9% көбі орманды-далалы, далалы және қуаң далалы аймақтарда орналасқан. Шөлді және шөлейтті аймақтардағы жерлерде егістік бір пайыздан аспайды, мұнда, негізінен, жайылымдар басым келеді. Табиғи аймақтар бойынша шабындық пен басқа да алқап көлемдерінде де елеулі айырмашылықтар бар. Бұл жағдай жердің сапасы мен бағасына, ауыл шаруашылығы салаларының орналасуына және жерді пайдалану мен қорғауды ұйымдастырудың басқа да мәселелеріне айтарлықтай әсер етеді.

Топырақ жамылғысының біркелкі еместігі және климаттың құрғақтығына, жер бедері

мен топырақ түзуші жыныстарға байланысты үлкен кешенділігі, оның маңызды ерекшелігі болып табылады және бұл республиканың бүкіл аумағында жаппай байқалады. Топырақ жамылғысының біркелкі болмауы ауыл шаруашылығы алқаптарының өнімділігін біраз төмендетеді.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының сапалық жағдайы

Республиканың едәуір көлемінде топырақтың сапалық жағдайы, оның құнарлығына кері ықпал ететін белгілердің болуымен күрделеніп отыр. Ауыл шаруашылығы алқаптарының сапасын есепке алу үшін, мелиорациялық іс-шаралар бағыты мен сипаты ортақ келесідей мелиорациялық топтар қабылданған:


- I – кері белгілермен күрделіленбеген; II – қиыршық тастанған;
- III – тұзданған; IV – кебірленген; V – шайылған; VI – дефляцияланған;
- VII – су және жел эрозиясына қатар шалдыққан;
- VIII – өте ылғалданған; IX – батпақтанған; X – басқасы.

«Кері әсерлермен күрделіленбеген» және «су және жел эрозиясына қатар шалдыққандарды» қоспағанда, жоғарыда аталған мелиорациялық топтың әрқайсысы, процесс айқындылығының дәрежесі бойынша үш градацияға: шамалы, орташа, қатты болып бөлінеді; «қиыршық тастанған топырақ» тобына – өте қатты градациясы қосылады. «Өте ылғалданған» топ жайылма және жайылмадан тыс болып бөлінеді.

Аталған белгілер бойынша ауыл шаруашылығы алқаптарының, суғарылатын және суғарылмайтын егістік сипаттамасы, бұл алқаптардың құрылымы мен көлемінде кейінгі жылдарда болған өзгерістерді ескере отырып, Қазақстан Республикасы жерінің сапалық жағдайы туралы есеп (2010 ж.) деректері бойынша жасалынды және 5.7-сурет пен 5.23-кестеде ұсынылған

5.7-сурет

01.11.2021 ж. ауыл шаруашылығы алқабының сапалық сипаттамасы, млн га



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

5.23-кесте

01.11.2021 ж. ауыл шаруашылығы алқаптарын мелиорациялық топтар бойынша бөлу

Мелиорациялық топтар	Көлемі, мың га	Үлестік салмағы, %
Ауыл шаруашылығы алқабының барлығы	214 191,9	100

оның ішінде:		
Кері белгілермен күрделіленбегені	41 516,9	19,4
соның ішінде егін шаруашылығына сөзсіз жарамды жерлер	23 556,5	-
Қиыршық тастанған және тастанған	42201,8	19,7
Тұзданған	35 817,4	16,7
Кебірленген	58 164,9	27,1
Шайылған	4 950,3	2,3
Дефляцияланған	24 168,1	11,3
Су және жел эрозиясына қатар шалдыққан	201,7	0,1
Өте ылғалданған	2 947,6	1,4
Батпақты	1 083,4	0,5
Басқа жерлер	3139,8	1,5

*Ескерту: «Барлық жер» жолқатарында басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлер көрсетілмеген.
Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.*

Анық жарамды жердің жалпы көлемінің 17,0 млн га немесе 72,0%-ы егістік құрамында саналады. Топырақ құнарлығына әсер ететін кері белгілері жоқ жердің едәуір көлемі (17,96 млн га), атмосфералық ылғалданудың жеткілісіздігінен, суғаруға қажетті судың жоқтығынан және бедер жағдайларына байланысты пайдаланыла алмайды.

Егін шаруашылығы үшін анық жарамды топырақ 23,6 млн га немесе бүкіл ауыл шаруашылығы алқабының 11,0% алады. Кәдімгі аймақтық агротехниканы талап ететін немесе егістік құрамында пайдаланылатын күрделі емес мелиорациялық іс-шараларды жүргізуге мұқтаж, сапасы бойынша сөзсіз жарамды топырақтың ең үлкен көлемі Қостанай – 5,4 млн га, Ақмола – 5,0 млн га, Солтүстік Қазақстан – 4,2 млн га облыстарында анықталды. Атырау (0,4 мың га) және Маңғыстау облыстарын қоспағанда, қалған облыстарда әрқайсысында мұндай жерлер 200-ден 900 мың га дейін болады.

I-топ – кері белгілермен күрделіленбеген.

Оған топырақ кесіндісі қандайда бір қолайсыз белгілермен (кебірлену, шайылу және т.с.с.) күрделенбеген топырақтар жатады және соған байланысты олар арнайы агротехника мен мелиорацияны қажет етпейді, олардың өнімділігі жоғары.

Жоғарыда аталған бұл топырақ тобы Қазақстанда 41,5 млн га немесе бүкіл ауыл шаруашылығы алқабы көлемінің 19,4% алады. Егістік құрамында бұл топ 17,2 млн га немесе бүкіл егістік көлемінің (26,7 млн га) 64,4% құрайды.

II-топ – қиыршық тастанған. Оған аз дамыған және толық дамымаған топырағы, байырғы жыныс шығымдары және т.б. бар телімдер жатқызылды. Жалпы көлемі 42,2 млн га немесе ауыл шаруашылығы алқабының 19,7% құрайды. Бұл топ шоқылы және шоқылар арасындағы кеңістікті аумақтарда, көбіне Шығыс Қазақстан – 12,1 млн га, Жамбыл – 2,8 млн га, Алматы – 2,7 млн га облыстарының тау етегі және таулы аудандарында, сондай-ақ Қарағанды – 13,5 млн га, Павлодар – 2,8 млн га, Ақмола – 2,4 млн га және Ақтөбе – 2,1 млн га облыстарының шоқылы және шоқылар арасындағы кеңістікті аумақтарында кеңінен таралған.

III-топ – тұзданған. Республикада 35,8 млн га тұзданған топырақ есептеледі немесе бұл ауыл шаруашылығы алқабының жалпы көлемінің 16,7%.

Топырақтың тұздану дәрежесіне қарай және кешен құрамында сортаңдардың болуына байланысты, топты үш градацияға бөледі:

- шамалы тұзданған, оған барлық сортаңды топырақтар мен олардың 10%-ға дейін сортаңы бар кешендері кіреді, 11,5 млн га көлемді алады;

- орташа тұзданған, оған 10-нан 30%-ға дейін сортаңдармен бір кешендегі барлық сортаңды топырақ жатады, көлемі 7,3 млн га;

- қатты тұзданған, ол 30-дан 50%-ға дейін сортаңдармен бір кешендегі барлық қатты сортаңданған топырақтардан тұрады, көлемі 14,2 млн га;

- сортаңдар жеке топпен белгіленген және көлемі 2,8 млн га құрайды.

Егістікте тұзданған жер 2,5 млн га құрайды, соның ішінде Ақмола облысында – 0,66 млн га, Қостанай – 0,64 млн га, Солтүстік Қазақстан – 0,28 млн га, Жамбыл – 0,18 млн га, Қызылорда – 0,18 млн га, Түркістан облыстарында – 0,13 млн га, ал қалған облыстарда тұзданған егістік көлемі үлкен емес.

IV-топ – кебірленген топырақ. Республикадағы көлемі бойынша неғұрлым ірі мелиорациялық топтың бірі болып табылады, 58,2 млн га немесе ауыл шаруашылығы алқабының 27,1% алады. Кебірлі топырақтар үш градацияға бөлінеді:

- шамалы кебірленген жерлер, оған біртекті контурлы шамалы кебірленген топырақтар немесе майда, 10-ден 30%-ға дейін орташа және 50% дейін терең қабыршақты кебірлері бар кебірленбеген топырақтар жатады. Олардың жалпы көлемі 18,2 млн га (31,3%) құрайды;

- орташа кебірленген жерлер, оларға майда, 30-дан 50%-ға дейін орташа және терең кебірлері бар кебірленген және кебірленбеген топырақтардың орташа кебірленген кешендері жатады. Жалпы көлемі 10,9 млн га (18,7%) құрайды;

- қатты кебірленген жерлерге, қатты кебірленген топырақтар, кебірлер және кебірлер (тереңінен басқа) басым кешендер жатады. Жалпы көлемі 29,1 млн га (50,0 %) құрайды.

Өңірлер бойынша кебірленген жердің негізгі көлемі Ақтөбе (11,5 млн га), Қарағанды (11,4 млн га), Батыс Қазақстан (7,1 млн га) облыстарында орналасқан. Ақмола, Атырау, Шығыс Қазақстан, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында мұндай жерлер 3-тен 4 млн га дейін есептеледі. Республиканың оңтүстік облыстарында кебірленген жерлер әрқайсысында млн га аз көлемді алады.

Кебірленген топырақтар егістікте 3,3 млн га құрайды. Олардың ең үлкен көлемі Солтүстік Қазақстан – 815,5 мың га, Қостанай – 714,0 мың га, Ақмола – 794,2 млн га, Павлодар – 397,7 мың га және Қарағанды облыстарында – 352,1 мың га пайдаланылады. Негізінен егістікте кебірлер 30% дейін болатын шамалы кебірленген кешендер пайдаланылады.

V-топ – су эрозиясына шалдыққан (шайылған). Ауыл шаруашылығы алқаптары құрамында 4,9 млн га жерді алады, оның 1,2 млн га егістікке келеді. Егістік құрамындағы шайылған топырақтың ең үлкен көлемі Ақмола, Түркістан, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарында анықталды.

VI-топ – жел эрозиясына шалдыққан (дефляцияланған). Мұндай топырақ 24,2 млн га, соның ішінде егістікте 0,5 млн га құрайды, 74% Павлодар облысына келеді.

VII-топ – су және жел эрозиясына қатар шалдыққан. 201,7 мың га жерде анықталды.

VIII-топ – өте ылғалданған. Республикада 2,9 млн га алады, оның 224,9 мың га егістікте. Бұл топ, негізінен, гидроморфты және жартылай гидроморфты топырақ түрін береді. Жайылма жері 1,1 млн га, жайылмадан тыс жерлер – 1,8 млн га құрайды.

Бұл топ топырағының біршама үлкен көлемі Қарағанды облысында – 0,6 млн га. Қостанай, Батыс Қазақстан, Павлодар, Ақтөбе, Алматы облыстарында өте ылғалданған жер 0,2-0,3 млн га болады.

IX-топ – батпақты жерлер. 1,1 млн га жерде, оның ішінде егістікте – 23,9 мың га таралған, оның – 15,3 мың га суармалы егістікте. Бұл жерлер өте көп ылғалдану нәтижесінде пайда болған және, негізінен, батпақты, шалғынды-батпақты топырақ түрінде кездеседі. Маңғыстау облысынан басқа, барлық облыстар аумағында, шағын телімдермен таралған. Бұл жерлерді егістік құрамында пайдалану мақсатқа сай келмейді, себебі олар құрғату бойынша жүргізілетін күрделі мелиорациялық іс-шараларды қажет етеді.

X-топ – басқа жерлер. 3,1 млн га жерді алады. Бұл топта сапасы бойынша жоғарыда аталған мелиорациялық топтардың біріне де жатқызуға болмайтын топырақтар ескерілген. Бұл – тұтасқан топырақтар, кермекті топырақтар, тақырлар, қалдық-карбонатты топырақтар, сондай-ақ теріс кері белгілері жоқ құмды, автоморфты, жартылай гидроморфты топырақтар, тасты ұсақ тау жыныстары, қиыршық тасты шөгінділер, жыралы-сайлы кешендер, сор сортаңдар және т.б. Барлық топырақ аймақтарында, шағын телімдер түрінде таралған, соның ішінде күңгірт-күрең және күрең топырақты қуаң далалы аймақта 2,0 млн га, ашық күрең топырақты шөлейтті аймақта – 0,3 млн га, құба және сұрғылт-құба топырақты шөлді аймақта – 0,5 млн га құрайды. Өңірлер бойынша топтың негізгі басым көлемі Ақтөбе (0,7 млн га), Қарағанды (0,6 млн га), Павлодар (0,5 млн га) облыстарында есептеледі. Егістік құрамында олар 67,0 мың га алады, соның ішінде Павлодар облысында – 22,8 мың га, Солтүстік Қазақстан облысында – 18,1

мың га, Қостанай облысында – 13,1 мың га.

Жалпы, ауыл шаруашылығы алқаптарының мелиорациялық топтар бойынша бөлінуіне талдау жасай келе, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер санатына мелиорациялық жағынан неғұрлым құнды жерлер кірген деп тұжырымдауға болады. Мысалы, бұл санаттағы ауыл шаруашылығы алқаптарының құрамында, сөзсіз егін шаруашылығына жарамды жермен бірге, кері белгілермен күрделіленбеген мелиорациялық топ 28% алады. Аздаған дәрежеде кері белгілері бар басқа мелиорациялық топтың үлестік салмағы 24% жуық. Орташа және күшті дәрежедегі кері белгілер бар ауыл шаруашылығы алқаптарына, олардың жалпы көлемінің 48% келеді. Салыстыру үшін, жалпы республика бойынша кері белгілермен күрделіленбеген мелиорациялық топ 19,4%, шамалы дәрежеде кері белгілері бар – 20,1%, орташа және күшті дәрежедегі – 60% жоғары мөлшерді құрайды.

Жерді сапалы бағалаудың соңғы айналымымен (2010 жыл) салыстырғанда, егістік көлемі 24,2 млн гектардан 26,6 млн гектарға дейін, соның ішінде суармалы егістік 1 440,9 мың гектардан 1 736,2 мың гектарға дейін ұлғайған. Өсім сәйкесінше 2,4 млн га және 295,3 мың га құрады.

5.2. ЖЕРДІҢ ТОЗУЫ

Эрозиялық процестер

Эрозия топырақтың бүлінуіне, қарашірікті-аккумулятивті қабаттың жоғарғы бетінің шайылуы мен үрленуіне және олардың құнарлылығының жоғалуына әкелетін, жердің тозуының аса қауіпті түрлерінің бірі болып табылады. Көптеген жағдайларда эрозиялық процестер антропогендік әсерлердің нәтижесінен де пайда болып, дамиды.

Республика аумағында топырақ эрозиясы, топырақтың гумификатсыздануымен қатар, топырақ тозуы түрлерінің ішіндегі ең көп тарағаны болып табылады.

Эрозия үлкен экономикалық және экологиялық нұқсан әкеледі, себебі ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі құралы және биосфераның тәуелсіз компоненті ретіндегі топырақтың өзіне қауіп төндіреді.

Топырақ эрозиясы процестерінің дамуы табиғи жағдайлардың жиынтығымен (климат, бедер, топырақтың механикалық құрамы және т.б.), сондай-ақ оларға антропогендік әсерлер дәрежесімен және жер алқаптарын, бірінші кезекте, ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану қарқындылығымен байланысты болады. Топырақ бұзылуының басты факторына қарай және оның құнарлылығын жоғалтуына байланысты, су және жел эрозиясы деп бөледі.

Қазақстан Республикасында жердің сапалық сипаттамасының деректері бойынша эрозияланған және эрозиялық-қауіпті 90 млн га астам жер есепке алынған, оның ішінде іс жүзінде эрозияланғаны – 29,3 млн га.

Республикада жел эрозиясына ұшыраған (дефляцияланған) 24,2 млн га немесе 11,3% ауыл шаруашылығы алқаптары бар.

Дефляция процесінің пайда болу дәрежесі бойынша жер үш топ тармағына бөлінеді:

- аздап дефляцияланған, оларға біртекті контурлармен аздап дефляцияланған топырақтар мен олардың 10-30% орташа және күшті дефляцияланған және 30-50% құмдары бар кешендері жатады. Жалпы көлемі 2,2 млн га (9,1%);

- орташа дефляцияланған, оларға біртекті контурлармен орташа дефляцияланған топырақ, олардың 30-дан 50%-ға дейін орташа, күшті дефляцияланған және 30-50% құмдары бар кешендері, сондай-ақ жазық аумақтың ашық күрең, құба және сұрғылт-құба аймақтары мен кіші аймақтарының құмды топырақтары жатады. Жалпы көлемі 4,9 млн га (20,2%);

- қатты дефляцияланған, оларға біртекті контурлармен қатты дефляцияланған топырақтар, осы топырақтар басым келетін олардың кешендері, 30-дан 50%-ға дейін қатты дефляцияланған топырағы бар орташа дефляцияланған топырақ кешендері, сондай-ақ барлық құмдар жатады. Жалпы көлемі 17,1 млн га (70,7%) құрайды.

Эрозияға ұшыраған алқаптар жердің сапалық жай-күйі мен оның өнімділігіне теріс әсер ететін мелиоративтік топтардың көлемі бойынша ең ірілерінің бірі болып табылады

Жел эрозиясы құмды және автоморфты топырақты, сортаңды және шанды дауылды дефляция түрінде байқалады. Топырақ дефляциясының дамуында табиғи факторлардан басқа (топырақтың иленгіштігі, жеңіл механикалық құрамы, белсенді жел қызметі және

басқалар), антропогендік фактор да елеулі рөл атқарады. Мал жаюдың реттелмеуі (шамадан тыс жүктеме), бұта ағаштарды кесу, автокөліктердің жолдардан тыс, яғни жол емес жерлермен ретсіз қозғалысы дефляциялық процестердің қарқындауына ықпал етеді, ал бұл процестер топырақтың құрылымдық құрамын, көлемдік массасын және қара шірінді қабатын өзгертетін, топырақ құнарлылығының азаюына және тозуына әкеледі.

Топырақтың жел эрозиясының барынша теріс ықпалы, топырақ ылғалының тапшылығы қатты байқалатын, құрғақшылық жылдары күшейеді.

Эрозиялық процестер әсіресе шөл, шөлейт және дала аймақтарында орналасқан өңірледегі Қызылқұм, Мойынқұм, Үлкен және Кіші борсық, Сарыішіқотырау құмдарының кең алқаптарында, жеңіл механикалық құрамдағы және карбонатты топырақтарда белсенді байқалады.

Жел эрозиясына ұшыраған ауыл шаруашылығы алқаптарының негізгі көлемі Алматы облысында – 5 млн га жуық, Атырау және Түркістан облысында – 3,1 млн га, Қызылорда облысында – 2,8 млн га, Жамбыл және Ақтөбе облысында – әрқайсысында 2,0 млн га астам жерді алады.

Эрозияға ұшыраған ауыл шаруашылығы алқаптарының ең көп үлесін (олардың жалпы көлемінің 30% астамын) Алматы, Атырау және Түркістан облыстары алады. Ауыл шаруашылығы алқаптарының құрамындағы эрозияға ұшыраған жерлердің ең аз үлес салмағы (5% дейін) Ақмола, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында есептеледі (5.8-сурет).

5.8-сурет

Ауыл шаруашылығы алқаптарының эрозиялануы



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Эрозияға ұшыраған (шайылған) топырақ 4,9 млн га жерді немесе ауыл шаруашылығы алқаптарының 2,3% алады.

Топырақтың су эрозиясы республиканың барлық облыстарында байқалады және оның даму қарқындылығына жер бедерінің сипаты (беткейдің тіктігі мен ұзындығы, су жинағыш көлемі мен формасы), жауын-шашынның мөлшері мен қарқындылығы, топырақтың типі мен механикалық құрамы, карбонаттылығы, тұздануы, шымдануы, жер асты суының тереңдігі мен эрозияның базисі, жер алқаптарының су өткізгіштігі мен пайдалану сипаты әсер етеді. Су эрозиясы ағын су мен топырақтың өзара әрекеттесу процесі болып табылады және ағынның сипатына, оның тасымалдау мүмкіндіктеріне байланысты болады, сондай-ақ ол

үстіңгі қабаттың сулылығымен, морфологиялық жағдайларымен және төсеніш жыныстардың қасиеттерімен тығыз байланысады. Шайылған топырақтың ең үлкен көлемі, ауыл шаруашылығы алқаптарының құрамында, Түркістан (0,9 млн га), Алматы және Маңғыстау (әрқайсысында 0,8 млн га), Ақмола (0,6 млн га) облыстарында орналасқан.

Шайылу дәрежесі бойынша жер үш топ тармағына бөлінеді:

- аздап шайылған, оған біртекті контур түрінде аздап шайылған топырақтар немесе 30%-ға дейін орташа шайылған немесе, 10% дейін қатты шайылған топырағы бар, шамалы шайылған немесе шайылмаған үйлестіктер жатады. Жалпы көлемі 2 848,1 мың га (57,6%) құрайды. Негізінен Түркістан, Алматы, Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстарында таралған;

- орташа шайылған, оған: біртекті контурлармен орташа шайылған топырақ, осы топырақ басым келетін кешендер, 10-нан 50%-ға дейін қатты шайылған топырағы бар, шамалы шайылған топырақ кешендері, сондай-ақ ашық күрең, құба және сұрғылт-құба топырақ аймақтарының шайылған топырақтары жатады. Жалпы көлемі 1 893 мың га (38,2%) құрайды. Маңғыстау, Алматы, Ақтөбе облыстарында ең көп таралған;

- қатты шайылған, оған: біртекті контурлармен қатты шайылған топырақтар, осы топырақтар басым келетін кешендер жатады. Жалпы көлемі 209,2 мың га (4,2%) құрайды. Олардың негізгі көлемдері Ақмола, Алматы, Жамбыл облыстарында орналасқан.

Топырақтың жел және су эрозиясы процестерінің қатар жүруі 201,7 мың га жерде байқалады, оның ішінде 191,9 мың га – Батыс Қазақстан облысында.

Эрозияға ұшыраған ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы көлемінен 1 768,0 мың га жер егістік құрамында болып отыр, оның 1 220 мың га (69,0 %) – шайылған, 451,8 мың га (25,6 %) – дефляцияланған және 96,2 мың га (5,4 %) – су және жел эрозиясына ұшыраған.

Егістік, эрозиялану дәрежесі бойынша, аздап эрозияланған, көлемі 1 418,1 мың га немесе оның жалпы көлемінің 80%, және орташа және қатты эрозияланған, көлемі 253,7 мың га (20 %), болып бөлінеді.

Аздап эрозияланған егістік, негізінен, Ақмола облысының (317,9 мың га) карбонатты топырақтарында, Павлодар облысының (223,7 мың га) – құмайт топырақтарында және Түркістан (214,9 мың га), Шығыс Қазақстан (234,0 мың га), Қарағанды (95,7 мың га) және Алматы (85,8 мың га) облыстарында – шайылған жерлерде орналасқан. Орташа және қатты эрозияға ұшыраған егістіктің жалпы көлемінің 43,6% Павлодар облысына келеді. Жел және су эрозиясының қатар көрінуі, негізінен, Батыс Қазақстан облысында (99,4%) байқалады.

Эрозиялық процестердің жер алқаптары жағдайына теріс әсерін азайту үшін, эрозияға қарсы кешенді іс-шараларды (ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, орман мелиорациялық, гидротехникалық) қолдану, егіншіліктің бейімдеу-ландшафтық жүйесіне көшу қажет.

Егіншілік және жерге орналастыру жүйелерін жетілдіру үшін, су және жел эрозиясы процестерінің нақты эрозиялық дәрежесі мен диагностикасын айқындай отырып, эрозиялық егжей-тегжейлі толық түсіруді қамтитын аймақтық және ландшафтық-экологиялық тәсілдер принципіндегі топырақты ірі масштабты жаппай кешенді картографиялаудың жаңа әдісі қажет.

5.3. ЖЕРДІҢ ЛАСТАНУЫ

Қазақстан Республикасында топырақтың ластануы өте өзекті мәселе болып отыр және ол республикалық қана емес, халықаралық та маңызы бар мәртебеге ие.

Топырақтың ластануы тізбекті реакцияны тудырады. Ол топырақтың биоалуантүрлілігіне әсер етеді, топырақтың органикалық заттарының қорын және оның сүзу қабілетін төмендетеді. Топырақтың ластануы себебінен топырақ ылғалы мен жер асты сулары ластанады, топырақтағы қоректік заттардың балансы бұзылады. Топырақтың ең көп таралған ластаушы заттарына ауыр металдар, тұрақты органикалық ластағыштар және фармацевтика және жеке гигиена құралдары сияқты жаңа ластағыштар жатады.

Республикада едәуір жерде топырақ-өсімдік жамылғысы өнеркәсіптік кәсіпорындары мен көліктер шығаратын ауыр металдармен, мұнай өнімдерімен және күрделі органикалық заттармен ластануы орын алып отыр.

Негізгі ластану көздері атмосфераға шығарылатын заттар, өнеркәсіп, энергетика, әскери-

өнеркәсіптік кешен кәсіпорындарының қатты және сұйық қалдықтары, шаруашылық-тұрмыстық қалдықтар, автокөлік болып табылады. Әдетте елеулі ластану аймақтары автожолдар бойында, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен аэродромдар маңында, сондай-ақ ауыр металдар, күкірт және азот оксидтері трансшекаралық тасымалданатын жерлерде шағын көлем алады.

Ең қауіпті түрі радиоактивті ластану болып табылады. Қазақстан Республикасында 6 ірі уранды провинция, көптеген ұсақ кен орындары мен уран кенашылымдары бар, бұлардың барлығы да уранның табиғи радиобеленділігінің деңгейін жоғарылатады. Аса өзекті экологиялық проблемалар Өскемен қаласында төмен байытылған уран банкі орналасқан аумаққа ғана емес, сондай-ақ еліміздегі радиоактивті материалдардың пайдаланылуына да қатысты болып отыр. Уранды қабатты үлкен көлемде пайдалану Маңғыстау облысында жүргізілді. Радиоактивті ластанудың ең үлкен аумағы – бұл бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумағы, мұнда қатерсіздендіру және барлық жерді ауыл шаруашылығы мақсатындағы айналымға келтіру туралы мәселесі осы уақытқа дейін шешілмеген. Уран өндіру саласының қызметі кезеңінде Қазақстан аумағында 200 млн тоннаға жуық радиоактивті қалдықтар пайда болды. Уытты және радиоактивті қалдықтардың қалдық қоймаларының проблемасы, неғұрлым өткір күйінде қалып отыр.

Әскери полигондар қызметі мен ғарыш техникасын ұшырудан Қазақстанның орасан зор аумағы зардап шекті. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының аумағында 4 әскери-сынақ полигоны мен Байқоңыр кешені жұмыс істейді. Зымырандардың құлаған сынықтары, уыттылығы жоғары отынның төгілуі және қоршаған ортаға және халық тікелей жақын қоныстанған жерлерге кері әсерін тигізетін басқа да факторлар нақты экологиялық қауіп-қатер тудырады. Зымыран тасығыштардың бөлінетін бөліктерінің құлау аудандары Қарағанды, Ақмола, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында орналасқан үлкен аумақты алып жатыр. Осы аудандарға жақын орналасқан трассалық жерлерге де ұшу зымырандарының кері ықпалы тиіп отыр. «Қазмеханобр» МҒӨБ ақпаратына сәйкес, зымыран отынының жану өнімдерімен және зымыран ажырағыш бөліктерімен ластануы мүмкін жердің жалпы көлемі 9,6 млн га құрайды. Әскери-сынақ полигондарының әсер ету аймағында қоршаған ортаның радионуклидтермен, ауыр металдармен және улы заттармен нормативтен тыс радиациялық ластануы белгіленген. Осы аумақтағы су объектілері іс жүзінде шаруашылық және ауыз сумен жабдықтау үшін жарамсыз.

Топырақтың ауыр металдармен, әсіресе ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтары маңында, ластануы Қазақстанның өзекті экологиялық проблемаларының біріне айналды. Республиканың өнеркәсіптік өңірлерінде антропогендік бұзушылықтар мен топырақ жамылғысы ластануының біршама елеулі ошақтары таралған. Қалалар жерінің ластануындағы айтарлықтай үлкен рөлді, саны жыл сайын біршама артып отырған автокөлік атқарады. Топырақтың өнеркәсіптік кәсіпорындарсалдарынан ластану ошақтары Өскемен, Риддер, Жезқазған, Шымкент, Қарағанды қалаларының маңында қалыптасты. Мұнда топырақтағы қорғасын, мыс, мырыш, кадмий құрамы шекті-рұқсат етілген концентрациядан (ШРК) біраз асады. Қалаларда тұрмыстық қатты қалдықтар барған сайын қарқынды көбеюде, оларды уақытылы және дұрыс емес шығарған және залалсыздандырған жағдайда, бұл қалдықтар қоршаған ортаны айтарлықтай ластануы мүмкін.

Елімізде 31,6 млрд тоннаға жуық өндірістік қалдықтар жинақталған. Жыл сайын шамамен 1 млрд тонна өндіріледі. Бұл Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу бақылау комитетінің 2021 жылға арналған деректеріне сәйкес, негізінен техногендік минералдық түзілімдер (ТМК), оның ішінде үстеме жүк пен күл мен шлак қалдықтары (жалпы көлемнің 70%), өңдеу өнеркәсібінің қалдықтары (жалпы көлемнің 10%) және басқа да қызмет түрлері (20%) құрайды.

Өнеркәсіптік қалдықтарға, оның ішінде техногендік минералдық түзілімдерге (ТМТ) қатысты ахуал өте қанағаттанарлықсыз күйде қалып отыр. Қазіргі уақытта республикада 775 ТМТ объектісі есепке алынды, олардың бұл объектілерде жиналған мөлшері 34 млрд. тонна шамасында болады және де олардың жыл сайын өсіп отырғандығы байқалады.

Кен өндіру өнеркәсібінің дамуы жердің уытты заттармен ластану процесін күшейтті. Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау министрлігінің деректері бойынша 2010 жылғы

қаңтардағы жағдай бойынша 43 млрд тоннадан астам қалдықтар орналастырылған, соның 600 млн жуық тоннасы ұытты. Бұл сан жыл сайын 700 млн тонна өнеркәсіптік қалдықтарға артып келеді, оның ішінде улы заттар – шамамен 250 млн тонна. Ел аумағында тұрақты органикалық ластағыштар – хром және қорғасын, кадмий, мырыш сияқты ауыр металдар едәуір көлемде жинақталып қалған. Елдің бір тұрғынына, орта есеппен, шамамен бір жарым мың тонна өнеркәсіптік және коммуналдық қалдықтар келеді, бұл еуропалық мемлекеттер қалдықтарының жиналу деңгейінен асып түседі. Ең үлкен үлесті Қарағанды – 29,4%, Шығыс Қазақстан – 25,7%, Қостанай – 17% және Павлодар облыстарының – 14,6%, тау-кен және байыту кешендерінің қалдықтары алады.

Қостанай, Қарағанды, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Жамбыл, Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында орналасқан көмір, қара металл, фосфориттер өндіретін кәсіпорындар тау-кен және қайта өңдеу өндірісі қалдықтарының едәуір үйіндісін жинаған. Көмір кен орындарын игеру орындарындағы топырақтың ластануы теңбілді болып келеді, бұны өсімдіктер үшін қоректік заттар үйлесімділігінің бұзылғандығымен, өндіру кезіндегі антропогендік жүктеме дәрежесімен, қолданылатын агротехнологиялармен, тұрақты мониторингтің жоқтығымен, қалпына келтіру жұмыстарының жүйеленбегендігімен түсіндіруге болады.

Жер балансының деректері бойынша 01.11.2021 ж. жағдай бойынша республикада аршу және тау жыныстарының үйінділері, қалдық қоймалары, күл үйінділері, көмір және тау-кен қазбаларының карьерлері, мұнай алқаптары мен қамбалары орналасқан 244,8 мың га бүлінген жер бар. Бүлінген жерлердің басым бөлігі Маңғыстау, Қарағанды, Қостанай, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Павлодар облыстарында орналасқан.

Барлық өнеркәсіптік өңірлерде экологиялық қауіпті әсер ету аймақтары: террикондар, үйінділер, карьерлер, бұрғылау ұңғымалары, жалпы ауданы 60 мың га астам тау-кен өндірісінің қалдықтары бар, олар топырақты үнемі ластайды.

Түсті металлургия кәсіпорындары қызметінің нәтижесінде ғана 22 млрд тоннадан астам қалдықтар, оның ішінде 4 млрд тоннаға жуық тау-кен өндірісінің қалдықтары, 1,1 млрд тоннадан астам байыту қалдықтары улы қалдықтардан және 105 млн тоннадан астам металлургиялық қайта өңдеу қалдықтары жинақталған.

Түсті металлургия қалдықтарын жинақтаушылар алып жатқан алаңдар шамамен 15 мың га құрайды, оның ішінде тау жыныстарының үйінділері 8 мың га, байыту фабрикаларының қалдықтары – 6 мың га жуық және металлургия зауыттарының үйінділері – 500 га астам аумақты алып жатыр.

Шығыс Қазақстан облысында жер мыс, мырыш, кадмий, қорғасын, мышьяк қосылыстарымен ластанған. Ұытты қалдықтар санитариялық-экологиялық талаптарға жауап бермейтін полигондарда орналастырылған. Қорғасын аномалиялары Шемонаиха, Глубокое және Зырян аудандарының аумағын қамтиды. Өскемен, Риддер, Зырян қалаларының арасындағы үшбұрыштағы аудан неғұрлым қолайсыз болып табылады.

Павлодар облысында ластану көздері машина жасау, көмір өндіру, мұнай өңдеу және химия өнеркәсібі, Екібастұз МАЭС кәсіпорындары болып табылады. Қалдықтарды жинау және көму орындарының жабдықталмауынан жиналатын қалдықтар көлемінің үнемі ұлғаюы нәтижесінде, мұндағы ластаушы заттардың қоршаған ортаға көшуі орын алады.

Қарағанды облысында жердің бүлінуі тау-кен және металлургия өнеркәсібінің қалдықтарымен байланысты болып отыр. Облыста өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды сақтайтын 350 астам полигон бар. Балқаш тау-кен металлургиялық комбинатының нормативтен тыс шығарындылары топырақтың мыспен, мырышпен, кобальтпен, кадмиймен және қорғасынмен ластануына алып келді.

Қызылорда облысында жерді ауыр металдармен және мұнай өнімдерімен бүлдіретін мұнай-газ өндіру кәсіпорындары ластану көзі болып табылады. Мұнай өндіруден басқа, жердің бүлінуіне кері ықпал ететіндерге, өнеркәсіптің негізгі салалары – түсті металл және табиғи радиоактивті кен өндіру орындары да жатады.

Қостанай облысының техногенді бүлінген жерлері қалалардың өнеркәсіптік аймақтарында, пайдалы қазбаларды өндіру және өңдеу аймақтарында таралған. Аймақта Троицк МАЭС күл үйіндісі мен Соколов-Сарыбай тау-кен байыту комбинатының қалдық қоймаларының

қоршаған ортаны ластауына қатысты мәселе өте өзекті болып отыр.

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында алтын және полиметалл кен орындарын игеру жердің мышьякпен және ауыр металдармен ластануына әкеледі.

Қалдықтарды кәдеге жарату, залалсыздандыру, көму, трансшекаралық тасымалдау – елдегі ең өзекті мәселелердің бірі. Улы қалдықтар осы уақытқа дейін тиісті экологиялық нормалар мен талаптарды сақтамай, әртүрлі жинақтау орындарында жиналып, сақталады. Соның нәтижесінде көптеген өңірлердің топырағы, жер асты және жер үсті сулары қарқынды ластануға ұшыраған.

Өнеркәсіптік ластану көздерінен басқа, агрогенді ластағыштардың да үлесі артып келеді. Топырақтың ластануы қоршаған ортаға өте зиянды және онымен кездесетін барлық тіршілік формаларына теріс әсерін тигізеді. Топырақтағы органикалық заттар қорын азайтатын ауыл шаруашылығын жүргізудің тұрақсыз әдістері, ластаушы заттардың қоректік тізбекке өтіп кетуіне ықпал етуі мүмкін. Мысалы, ластанған топырақтан ластаушы заттар жер асты суларына енуі мүмкін; содан кейін олар өсімдік тіндерінде жиналып, жайылымдағы малға, құстарға және соңында осы өсімдіктер мен жануарларды тамақ үшін тұтынатын адамдарға беріледі. Топырақтағы, жер асты суларындағы және қоректік тізбектегі ластаушы заттар бірқатар ауруларды тудыруы және адамдардың өлім-жітімін жоғарылатуы мүмкін; бұның салдары қысқа мерзімді сипатта да – мысалы, интоксикацияның немесе диареяның әр түрлері, сондай-ақ созылмалы аурулар, оның ішінде қатерлі ісік, түрінде де болуы ықтимал.

Ластанудың өнеркәсіптік көздерінен басқа, агрогенді ластағыштардың да үлесі өсуде. У.У. Успанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институтының деректері бойынша, Қазақстанның негізгі күріш егетін өңірлерінің топырақтарында қорғасын, никель және мыстың шекті рұқсат етілген концентрациядан (ШРК) асып түскендігі байқалады. Мысалы, Сырдария өзенінің ежелгі арналардың аллювиальды жазықтарында Шиелі күріш егу алқабында қорғасынның жылжымалы түрінің де, жалпы түрінің де ШРК-дан 2 есе, никельдің жылжымалы түрінің 1,5 есе артуы байқалды. Бұған қоса, соңғы жылдары Сырдария өзенінің минералдануына байланысты жоғары минералданған коллекторлық-дренаждық сулардың үлкен көлемде ағызылуының салдарынан топырақтың тұздану процестері күшейе түсті.

2021 жылғы топырақтың жай-күйіне санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг

2021 жылы Ұлттық сараптама орталығы филиалдарының аумақтық зертханалары санитариялық – химиялық көрсеткіштерге 3 140 (2020 ж. – 2 744) топырақ сынамасын зерттеді, оның ішінде 2 сынаманың (0,06%), (2020 ж. – 0,58%) санитариялық талаптарына сәйкес келмейді.

Микробиологиялық көрсеткіштерге 4 182 сынама зерттелді (2020 ж. – 3 218), оның ішінде 84 сынама нормативтеріне сәйкес келмейді (2,0%), (2020 ж. – 2,8%).

Гельминт жұмыртқаларына 1 143 топырақ сынамасы зерттелді (2020 ж. – 1 408), оның ішінде 17 (1,5%), (2020 ж. – 28/2,0%) оң сынамалар табылды.

5.4. БҮЛІНГЕН ЖЕРЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

2021 жылдың қорытындысы бойынша республикада өнеркәсіп объектілерін, желілік құрылыстарды және басқа да кәсіпорындарды салу кезінде, пайдалы қазбалар кен орындарын игеру, оларды өңдеу және геологиялық барлау кезінде бұзылған 245,2 мың га жер бар, оның ішінде 55,8 мың га өңделіп, қайта өңдеуге жатады.

Бүлінген жерлер алаңдарының басым бөлігі өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтаждарына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына жатқызылады.

Өңірлік жоспарда бүлінген жерлердің ең көп саны үш облыста: Маңғыстау облысында – 70,5 мың га және 9,4 мың га, Қарағанды облысында – тиісінше 45,9 мың га және 10,7 мың га, Қостанай облысында – тиісінше 40,1 мың га және 13,8 мың га.

Республикада өз аумағында бүлінген жерлері бар 2 888 кәсіпорын мен ұйым бар.

2021 жылы республика бойынша 3,7 мың га алқап бүлінген, 15,9 га бүлінген жерлер өңделді және 61,1 га бүлінген жерлер қалпына келтірілді. Қостанай облысындағы бұзылған жерлердің ең үлкен көлемі 1,9 мың га құрайды (5.23-кесте).

2021 жылғы облыстар бойынша бүлінген жерлерді қалпына келтіру

Облыс / Аймақ	2021 жылдың басында болғаны		Есептік кезең ішінде							2021 жылдың аяғында			
	Бүлінгені	Бүлінген жердің өңделгені	Бүлінген жер	Бүлінген жердің өңделгені	қалпына келтірілген жер					Бүлінгені (+/-)	өңделгені (+/-)	Бүлінген жер	Бүлінген жердің өңделгені
					нақты және барлығы	ерістік	басқа а/ш алақан тарты	орман екте-лері	өзге жерлер				
Ақмола	488	20374,0	7288,0	387,2	-	-	-	-	-	-	-	20761,2	7288,0
Ақтөбе	115	13475,8	660,7	-	-	-	-	-	-	-	-	13475,8	660,7
Алматы	413	7436,0	971,0	349,0	-	-	-	-	-	-905	-	6880,0	971,0
Атырау	90	2242,0	59,0	-	4	-	-	-	-	-	-	2238,0	63,0
Шығыс Қазақстан	183	12821,7	4891,1	46,9	11,9	35,1	19	-	11	-0,4	+40,8	12832,4	4908,7
Жамбыл	134	6205,0	1983,0	-	-	-	-	-	-	-	-	6205,0	1983,0
Батыс Қазақстан	23	4424,0	392,0	-	-	-	-	-	-	-	-	4424,0	392,0
Қарағанды	306	45355,0	10679,0	736,0	-	26	-	-	26	-203	-	45862,0	10679,0
Қызылорда	32	2,7	711,0	319,0	-	-	-	-	-	-	-	3019,0	711,0
Қостанай	751	38298,6	13848,5	1902,7	-	-	-	-	-	-99	-	40102,3	13749,5
Маңғыстау	158	70477,0	9415,0	-	-	-	-	-	-	-	-	70477,0	9415,0
Павлодар	195	12146,0	1232,0	-	-	-	-	-	-	-	-	12146,0	1232,0
Солтүстік Қазақстан	265	3933,0	3701,0	-	-	-	-	-	-	-	-	3933,0	3701,0
Түркістан	73	2378,0	-	-	-	-	-	-	-	-	-	2378,0	-
Нұр-Сұлтан	12	357,0	-	-	-	-	-	-	-	-	-	357,0	-
Алматы	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Шымкент	5	168,5	-	-	-	-	-	-	-	-	-	168,5	-
Барлығы	2888	233257,8	52130,3	3740,8	15,9	61,1	19,0	-	37,0	-40,8	+40,8	245259,2	55753,9

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

A large yellow combine harvester is shown in a field of golden wheat. The harvester is positioned on the left side of the frame, with its long auger extending towards the right. The field is filled with ripe wheat stalks, some of which are in sharp focus in the foreground. The sky is a clear, light blue, suggesting a bright day. The overall scene depicts a busy agricultural harvest.

**6 БӨЛІМ.
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ**

6 БӨЛІМ. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Соңғы жылдары мемлекеттік қолдау шараларын іске асырудың арқасында Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешені дамуының оң серпіні байқалады, ауыл шаруашылығы өнімі мен оны қайта өңдеу өнімдерін өндіру көлемі ұлғайды, жабдықпен және заманауи жоғары өнімді ауыл шаруашылығы техникасымен жарақтандыру өсуде.

Мәселен, соңғы 5 жылда АӨК субсидиялауға шамамен 1,6 трлн теңге, оның ішінде мал шаруашылығына – 486,7 млрд теңге, өсімдік шаруашылығына – 366,8 млрд теңге, қаржы құралдарына – 729,3 млрд теңге бағытталды.

Бұл ретте, 2021 жылы субсидиялау көлемі 375 млрд теңгені құрады, бұл 2016 жылғы деңгейден 1,7 есе (220,3 млрд теңге) көп.

Бұл осы кезеңде ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемін 2 есеге ұлғайтуға және 7,5 трлн теңгеге дейін (2016 жылы – 3,7 трлн теңгеден) жеткізуге мүмкіндік берді. Субсидиялау көлемінің өсуі мен ауыл шаруашылығының жалпы өнімі арасында тікелей корреляция байқалады.

Мемлекеттік қолдау шараларының арқасында ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар ағынының тұрақты үрдісі де сақталып отыр. 5 жыл ішінде ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар ағыны 3 есеге ұлғайып, 2021 жылы 772,5 млрд теңгені, азық-түлік өнімдері – 1,7 есеге және 118,3 млрд теңгені құрады.

Инвестицияларды тарту есебінен ауыл шаруашылығында бір жұмыспен қамтылғандарға Еңбек өнімділігі жыл сайын артып келеді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша еңбек өнімділігі 3,3 млн теңгені немесе 5 жыл ішінде өсім 2,4 есе (2016 жылы – 1,4 млн теңге) құрады.

Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін одан әрі арттыру мақсатында ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021.10.12 № 732 қаулысымен бекітілген ҚР агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық жобасы шеңберінде қазіргі заманғы технологияларды енгізу бойынша жұмысты жалғастыратын болады.

Мәселен, мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру, тұқымдарды қадағалау жүйесін құру, сондай-ақ тұқым шаруашылығы шаруашылықтарын заманауи техникамен және жабдықпен техникалық жарақтандыру есебінен тұқым шаруашылығы өз дамуын алады.


Минералды тыңайтқыштарды қолдану деңгейін арттыру мақсатында өнеркәсіптік өндірістің органикалық тыңайтқыштарын субсидиялау және агрохимиялық қызметтің республикалық ғылыми-әдістемелік орталығының қызметін жетілдіру және оның материалдық-техникалық базасын жетілдіру көзделген.

Техникалық жарақтандыру деңгейін арттыру үшін инвестициялық субсидиялау жалғастырылады, сондай-ақ «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы ауыл шаруашылығы техникасы лизингінің бағдарламалары кеңейтіледі.

Импортқа тәуелділікті төмендету және мал шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыру мақсатында қарқынды мал шаруашылығына көшу жалғастырылатын болады. Ол үшін фермер қожалықтарына мал сатып алуға кредит беру көлемін ұлғайту, жемшөп өндірісін ынталандыру, шалғайдағы мал шаруашылығын және жайылым инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ селекцияның қазіргі заманғы әдістерін, оның ішінде қолдан ұрықтандыру мен эмбриондарды трансплантациялауды енгізуді ынталандыру жоспарлануда.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2021 жылы ауыл шаруашылығы өнімінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымының көлемі 7 515 433,5 млн теңгені құрады (6.1-сурет).

Ауыл шаруашылығы өнімінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы, теңге



Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

6.1-кестеде 2017-2021 жылдары облыстар бойынша шаруашылықтың барлық санаттарындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы бойынша ақпарат ұсынылған.

6.1-кесте

2017-2021 жылдары облыстар бойынша шаруашылықтың барлық санаттарында ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы, млн теңге

Аймақ / Облыс	2017	2018	2019	2020	2021
Қазақстан Республикасы	4 070 916,8	4 474 088,1	5 151 163,0	6 334 668,8	7 515 433,5
Ақмола	378 170,9	406 690,9	487 473,9	672 112,7	740 621,4
Ақтөбе	200 631,3	234 336,4	271 561,8	325 226,2	374 972,5
Алматы	630 931,6	733 974,3	846 581,4	964 665,8	1 088 280,1
Атырау	61 129,6	66 878,3	76 686,5	85 571,5	112 945,8
Батыс Қазақстан	140 043,8	139 918,3	171 145,1	197 401,7	242 007,1
Жамбыл	251 317,0	268 224,0	325 748,0	391 371,0	478 134,7
Қарағанды	251 014,4	277 656,3	334 008,1	383 729,3	493 443,2
Қостанай	368 099,4	386 655,6	397 828,6	592 478,5	604 597,8
Қызылорда	88 673,9	103 923,7	128 562,1	143 554,0	170 840,0

Маңғыстау	13 722,5	15 656,4	19 674,2	19 041,4	21 668,3
Оңтүстік Қазақстан	505 293,4	-	-	-	-
Түркістан	-	548 706,9	614 006,3	743 880,5	931 042,9
Павлодар	204 421,9	228 492,9	236 421,8	302 144,2	428 193,7
Солтүстік Қазақстан	498 410,4	514 686,8	610 701,3	777 134,7	899 984,5
Шығыс Қазақстан	472 008,0	514 969,8	591 980,4	691 267,4	875 640,5
Нұр-Сұлтан қ.	1 308,7	1 051,2	805,3	497,1	503,1
Алматы қ.	5 740,0	6 594,5	6 799,4	7 812,0	8 059,5
Шымкент қ.	-	25 672,0	31 178,7	36 780,7	44 498,2

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

6.1. ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Өсімдік шаруашылығы ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі салаларының бірі болып табылады. Ол халықты азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етеді және мал шаруашылығын дамытудың негізі болып табылады, оны азықпен қамтамасыз етеді. Сондықтан ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру мақсатында ауыл шаруашылығы жерлерінің құнарлылығын арттыру бүгінгі күнге дейін саланың ең өзекті міндеті болып қала береді.

Егіс алқаптарының құрылымы

2021 жылы барлық ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабы 22,9 млн га құрады, бұл 2020 жылғы деңгейден 343,4 мың га артық. Оның ішінде дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар – 16,0 млн га (236,9 мың га артық), оның ішінде бидай – 12,9 млн га (749,9 мың га артық). Майлы дақылдар 3,1 млн га (197,3 мың га артық), жемшөп дақылдары – 3,1 млн га (82,8 мың га аз), мақта дақылдары – 110,0 мың га (16,0 мың га аз), қант қызылшасы – 14,5 мың га (0,7 мың га аз), картоп – 195,8 мың га (1,4 мың га артық) және көкөніс дақылдары – 168,6 мың га (5,1 мың га артық) және бақша дақылдары – 110,1 мың га (8,1 мың га артық).

Қазақстан Республикасының Агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы шеңберінде жерді ұтымды пайдалану, жаңа технологияларды енгізуді ынталандыру, егу кезінде жоғары сапалы сорттық тұқымдарды пайдалану, минералды тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын ауқымды қолдану арқылы ауыл шаруашылығы дақылдарының, оның ішінде бидайдың өнімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік реттеу шаралары көзделген. Мемлекет шаруаларға субсидиялар түрінде айтарлықтай қолдау көрсетеді, олар техникалық қайта жарақтандыруға және жаңа технологияларды енгізуге, тұқым шаруашылығын химияландыруға және дамытуға бағытталады.

Қабылданған шаралар егіс алқаптарын кеңейтуге және басым, бәсекеге қабілетті және экспортқа бағдарланған дақылдар өндірісін ұлғайтуға, олардың өнімділігін арттыруға ықпал етеді.

Егін жинау


ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2021 жылы орташа өнімділігі 10,4 ц/га (2,4 ц/га аз) болған кезде пысықталғаннан кейінгі салмақта (2020 жылғы деңгейден 3,7

млн тоннаға аз) 16,4 млн тонна дәнді және бұршақты дақылдар бастырылды. Оның ішінде бидай 9,3 ц/га (2,5 ц/га аз) өнімділікпен 11,8 млн тонна (2,4 млн тоннаға аз) бастырылды.

2018-2021 жылдардағы ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділік динамикасы 6.2-суретте ұсынылған.

6.2-сурет

2018-2021 жылдардағы ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділік динамикасы, ц/га



Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Егіс алқаптарын әртараптандыру

29-АШ статистикалық есебіне сәйкес, 2021 жылы егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру бойынша меморандумдардың индикативтік көрсеткіштеріне республика бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы егіс алқабы (меморандумдар көрсеткіштерінен 831,9 мың га артық), дәнді және дәнді-бұршақты дақылдары (2,0 млн га артық), майлы дақылдар (143,0 мың га артық), көкөніс дақылдары (8,6 мың га артық), бақша дақылдары (10,6 мың га артық) бойынша қол жеткізілді.

Картоп бойынша 6,7 мың га және жемшөп дақылдары бойынша – 1,3 млн га индикативтік көрсеткіштерге қол жеткізілген жоқ. Бұл ретте қысқартудың орнына Меморандум көрсеткішіне қарсы бидай алаңы 2,8 млн га асты. Меморандум көрсеткішіне қарсы күріш егу алаңы 11,5 мың га асты. Меморандумның индикативтік көрсеткіші деңгейінде мақта алқабы қалды.

Суармалы жерлерді пайдалану

2021 жылы пайдаланылатын суармалы жерлердің ауданы 1 527 мың га құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 16,8 мың га артық. Аталған аумақтың 1 182 мың га немесе 77,4% жер үсті суару әдісіне тиесілі, 96,3 мың га немесе 6,3% – бұл негізінен қатты су басу әдісімен суарылатын күріш алқаптары және 248,4 мың га немесе 16,2% заманауи тамшылатып немесе жаңбырлатып суару пайдаланылды.

Судың аздығын ескере отырып, 2021 жылы мақта алқабы 110 мың га құрады, бұл 2020 жылғы деңгейден 15,9 мың га аз (125,9 мың га). Сондай-ақ, күріштің ауданы 96,6 мың га құрады, бұл 2020 жылғы деңгейден 5,6 мың га аз (102,2 мың га).

29-АШ статистикалық есебінің деректеріне сәйкес, жалпы алғанда, соңғы 6 жылда өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру оң динамиканы көрсетеді, бұл ретте жекелеген дақылдар бойынша теріс динамика бар. Мәселен, егер 2020 жылы суармалы жерлерде егін 1,2 млн га жиналса, 2021 жылы бұл көрсеткіш 1,4 млн га құрады.

Мәселен, 2021 жылы суармалы жерлердегі жекелеген негізгі ауыл шаруашылығы дақылдары

бойынша жалпы алым келесідей: – дәнді дақылдар (күрішті қоса алғанда) және бұршақ дақылдары – 1 739,3 мың тонна, бұл 2020 жылғы деңгейден 23,8% артық (1 404,9 мың тонна), қант қызылшасы – 331,4 мың тонна, бұл 2020 жылғы деңгейден 44,8% артық (228,8 мың тонна), шикі мақта – 290,4 мың тонна, бұл 2020 жылғы деңгейден 10,8% аз (325,6 мың тонна), көкөністер – 2 701,3 мың тонна, бұл 2020 жылғы деңгейден 23,8% артық (2 181,7 мың тонна), бақша дақылдары – 2 332,3 мың тонна, бұл 2020 жылғы деңгейден 23,1% артық (1 894,2 мың тонна), майлы дақылдар – 244,9 мың тонна, бұл 2020 жылғы деңгейден 65,9% артық (147,6 мың тонна).

Республика бойынша су үнемдеу технологиялары енгізілген суармалы жерлердің ауданы 258 мың га құрады, бұл 2020 жылғы деңгейден 37 мың га артық.

АӨК ұлттық жобасын іске асыру бойынша жоспар-кестеге сәйкес 2022 жылға су үнемдеу технологияларын енгізу жоспарланып отырған суармалы жерлердің ауданы 265 мың га құрайды.

2021 жылы су беру қызметтерінің құнын субсидиялау шеңберінде 1 938 млн теңге игерілді, бұл 1 010 ауыл шаруашылық тауар өндірушіні субсидиялауға мүмкіндік берді. Бұл ретте субсидияланған судың көлемі 2 783 м³ құрады.

Суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйін мониторингтеу және бағалау 1 566,4 мың га суармалы жерлерді, оның ішінде Алматы облысында – 584,3 мың га, Жамбыл облысында – 140,0 мың га, Түркістан облысында – 574,4 мың га (оның ішінде Шымкент қаласының аумағында 25,3 мың га суармалы жерлерді тұрақты мелиорациялық мониторингпен қамтыды) және Қызылорда – 250,0 мың га. Бұдан басқа, СДЖЖ-1 объектілеріндегі экологиялық мониторинг Шығыс Қазақстан (4,8 мың га), Ақмола (1,2 мың га), Павлодар (3,6 мың га), Батыс Қазақстан (2,2 мың га), Қарағанды (0,9 мың га) облыстарында, Жамбыл (5,0 мың га) және Түркістан облыстарында (67,3 мың га) СДЖЖ-2 объектілерінде жүргізіледі.

2021 жылы мелиоративтік жағдайы жақсы санатқа 761,4 мың га (49%) жатқызылды.

Мелиорациялық жағдайы қанағаттанарлықсыз жерлер 477,0 мың га (31%) алаңда ұсынылған.

Мелиоративтік жай-күйі қанағаттанарлықсыз жерлер 310,3 мың га алаңға немесе суармалы жерлердің жалпы бақылаудағы алаңының 20% бөлінген.

Мелиорациялық жағдайы қанағаттанарлықсыз суармалы жерлердің негізгі үлесі (200,2 мың га) Түркістан облысында, атап айтқанда Мақтаарал, Жетісай, Шардара және Отырар аудандарында, суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйі жергілікті жердің геологиялық құрылысына, сондай-ақ гидрологиялық және ирригациялық факторларға байланысты. Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін талдау соңғы бес жылда мелиорациялық жай-күйі қанағаттанарлықсыз алқаптардың 316,7 мың гектардан 310,3 мың гектарға дейін азайғанын көрсетеді.

Бүлірі инвестициялық жобалар мен су шаруашылығы ұйымдарының пайдалану шығыстары шеңберінде суару және коллекторлық-дренаждық желілерді қалпына келтіруге және реконструкциялауға, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шаралары есебінен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер тарапынан агротехникалық іс-шаралар кешенін сақтауды жақсартуға байланысты (ЖЖМ, минералды тыңайтқыштарға, суарудың су үнемдейтін жүйелерінің кешенді құрылыстарына инвестициялық субсидиялар, техниканы сатып алу лизингтері және т.б.).


Өсімдіктерді қорғау

Қолайлы фитосанитариялық жағдайды қамтамасыз ету үшін Ауыл шаруашылығы министрлігі шегірткелердің табын түрлерінің және карантиндік объектілердің жекелеген түрлерінің таралуын болдырмау бойынша жұмыс жүргізуде.

2021 жылы өсімдіктерді қорғау және карантин бойынша іс-шаралар жалпы ауданы 637,3 мың га жерде өткізілді.

Өсімдіктерді шегіртке зиянкестеріне қарсы қорғау бойынша – 626,1 мың га: итальяндық пруссқа қарсы – 404,6 мың га, азиялық шегіртке – 131,8 мың га, мароккалық шегіртке – 89,7 мың га өңделді (6.3-сурет).

2020-2021 жылдары өсімдіктерді қорғау бойынша өткізілген іс-шаралар, мың га




Көзі: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.

Өсімдіктер карантині бойынша – 11,2 мың га: қауын шыбынына қарсы – 7,1 мың га, Оңтүстік Американың қызанақ көбелегі (ашық далада) – 0,2 мың га, бактериялық күйікке қарсы – 0,7 мың га, жемшөптер мен амброзия түрлеріне қарсы – 0,2 мың га және сусымалы қыша (қызғылт) – 2,9 мың га өңделді (6.4-сурет).

Ауыл шаруашылығы дақылдары мен карантиндік объектілердің аса қауіпті зиянкестеріне қарсы химиялық өңдеу бойынша қызметтер биологиялық тиімділігі 80-92% жоғары оңтайлы мерзімде жүргізілді.

2021 жылы өсімдіктер карантині бойынша өткізілген іс-шаралар, мың га



Көзі: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.

6.1.1. МИНЕРАЛДЫ ЖӘНЕ ОРГАНИКАЛЫҚ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ТҰТЫНУ

2021 жылы облыс әкімдіктерінің деректері бойынша минералды тыңайтқыштарды енгізу 626,5 мың тоннаны немесе ғылыми қажеттіліктің 24% құрады. Сатып алынған тыңайтқыштардың құнын субсидиялауға 28,6 млрд теңге бөлінді, бұл 493,8 мың тонна

минералды тыңайтқыштарды (сатып алу көлемінің 79%) арзандатуға мүмкіндік берді.

Жыл сайын Солтүстік Қазақстан облысы тыңайтқыштарды қолдану көлемін белсенді түрде арттырып келеді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша өңірде 160,0 мың тонна минералды тыңайтқыштар енгізілді, бұл жалпы республикалық маңызы бар 26% құрайды. Сондай-ақ, соңғы жылдары тыңайтқыштарға деген ғылыми қажеттілікті толығымен жабатын Қызылорда облысын атап өтуге болады (қолдану қажеттілігінен 85-87% құрайды).

2021 жылы пестицидтердің құнын субсидиялау бағдарламасы есебінен химиялық өңдеу 27,9 млн га алаңда жүргізілді, 16,6 млн литр пестицидтер субсидияланды. Осы мақсаттарға жергілікті және республикалық бюджеттерден 32,3 млрд теңге бөлінді.

Соңғы алты жылда (2016-2021) минералды және органикалық тыңайтқыштарды қолдану 6.2-кестеде ұсынылған.

6.2-кесте

2016-2021 жылдардығы минералды және органикалық тыңайтқыштарды енгізу

№	Іс-шаралар атауы	Өлшем бірлігі	Жылдар					
			2016	2017	2018	2019	2020	2021
Минералды тыңайтқыштарды тұтыну								
1	Ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік алаңы	млн га	21,5	21,8	21,9	22,1	22,6	22,9
2	Азот тыңайтқыштарын тұтынуы	мың т N	59,6	85,6	81,2	54,5	74,4	80,4
3	Ауыл шаруашылығы жерлерінің егістік алаңының бірлігіне азот тыңайтқыштарды тұтынуы	кг N / га	2,77	3,93	3,71	2,47	3,3	3,5
4	Фосфат тыңайтқыштарын тұтынуы	мың т P ₂ O ₅	39,7	56,4	38,3	29,4	88,1	47,4
5	Ауыл шаруашылығы жерлерінің егістік алаңының бірлігіне фосфат тыңайтқыштарды тұтынуы	кг P ₂ O ₅ / га	1,85	2,59	1,75	1,33	3,9	2,06
6	Калий тыңайтқыштарын тұтынуы	мың т K ₂ O	1,36	3,4	1,2	1,7	2,3	3,2
7	Ауыл шаруашылығы жерлерінің егістік алаңының бірлігіне калий тыңайтқыштарды тұтынуы	кг K ₂ O / га	0,06	0,16	0,05	0,08	0,1	0,14
8	Минералдық тыңайтқыштарды тұтынудың жалпы көлемі	мың т	100,7	145,4	120,9	86,5	165,5	133,2
9	Ауыл шаруашылығы жерлерінің егістік алаңының бірлігіне минералды тыңайтқыштарды тұтыну көлемі	кг / га	4,68	6,67	5,52	3,91	7,3	5,8
10	Минералдық тыңайтқыштармен өңделген алаңдар	млн га	1,30	2,51	2,34	2,66	3,06	3,80

11	Жалпы ауыл шаруашылығы жерлерінің алаңында минералдық тыңайтқыштармен өңделген алаңдардың үлесі	%	6,0	11,5	10,7	12,0	13,5	16,6
Органикалық тыңайтқыштарды тұтыну								
12	Органикалық тыңайтқыштарды жалпы тұтыну	мың тонна	334,8	463,6	424,0	619,5	1 214,1	995,2
13	Егістік алаңының бірлігіне шаққандағы органикалық тыңайтқыштарды тұтынудың жалпы көлемі	кг / га	15,57	21,27	19,36	28,03	53,7	43,4
14	Органикалық тыңайтқыштармен өңделген алаңдар	млн га	0,061	0,092	0,083	0,095	0,08	0,11
15	Ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы егіс алаңынан органикалық тыңайтқыштармен өңделген алқаптардың үлесі	%	0,3	0,4	0,4	0,4	0,4	0,5

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

6.1.2. ПЕСТИЦИДТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде ауыл шаруашылығы дақылдарына көп қоректілердің 50 жуық түрі және мамандандырылған зиянкестердің 100 астам түрі, аурулардың 70 астам түрі және арамшөптердің 300 түрі зиян келтіреді. Олардың кейбіреулері (табын шегірткелері, сұр астық құрты, зиянды Тасбақа, гессиан шыбыны, нан қоңыздары, мақта құрты және өрмекші кенелер, колорадо қоңызы, қырыққабат көбелегі, гоферлер және тышқан тәрізді кеміргіштер, дәнді тот және септория) әсіресе қауіпті, мезгілімен жаппай көбеюге және таралуға қабілетті, экономикалық және экологиялық зиян келтіреді. Экономикалық зияндылық шегінен жоғары аса қауіпті зиянды организмдердің таралуы ауыл шаруашылығы дақылдарының 15-30% жоғалтуға әкелуі мүмкін.

Фитосанитарлық шараларды жүргізу кезінде әртүрлі фитосанитарлық мақсаттағы пестицидтер қолданылады: инсектицидтер, фунгицидтер, гербицидтер, тұқым улағыштар және басқа препараттар. Мәселен, 2020-2021 жылдары тиісінше 14 492,04 және 18 323,6 тонна пестицидтер пайдаланылды (6.3-кесте).

6.3-кесте

2019-2021 жылдары пестицидтерді қолдану

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Жылдар	
			2020	2021
1	Ауыл шаруашылығы жерлерінің жалпы алаңы	мың га	22 656,24	22 925,72
Пестицидтерді енгізу				
2	Инсектицидтер – енгізу	тонна	601,3	1 117,3
3	Аудан бірлігіне инсектицидтер – енгізу	кг/га	0,03	0,05
4	Гербицидтер мен десиканттар – енгізу	тонна	12 866,01	15 779,4

5	Аудан бірлігіне гербицидтер мен десиканттар - енгізу	кг/га	0,57	0,69
6	Фунгицидтер - енгізу	тонна	1 021,6	1 325,2
7	Аудан бірлігіне фунгицидтер - енгізу	кг/га	0,045	0,058
8	Өсімдіктердің өсу регуляторлары - енгізу	тонна	3,13	101,7
9	Аудан бірлігіне өсімдіктердің өсу регуляторлары - енгізу	кг/га	0,00014	0,004
10	Родентицидтер - енгізу	тонна	-	-
11	Аудан бірлігіне родентицидтер - енгізу	кг/га	-	-
12	Еңгізудің жалпы көлемі (барлық пестицидтер)	кг/га	14 492,04	18 323,6
13	Аудан бірлігіне пестицидтер енгізу	кг/га	0,64	0,8

Көзі: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.

6.2. МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде Ауыл шаруашылығы өнеркәсібінің басты міндеті мал шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және АӨК салаларын дамыту үшін жағдайлар жасау болып табылады.


Мал шаруашылығы саласы ауыл шаруашылығы жануарларын ұстаумен және мал шаруашылығы өнімдерін (ет, сүт, тері, жүн және т.б.) алумен сипатталады.

Мал шаруашылығы саласының өнімділігін молайту және табиғи ресурстардың тазалығын сақтау бәсекеге қабілетті түпкілікті өнім жасауға да, тіршілік әрекетін қамтамасыз ету үшін қоршаған ортаны сақтауға да бағытталуы тиіс.

01.01.2022 жылы шаруашылықтардың барлық санаттарында өткен жылдың сәйкес уақытымен салыстырғанда ірі қара мал саны 4,4% артып, 8 192,4 мың басты құрады; жылқылар - тиісінше 11,1% және 3 489,8 мың басқа, түйелер - 6,9% және 243,4 мың басқа; қойлар - 4,8% және 18 595,5 мың басқа және құс 10,5% және 47 884,7 мың басты құрады. Ешкі саны 1,1% - ға 2 281,5 мың басқа, шошқа 5,0% - ға 776,1 мың басқа дейін төмендеді. Ауыл шаруашылығы құрылымдарындағы ірі қара мал басының үлесі 47,7%, қой - 49,4%, ешкі - 32,3%, шошқа - 44,0%, құс - 74,8% құрады (6.6-сурет).

6.6-сурет

2021 жылғы ауыл шаруашылығы жануарларының саны, мың бас



Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Ірі мал шаруашылығы кешендері мен құс фабрикалары қоршаған ортаны: топырақты, су айдындарын, атмосфералық ауаны айтарлықтай ластайды. Мәселен, күн сайын ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстардың қалдықтары орта есеппен 64,8 мың тоннаға жуық сұйық (зәр), қатты (көң, қоқыс) – 176,4 мың тоннаны құрайды.

Осыған байланысты мал шаруашылығы қалдықтарын кәдеге жарату, ең алдымен көңді жинау және сақтау өзекті мәселе болып табылады. Бұл мәселені су көздерінің мал шаруашылығы кешендерінен шығатын ағындармен ластануын болдырмайтын жаңа технологияларды қолдану арқылы шешуге болады. Бүгінгі таңда құс шаруашылығы саласында қоқысты өңдеуге, биогаз қондырғыларын салуға және органикалық тыңайтқыштар өндіруге қызығушылық танытатын көптеген құс фабрикалары бар.

Осыған байланысты, тауар өндірушілерді инвестициялық субсидиялау қағидалары шеңберінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша (ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығы) «Қуаты тәулігіне 150 тонна тауық көңін өңдеуге арналған техника мен жабдықтар сатып алу» жобасының паспорты көзделген. Өтеу үлесі жабдық пен техника құнының 25% құрайды.

6.2.1. ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Эпизоотиялық жағдай

2021 жылы Қазақстан Республикасында жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша эпизоотиялық жағдай қолайлы және тұрақты болып қалуда.

2021 жылдың ішінде республика аумағында жануарлар мен құстар ауруларының келесі түрлері тіркелді: құтыру, листериоз, браздот, анаэробты энтеротоксемия, жылқылардың ринопневмониясы, пастереллез, эмкар, вирустық диарея және инфекциялық ринотрахеит, лептоспироз, жылқылардың инфекциялық анемиясы, жылқылардың эпизоотиялық лимфангоиті, қатерлі ісік, Ньюкасл ауруы, инфекциялық қой эпидидимиті, күйдіргі ірі қара, құс етіндегі жоғары патогенді құс тұмауы, сондай-ақ жабайы фаунада туберкулез және қой шешегі.

2022 жылғы 1 қаңтарға республика бойынша 2 570 сібір жарасы жерленген, оның ішінде 27 эпидемиологиялық ошақ (жануарларды көмусіз сібір жарасы ауруы байқалған) және іргелес мемлекеттердің аумағына өткен 11 ошақ.

Барлық орнатылған сібір жарасы жерленген жерлер тану белгілерімен белгіленіп, қоршалған. 2 009 жерлеу бойынша мәліметтер мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне (МЖК ААЖ) енгізілді. 20 сібір жарасы бойынша мәліметтер МЖК ААЖ олардың су қорғау және табиғат қорғау аумақтарында болуына байланысты енгізілмеген.

Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуінен және таралуынан қорғау, ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халық денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау мақсатында республиканың ветеринариялық қызметімен ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар жүргізіледі, бұл – уақытылы диагностикалау және вакцинациялау.

Республика аумағында профилактикалық мақсатта жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы вакцинация жүргізіледі.

Ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар жоспарына сәйкес 2021 жылы республикада 20 аса қауіпті ауруға қарсы жануарларды вакцинациялау бойынша 153,9 млн манипуляция жүргізілді. 2021 жылы вакцинация бойынша іс-шаралар 100% орындалды.

Аса қауіпті ауруларды диагностикалау бойынша ветеринариялық іс-шаралар жоспарына сәйкес 2021 жылы 28 аса қауіпті жануарлар аурулары бойынша 69,0 млн диагностикалық зерттеулер жүргізілді. Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы диагностикалық зерттеулер жүргізуді «Республикалық ветеринариялық зертхана» РМК жүзеге асырады. Жануарлардың аса қауіпті ауруларына диагностикалық зерттеулер жүргізу үшін халықаралық талаптарға сәйкес зерттеудің серологиялық, вирусологиялық, бактериологиялық және паразитологиялық әдістері қолданылады.

Туындаған мәселелерге және ветеринария саласындағы өзекті тақырыптарға байланысты 2021 жылы түрлі кеңестер мен семинарлар ұйымдастырылды. ХЭБ барлық семинарлары мен отырыстары коронавирустық пандемияға байланысты бейнеконференция режимінде өтті, соның ішінде ХЭБ делегаттарының 88-ші Бас Ассамблеясы; Ветеринариялық препараттар бойынша үйлестірушілерге арналған Ветеринариялық препараттар бойынша ХЭБ ұлттық үйлестірушілеріне арналған өңірлік семинар вебинар; Нодулярлық дерматит бойынша сарапшылар тобының отырысы; Экономикалық ынтымақтастық ұйымының елдері, сондай-ақ Ресей, Қытай және Моңғолия үшін ұсақ мал обасына қарсы күрестің екінші кезеңін тұжырымдау үшін аймақтық консультативтік кеңес; Су жануарларын үйлестірушілерге арналған Су жануарлары бойынша ХЭБ ұлттық үйлестірушілеріне арналған аймақтық семинар вебинар.



**7 БӨЛІМ.
ЭНЕРГЕТИКА**

7 БӨЛІМ. ЭНЕРГЕТИКА

Қазақстанның энергетикалық әлеуеті көптеген елдердің назарын аударады, ал республиканың басшылығы жүргізіп отырған табысты экономикалық саясат қолайлы инвестициялық ахуалды қамтамасыз етеді.

Энергетиканы дамытудың жалпы стратегиясы елдің энергетикалық тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, одан әрі тұрақты экономикалық өсу үшін сенімді энергетикалық база құруға бағытталған.

Қазақстан отын-энергетикалық ресурстардың (мұнай, газ, көмір, уран) үлкен қорларына ие және энергия тасымалдаушылардың табиғи қорларын сату есебінен өмір сүретін шикізат елі болып табылады (экспорттың 80% – шикізат, ал өнеркәсіптік экспорттың үлесі жыл сайын қысқарады). Қазақстанда электр энергиясының шамамен 70% көмірден, 14,6% гидроресурстардан, 10,6% газдан және 4,9% мұнайдан өндіріледі. Қазақстанның солтүстігі кеңес заманында салынған Екібастұз ГРЭС-1 өндірілген электр энергиясын Ресейге экспорттайды, ал оңтүстік оны Қырғызстан мен Өзбекстаннан сатып алады.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2021 жылы жылумен жабдықтау көздерінің жалпы өндірісі 96,2 млн Гкал құрады, оның ішінде 59,2 млн Гкал жылу электр станцияларына және 37,0 млн Гкал қазандықтарға тиесілі.

Бағыттар бойынша жылу энергиясын босату жылу энергиясының шығынын шегергендегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, сондай-ақ басқа да кәсіпорындардың (қайта сатушылардың) коммуналдық-тұрмыстық, өндірістік қажеттіліктеріне және халыққа жіберілген жылу энергиясының мөлшерін көрсетеді.

2021 жылы республика кәсіпорындарымен 61,2 млн Гкал жылу энергиясы босатылды.

Республикада 2021 жылдың соңында жылумен жабдықтау көздерінің саны – 2 801 бірлікті, автономды жылу көздерінің саны – 425 бірлікті құрады, жылу желілерінің жалпы ұзындығы – 16,1 мың км, оның 20,3% ауыстыруды қажет етеді.

Электр энергетикасы

Электр энергетикасы электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді және жеткізуді қамтиды және елдің экономикасы мен тіршілігін қамтамасыз етудің негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасы үшін электр энергетикасы ерекше маңызға ие, себебі экономиканың негізгі салаларының бәсекеге қабілеттілігі және халықтың өмір сүру сапасы көбінесе тұтынушыларды қолжетімді бағамен сенімді және сапалы энергиямен жабдықтауға байланысты.

Жүргізілген реформалардың нәтижесінде электр және жылу энергиясы нарықтары қалыптасты, олардың субъектілері әртүрлі меншік нысанындағы энергетикалық кәсіпорындар болып табылады.

Электр станциялары ұлттық маңызы бар электр станциялары, өнеркәсіптік электр станциялары және аймақтық электр станциялары болып бөлінеді.

Ұлттық маңызы бар электр станцияларына Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығында тұтынушыларға электр энергиясын өндіруді және сатуды қамтамасыз ететін ірі жылу электр станциялары жатады:

- Б.Г. Нұржанов атындағы «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС;
 - «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ;
 - ERG «Еуразиялық Топ» құрамындағы «ЕЭК» АҚ ЭС;
 - «Kazakhstan energy» ЖШС ГРЭС Топар;
 - Т.И. Батуров атындағы «Жамбыл ГРЭС» АҚ,
- сондай-ақ қосымша және ҚР БЭЖ жүктеме кестесін реттеу үшін пайдаланылатын қуаттылығы жоғары гидравликалық электр станциялары:

- Бұқтырма ГЭК «Казцинк» ЖШС;
- «АЭС Өскемен ГЭС» ЖШС;
- «АЭС Шүлбі ГЭС» ЖШС;
- «Мойнақ ГЭС» АҚ.

Өнеркәсіптік маңызы бар электр станцияларына ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар мен жақын маңдағы елді мекендерді электрмен жылумен жабдықтауға қызмет ететін электр және жылу

энергиясының аралас өндірісі бар ЖЭО жатады:

- ЖЭО-3 «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС;
- ЖЭО ПВС, ЖЭО-2 АҚ «Арселор Миттал Теміртау»;
- ERG «Еуразиялық Топ» құрамындағы ЖЭО «ССКӨБ» АҚ
- Балқаш ЖЭО, Жезқазған ЖЭО «Kazakhmys energy» ЖШС;
- ERG «Еуразиялық Топ» құрамындағы ЖЭО-1 «Қазақстан алюминийі» АҚ және басқалар.

Өңірлік маңызы бар электр станциялары – өңірлік электр желілік компаниялар мен энергия беруші ұйымдардың желілері арқылы электр энергиясын өткізуді, сондай-ақ жақын орналасқан қалаларды жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын аумақтармен интеграцияланған ЖЭО.

Электр энергиясын өндіру

Электр станциялардың Жүйелік операторының деректері бойынша 2021 жылы Қазақстанның электр станциялары 114 447,9 млн кВт·сағ электр энергиясын өндірді, бұл 2020 жылдың сәйкес кезеңінен 5,8% артық. Өндірістің өсуі Қазақстанның БЭЖ барлық аймақтарында байқалды (7.1-кесте).

7.1-кесте

2020-2021 жылдары электр энергиясын өндіру, млн кВт·сағ

Аймақ	Генерация түрі	Қаңтар-желтоқсан		Δ, % 2020 ж.
		2020 жыл	2021 жыл	
Қазақстан	Барлығы	108 085,8	114 447,9	5,8%
	ЖЭС	86 662,6	91 164,2	5,2%
	ГТЭС	9 527,7	10 701,8	12,3%
	ГЭС	9 545,8	9 184,9	-3,8%
	ЖЭС	1 094,1	1 758,0	60,6%
	КЭС	1 250,7	1 636,5	30,8%
	БГҚ	4,9	2,5	-49%
Солтүстік	Барлығы	83 032,0	87 783,9	5,7%
	ЖЭС	72 345,7	76 954,6	6,3%
	ГТЭС	3 159,4	2 949,9	-6,7%
	ГЭС	6 553,0	6 515,6	-0,6%
	ЖЭС	515,9	841,3	63%
	КЭС	453,1	520,0	14,7%
	БГҚ	4,9	2,5	-49%
Оңтүстік	Барлығы	11 565,7	12 175,0	5,2%
	ЖЭС	7 338,6	7 517,3	2,4%
	ГТЭС	166,7	269,7	61,7%
	ГЭС	2 992,8	2 669,3	-10,8%
	ЖЭС	273,0	605,3	221,7%
	КЭС	794,6	1 113,4	40,1%
Батыс	Барлығы	13 488,1	14 489,0	7,4%
	ЖЭС	6 978,3	6 692,3	-4,1%
	ГТЭС	6 201,6	7 482,2	20,6%
	ГЭС	305,2	311,4	2,0%
	КЭС	3,0	3,1	3,3%

Көзі: «Самұрық-Энерго» АҚ: «2021 жылғы қаңтар-желтоқсан кезеңіндегі Қазақстандағы электр энергиясы мен көмір нарығын талдау» талдамалық есебі.

Қазақстанда электр энергиясын өндіруді әртүрлі меншік нысанындағы 200 астам электр станциялары жүзеге асырады.

2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда Ақмола, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарында электр энергиясын өндіру айтарлықтай өсті (өсім 15% және одан жоғары). Сонымен қатар, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында электр энергиясы өндірісінің төмендеуі байқалды (7.2-кесте).

7.2-кесте

2020-2021 жылдары облыстар бойынша электр энергиясын өндіру, млн кВт · сағ

№	Облыс	Қаңтар-желтоқсан		Δ, %
		2020 жыл	2021 жыл	
1	Ақмола	4 628,5	5 413,7	17%
2	Ақтөбе	3 816,5	3 747,9	-1,8%
3	Алматы	7 201,8	6 827,5	-5,2%
4	Атырау	6 261,9	7 041,4	12,4%
5	Шығыс Қазақстан	9 482,1	9 255,9	-2,4%
6	Жамбыл	2 388,8	3 028,4	26,7%
7	Батыс Қазақстан	2 254,3	2 411,8	6,9%
8	Қарағанды	16 346,8	15 746,0	-3,7%
9	Қостанай	1 082,9	995,0	-8,2%
10	Қызылорда	505,7	623,6	23,3%
11	Маңғыстау	4 971,9	5 035,8	1,2%
12	Павлодар	44 336,1	49 915,5	12,5%
13	Солтүстік Қазақстан	3 339,1	2 709,1	-18,9%
14	Түркістан	1 469,4	1 695,5	15,3%
ҚР бойынша		108 085,8	114 447,9	5,8%

Көзі: «Самұрық-Энерго» АҚ: «2021 жылғы қаңтар-желтоқсан кезеңіндегі Қазақстандағы электр энергиясы мен көмір нарығын талдау» талдамалық есебі.

«Самұрық-Энерго» АҚ энергия өндіруші ұйымдарының электр энергиясын өндіру көлемі 2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда 35 609,3 млн кВт · сағ құрады. 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда электр энергиясын өндірудің ұлғаюы 13,5% құрады (7.3-кесте).

7.3-кесте

2020-2021 жылдардағы энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясын өндіру көлемі, млн кВт · сағ

№	Атауы	2020 жыл		2021 жыл		Δ 2021/2020 жж.	
		Қаңтар-желтоқсан	ҚР үлесі, %	Қаңтар-желтоқсан	ҚР үлесі, %	млн кВт · сағ	%
	«Самұрық-Энерго» АҚ	31 385,4	29,0%	35 609,3	31,1%	4 223,9	13,5%
1	«АлЭС» АҚ	5 335,1	4,9%	5 008,4	4,4%		-6,1%
2	«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	19 466,4	18,0%	22 788,4	19,9%	3 322	17,1%

3	«Екібастұз ГРЭС-2» АҚ	4 974,2	4,6%	6 433,4	5,6%	1 459,2	29,3%
4	«Шардара ГЭС» АҚ	513,5	0,5%	455,8	0,4%	-57,7	-11,2%
5	«Мойнақ ГЭС» АҚ	929,5	0,9%	758,3	0,7%		-18,4%
6	«Samruk-Green Energy» ЖШС	7,3	0,0%	20,4	0,0%	13,10	179,5%
7	«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	159,4	0,1%	144,6	0,1%	-14,8	-9,3%

Көзі: «Самұрық-Энерго» АҚ: «2021 жылғы қаңтар-желтоқсан кезеңіндегі Қазақстандағы электр энергиясы мен көмір нарығын талдау» талдамалық есебі.

Электр энергиясын беру

Қазақстан Республикасының электр желілері электр энергиясын беруге және (немесе) таратуға арналған қосалқы станциялардың, тарату құрылғыларының және оларды қосатын электр жеткізу желілерінің кернеуі 0,4–1 150 кВ жиынтығы болып табылады.

ҚР БЭЖ жүйе құраушы желінің рөлін республиканың өңірлері мен іргелес мемлекеттердің (Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы) энергия жүйелері арасындағы электр байланыстарын, сондай-ақ электр станцияларының электр энергиясын беруін және оны көтерме тұтынушыларға беруді қамтамасыз ететін Ұлттық электр желісі (ҰЭЖ) орындайды.

ҰЭЖ құрамына кернеуі 35–1 150 кВ 323 электр беру желісі кіреді, олардың тізбектер бойынша жалпы ұзындығы 26,8 мың км. Сондай-ақ, баланста кернеуі 35–1 150 кВ 80 электр қосалқы станциясы бар.

Қазақстанда электр энергиясын беруді кернеуі 0,4–220 кВ өңірлік деңгейдегі электр желілерін бақылайтын 19 аймақтық электр желілік компаниялар (АЭК) және 130 жуық шағын таратушы компаниялар жүзеге асырады.

Аймақтық деңгейдегі электр желілері аймақтардағы электр байланыстарын, сондай-ақ бөлшек тұтынушыларға электр энергиясын беруді қамтамасыз етеді.

Электр энергиясын тұтыну

Жүйелік оператордың деректері бойынша 2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда республиканың электр энергиясын тұтыну динамикасында 2020 жылғы қаңтар-желтоқсан көрсеткіштерімен салыстырғанда 6% өсу байқалды. Осылайша, республиканың солтүстік аймағында тұтыну 5%, оңтүстікте 9% және батыста 7% өсті (7.4-кесте).

7.4-кесте

2020-2021 жылдардағы республиканың электр энергиясын тұтыну, млн кВт·сағ

№	Атауы	2020 жыл	2021 жыл	Δ , млн кВт·сағ	Δ , %
	Қазақстан	107 344,8	113 890,28	6 545,48	6%
1	Солтүстік аймақ	70 522,2	73 853,89	3 331,69	5%
2	Батыс аймақ	13 535,2	14 548,24	1 013,04	7%
3	Оңтүстік аймақ	23 287,4	25 488,15	2 200,75	9%
	оның ішінде облыстар бойынша				
1	Шығыс Қазақстан	9 204,8	9 636,86	432,06	5%
2	Қарағанды	18 461	19 001,58	540,58	3%

3	Ақмола	9 196,6	10 304,97	1 108,37	12%
4	Солтүстік Қазақстан	1 665,2	1 729,56	64,36	4%
5	Қостанай	4 615,8	4 809,73	193,93	4%
6	Павлодар	20 731,4	21 482,31	750,91	4%
7	Атырау	6 255,6	6 673,33	417,73	7%
8	Маңғыстау	5 023,1	5 267,39	244,29	5%
9	Ақтөбе	6 647,5	6 888,89	241,39	4%
10	Батыс Қазақстан	2 256,6	2 607,52	350,92	16%
11	Алматы	11 367,8	12 452,86	1 085,06	10%
12	Түркістан	5 211,2	5 759,94	548,74	11%
13	Жамбыл	4 948,3	5 321,86	373,56	8%
14	Қызылорда	1 760,1	1 953,488	193,39	11%

Көзі: «Самұрық-Энерго» АҚ: «2021 жылғы қаңтар-желтоқсан кезеңіндегі Қазақстандағы электр энергиясы мен көмір нарығын талдау» талдамалық есебі.

2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда 2020 жылғы ұқсас кезеңге қатысты ірі тұтынушылармен электр энергиясын тұтыну 1,9% азайды (7.5-кесте).

7.5-кесте

2020-2021 жылдардағы ірі кәсіпорындардың электр энергиясын тұтынуы, млн кВт · сағ

№	Тұтынушы	2020 жыл	2021 жыл	Δ, %
Елімізде шамамен 31,6 млрд тонна өнеркәсіптік қалдықтар жинақталған. Жыл сайын шамамен 1 млрд тонна өндіріледі. Бұл негізінен аршылған жыныстар мен күл қождарын (жалпы көлемнің 70%), өңдеу өнеркәсібінің қалдықтарын (жалпы көлемнің 10%) және т.б. қызметті (20%) қоса алғанда, техногендік-минералды түзілімдер (ТМТ). 2021 жылы қайта өңделген және кәдеге жаратылған өнеркәсіптік қалдықтардың үлесі 38,2% құрайды (9.5-кесте).

9.5-кесте

2021 жылғы кәдеге жаратылған және қайта өңделген өнеркәсіптік қалдықтардың үлесі

№	Аймақ/Облыс	Түзілді, тонн	Кәдеге жаратылды, олардан			
			барлығы, тонн	пайдаланылған, тонна	қайта өңделген, тонна	%
1	Ақмола	75 175 000	18 289 001	0	18 289 001	24,33
2	Ақтөбе	55 641 954	4 986 850	3 310 500	1 676 350	8,96
3	Алматы	297 390	27 784	12 800	14 984	9,34
4	Атырау	200 459	167 833	0	167 833	83,72
5	Шығыс Қазақстан	53 145 933	42 177 525	42 147 203	30 322	79,36
6	Жамбыл	17 595 869	2 125 571	1 224 979	900 592	12,08
7	Батыс Қазақстан	110 536	86 768	22 536	64 232	78,50
8	Қарағанды	195 115 500	93 501 870	93 500 120	1 750	47,92
9	Қостанай	260 000 000	91 702 000	91 052 000	650 000	35,27
10	Қызылорда	123 000	54 000	54 000	0	43,90
11	Маңғыстау	556 000	270 000	60 000	210 000	48,56
12	Павлодар	205 021 423	78 577 996	77 539 914	1 038 082	38,33
13	Солтүстік Қазақстан	1 400 000	299 487	169 837	129 650	21,39
14	Түркістан	5 508 896	480 130	480 000	130	
15	Алматы қ.	1 246 658	324 487	0	324 487	26,03
16	Нұр-Сұлтан қ.	7 983	7 983	0	7 983	100,00
17	Шымкент қ.	1 001	1 001	89	912	100,00
Барлығы		607 821 133	871 147 602	333 080 286	309 573 978	23 506 308

Көзі: ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі.

Пайда болған қалдықтардың қалған көлемі (шамамен 500 млн тонна) жыл сайын қалдық қоймалары мен полигондарға орналастырылады.

Медициналық қалдықтар

Медициналық қалдықтар мен жанама өнімдер әртүрлі материалдар болып табылады:

- инфекциялық қалдықтар: қанмен және оның өнімдерімен ластанған қалдықтар, инфекциялық агенттердің дақылдары мен қорлары, оқшауланған палаталардағы пациенттердің қалдықтары, құрамында қан мен ағза сұйықтықтары бар диагностикалық үлгілер, зертханадан инфекцияланған жануарлар, сондай-ақ ластанған материалдар (тампондар мен таңғыштар) мен жабдықтар (медициналық мақсаттағы бір реттік құрылғылар);

- патологиялық қалдықтар: дененің сәйкестендірілген бөліктері және жануарлардың ауру жұқтырған өлекселері;

- өткір заттар: шприцтер, инелер, бір рет қолданылатын скальпельдер және жүздер және т. б.;

- химиялық заттар: мысалы, сынап, еріткіштер және дезинфекциялау құралдары;

- дәрілік препараттар: мерзімі өткен, пайдаланылмаған және ластанған дәрілік заттар, вакциналар мен сарысулар;

- гендікуытты қалдықтар (өте қауіпті, мутагенді, тератогенді немесе канцерогенді заттар) мысалы, обырды емдеу үшін пайдаланылатын цитоуытты дәрілер және олардың метаболиттері;

- радиоактивті қалдықтар: радиоактивті диагностикалық материалдармен немесе радиотерапевтік материалдармен ластанған шыны ыдыс сияқты;

- ауыр металдардан жасалған қалдықтар: сынған сынап термометрлері.

Қазақстан Республикасының медициналық қалдықтарды басқару жүйесіндегі негізгі нормативтік-құқықтық базаны ҚР Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар «санитариялық қағидаларын бекіту туралы» 31.05.2017 ж. №357 бұйрықтары, «Медициналық қалдықтар бойынша ақпарат беру қағидаларын бекіту туралы» 03.03.2019 ж. №ҚР ДСМ-15 бұйрықтары, ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.04.2018 ж. №187 бұйрықтары құрайды. «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығы құрайды.

Медициналық қалдықтар бес сыныпқа бөлінеді:

1) **А сыныбы** – қауіпті емес қалдықтар: қауіптілік қасиеттері жоқ қалдықтар;

2) **Б сыныбы** – эпидемиологиялық қауіпті қалдықтар: инфекцияланған және әлеуетті инфекцияланған қалдықтар (құралдар мен аспаптар, қанмен және басқа да биологиялық сұйықтықтармен ластанған заттар, патологоанатомиялық қалдықтар, органикалық операциялық қалдықтар – патогендігі III-IV топтағы микроорганизмдермен жұмыс істейтін мүшелер, маталар, инфекциялық бөлімшелерден алынған тамақ қалдықтары, микробиологиялық, клиникалық-диагностикалық зертханалардан, фармацевтикалық, иммундық-биологиялық өндірістерден алынған қалдықтар, жануарлардың биологиялық қалдықтары және пайдалануға жарамсыз тірі вакциналар);

3) **В сыныбы** – төтенше эпидемиологиялық қауіпті қалдықтар: инфекциялық аурулармен ауыратын науқастармен жанасқан, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаты саласында төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соғуы мүмкін және аумақты санитариялық қорғау жөніндегі іс-шаралар жүргізуді талап ететін материалдар, патогендігі I-II топтағы микроорганизмдермен жұмыс істейтін зертханалардың, фармацевтикалық және иммундық-биологиялық өндірістердің қалдықтары, фтизиатриялық стационарлардың емдеу-диагностикалық бөлімшелерінің қалдықтары, анаэробты инфекциясы бар пациенттердің қалдықтары; туберкулез қоздырғыштарымен жұмыс істейтін микробиологиялық зертханалардың қалдықтары;

4) **Г сыныбы** – қауіпті уытты қалдықтар: пайдалануға жатпайтын қалдықтар (дәрілік, оның ішінде цитостатиктер, диагностикалық, дезинфекциялық құралдар), құрамында сынабы бар заттар, аспаптар мен жабдықтар, фармацевтикалық өндірістердің шикізаты мен өнімдерінің қалдықтары, жабдықтарды, көлікті, жарықтандыру жүйелерін пайдаланудан қалған қалдықтар;

5) **Д сыныбы** – радиоактивті қалдықтар: Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасында белгіленген радиоактивті заттар үшін регламенттелген мандерден асатын мөлшерде және концентрацияда радиоактивті заттары бар қалдықтар.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша медициналық мекемелер қызметінің нәтижесінде алынған қалдықтардың шамамен 80% әдеттегі қоқыс болып табылады. Қалған 20% жұқпалы, уытты немесе радиоактивті болуы мүмкін қауіпті материалдар болып саналады.

9.6-кестеде 2021 жылы пайда болған медициналық қалдықтардың қауіптілік сыныптары бөлінісіндегі көлемі ҚОҚ БАЖ өндіру және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрына қалдықтардың меншік иелері ұсынған медициналық қалдықтармен жұмыс істеу бойынша есептер негізінде қалыптастырылған ақпарат ұсынылған.

2021 жылы пайда болған медициналық қалдықтар туралы ақпарат

Аймақ/Облыс	А сыныбы, м³	Б сыныбы, мың тонн	В сыныбы, мың тонн	Құрамында сынап бар заттар, шт.	Г сыныбы			Д сыныбы, кг
					Сұйық/қатты дәрілік заттар, л/тонна	Басқалар, кг		
Ақмола	22,5	28,7	58,2	1 548	0,04	82,3	-	
Ақтөбе	1,4	4,8	-	57	0,01	-	-	
Алматы	479,3	2 951,3	1 574 715,4	772	0,5	-	280,0	
Атырау	3,0	2,6	26,8	117	0,5	0,1	-	
Шығыс Қазақстан	2,3	6 138,8	60,9	78 872	0,1	-	-	
Жамбыл	1,4	2,1	0,2	2 325	-	112,4	-	
Батыс Қазақстан	0,3	14,7	1,1	666	1,5	600,0	400,0	
Қарағанды	179,4	7,5	3,4	1 263	0,1	589,2	2,0	
Қостанай	21 412,3	191,2	1,3	964	-	-	827,0	
Қызылорда	7,8	53,9	2,7	137	-	434,7	-	
Маңғыстау	8,7	-	-	150	-	-	-	
Павлодарская	2,6	38,9	0,1	445	-	-	-	
Солтүстік Қазақстан	322 660,3	6 250,1	346,1	5 762	1,0	46,5	-	
Түркістан	4,3	25,0	0,4	3 606	-	3 844,0	-	
Алматы қ.	24,4	105,6	6,6	2 385	0,8	3 307,8	0,01	
Нұр-Сұлтан қ.	10,9	7,6	1,1	1 445	292,0	6,4	30,0	
Шымкент қ.	144,9	172,6	33,2	1 275	-	2 662,0	89,35	
Барлығы	344 957,1	15 995,7	1 575 257,5	101 789	296,5	11 685,5	1 628,36	

Көзі: ҚОҚ БАЖ.


9.6-кестеден қалдықтардың пайда болуының ең үлкен көлемі А сыныбынан байқалады, ең төменгі көрсеткішке Д сыныбы бойынша қол жеткізілді,

2020 жылы А сыныбының қалдықтардың түзілу көлемі 21 827,558 мың м³ құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 323 мың м³ артық.

9.5-суретте 2021 жылы Қазақстан Республикасында пайда болған медициналық қалдықтардың көлемі бойынша қауіптілік сыныптары бойынша ақпарат ұсынылған.

9.5-сурет

2021 жылғы қауіптілік сыныптары бойынша түзілген медициналық қалдықтардың көлемі



Көзі: ҚОҚ БАЖ.

Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясат

Қазақстанның қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясаты Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамада айқындалған және қалдықтарды бөлек жинауды енгізуге, оның ішінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестік арқылы инвестицияларды тарта отырып, екінші шикізаттан өнім ала отырып, қалдықтарды қайта өңдеу секторын дамытуға бағытталған. Тұжырымдамаға сәйкес 2030 жылға қарай қалдықтарды өңдеу үлесі 40%, 2050 жылға қарай 50% дейін жеткізілуі тиіс.

ҚР Президентінің 26.05.2014 ж. №823 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан «Жасыл» экономикаға көшу жөніндегі кеңес құрылды. Кеңестің шешімімен алдына қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында 9 жұмыс тобы құрылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.03.2015 ж. №168 қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың Бірыңғай Бағдарламасының 1-қосымшасының 38-тармағына сәйкес қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, қалдықтарды кәдеге жарату Бірыңғай бағдарламаның әлеуетті қатысушылары үшін экономиканың басым секторларына жатқызылған.

Бірыңғай бағдарламаның 94-тармағына сәйкес экономиканың басым секторларында өз жобаларын іске асыратын және (немесе) іске асыруды жоспарлап отырған тиімді кәсіпкерлер екінші бағытқа қатысушылар болып табылады. Бірыңғай бағдарламаның осы бағыты шеңберінде банктердің/даму банкінің/лизингтік компаниялардың кредиттері/қаржылық лизинг шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, банктердің/даму банкінің

кредиттері бойынша ішінара кепілдік беру, өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту, индустриялық аймақтарды құру, ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру түрінде мемлекеттік қолдау шаралары көзделген.

29.10.2015 ж. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде жаңа өндірістерді құру және кеңейту және қолданыстағы өндірістерді жаңарту мақсатында тіркелген активтерге инвестицияларды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына инвестициялық преференциялар көзделген. Кәсіпкерлік кодекстің 286-бабына сәйкес инвестициялық преференциялар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 14.01.2016 ж. № 13 қаулысымен бекітілген қызметтің басым түрлерінің тізбесіне енгізілген қызмет түрлері бойынша инвестициялық жобаны заңды тұлға іске асырған кезде беріледі. Тізбеде экономикалық қызметтің жалпы жіктеуішіне сәйкес сыныптар бойынша келесі қызмет түрлері қамтылады: 38.12 «қауіпті қалдықтарды жинау», 38.21 «қауіпті емес қалдықтарды өңдеу және жою», 38.32 «қара және түсті металдардың қалдықтары мен сынықтарын қайта өңдеуді қоспағанда, сұрыпталған материалдарды кәдеге жарату».

Көрсетілген қызмет түрлері бойынша инвестициялық преференциялардың (жеңілдіктердің) келесі түрлері көзделеді:

- кедендік салықтардан және импортқа қосылған құн салығынан босату;
- мемлекеттік зағтай гранттар.

**10 БӨЛІМ.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
«ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА» ЖӘНЕ
ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА КӨШУІ**



10 БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА» ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА КӨШУІ

Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі бағыттары мен басым шаралары Қазақстан Республикасының 2013 жылы қабылданған «жасыл» экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдамада (Тұжырымдама) ұсынылған. Өтудің үш кезеңі қабылданады: 2013-2020 жж., 2020-2030 жж., 2030-2050 жж.

«Жасыл» экономиканың нысаналы индикаторлары, нормалары мен іс-шаралары Тұжырымдаманың негізгі бағыттарын енгізу бөлігіндегі өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, заңнамалық актілерде және бағдарламалық құжаттарда көрініс тапты.

Су ресурстарын тұрақты пайдалану

Тұжырымдамада су тапшылығы қаупі және су ресурстарын тиімсіз басқару елдің тұрақты экономикалық өсуі мен әлеуметтік дамуы үшін негізгі кедергі болуы мүмкін екендігі атап өтілді. Су ресурстарының өсіп келе жатқан тапшылығы мәселелерін ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта суды пайдалану тиімділігін арттыру жолымен, сондай-ақ трансшекаралық өзендер ағынының сенімділігін арттыру жөніндегі халықаралық іс-шаралар есебінен шешу көзделіп отыр.

Тұжырымдамада халықты (2020 жылға қарай) және ауыл шаруашылығын (2040 жылға қарай) тұрақты сумен қамтамасыз ету жөніндегі мақсаттар белгіленген, ал 2050 жылға қарай су ресурстарымен барлық мәселелерді шешу қажет. Бассейн деңгейінде су ресурстарының тапшылығы мәселесі тұтастай алғанда 2025 жылға қарай, ал әрбір бассейн бойынша жеке – 2030 жылға қарай шешілуі тиіс. Бұл ретте су ресурстарының экологиялық құрамдас бөлігі (экожүйелердің тұрақтылығы, балық өсіруді, экотуризмді дамыту және бірегей табиғи байлықтарды сақтау) индустриялық дамудың пайдасына қысымдалмауға тиіс.

Су пайдалануды реттеу және басқару үшін су пайдаланудың ұзақ мерзімді лимиттері белгіленді, олар республика бойынша 2025 жылға дейін жыл сайын 28,4 км³ құрайды. Су ресурстарын ықтимал пайдаланудың осы көлемі су жүйелерінің тозуына жол бермеу ескеріле отырып айқындалған.

Республикалық меншіктегі гидротехникалық құрылыстарды тұрақты пайдалануды қамтамасыз ету үшін жыл сайын пайдалану іс-шаралары, ағымдағы жөндеулер, су тасқынына қарсы және су қорғау іс-шаралары жүргізіледі.

Еліміздегі су шаруашылығы құрылыстарының жалпы саны 5 956 құрайды (10.1-сурет), оның ішінде республикалық меншікте – 4 732 бірлік («Қазсушар» РМК), коммуналдық меншікте – 980 бірлік, жеке меншікте – 229 бірлік, иесіз болып саналатын – 15 бірлік. Барлық иесіз құрылыстар бойынша жергілікті атқарушы органдар оларды мемлекеттік меншікке ауыстыру бойынша жұмыс жүргізуде.

10.1-сурет

2021 жылы Қазақстан Республикасындағы гидротехникалық құрылыстары, бірлік



Көзі: ҚР ЭГТРМ Экологиялық саясат және тұрақты даму департаменті.

Жыл сайын көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындық мақсатында Бассейндік инспекциялар құрамында төтенше жағдайлар, экология органдарының өкілдері, жергілікті атқарушы органдар және «Қазсушар» РМК гидротехникалық құрылыстарды тексеру бойынша жұмыс топтарын құрады.

2021 жылы республикалық бюджеттен гидротехникалық құрылыстарды салуға және реконструкциялауға 13 жоба бойынша 6 420 млн теңге (6-ҚМЖ және 7-ЖСҚ) бөлінді.

Түркістан облысындағы Келес суару алабында Р-3 тарату каналын қайта жаңарту нәтижесінде 5,59 мың га су берумен қамтамасыз етілді. Қызылорда облысындағы Әйтек су торабын қайта жаңарту Сырдария және Жалағаш аудандарының 15,0 мың га суармалы жерлеріне су беруге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, «Көкарал бөгенін сақтау және Сырдария өзенінің атырауын қалпына келтіру» және «Қызылорда облысындағы Қараузық арнасында су сақтағышын салу» 2 жобасының ЖСҚ әзірлеу аяқталды.

Табиғи экожүйелерді сумен қамтамасыз ету

Павлодар облысының Шідерті өзенінің төменгі ағысындағы тозу және шөлейттену процестерін жою, Қызылорда облысының көл жүйелерін толтыру және толықтыру, Ақмола облысының Қорғалжын мемлекеттік қорығының Теңіз-Қорғалжын көлдер жүйесінің экологиялық жай-күйін жақсарту, Ақтөбе облысындағы трансшекаралық Елек өзенінің тепе-теңдігін сақтау және экологиялық жай-күйін жақсарту мақсатында су ресурстарының тапшылығын болдырмауға бағытталған іс-шаралардан басқа Мойынқұм аумағындағы Шу өзенінің жайылмасында мал жаю, флора мен фаунаны сақтау, Жамбыл облысы Сарысу аудандарының және Түркістан облысы Созақ ауданының жыл сайын 1,431 км³ көлемінде сумен қамтамасыз ету жүргізіледі.

Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бірінші кезекте орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізу арқылы жүзеге асырылады.

2021 жылы қалаларда сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға арналған «Нұрлы жер» инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде республикалық бюджет пен Ұлттық қордан 46,7 млрд теңге сомасына 55 жоба іске асырылды. Ауылдарда сумен жабдықтау жүйелерін дамыту шеңберінде республикалық бюджеттен және Ұлттық қордан 2021 жылы жалпы сомасы 69,5 млрд теңгеге 248 жоба іске асырылды. 2021 жылдың қорытындысы бойынша қалаларда – 98,1%, ауылдық елді мекендерде – 93% сумен жабдықтау қызметтеріне халықтың қолжетімділігі қамтамасыз етілді.

Тұрақты және жоғары өнімді ауыл шаруашылығын дамыту

«Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдама Қазақстанның ауыл шаруашылығына 2020 жылға дейін – еңбек өнімділігін 3 есеге арттыруға қол жеткізу, бидай өнімділігін 1,4 тонн/га дейін арттыру, суаруға арналған су шығындарын 450 м³/тонн дейін төмендету сияқты өршіл мақсаттар қояды. Ауыл шаруашылығы министрлігі сумен қамтамасыз етудің гидромелиоративтік жүйелерінің тозуына (арналардың қатты жабынының бұзылуына) байланысты тасымалдау кезінде судың жоғары шығынымен 450 м³/тонна суаруға су шығынына қол жеткізбеу себебімен байланыстырады.

Статистика деректері бойынша бидай өнімділігі 2012 жылы 7,9 ц/га-дан 2017 жылы – 12,4 ц/га-ға, 2018 жылы – 12,3 ц/га-ға, 2019 жылы – 10,1 ц/га-ға, 2020 жылы – 11,8 ц/га-ға, 2021 жылы – 9,3 ц/га-ға дейін өсті, алайда, бұл көрсеткіштің өсу қарқыны 2030 жылға қарай оның жоспарлы мәндеріне жету үшін жеткіліксіз. АШМ 1,4 т/га (14,0 ц/га) көрсеткішіне қол жеткізбеуінің негізгі себептері қауіпті егіншілік аймағының табиғи-климаттық жағдайларымен байланысты. Мысалы, қолайлы жағдайларда 2011 жылы 1,66 тонна/га өнімге қол жеткізілді.

Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі 2012 жылмен салыстырғанда 2021 жылы 5,45 есе өсті.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі экономиканың басқа секторларынан әлдеқайда артта қалып отыр, ал негізгі дақылдардың өнімділігі дамыған мемлекеттердің көрсеткіштерімен салыстыруға келмейді (мысалы, 2015 жылы бидай өнімділігі орташа әлемдік көрсеткіш 3,75 тонна/га болған кезде 1,33 тонна/га құрады). Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы суды көп қажет ететін сектор болып табылады, сонымен қатар оны тасымалдау және пайдалану кезінде су шығыны көп. Нәтижесінде Қазақстандағы ауыл

шаруашылығы инвестициялар үшін тартымсыз болып табылады және қаржыландыруда қиындықтарға тап болады, бұл бар мәселелерді одан әрі ушықтырады.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру

«Жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасында 2008 жылмен салыстырғанда ЖІӨ энергия сыйымдылығын 2025 жылға қарай 25% төмендетуге баса назар аударылады.

Осы бағытта энергия үнемдеу саясатын реттеудің жаңа құралдары әзірленді. ЭСКО нарығының моделі әзірленді және енгізілді (энергосервистік шарттардың түрі таңдалды). Энергосервистік шарттар нарығын дамыту үшін заңнамалық база құрылды – 17.11.2015 жылғы «Кейбір заңнамалық актілерге индустриялық-инновациялық саясат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы қабылданды. Энергосервистік қызметтердің ұлттық операторы анықталды («Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты» АҚ). Германияның DENA энергетикалық агенттігінің стратегиялық серіктесі анықталды.

91 отандық кәсіпорын негізінде энергия тиімділігімен жабдық өндіріледі. Оның ішінде 10 млрд теңге инвестиция сомасына 7 кәсіпорын шетелдік инвесторларды тарта отырып және үздік технологиялар трансферті арқылы іске қосылды («Led System Media» ЖШС, «KazTexInvest» ЖШС, «KMG Automation» ЖШС, «PROLUX LED» ЖШС, «LED Solution» ЖШС, «Wilo Central Asia» ЖШС, «Mimsan Endustri Kazanlari Sanayi ve Ticaret A.S.» АҚ).

Отандық энергия тиімділігімен жабдықтарды өндірушілермен және Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерімен өзара іс-қимыл нәтижесінде энергия тиімділігі картасына 92,4 млрд теңге сомасына 181 жоба (оның ішінде 70,7 млрд теңге сомасына инвестиция 55 ЭСКО және МЖӘ жобалары) енгізілді.

БҰҰДБ және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ бірлесіп несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің 10% дейін субсидиялау және қарыздарға ішінара кепілдік беру (50%) бойынша энергия тиімділігімен жобаларды қаржылай қолдау тетігі енгізілді (2017 жылы БҰҰДБ тетікті іске асыруға 3 млн АҚШ долл. бөлді). Бүгінгі таңда 19,4 млрд теңге инвестиция сомасына 108 жоба қолдау тапты.

Жалпы, энергия тиімділігі бойынша жобалар саны 954 млрд теңгеге 1 628 жобаны құрайды, оның ішінде 606 млрд теңгеге 16 ірі жоба халықаралық энергосервистік компанияларды тарта отырып іске асырылды.

ЭСКО одан әрі дамытуды ынталандыру үшін Энергетика министрлігі БҰҰ Даму бағдарламасымен бірлесіп 6 жыл мерзімге (2021-2026 жж.) 3,5 млрд теңге сомасына грант жобасын іске асыруда. Грант қаражаты ЭСКО-компанияларға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттерге (қарыз сомасының 80% дейін) кепілдік беруге бағытталатын болады.

Бюджеттік сектордың энергия үнемдеу әлеуеті анықталды (101 млн кВт*сағ).

Электр энергетикасын дамыту

Электр энергетикасы саласында республика алдында өршіл мақсаттар түр: жаңартылатын энергия көздерінің үлесіне қол жеткізу 2020 жылға қарай 3%, 2030 жылға қарай 10% және 2050 жылға қарай жалпы электр энергиясын өндіруден 50%.

Дәстүрлі энергия көздері де өз жұмысының тиімділігін арттыруы керек.

Республикада белгіленген қуаттылығы 2 015 МВт болатын 135 ЖЭК объектісі жұмыс істейді:

- қуаттылығы 684 МВт 40 жел электр станциясы;
- қуаттылығы 1 043 МВт 50 күн электр станциясы;
- қуаттылығы 280 МВт 40 гидроэлектростанция;
- қуаттылығы 8 МВт 5 биоэлектр станциясы.

2021 жылы белгіленген қуаттылығы 393 МВт болатын 19 нысан пайдалануға берілді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша жаңартылатын энергетика объектілері өндірген электр энергиясының көлемі 4,2 млрд кВт сағ (ЖЭС – 1 776,41 млн кВт сағ; КЭС – 1 641,09 млн кВт сағ; ГЭС – 799,74 млн кВт сағ; БиоЭС – 3,04 млн кВт сағ) немесе электр энергиясының жалпы көлемінің 3,7% құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда өсімнің 30% құрайды.

2025 жылға дейін жалпы қуаттылығы 1 400 МВт болатын 59 ЖЭК жобасын пайдалануға беру жоспарлануда. 2018 жылдан бастап ЖЭК жобаларын іске асыру үшін іріктеу аукциондық тетік бойынша өтеді. Бұл жобалар мен инвесторларды іріктеу процесін ашық және айқын етуге және ЖЭК қуатын енгізуден соңғы тұтынушылардың тарифтеріне әсерін барынша азайтуға мүм-

кіндік беретін неғұрлым тиімді технологиялар мен жобаларға үміт артуға мүмкіндік берді.

2018-2021 жылдары аукциондар халықаралық сауда-саттық жиынтық қуаттылығы 1 705 МВт ЖЭК жобалары үшін электрондық форматта өткізілді. Сауда-саттыққа 12 елден 196 компания қатысты: Қазақстан, Қытай, Ресей, Түркия, Германия, Франция, Болгария, Италия, БАӘ, Нидерланды, Малайзия, Испания.

2018-2020 аукциондық сауда-саттықтың қорытындысы бойынша 58 компания ЖЭК электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен (РФО) 1 219 МВт жиынтық қуаттылыққа 15 жылға келісімшарттарға қол қойды, ал 87 МВт 8 компания 2021 жылғы аукцион бойынша РФО 20 жылға келісімшарттарға қол қоюға құқылы.

Еліміздің гидроэнергетика саласын дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде. ГЭС дамытудың 2030 жылға дейінгі жоспары бекітілді, оның шеңберінде жиынтық қуаттылығы 2 ГВт асатын ГЭС салу жобаларын іске асыру көзделген. Елімізде жалпы қуаттылығы 280 МВт болатын 40 ГЭС нысаны жұмыс істейді, оның ішінде қуаттылығы 123 МВт болатын 16 ГЭС ЖЭК қолдау туралы Заң енгізілген сәттен бастап салынған.

2018 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде өткізілген аукциондық сауда-саттықтың қорытындысы бойынша жиынтық қуаттылығы – 87 МВт болатын 17 ГЭС жобасы іріктелді, оның ішінде қуаттылығы 75 МВт болатын 13 объектінің құрылыс сатысында.

Гидроэнергетикаға инвестициялық ағымды ынталандыру үшін Энергетика министрлігі АДБ бірлесіп 2019 жылы қол қойылған өзара түсіністік туралы меморандум шеңберінде ГЭС жобаларын іріктеу бойынша жобалық аукциондарды дайындау бойынша жұмыс жүргізуде. 2020 жыл ішінде АДБ консультанттары Балқаш, Алакөл және Ертіс-Зайсан бассейндерінің гидроэнергетикалық әлеуетіне талдау жүргізді. Техникалық және экономикалық көрсеткіштер негізінде (есептік ағын, белсенді сыйымдылық, есептік және максималды қуаттылық, орташа өндіріс және пайдалану коэффициенті) жобалық аукционға шығару үшін 10 учаске таңдалды.

Энергетика министрлігі жаңартылатын энергия көздерін белсенді дамытумен қатар, басымдықтардың қатарында газ секторын одан әрі дамытуды белгілейді. Көмірді газ отынымен біртіндеп алмастыру қоршаған ортаға әсер ету деңгейін және парниктік газдар шығарындыларын азайтуға мүмкіндік береді.

Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Нұр-Сұлтан бағыты бойынша «Сарыарқа» магистральдық газ құбырының құрылысы Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Теміртау, Жезқазған қалаларының және магистральдық газ құбыры трассасының бойындағы елді мекендердің тұрғындарын табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

2030 жылға дейін газдандырумен қамту 1,5 млн астам халықты құрайды: Нұр-Сұлтан қаласы – 535,7 адам мың, Қарағанды облысы – 939,5 мың адам, Ақмола облысы – 90 мың адам.

Қалдықтарды басқару

Қазақстан аумағында шамамен 31,6 млрд тонна өнеркәсіптік қалдықтар жинақталған. Жыл сайын шамамен 1 миллиард тонна өндіріледі. Бұл негізінен техногендік-минералды түзілімдер (ТМО), оның ішінде аршылған жыныстар мен күл қождары (жалпы көлемнің 70%), өңдеу өнеркәсібінің қалдықтары (жалпы көлемнің 10%) және т.б. қызметтер (20%).

2021 жылы қайта өңделген және кәдеге жаратылған өнеркәсіптік қалдықтардың үлесі – 38,2%. Өнеркәсіп қалдықтарының қалған көлемі (жыл сайын шамамен 500 млн тонна) қалдық қоймалары мен полигондарда орналастырылады.

Өнеркәсіптік қалдықтардың негізгі үлесі тау-кен кәсіпорындарына тиесілі. Олар бүкіл ел бойынша үнемі өсіп келе жатқан үйінділер мен қоймаларды құрайды.

Ауаның ластануын азайту

Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдама 2030 жылға қарай күкірт және азот оксидтерінің қоршаған ортаға шығарындылары бойынша еуропалық деңгейге қол жеткізуді көздейді. Ауаны ластайтын негізгі зиянды заттар – азот (NOx) және күкірт (SOx) оксидтері, озон және дисперсті заттар, әсіресе диаметрі 2,5 микроннан аз.

БҰҰ ЕЭК шығарындыларды ұлттық деңгейде төмендету үшін алыс қашықтыққа трансшекаралық ауаның ластануы туралы Конвенцияның хаттамаларын (EMEP – European Monitoring and Evaluation Programme) (ЕЭК хаттамасы, және одан әрі аса маңызды үш Хаттамаға қосылуды ұсынады: Қышқылдануға, эвтрофикацияға және жер бетіндегі озонға қарсы күрес

туралы хаттама (Гетеборг хаттамасы), Ауыр металдар жөніндегі хаттама және Тұрақты органикалық ластағыштар жөніндегі хаттама).

Парниктік газдар шығарындыларын азайту

Электрэнергетикасыанатындағыұлттықтүгендеуүшінпарниктікгаздаршығарындыларын есептеу үшін негізгі деректер көзі ҚР Ұлттық статистика бюросының отын-энергетикалық балансы болып табылады.

Қазақстан БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясының (БҰҰ КӨНК), оған Киото хаттамасының және 2021 жылдан бастап Киото хаттамасын алмастыратын Париж келісімінің тарабы болып табылады.

Киото хаттамасы шеңберінде Қазақстан 2020 жылға қарай ЖПОШӨ секторындағы эмиссиялар мен сіңірулерді есепке алмай, парниктік газдар (ПГ) шығарындыларын 1990 жылғы базалық шығарындылардың 95% деңгейінде ұстап тұру міндеттемесін қабылдады.

Париж келісімі шеңберінде 2015 жылы Қазақстан 2030 жылға қарай ПГ шығарындыларын 1990 жылғы деңгейден 15% қысқартуға, ал сыртқы көмекті (жаңа технологияларды беру түрінде) және қолайлы экономикалық жағдайды алған жағдайда көрсеткішті «-25%»-ға жеткізуге дайын екендігін білдіре отырып, өзінің болжамды ҰДАҰ (ұлттық деңгейде айқындалатын үлес) КӨНК хатшылығына ұсынды.

Париж келісімі ратификацияланғаннан және ол күшіне енгеннен кейін Қазақстан бұрын мәлімделген болжамды ҰДАҰ растады.

10.1-кестеде 2013-2021 жылдардағы Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама индикаторларының қол жеткізілген нәтижелері бойынша ақпарат ұсынылған.

10.1-кесте
Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөнiндегi тұжырымдаманың индикаторларына қол жеткізу

№	Индикатордың атауы	Нысаналы индикатор	Су ресурстарын тұрақты пайдалану								
			2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021
1.1	Халықты тұрақты сумен қамтамасыз ету. Қалаларда орталық ауыз сумен жабдықтау жүйесiне тұрақты қолжетiмдiлiгi бар су пайдаланушылардың үлесi	2020 жылға қарай 100%	85	86	87	88	93,8	94,5	97,2	97,5	98,1
1.2	Ауылдық елдi мекендерде орталық ауыз сумен жабдықтау жүйесiне тұрақты қолжетiмдiлiгi бар су пайдаланушылардың үлесi	2020 жылға 80%	47,7	50,3	51,5	52,3	55	59,9	64,3	90,1	93
1.3	Ауыл шаруашылығында тұрақты сумен қамтамасыз ету	2030 жылға қарай	Лимит - 16 861,2 м³ Фактi - 14818,275 млн м³	Лимит - 17 195,83 млн м³ Фактi - 14839,8 млн м³	Лимит - 17 200,87 млн м³ Фактi - 15877,2 млн м³	Лимит - 17 298 млн м³ Фактi - 15186 млн м³	Лимит - 17 298 млн м³ Фактi - 15186 млн м³	Лимит - 17 298 млн м³ Фактi - 15791 млн м³	Лимит - 17 537 млн м³ Фактi - 15833 млн м³	-	-
1.4	Бассейндер деңгейiнде су ресурстарының тапшылығы мәселесiн шешу	2030 жылға қарай	21 ГТҚ қайта жаңарту және күрделi жөнделу жүргiзiлдi	10 ГТҚ қайта жаңарту және күрделi жөнделу жүргiзiлдi	10 ГТҚ қайта жаңарту жүргiзiлдi	11 ГТҚ қайта құру және жұмыс-тары жүргiзiлдi	5 ГТҚ қайта құру және жұмыс-тары жүргiзiлдi	7 ГТҚ қайта құру және жұмыс-тары жүргiзiлдi	8 ГТҚ қайта құру және жұмыс-тары жүргiзiлдi	2 ГТҚ қайта құру және жұмыс-тары жүргiзiлдi	

№	Индикатордың атауы	Нысаналы индикатор	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	
2	Тұрақты және өнімділігі жоғары ауыл шаруашылығын дамыту											
2.1	Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі (2012 жылғы деңгейге қарай % ұлғаю) 2012 жылғы Еңбек өнімділігі: 1330 033,6 млн теңге / 2172,7 мың адам = 1 адамға 612,2 мың теңге.	2020 жылға қарай 3 есеге ұлғаюы	1,28 есеге ұлғаю (781,9 мың теңге/адам) 2013 жылғы еңбек өнімділігі: 1621232,5 : 2073,56 = 781,9 көбейту жиілігі: 781,9 : 612,2 = 1,28	1,75 есеге ұлғаю (1070,2 мың теңге/адам) 2014 жылғы еңбек өнімділігі: 1717786,0 : 1605,1 = 1070,2 көбейту жиілігі: 1070,2 : 612,2 = 1,75	2,03 есеге ұлғаю (1242,3 мың теңге/адам) 2015 жылғы еңбек өнімділігі: 1925866,5 : 1550,3 = 1242,3 көбейту жиілігі: 1242,3 : 612,2 = 2,03	2,29 есеге ұлғаю (1401,9 мың теңге/адам) 2016 жылғы еңбек өнімділігі: 2140007,6 млн теңге: 1526,5 мың адам = 1401,9 мың теңге 1 адамға көбейту жиілігі: 1401,9 : 612,2 = 2,29	2,83 есеге ұлғаю (1735,9 мың теңге/адам) 2017 жылғы еңбек өнімділігі: 2456284,6 млн теңге: 1415,0 мың адам = 1735,9 мың теңге 1 адамға көбейту жиілігі: 1735,9 : 612,2 = 2,83	3,39 есеге ұлғаю (2076,6 мың теңге/адам) 2018 жылғы еңбек өнімділігі: 2 717499,1 млн теңге / 1308,6 мың адам = 1 адамға 2076,6 мың теңге көбейту жиілігі: 2076,6 : 612,2 = 3,39	4,03 есеге ұлғаю (2466,0 мың теңге/адам) 2019 жылғы еңбек өнімділігі: 3105560,7 млн теңге/ 1259,3 мың адам = 1 адамға 2466,0 мың теңге көбейту жиілігі: 2466,0 : 612,2 = 4,03	4,91 есеге ұлғаю (3004,8 мың теңге/адам) 2020 жылғы еңбек өнімділігі: 3808889,1 млн теңге/ 1267,6 мың адам = 1 адамға 3004,8 мың теңге көбейту жиілігі: 3004,8 : 612,2 = 4,91	5,45 есеге ұлғаю (3334,8 мың теңге/адам) 2021 жылғы еңбек өнімділігі: 4202632,9 млн теңге/ 1260,2 мың адам = 1 адамға 3334,8 мың теңге көбейту жиілігі: 3334,8 : 612,2 = 5,45	
2.2	Бидай өнімділігі (тонн/га)	1,4	1,08	1,09	1,19	1,21	1,24	1,23	1,01	1,18	9,3	

№	Индикатордың атауы	Нысаналы индикатор	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021
2.3	Суаруға арналған су шығындары	2020 жылға қарай 450 м ³ /тонн	1 589	1 280	1 278	1 186	1 377	1 100	1 145	-	-
3	Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру										
3.1	ЖІӨ энергия сыйымдылығының 2008 жылғы деңгейден төмендеуі (м.э.т. 1,87 мың АҚШ долларына) $1,87 - 1,69 / 1,87 * 100 = 9,6$	2020 жылға қарай 25%. 2015 жылға қарай 10%.	9,6% (мың АҚШ дол-ларына 1,69 м.э.т.)	18,7% (мың АҚШ дол-ларына 1,52 м.э.т.)	18,2% (мың АҚШ дол-ларына 1,53 м.э.т.)	17,6% (мың АҚШ дол-ларына 1,54 м.э.т.)	18,2% (мың АҚШ дол-ларына 1,53 м.э.т.)	27,3% (мың АҚШ доллары-на 1,36 м.э.т.)	32,9% (мың АҚШ доллары-на 1,25 м.э.т.)	37,9% (мың АҚШ доллары-на 1,16 м.э.т.)	(дерек-тер 2022 жылдың жжестік-санында құрыла-ды)
4	Электр энергетикасын дамыту										
4.1	Электр энергиясын өндірудегі жаңартылатын көздердің үлесі	күн және жел: 2020 жылға қарай 3% кем емес	0,59	0,62	0,77%	0,98%	1,1	1,3	2,3	3	3,69
4.2	Электр энергиясын өндірудегі газ электр станцияларының үлесі	2020 жылға қарай жоспар 20%	20,4	18,2	21,2	21,4	20,2	20	20,2	20	-

№	Индикатордың атауы	Нысаналы индикатор	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021
4.3	Аймақтарды газдандыру: Ақмола облысы	2020 жылға қарай 100%	-	-	-	-	-	-	-	-	-
4.4	Аймақтарды газдандыру: Қарағанды облысы	2020 жылға қарай 100%	-	-	-	-	-	-	-	0,5	-
4.5	2012 ж. деңгейден электр энергетикасындағы көмірқышқыл газы шығарындыларының ағымдағы деңгейіне қатысты төмендеу-жоспары 0% (95,916 млн т*) 2015 ж. көрсеткішті есептеу: [(92,319 (2015 жыл) - 95,916 (2012 жыл)) / 95,916 (2012 жыл) x 100 = -3,75% *Деректер «Жасыл Даму» АҚ ұсынылған.	2030 жылға қарай 2012 жылғы деңгейден 15% 2020 жылға қарай 2012 деңгейін сақтау	-0,22% (95,702 млн тонна)	+3,64% (99,406 млн тонна)	-3,75% (92,319 млн тонна)	-2,65% (93,369 млн тонна)	+6,65% (102,297 млн тонна)	+13,76% (109,111 млн тонна)	+14,55% (109,872 млн тонна)	+15,13% (110,429 млн тонна)	Деректер 2023 жылы дайын болады
5	Ауаның ластануы										

№	Индикатордың атауы	Нысаналы индикатор	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021
5.1	Қоршаған ортаға күкірт және азот оксидтерінің шығарындылары	2030 жылға қарай Еуропалық деңгей	-	-	-	-	-	-	-	-	-
5.1.1	Күкіртті ангидрид (SO ₂), мың тонна		729,6	729,1	710,6	767,5	786,4	838,314	885,7	868,1	835,4
5.1.2	Азот тотығы (NO ₂ қайта есептегенде), мың тонна		250,2	256,5	243,4	246,6	264,7	272,2	313,9	311,4	322,0
6	Қалдықтарды басқару жүйесі										
6.1	Халықты тұрмыстық қатты қалдықтарды шығарумен қамту	2030 жылға қарай 100%	-	71	59	66	69	72	75	76,89	82
6.2	Қоқысты санитарлық сақтау	2030 жылға қарай 95 %	-	22	11,34	15	16	17	18	18,8	20
6.3	Қайта өңделген өндіріс және тұтыну қалдықтарының үлесі	2030 жылға қарай 40 %	-	25,21	24,92	29,4	40	43	48	54	59,33

№	Индикатордың атауы	Нысаналы индикатор	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021
6.4	Олардың түзілуіне қарай өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі	-	23	23,12	26,8	31	32	34	36	38,23	
6.5	Олардың түзілуіне қарай тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі	-	2,6	1,8	2,6	9	11	14	18,3	21,1	

Көзі: ҚР ЭГТҒРМ Экологиялық саясат және тұрақты даму департаменті.

* ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері.



**11 БӨЛІМ.
ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ
ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ
ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ІСКЕ
АСЫРУ**

11 БӨЛІМ. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУ

11.1. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҚОРҒАУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

ҚР 02.01.2021 ж. № 400-VI ҚРЗ жаңа редакциядағы Экологиялық кодексінің 28-бабының 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік экологиялық саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың орындалуын ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасының бірыңғай мемлекеттік экологиялық саясатын іске асыру бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі болып табылады. Министрлік Қоршаған ортаны қорғау, метеорологиялық және гидрологиялық мониторинг саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асырады.

Экология министрлігінің миссиясы қазіргі және болашақ ұрпақтың қолайлы қоршаған ортаға қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоршаған ортаны, су және биологиялық ресурстарды сақтау, қалпына келтіру және сапасын жақсарту, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу, минералдық-шикізат базасын молайту, су, орман, балық және аңшылық шаруашылықтарын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды орнықты дамыту, Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және «жасыл экономикаға» көшуін қамтамасыз ету бойынша жағдайлар жасау болып табылады.

ҚР Экология министрлігінің құрамына 14 департамент және 5 комитет кіреді:

- Климаттық саясат және жасыл технологиялар департаменті,
- Траншекаралық өзендер департаменті,
- Геология және минералдық-шикізат базасын дамыту департаменті,
- Стратегиялық жоспарлау және талдау департаменті,
- Экологиялық саясат және тұрақты даму департаменті,
- Қалдықтарды басқарудағы мемлекеттік саясат департаменті,
- Халықаралық ынтымақтастық департаменті,
- Цифрландыру, ақпараттандыру және мемлекеттік қызметтерді бақылау департаменті,
- Қоғаммен байланыс департаменті,
- Кадр жұмыстары департаменті,
- Бюджет және қаржылық рәсімдер департаменті,
- Заң қызметі департаменті,
- Ішкі аудит департаменті,
- Әкімшілік жұмысы департаменті,
- Экологиялық реттеу және бақылау комитеті және оған ведомствоға бағынысты аумақтық департаменттер (барлығы 17 департамент),
 - Геология комитеті,
 - Су ресурстары комитеті,
 - Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті,
 - Балық шаруашылығы комитеті.

11.1.1. БАСҚА САЛАЛЫҚ МИНИСТРЛІКТЕРМЕН БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН БАЙЛАНЫСТЫ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ

ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес келесі арнайы уәкілетті органдардың функциялары анықталды:

- мұнай-газ және мұнай-газ химия өнеркәсібінің, мұнай өнімдерін өндіру, газ және газбен жабдықтау, атом энергиясын пайдалану, көмірсутектерді тасымалдау, уран өндіру, электр және жылу энергетикасы, жаңартылатын энергия көздерін дамыту саласындағы уәкілетті орган – ҚР Энергетика министрлігі;

- жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган – ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті;

- азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті орган – ҚР Төтенше жағдай министрлігі;
 - қоғамдық тәртіпті сақтауды жүзеге асыру және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – ҚР Ішкі істер министрлігі;
 - халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган – ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті;
 - өсімдікті қорғау және карантин саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган – ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі;
 - көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі;
 - қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық білім және ғылым жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган – ҚР Білім және ғылым министрлігі.
- Коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы анықталған қызметтерді коммуналдық-шаруашылық саласындағы уәкілетті орган – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті.
- Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты жергілікті мемлекеттік билік органдары жүзеге асырады.

11.1.2. ЗАҢНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ РЕТТЕУШІ НЕГІЗДЕМЕЛЕР

Экологиялық қауіпсіздік саясатындағы негізгі құжатының бірі мемлекеттік экологиялық саясаттың негіздері 1995 жылғы 30 тамызда қаланған Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады.

Мемлекеттік экологиялық саясаттың қағидаттары экологиялық заңнаманың ғана емес, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы барлық стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың негізі болып табылады.

Экологиялық заңнаманың негізгі құжаттары – Экологиялық, Жер, Су, Орман, Салық кодекстері, Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстері, «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы», «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы», «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау туралы» заңдары <http://ecogofond.kz/> интернет-ресурсында ашық, қолжетімді түрде орналастырылған.

Қазақстан 30 астам табиғатты қорғау конвенциялары мен хаттамаларын ратификациялады.

2021 жылғы 2 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі әзірлеген ҚР жаңа Экологиялық кодексіне қол қойды. ҚР жаңа Экологиялық кодексі 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енді.

Қазақстан Республикасында 2013-2020 жылдар кезеңінде орындалған негізгі стратегиялық және бағдарламалық құжаттар

- 1) Мемлекет басшысының 14.12.2012 ж. Қазақстан халқына Жолдауында баяндалған «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.
- 2) 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары (Қазақстан Республикасы Президентінің 15.02.2018 ж. №636 жарлығы).
- 3) Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 30.05.2013 ж. №577 жарлығы).
- 4) Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.07.2018 ж. № 423 қаулысы)
- 5) Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 732 қаулысы).
- 6) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары (Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2016 ж. №541 бұйрығы).

7) Туристік саланы дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.06.2017 ж. № 406 қаулысы).

8) Отын-энергетикалық кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28.06.2014 ж. № 724 қаулысы).

9) ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспары.

10) Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияға ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімдері туралы хаттаманы ратификациялау туралы» 12.12.2019 ж. № 279-VI ҚРЗ заңы.

11) Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің 2021 жылға арналған ұлттық жоспарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 13.01.2021 ж. № 6 қаулысы).

12) «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.10.2021 № 731 қаулысы).

«Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасын әзірлеу мақсаты – бұл халық үшін қолайлы өмір сүру ортасын құру және экологиялық жағдайды жақсарту, оның ішінде: атмосфералық ауаның сапасын жақсарту, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен тиімді жұмыс істеу, суды тиімді және ұқыпты пайдалану, Балқаш көлі мен Солтүстік Арал теңізінің экожүйелерін сақтау, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар мен ихтиофауна түрлерінің санын көбейту арқылы биологиялық әртүрлілікті сақтау, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру, жасыл желектер алаңын ұлғайту, табиғат пен жануарлар әлеміне ұқыпты көзқарасты қалыптастыру, сондай-ақ халықтың экологиялық санасын жаңғырту.

Құжатта 4 негізгі бағыт бар:

I бағыт – «Таза Қазақстан»,

II бағыт – «Үнемді Қазақстан»

III бағыт – «Табиғат»,

IV бағыт – «Экология болашағы».

Экологиялық және химиялық қауіпсіздік саласындағы заңнама

Қазақстан Республикасында экологиялық және химиялық қауіпсіздік саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің тұтас блогы жұмыс істейді.

Жаңа Экологиялық кодекске қоршаған ортаны қорғау тетіктерін жетілдіруге, оның ішінде Стокгольм конвенциясы бойынша міндеттемелерді іске асыруға және ТӨЛ қауіпсіз жұмыс істеуге бағытталған өзгерістер енгізілді.

Бұдан басқа, пестицидтер саласындағы заңнамалық талаптарды іске асыру шеңберінде бірқатар заңға тәуелді актілер қолданылады:

- ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.09.2015 ж. № 15-05/844 «Пестицидтердің түрлері бойынша қор нормативін және оны пайдалану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

- ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 27.02.2015 ж. № 4-4/176 «Өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін пестицидтердің қорын құру және сақтау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

- ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2015 ж. № 4-4/61 «Пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

- ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 3.11.2020 ж. № 334 «Пестицидтерді өндіру (формуляциялау), пестицидтерді өткізу, пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға қызметті жүзеге асыруға лицензия беру «Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары ҚР Президентінің 20.07.2016 ж. жарлығы негізінде Қазақстан қол қойған Париж келісімінің мақсаттарына қол жеткізуді міндет етіп қояды (ҚР Парламенті 27.10.2016 ж. ратификациялаған).

Қазақстан озон қабатын қорғау туралы Вена конвенциясының, озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасының және Кигали түзетуін (соңғысын) қоспағанда, оның түзетулерінің Тарапы болып табылады. Кигали түзетуі (2016 жылы қабылданған) гидрофторкөміртектерді кезеңділікпен қысқартуды көздейді.

Ел Монреаль хаттамасына Кигали түзетуін қабылдау үшін материалдар дайындауда.

Биологиялық әртүрлілікті сақтау саласындағы заңнама

- 1992 жылы Қазақстан Республикасы биологиялық әртүрлілік туралы БҰҰ Конвенциясына қол қойды, ал 1994 жылы Конвенция ратификацияланды.

- Рамсар Конвенциясы немесе сулы-батпақты алқаптар туралы конвенция Қазақстанда 2007 жылғы 2 мамырда күшіне енді.

- Қазақстан Республикасы биологиялық қауіпсіздік жөніндегі Картахен хаттамасының қатысушысы болып табылады және Қазақстан Республикасы Президентінің 17.03.2015 ж. №1025 жарлығына сәйкес биологиялық әртүрлілік туралы конвенцияның Нагой Хаттамасына қосылды.

- «Қазақстан Республикасының құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияға қосылуы туралы (СИТЕС)» 1999 жылғы 6 сәуірдегі №372-1 Қазақстан Республикасының заңы.

- Қазақстан Республикасының Орман Кодексі (2003 ж.), орман ресурстарын қорғау мен пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру мәселелерін регламенттейді.

- «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2005 ж.).

- ҚР «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңы (2006 ж.), ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру, олардың қызметінің жұмыс істеу мәселелерін анықтайды.

- Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексі (2021 ж.) – жер қойнауын пайдалану, қоршаған ортаны қорғау объектілері саласындағы ережелерді, сараптама тәртібін, қоршаған ортаға әсерді бағалауды, қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингін және т.б. регламенттейді.

- 2016-2017 жылдары балық шаруашылығы саласындағы негізгі заңның (жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Заң) өзектендіруі жүргізілді.

11.2. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ БАҒЫТЫ МЕН ДАМУЫН АНЫҚТАЙТЫН ҚР НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫ

Қол қойылған халықаралық конвенцияларды іске асыру бойынша ұлттық іс-қимыл жоспарларын әзірлеу, экологиялық сараптама жүйесі, рұқсат беру және бақылау-инспекциялық жұмыс экологиялық заңнама үшін ғана емес, сондай-ақ Қазақстан Республикасында экологиялық саясат пен қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы барлық стратегиялық құжаттар үшін де негіз болды.

Бұл құжаттарда қоршаған ортаны қорғаудың, экологиялық қауіпсіздіктің, мемлекет пен құқықтың негізгі тұжырымдамалық ережелері мен принциптерін қамтитын қоғам мен табиғаттың өзара іс-қимылының саяси тұжырымдамасы шешуші болып табылады.

Қазақстан Республикасының негізгі стратегиялық даму құжаты «Қазақстан–2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» болып табылады, ол елдің «жасыл» даму жолына көшуіне негізделген экономиканың орнықты және тиімді моделін құруға нақты бағдарлар қояды.

«Жасыл экономиканың» нысаналы индикаторлары, нормалары мен іс-шаралары заңнамалық актілер мен бағдарламалық құжаттарға енгізіледі және биліктің барлық деңгейлері мен азаматтық қоғамның барлық секторлары үшін бағдарлар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы №577 Жарлығымен Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі бойынша тұжырымдамасы бекітілді.

Тұжырымдаманы іске асыру үш кезеңде жүзеге асырылады:

- 2013-2030 ж. – осы кезеңдегі мемлекеттің негізгі басымдығы ресурстарды пайдалануды оңтайландыру және табиғат қорғау қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ «жасыл» инфрақұрылым құру болып табылады;

- 2020-2030 ж. – қалыптасқан «жасыл» инфрақұрылым базасында ұлттық экономикада суды ұқыпты пайдалануға, жаңартылатын энергия технологияларын дамытуды ынталандыруға және кеңінен енгізуге, сондай-ақ энергия тиімділігінің жоғары стандарттары базасында құрылыстар салуға бағдарланған өзгерістер басталады;

- 2030-2050 ж. – ұлттық экономиканың табиғи ресурстарды олардың жаңартылуы мен орнықтылығы жағдайында пайдалануға бағдарланған «үшінші өнеркәсіптік революция» деп аталатын қағидаттарға көшуі.

11.3. БЮДЖЕТКЕ ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ІС-ШАРАЛАРЫНА АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАР ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМЕТТЕР

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабының 29) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 31 мамырдағы №231 бұйрығына сәйкес бюджетке түсетін түсімдер туралы ақпарат беру нысандары бекітілді:

- қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемнен;
- қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеуден;
- Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдардан;
- қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға бюджет шығындары туралы.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 21-бабы 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жыл сайын 1 мамырға дейін ресми Интернет-ресурста өткен жылғы ақпаратты орналастырады:

- қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға арналған республикалық бюджеттің шығыстары туралы;
- мемлекеттік экологиялық бақылау нәтижелері және Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін бюджетке өндіріп алынған айыппұлдардың жалпы сомасы.

2021 жылғы қоршаған ортаға эмиссиялар және қоршаған ортаны қорғауға арналған бюджет шығыстары үшін төлемақыдан бюджетке түсетін түсімдер туралы ақпарат 11.3.1-кестеде ұсынылған.

11.3.1-кесте

2021 жылға арналған қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемнен бюджетке түсетін түсімдер және қоршаған ортаны қорғауға арналған бюджет шығындары


№	Аймақ/Облыс	Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдердің түсу жоспары, млн теңге	Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін нақты төлемдер, млн теңге	Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға бөлінген сома, млн теңге	Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға игерілген сома, млн теңге	Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін бюджетке төленетін төлем түсімдерінен ҚОҚ жөніндегі іс-шараларға бюджет шығындарының үлесі, %
1	Нұр-Сұлтан қ.	2 917,7	3 082,1	7 130,1	7 125,4	231,2
2	Алматы қ.	1 863,1	1 915,4	11 067,5	11 065,6	577,7
3	Шымкент қ.	975,5	1 021,7	88,3	84,9	8,3
4	Ақмола	3 742,7	3 575,7	3 790	3 790	106
5	Ақтөбе	7 000, 0	9 219,6	13 559,2	13 453,8	145,9
6	Алматы	1 862,8	1 903,6	826,2	826,2	43,4
036 «Атом және энергетикалық жобаларды дамыту» республикалық бюджеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» РМК («ҚР ҰЯО» РМК) жалпы ауданы 18 311,4 км² Семей ядролық сынақ полигонының аумағына кешенді экологиялық тексеру жүргізілді.

2021 жылы ССП аумағының шығыс бөлігін (зерттеу ауданы 2 058,5 км²) зерттеу аяқталды, ССП қазір бар радиоактивті ластану аумағын бағалау және ядролық қару сынақтарының зардаптарын жою бойынша әрі қарайғы шараларды дайындау мақсатында экологиялық зерттеудің қорытынды кезеңі жүргізілді.

Сонымен қатар ССП аумағын кешенді экологиялық зерттеу жүргізу кезеңі ішінде алынған қоршаған орта құрауыштарының радиоактивті ластану деңгейлері туралы деректерді талдау және қорытындылау аяқталды. Радиоактивті ластанудың маңызды учаскелері анықталды, радиоактивті заттектердің ағымдағы және келешектегі таралуының негізгі жолдары мен механизмдері белгіленді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша 2008-2021 жж. кезеңі ішіндегі кешенді экологиялық зерттеу материалдары дайындалды.

ССП аумағында су және ауа ортасының ағымдағы ахуалын мониторингілік бақылау жыл сайын жүргізіледі. Мониторинг ССП радиациялық-қауіпті объектілердің шектерінен тыс техногенді радионуклидтер шоғырлануының өзгеру динамикасын бақылауға және техногенді радионуклидтердің ССП радиациялық-қауіпті объектілердің шектерінен тыс таралу мүмкіндігін бағалауға мүмкіндік береді. Мониторингілеу объектілері олардың орналасу орнын ескере отыра, сондай-ақ жүргізілген аналитикалық зерттеулердің нәтижелері бойынша таңдалады.

Жүргізілген мониторингілік бақылаулардың нәтижелері бойынша 2021 жылы ССП су және ауа ортасында техногенді радионуклидтер шоғырлануларының көп өзгеруі тіркелмегендігі анықталды. Судағы радионуклидтер шоғырлануларының аздаған құбылуы тасқын су немесе жауын-шашын мол жауған кезеңдерінде байқалады, тіркелетін өзгерістер сынақ алаңдарының шекараларынан тыс байқалады.

Аймақтың проблемалық мәселелерінің бірі Шаған өзенінің беткі суларының тритиймен ластануы болып табылады. 2021 жыл ағымында ҚР ҰЯО РМК «Радиациялық қауіпсіздік және экология институты» филиалының жүргізген Шаған өзенінің мониторингілік бақылаулары аталған су объектілерінің радиоэкологиялық ахуалының түбегейлі өзгеруі байқалмайтынын көрсетті. Жалпы алғанда, Н₃ бақыланатын деңгейлері мен оның маусымдық өзгерулері бұрын тіркелген мәндердің шектерінде тұр. Күрт өсу жағына қарай көп құбылу байқалмайды. Н₃ деңгейінің 2021 жылғы салыстырмалы түрдегі аздаған түсуі сынақтарды іріктеп алу кезеңіндегі судың өзгеруіне байланысты болуы мүмкін.

2021 жылға қатысты алынған мониторингілік бақылаулар нәтижелері мен 2020 жылғы нәтижелерімен салыстырмалы талдауы ССП жерасты суларындағы тритийдің меншікті белсенділігінің өзгеруі көбею, сол сияқты азаю жағына да өзгеруін көрсетті. Бұл жекелеген учаскелердегі гидрогеологиялық режимнің өзгеруіне байланысты: Н₃ меншікті белсенділігінің төмендеуі жер асты суларының беткі сулармен (жауын-шашын, тасқын су) араласуына тікелей тәуелді. Жұмыстардың нәтижелері бойынша, ССП аумағындағы жерасты суларының радиациялық ахуалы тұрақты, жекелеген учаскелерде Н₃ техногенді радионуклидін мөлшерлік

мәндерінің төмендеуі байқалатыны анықталды. H_3 , Am_{241} , Cs_{137} , Sr_{90} және $Pu_{239+240}$ техногенді радионуклидтерінің ССП солтүстік-батыс бөлігіне көшуі тіркелмеген.


Ауа ортасын мониторингінің нәтижелері полигон аумағында, сондай-ақ ССП аумағына іргелес орналасқан елді мекендерге жақын жерде (Курчатов қ., Саржал а.) ауа ортасында техногенді радионуклидтер шоғырлануларының анықталмағандығын көрсетті. 2021 жылы алынған мониторингілік бақылаулар нәтижелері 2017-2020 жылдарда жүргізілген алдыңғы мониторингілік бақылаулар нәтижелерімен жақсы келісіледі.

Бұрынғы Семей сынақ полигонының аумағын радиоэкологиялық зерттеу

Кешенді экологиялық зерттеудің қорытынды материалдарын дайындау үшін алаңы 2 058,5 км² ССП аумағының шығыс бөлігін кешенді зерттеу бойынша қорытынды жұмыстар орындалды.

11.6.3.2-сурет

ССП кешенді экологиялық зерттеу аумақтары



Көзі: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» РМК.

Cs_{137} , Am_{241} , Sr_{90} және $Pu_{239+240}$ радионуклидтердің алаңдық таралуының нәтижелері бойынша топырақ жамылғысында зерттеудің барлық нүктелерінде осы радионуклидтердің алаңдық белсенділігінің мәндері салыстырмалы түрде қанағаттанарлық жағдайды сипаттайтын мәндерден аспайтыны анықталды.

Су объектілерінің радиациялық ахуалын зерттеу беткі және жер асты суларындағы техногендік радионуклидтер құрамының Sr_{90} және $Pu_{239+240}$ деңгейлері нормативтік мәндерден аспайтынын көрсетті. Демек, зерттелген су объектілері судағы осы радионуклидтердің құрамы бойынша халық үшін радиациялық қауіп төндірмейді.

Радионуклидтердің орташа жылдық көлемдік белсенділігін эксперименттік және есептеу әдісімен анықтау нәтижелеріне сәйкес ауадағы радионуклидтердің құрамы Sr_{90} және $Pu_{239+240}$ нормативтік мәндерден аспайтыны анықталды. Демек, ССП аумағының шығыс бөлігіндегі атмосфералық ауа халық үшін радиациялық қауіп төндірмейді.

Өсімдіктер дүниесінің радиациялық ахуалын зерттеу нәтижесінде өсімдік жамылғысындағы Am_{241} , Cs_{137} , Sr_{90} және $Pu_{239+240}$ радионуклидтерінің құрамы нормативтік мәндерден аспайтыны анықталды. Демек, өсімдіктер әлемінің зерттелген объектілері осы жер учаскесін шаруашылық қызметте пайдалану кезінде қауіп төндірмейді.

Жануарлар дүниесінің радиациялық ахуалына зерттеу жүргізілді. Есептік әдіспен

зерттелетін жер учаскесінде тұяқты жануарлардың етіндегі Cs_{137} және Sr_{90} радионуклидтерінің меншікті белсенділігінің рұқсат етілген мәндерінен асып кету күтілмейтіні анықталды. Тұяқты жануарлар етіндегі Cs_{137} және Sr_{90} радионуклидтердің үлестік белсенділігінің күтілетін максималды мәндері жабайы жануарлар етіндегі радионуклидтер құрамының рұқсат етілген деңгейлерінен тиісінше 200 және 370 есеге аз.

Есептік әдіспен зерттелетін жер учаскесінде ауыл шаруашылығы қызметін жүргізген жағдайда өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерінде Cs_{137} , Am_{241} , Sr_{90} және $Pu_{239+240}$ радионуклидтері бойынша нормативтік мәндердің артуы күтілмейтіні анықталды.

Осылайша, ССП аумағының бүкіл шығыс бөлігінде орташа жылдық тиімді дозаның мәні жылына 0,3 мЗв аспайды. Сондықтан аталған аумақта ядролық сынақтардың зардаптарын жою жөніндегі іс-шараларды жүргізудің қажеті жоқ.

2021 жылы полигон аумағына зерттеу жүргізудің бүкіл кезеңінде алынған қоршаған орта компоненттерінің радиоактивті ластану деңгейлері туралы деректерді талдау және қорыту аяқталды және 2008-2021 жылдар кезеңінде ССП аумағына кешенді экологиялық зерттеу материалдары дайындалды.

Cs_{137} , Am_{241} , Sr_{90} және $Pu_{239+240}$ радионуклидтердің алаңдық таралу нәтижелері бойынша топырақ жамылғысында ССП аумағында осы радионуклидтердің алаңдық белсенділігінің мәндері салыстырмалы түрде қанағаттанарлық жағдайды сипаттайтын мәндерден асатын нүктелер бар екендігі анықталды. Бұл нүктелер 1951 және 1953 жылдары «Тәжірибе даласы» алаңында өткізілген ядролық қаруды сынаудан радиоактивті түсулердің іздерінде, сондай-ақ «4» алаңының шекарасынан оңтүстік-батыс бағытта ~2,5 км қашықтықта және «4а» алаңының жанында, оның шекарасынан шығыс бағытта 2-ден 4 км дейінгі арақашықтықта орналасқан.

Беткі су объектілерінің радиациялық ахуалын зерттеу судағы 133 объектінің (көлдер, бұлақтар, өзендер) радионуклидтер құрамының деңгейі H_3 , Am_{241} , Cs_{137} , Sr_{90} және $Pu_{239+240}$ нормативтік мәндерден аспайтынын көрсетті. Бұл объектілердің көпшілігі ядролық сынақтар жүргізілетін орындардан қашықта орналасқан. Сондай-ақ жер асты суларымен радионуклидтердің түсу ықтималдығы жоқ. Демек, бұл су объектілері халық үшін радиациялық қауіп төндірмейді. Алайда, Қарабұлақ, Ұзынбұлақ, Байтілес, Тоқтакүшік бұлақтарының, Кішкенесор көлінің сулары, сондай-ақ Шаған өзенінің учаскесі «Балапан» алаңының аумағынан шыққаннан кейін Sr_{90} және H_3 радионуклидтер құрамының жоғары деңгейіне ие. Бұл су объектілері халыққа радиациялық қауіп төндіреді.

ССП аумағындағы жерасты суларын зерттеу нәтижелері бойынша радионуклидтердің «Дегелең» және «Балапан» сынақ алаңдарынан тыс жерлерге жылыстауы тіркелді. Бұл «Дегелең» алаңы ауданындағы жер асты суларының көкжиегі Дегелең тау сілемінің негізгі су артериялары бойынша ағысы бар шотельялардан келетін су ағындарының, сондай-ақ «Балапан» алаңының оңтүстік-батыс бөлігіндегі учаскелердің әсер ету аймағында орналасқандығына байланысты, мұнда Кішкенесор көлі ауданында техногендік радионуклидтердің жылыстауы байқалады. Бұл ретте ССП аумағының қалған бөлігінде жерасты суларындағы радионуклидтер құрамының деңгейі H_3 , Am_{241} , Cs_{137} , Sr_{90} және $Pu_{239+240}$ гигиеналық нормативтерге сәйкес нормативтік мәндерден аспайды. Демек, бұл су объектілері халық үшін радиациялық қауіп төндірмейді.

Радионуклидтердің орташа жылдық көлемдік белсенділігін есептеу әдісімен анықтау нәтижесінде ауадағы Am_{241} , Cs_{137} , Sr_{90} радионуклидтердің құрамы нормативтік мәндерден аспайтыны анықталды. $Pu_{239+240}$ радионуклидінің орташа жылдық көлемдік белсенділігі мәнінің артуы 10 нүктеде тіркелген. $Pu_{239+240}$ жоғары құрамы бар нүктелер 1951 және 1953 жылдары «Тәжірибе даласы» алаңында өткізілген ядролық қаруды сынаудан радиоактивті түсулердің ізінде орналасқан.

Өсімдіктер әлемінің радиациялық ахуалын зерттеуге сәйкес өсімдік жамылғысында Cs_{137} , Am_{241} және $Pu_{239+240}$ радионуклидтерінің болуы нормативтік мәндерден аспайды. Sr_{90} радионуклиді үшін 91 нүктеде бақылау деңгейі мәнінің асып кетуі тіркелді. Sr_{90} құрамы жоғары нүктелер 1951 және 1953 жылдары «Тәжірибе даласы» алаңында өткізілген ядролық қаруды сынаудан радиоактивті түсулердің ізінде орналасқан.

Жүргізілген мониторингтік зерттеулердің нәтижелері радиоактивті ластанудың сынақ алаңдарынан олардың шекараларынан тыс жерде орналасқан су пайдаланудың барлық 25 объектісінің суларына жылыстауының жоқтығын көрсетті. Зерттелген объектілердің суларындағы H_3 және Sr_{90} техногендік радионуклидтері құрамдарының деңгейлері нормативті мәндерден аспайды. Демек, зерттелген объектілер тұрғындарға радиациялық қауіп төндірмейді.


Беткі сулардың мониторингі

Шаған өзенінің суларын мониторингілеу учаскелері 3 бекеттен тұрады, олар судағы H_3 максималды шоғырлануы бар арнаның бөлігінде (5 км), Шаған өзені ССП шекарасынан шығар аймағында (14 км) және Шаған өзенінің Ертіс өзеніне құйылатын жерінде (110 км) орналасқан.

Кішкенсор көлін мониторингілеу учаскесі су қоймасының оңтүстік бөлігінде, жер беткі сулардың техногендік радионуклидтермен максималды ластанған жерінде орналасқан. Мониторингілеу учаскелерінің орналасуы 11.6.3.4-суретте ұсынылған.

11.6.3.4-сурет

Шаған және Кішкенсор өзендерін мониторингілеу учаскелері



Көзі: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» РМК.

Шаған өзенінің арнасындағы «5 км», «14 км» және «110 км» учаскелеріндегі жер беткі сулардың радиоэкологиялық ахуалына, сонымен қатар, Кішкенесор көлінің мониторингілеу учаскесінде маусымдық мониторингілеу жүргізілді. H_3 меншікті белсенділігінің мөлшерлік мәндері Шаған өз. арнасының «Атом» көлінен ағыс бойынша төмен қарай бағыттағы «5 км» және «14 км» учаскелерінде белгіленген. H_3 максималды шоғырлануы сәуірде «5 км» учаскесінде тіркелген, мұнда H_3 меншікті белсенділігі 75 000 Бк/кг құрады. Судағы H_3 минималды шоғырлануы «110 км» учаскесінде тіркелді (4 Бк/кг аспайды).

Кішкенесор көлінің мониторингілеу учаскесінде H_3 судағы меншікті белсенділігі 110 000 Бк/кг, Sr_{90} – 10 Бк/кг мәндеріне жетеді, бұл араласу деңгейінің мәнінен (H_3 – 7600 Бк/кг, Sr_{90} – 4,9 Бк/кг) жоғары.

Жалпы, 3Н байқалған деңгейлері және оның маусымдық өзгерістері бұрын белгіленген мәндердің шектерінде. Күрт өсу бағытындағы қандай да бір айтарлықтай ауытқулар


анықталған жоқ. 2021 жылдағы H_3 деңгейінің салыстырмалы түрдегі шамалы төмендеуі сынама алу кезеңіндегі су деңгейінің өзгеруімен шарттасуы мүмкін.

Жер асты суларын мониторингілеу

2021 жылы техногендік радионуклидтердің жер асты суларымен ССП сынақ алаңдарынан тыс ықтимал жылыстауын бақылау үшін полигон аумағында орналасқан гидрогеологиялық мониторингілеу ұңғымаларына зерттеу жүргізілді (11.6.3.5-сурет).

11.6.3.5-сурет

Жер асты суларын мониторингілеу ұңғымалары



Көзі: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» РМК.

2020-2021 жж. кезеңіндегі мониторингілеу деректеріне сәйкес жер асты суларындағы 3H меншікті белсенділігінің өзгеруі тіркелген. Осылайша, «Балапан» алаңындағы 2 ұңғыманың суларында араласу деңгейінің мәнінен 11 есе асатын H_3 меншікті белсенділігінің жоғарылаған мәні байқалады. «Сары-Өзен» алаңы (2805/1, 2816 және 2815) және «Дегелең» алаңы (30А, 33Р, А-1/16) ауданында орналасқан ұңғымалардың суындағы H_3 тіркелген мәндері араласу деңгейінің мәнінен аспайды. «Телкем» алаңының жер асты сулары бойынша тұрақты жағдай байқалды, 3 мониторингілеу ұңғымасында H_3 құрамының өзгерістері анықталған жоқ.


2021 жылы алынған мониторингілік бақылаулардың нәтижелері және 2020 жылдың нәтижелерімен деректерді салыстырмалы талдау ССП жер асты суларындағы H_3 меншікті белсенділігінің жоғары және төмен қарай өзгеруін көрсетті. H_3 меншікті белсенділігінің өзгеруі белгілі бір учаскелердегі гидрогеологиялық режимнің өзгеруімен байланысты. H_3 меншікті белсенділігінің төмендеуі жер асты суларының беткі суларымен (жауын-шашын, тасқын сулар) араласуына тікелей байланысты. Жұмыстар нәтижелері бойынша ССП аумағында жер асты суларының радиациялық ахуалы тұрақты, жекелеген учаскелерде H_3 техногендік радионуклиді мөлшерлік мәндерінің төмендеуі байқалады. H_3 , Am_{241} , Cs_{137} , Sr_{90} және $Pu_{239+240}$ техногендік радионуклидтерінің ССП солтүстік-батыс бөлігіне жылыстауы белгіленбеген. Демек, зерттелген жер асты сулары тұрғындар үшін радиациялық қауіп төндірмейді.

Ауа ортасын мониторингілеу

Жүргізілген жұмыстар нәтижелері ССП аумағында, сондай-ақ ССП іргелес аумақта орналасқан елді мекендерге жақын аумақта (Курчатов қ., Саржал а. (№12 пункті) ауа ортасында техногенді радионуклидтердің жоғары шоғырлануының табылмағандығын көрсетті. ССП аумағындағы ауаны мониторингілеу бекеттерінің орналасу картасы 11.6.3.6-суретте ұсынылған.

11.6.3.6-сурет

Ауаны мониторингілеу бекеттері



Көзі: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» РМК.

2021 жылы алынған мониторингілік бақылаулар нәтижелері 2017-2020 жылдарда жүргізілген алдыңғы мониторингілік бақылаулар нәтижелерімен жақсы келісіледі.

Сонымен, ССП аумағында радиациялық ахуал тұрақты және тұрғындар үшін қауіп төндірмейді. Бұрын таңдап алынған ауаны мониторингілеудің 5 бекеті ССП аумағындағы ағымдағы радиациялық ахуалды бақылау үшін жеткілікті.

Ұсыныстар мен болжамдар

ССП аумағының көп бөлігінде табиғат ортасының объектілеріндегі радионуклидтердің мөлшері рұқсат етілген деңгейде тұр және ядролық қару сынақтарының зардаптарын жою бойынша ешқандай шараларды, 1951 және 1953 жылдарда «Тәжірибе даласы» алаңында жүргізілген ядролық қару сынағынан болған радиоактивті түсулердің іздерінде, сондай-ақ «4» алаңының шекарасынан оңтүстік-батыс бағытта ~2,5 км арақашықтықта және «4а» алаңына жақын, оның шекарасынан батыс бағытта 2-ден 4 км дейінгі арақашықтықта орналасқан учаскелерден басқа аумақта жүргізу қажет емес.

Радиациялық-ластанған учаскелердің жалпы ауданы 1 426,8 км² (ССП сынақ алаңдарының шекараларынан тыс), бұл жалпы зерттеу алаңының 7,8 % құрайды. Аталған учаскелерде ядролық қару сынақтарының зардаптарын жою бойынша шараларды жүргізу қажет. Ұсынылатын шара – соңынан арнайы бөлінген орындарда көмуімен 10 см тереңдікке дейін құмтопырақтың беткі қабатын алу. Бұл радиоактивті ластануды жоюға немесе аса қауіпті учаскелерде оның деңгейлерін төмендетуге мүмкіндік береді. Аталған учаскелерді қор жерлері санатынан шығару қажеттілігі жоқ кезде физикалық кедергілерді ұйымдастыру арқылы баруды шектеу жүйелерін құруды ұсынуға болады. Кедергілердің осындай түрлеріне

шектеу орларын дайындау және қоршау құрылыстарын құруды жатқызуға болады.

Жоғарыда аталған ремедиациялау шараларын жүргізу ССП аумағын кешенді экологиялық зерттеу жүргізу нәтижесінде анықталған барлық радиоактивті-ластанған учаскелер үшін өзекті.

ССП аумағында радиациялық ахуал жағдайын болжамды бағалау нәтижелеріне сәйкес бөлініп алынған аймақтарда («Тәжірибе даласы» алаңында ядролық сынақтан болған радиоактивті түсулердің іздер маңы және жер учаскесінің қалған бөлігі) топырақтағы жасанды радионуклидтердің мөлшері 100 жылдан соң Cs_{137} және Sr_{90} үшін аймақтардың экологиялық ахуалын бағалау критерийлерінде көрсетілген топырақтардың ахуалын бағалауға арналған көрсеткіштерден аспайтын болады. Cs_{137} алаңдық белсенділігінің максималды мәні ~ 11 кБк/м² тең болады, бұл рұқсат етілген деңгейлерден 6,8 есе төмен; $Sr_{90} \sim 37$ кБк/м², бұл рұқсат етілген деңгейлерден 3,2 есе төмен; $Am_{241} \sim 72$ кБк/м², что рұқсат етілген деңгейлерден 6,8 есе төмен. ССП қалған бөлігіндегі $Pu_{239+240}$ максималды мәні де сол сияқты топырақтардың ахуалын бағалауға арналған көрсеткіштерден аспайды және $Pu_{239+240} \sim 226$ кБк/м² құрайды, бұл сәйкесінше рұқсат етілген деңгейлерден 1,8 есе төмен. Алайда, «Тәжірибе даласы» алаңында ядролық сынақтан болған радиоактивті түсулердің іздер маңындағы $Pu_{239+240}$ алаңдық белсенділігінің максималды мәндері жоғарылайды және ~ 854 кБк/м² құрайды, бұл рұқсат етілген көрсеткіштерден 2,1 есе жоғары.

Жүргізілген есептердің нәтижелері бойынша зерттеліп жатқан аумақтың радиоактивті ластану ауданы жиынтық орташа жылдық тиімді доза мәндері жылына 0,3 мЗв асатын 100 жылдан соң 73% (1 426,8 км² -ден 390,1 км² дейін) төмендейді.

11.6.4. «БАЙҚОҢЫР» ЗЫМЫРАН-ҒАРЫШ КЕШЕНІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӘСЕРІНЕ ҰШЫРАҒАН АУМАҚТАРДЫҢ МОНИТОРИНГІ

2021 жылы Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитетінің «Инфракос» РМК Қазақстан Республикасының «Байқоңыр» кешенінің ғарыштық-зымыран қызметінің әсеріне түсіп отырған аймақтарға экологиялық мониторинг жүргізді.

2021 жыл ішінде тасымалдағыш-зымырандардың (ТЗ) 13 ұшырылымына экологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүргізілді. Соның ішінде «2021 жылғы Байқоңыр ғарыш айлағынан тасымалдағыш-зымырандардың ұшырылымдарын бірлескен түрде экологиялық сүйемелдеу жоспарын» жүзеге асыру шеңберінде ТЗ 6 ұшырылымына және 010 «Қазақстан Республикасының «Байқоңыр» кешенінің ғарыштық-зымыран қызметінің әсеріне түсіп отырған аймақтарға экологиялық мониторинг жүргізу қызметтері» Республикалық бюджеттік бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде «Союз-2.1а» ТЗ 7 ұшырылымына экологиялық сүйемелдеу жүргізілді.

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен келісілген және «Роскосмос» мемлекеттік корпорациясымен бекітілген 2021 жылғы Байқоңыр ғарыш айлағынан тасымалдағыш-зымырандардың ұшырылымдарын бірлескен түрде экологиялық сүйемелдеу жоспарына сәйкес, 2021 жылдың 28 қаңтарында төмендегі ұшырылымдарды экологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүргізілді:

- «Протон-М» ТЗ екі ұшырылымы: «Наука» КЗМ-мен «Протон-М» ТЗ (21.07.2021 ж.) және «Экспресс-АМУ3» ҒА-мен және «Экспресс-АМУ7» ҒА-мен «Протон-М» ТЗ (13.12.21 ж.);

- «Союз-2.1а» ТЗ бір ұшырылымы: «CAS500-1» ҒА-мен және 37 шетелдік ғарыш аппаратымен (22.03.2021 ж.);

- «Союз-2.1б» ТЗ үш ұшырылымы – OneWeb ҒА-мен (35-миссия) «Союз-2.1б» ТЗ (22.08.21 ж.), «OneWeb» ҒА-мен 36-миссия «Союз-2.1б» ТЗ (14.09.21 ж.), «OneWeb» ҒА-мен (37-миссия) «Союз-2.1б» ТЗ (27.12.21 ж.).

«Наука» КЗМ-мен «Протон-М» ТЗ ұшырылымын экологиялық сүйемелдеу жұмыстарын орындау барысында «Байқоңыр» ғарыш айлағының орналасу ауданында 200-алаңш. СК

орналасу ауданында ТЗ-ға отын құю бойынша арнайы жұмыстарды жүргізу кезінде және «Наука» КЗМ-мен «Протон-М» ТЗ-ның ұшырылымынан кейін қоршаған орта нысандарының (атмосфералық ауа, топырақ) ластануын бақылау жұмыстары жүргізілді.

ТЗ-ға отын мен тотықтырғыш құю кезінде отын құю станциясының (ОС) санитарлық-қорғау аймағының (СҚА) шекарасында атмосфералық ауа 8 рет өлшеніп және 4 сынамасы алынды. ТЗ ұшырылымынан кейін 8 топырақ сынамасы алынды. Сандық химиялық талдау нәтижелері бойынша атмосфералық ауа сынамаларынан симметриялы емес диметилгидразин (СЕДМГ) табылмады, азот диоксиді мен күкірт диоксидінің мөлшері 0,2 және 0,5 мг/м³ шамаларына тең шекті жарамды ең жоғары біржолғы шоғырланудан (ШЖШ_{е.б.}) аспады. «Байқоңыр» ғарыш айлағының орналасу ауданынан алынған топырақ сынамаларынан СЕДМГ мен нитрозодиметиламин (НДМА) және нитрит-иондар табылмады. Нитрат-иондардың мөлшері шекті жарамды шоғырланудан аспады (130 мг/кг).

Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы «Протон-М» ТЗ бірінші сатысының құлау ауданында (№ 25, 15 ҚА) атмосфералық ауа 10 рет аспаппен өлшенді, 54 топырақ сынамасы алынды (ұшырылымнан кейінгі экологиялық зерттеу).

Келісімшарттың шарттарына сәйкес, Қазақстан және Ресей тарапымен 35 топырақ сынамасына сандық химиялық талдау жүргізілді.

Қазақстан тарапымен жүргізілген сандық химиялық талдау нәтижесінде 35 топырақ сынамасынан СЕДМГ табылмады. НДМА талдаудан өткізілген 35 сынаманың 6-нан шекті жарамды шоғырланудан (ШЖШ – 0,01 мг/кг) 5 еседен 70 есеге дейін артық мөлшерде табылды. 9 топырақ сынамасынан нитрат-ионның мөлшері ШЖШ 1,0 еседен 8 есеге дейін артық мөлшерде табылды, қалған 26 топырақ сынамасында нитрат-ионның шоғырлануы ШЖШ (130 мг/кг) аспайды, 7 сынамадағы нитрит-ионның мөлшері 1,19 бастап 13,50 мг/кг дейінгі мөлшерді құрады. Қалған 28 топырақ сынамасынан нитрит-ион ионды хроматография әдісінің сезімталдығы шегінде (1,00 мг/кг) табылмады.

Ресей тарапына 2021 жылдың көктем-жаз маусымында НДМА бойынша ШЖШ шамасынан асу тіркелген нүктелерді қосымша зерттеу туралы ұсыныс жасалды.

«Экспресс-АМУ3» ҒА-мен және «Экспресс АМУ7» ҒА-мен «Протон-М» ТЗ ұшырылымын экологиялық сүйемелдеу жұмыстарын жүргізу барысында «Байқоңыр» ғарыш айлағының орналасу ауданында «Бриз-М» ҮБ отын құю бойынша арнайы жұмыстарды жүргізу кезінде және одан кейін 92А-50 алаңш. ОҚА-да және 200-алаңш. СК-да ТЗ-ға отын құю бойынша арнайы жұмыстарды орындау кезінде және «Экспресс-АМУ3» ҒА-мен және «Экспресс АМУ7» ҒА-мен «Протон-М» ТЗ ұшырылымынан кейін қоршаған орта нысандарының ластану деңгейін бақылау жұмыстары жүргізілді.

92А-50 алаңш. ОҚА-да «Бриз-М» үдеткіш блогының (ҮБ) шандарына отын мен тотықтырғыш құю кезінде атмосфералық ауа 8 рет аспаппен өлшеніп және оның 4 сынамасы алынды және атмосфералық ауаның 12 сынамасын алу жұмыстарына қатысты. «Бриз-М» ҮБ-ға отын құю бойынша арнайы жұмыстар аяқталғаннан кейін 8 топырақ сынамасы алынды.

200-алаңш. СК орналасу ауданында «Протон-М» ТЗ-ға отын мен тотықтырғыш құю бойынша арнайы жұмыстарды орындау кезінде және «Экспресс-АМУ3» ҒА-мен және «Экспресс АМУ7» ҒА-мен «Протон-М» ТЗ ұшырылымынан кейін атмосфералық ауа 4 рет аспаппен өлшеніп және атмосфералық ауаның 4 сынамасын алу жұмыстарына қатысып, 8 топырақ сынамасы алынды.

Орналасу ауданында жұмыстарды орындау кезінде атмосфералық ауа сынамаларын сандық химиялық талдау нәтижелері бойынша симметриялы емес диметилгидразин (СЕДМГ) табылмады, азот диоксиді мен күкірт диоксидінің мөлшері 0,2 және 0,5 мг/м³ шамаларына тең шекті жарамды ең жоғары біржолғы шоғырланулардан (ШЖШ_{е.б.}) аспады. «Байқоңыр» ғарыш айлағының орналасу ауданындағы топырақ сынамаларынан СЕДМГ, нитрозодиметиламин (НДМА) мен нитрит-иондар табылмады. Нитрат-иондардың мөлшері шекті жарамды шоғырланулардан аспады (130 мг/кг).

«Наука» КЗМ-мен «Протон-М» ТЗ-ның және «Экспресс-АМУ3» ҒА-мен және «Экспресс АМУ7»

ҒА-мен «Протон-М» ТЗ-ның әрбір ұшырылымынан кейін «ВПК НПО «Машиностроение» АҚ-ның №1 базасы мен «Барс» фирмасының жұмыс тобымен «Инфракос» РМК өкілдерінің көзінше қозғалтқыш қондырғылар және олардың құлаған жерлері калий перманганатының ерітіндісімен тазартылды, «Протон-М» ТЗ АБ бөліктері артынша кәдеге жарату үшін бөлшектеліп және құлау ауданынан (№ 25,15 ҚА) шығарылып әкетілді.

Байқоңыр ғарыш айлағының орналасу ауданында (31-алаңш. СК) және Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысының Ырғыз ауданының және Қостанай облысының Жангелді ауданының аумағындағы ТЗ бірінші сатысының құлау ауданында (№ 120 ҚА) «CAS500-1» ҒА-мен «Союз-2.1а» ТЗ ұшырылымын (22.03.2021 ж.). Экологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүргізілді.

«CAS500-1» ҒА-ны «Союз-2.1а» ТЗ-ны пайдаланумен ұшыруға дайындау және ұшыру кезінде Байқоңыр ғарыш айлағының орналасу ауданында 31-алаңш. СК санитарлық-қорғау аймағының (СҚА) шекарасында «Союз-2.1а» ТЗ-ға отын мен тотықтырғыш құю кезінде және «CAS500-1» ҒА-мен «Союз-2.1а» ТЗ ұшырылымынан кейін қоршаған орта нысандарының (атмосфералық ауа, топырақ) ластану деңгейін бақылау жұмыстары жүргізілді. «Союз-2.1а» ТЗ-ға отын құю кезінде атмосфералық ауа аспаппен 12 рет өлшенді және атмосфералық ауаның 6 сынамасын алу жұмыстарына қатысты, «CAS500-1» ҒА-мен «Союз-2.1а» ТЗ ұшырылымынан кейін 8 топырақ сынамасы алынды.

Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысының Ырғыз ауданының және Қостанай облысының Жангелді ауданының аумағында орналасқан «Союз-2.1а» ТЗ бірінші сатысының құлау ауданында (№120 ҚА) 37 топырақ сынамасы және 7 қар сынамасы алынды, атмосфералық ауаның жерге жақын қабаты 32 рет аспаппен өлшенді.

31-алаңш. СК СҚА шекарасында «Союз-2.1а» ТЗ отын құю кезінде атмосфералық ауаны 12 рет аспаптық өлшеудің нәтижесі бойынша атмосфералық ауадағы С6 және одан жоғары қаныққан көмірсутегілердің шоғырлануы (жиыны) елді мекендердің атмосфералық ауасындағы 30 мг/м³ шамасына тең С6 және одан жоғары қаныққан көмірсутегілердің әсер етуінің жуықтап алынған қауіпсіз деңгейінен (ӘЖҚД) аспады.

31-алаңш. СК СҚА шекарасында «CAS500-1» ҒА-мен «Союз-2.1а» ТЗ ұшырылымынан кейін алынып, талдаудан өткізілген 4 топырақ сынамасын сандық химиялық талдау нәтижелері бойынша олардың құрамындағы мұнай өнімдерінің мөлшері 9,85 және 12,00 мг/кг аралығындағы шаманы құрады (топырақтағы мұнай өнімдерінің ШЖШ-сы белгіленбеген).

№120 ҚА (Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысының Ырғыз ауданы және Қостанай облысының Жангелді ауданы) «Союз-2.1а» ТЗ бүйірлік блоктарының құлау орындарында жүргізілген аспаптық өлшеу нәтижелері бойынша атмосфералық ауадан көміртегі оксидтері, азот оксидтері, азот диоксидтері мен қаныққан көмірсутегілер индикаторлық түтікшелердің сезімталдығы шегінде табылмады.

№120 ҚА бүйірлік блоктардың құлау орындарында «CAS500-1» ҒА-мен «Союз-2.1а» ТЗ ұшырылымы кезінде мұнай өнімдері талдаудан өткізілген 26 топырақ сынамасының 12-сінен 5,75 және 791,25 мг/кг аралығындағы шоғырлану шамасында табылды, топырақтың қалған 14 сынамасынан мұнай өнімдері табылмады. Талдаудан өткізілген 4 қар сынамасында мұнай өнімдерінің шоғырлануы 0,02 және 0,18 мг/дм³ аралығындағы шаманы құрады.

Байқоңыр ғарыш айлағынан «OneWeb» ҒА-мен (35-миссия, 36-миссия және 37-миссия) «Союз-2.1б» ТЗ-ның 22.08.2021 ж., 14.09.2021 ж. және 27.12.2021 ж. Қостанай облысының Жангелді ауданындағы № 120 ҚА пайдаланумен 3 ұшырылымын экологиялық сүйемелдеу жұмыстары орындалды. Қоршаған орта нысандарындағы ластағыш заттардың шоғырлануы туралы деректер алу үшін Байқоңыр ғарыш айлағының орналасу ауданында, №120А құлау ауданы мен «Союз-2.1б» ТЗ бірінші сатысының құлау ауданына іргелес аймақтарда орналасқан елді мекендерінің – Торғай, Қарасу, Ақкөл (Збан) ауылдарының, Шөптікөл және Сызай (Аяқакқұм) қыстауларының тіршілік ортасы зерттелді.

Байқоңыр ғарыш айлағының орналасу ауданында «OneWeb» ҒА-мен (35-миссия, 36-миссия және 37-миссия) «Союз-2.1б» ТЗ-ның 3 ұшырылымы кезінде отын құю-бейтараптандыру станциясының (ОБС) санитарлық-қорғау аймағының (СҚА) шекарасында «Фрегат» үдеткіш

блогына (ҮБ) отын құю кезінде атмосфералық ауа сынамаларын, үдеткіш блокқа отын құйғаннан кейін топырақ сынамасын алумен жұмыстар жүргізілді. Старттық кешенінің (СК) СҚА шекарасында ТЗ-ға отын құю бойынша арнайы жұмыстарды орындау кезінде атмосфералық ауа сынамалары және ТЗ ұшырылымынан кейін топырақ сынамалары алынды.

Байқоңыр ғарыш айлағының орналасу ауданында ҚБССҚА-да «Союз-2.1б» ТЗ-ның үш ұшырылымын экологиялық сүйемелдеу жұмыстарын орындау барысында атмосфералық ауа 12 рет аспапен өлшеніп, атмосфералық ауаның 6 сынамасы және 24 топырақ сынамасы алынды. Отын құю станциясында (ОС) атмосфералық ауаны аспапен 12 рет өлшеу нәтижесі бойынша атмосфералық ауадағы азот диоксиді мен күкірт диоксидінің мөлшері ШЖШ (0,2 және 0,5 мг/м³) аспайды, отын құю станциясында атмосфералық ауаның 6 сынамасынан СЕДМГ табылмады. 24 қар сынамасынан СЕДМГ мен НДМА табылмады, нитрат-ион бойынша ШЖШ шамасынан асу жағдайлары анықталмады, нитрит-ион 7 сынамада 3,2 және 23,16 мг/кг аралығындағы шоғырлану шамасында табылды, топырақтың қалған 17 сынамасынан нитрит-ион табылмады.

СК санитарлық-қорғау аймағының шекарасында «Союз-2.1б» ТЗ-ға отын құю кезінде атмосфералық ауа аспапен 9 рет өлшенді, ТЗ ұшырылымынан кейін 24 топырақ сынамасы алынды. Атмосфералық ауаны аспапен 9 рет өлшеу кезінде С6 және одан жоғары қаныққан көмірсутегілер 11,6 және 16,4 мг/м³ аралығындағы мөлшерде анықталды, бұл ӘЖҚД (30 мг/м³) аспайды, 13 топырақ сынамасындағы мұнай өнімдерінің мөлшері 5,35 және 27,38 мг/кг аралығындағы шаманы құрады, 11 топырақ сынамасынан мұнай өнімдері табылмады.

Қостанай облысының Жангелді ауданының аумағындағы №120 Құлау аймағында (ҚА) атмосфералық ауа аспапен 336 рет өлшенді, 143 топырақ сынамасы, 49 қар сынамасы, 18 табиғи су сынамасы алынды. №120 ҚА бақылау нүктелерінде және іргелес аймақта «Союз-2.1б» ТЗ-ның 3 ұшырылымына дейін және одан кейін атмосфералық ауа аспапен 240 рет өлшенді, 40 топырақ сынамасы, 20 қар сынамасы және 18 табиғи су сынамасы алынды. Бүйірлік блоктардың құлау орнында атмосфералық ауа аспапен 96 рет өлшенді, 103 топырақ сынамасы, 29 қар сынамасы алынды.

Орындалған жұмыстардың нәтижелері бойынша №120 ҚА бақылау нүктелерінде және іргелес аймақта атмосфералық ауаны 60 рет аспапен өлшеу кезінде көміртек оксидтері табылмады, азот оксидтерінің мөлшері ШЖШ (0,4 мг/м³) аспайды, азот диоксидінің мөлшері ШЖШ (0,2 мг/м³) аспайды, С₆ және одан жоғары қаныққан көмірсутегілердің мөлшері 8,1 және 15,1 мг/м³ аралығындағы шаманы құрады – бұл ӘЖҚД (30 мг/м³) төмен. Бақылау нүктелерінде 20 қар сынамасынан мұнай өнімдері 0,02 және 0,04 мг/дм³ аралығындағы шоғырлану шамасында табылды. 23 топырақ сынамасынан мұнай өнімдері табылмады, 17 топырақ сынамасындағы мұнай өнімдерінің шоғырлануы 5,73 және 16,14 мг/кг аралығындағы шаманы құрады. ҚА бақылау нүктелеріндегі және іргелес аймақтағы 14 су сынамасынан мұнай өнімдері 0,01 және 0,02 мг/дм³ аралығындағы шоғырлану шамасында табылды, 4 су сынамасынан мұнай өнімдері табылмады.

Бүйірлік блоктардың құлау орнында атмосфералық ауаны аспапен 24 рет өлшеу кезінде:

- көміртек оксидтері табылмады;
- азот оксидінің мөлшері ШЖШ (0,4 мг/м³) аспайды;
- азот диоксидінің мөлшері ШЖШ (0,2 мг/м³) аспайды;
- С₆ және одан жоғары қаныққан көмірсутегілер 24,7 және 29,3 мг/м³ аралығындағы шоғырлану шамасында табылды.

29 қар сынамасындағы мұнай өнімдерінің мөлшері 0,02 және 439,0 мг/дм³ аралығындағы шаманы құрады. 103 топырақ сынамасының 91-нен мұнай өнімдері 4,4 және 13 500,0 мг/кг аралығындағы шоғырлану шамасында табылды, 12 топырақ сынамасынан мұнай өнімдері табылмады.

«OneWeb» ҒА-мен «Союз-2.1б» ТЗ-ның әрбір ұшырылымынан кейін «Бәйтерек» БК» АҚ мен «ВПК «НПО «Машиностроение» АҚ №1 базасының жұмыс тобы №120 ҚА-ғы «Союз-2.1б» ТЗ АБ бөлшектерін артынан кәдеге жарату үшін бөліп, жинап әкетті.

«OneWeb» ҒА-мен «Союз-2.1б» ТЗ-ның 3 ұшырылымы кезінде «Союз-2.1б» ТЗ-ның бірінші сатысының құлау ауданына іргелес аймақтарда орналасқан елді мекендерінің – Торғай, Қарасу, Ақкөл (Збан) ауылдарының, Шөптікөл және Сызай (Аяқакқұм) қыстауларының тіршілік ортасы зерттелді.

«OneWeb» ҒА-мен «Союз-2.1б» ТЗ-ның ұшырылымына дейін және одан кейін тіршілік ортасының күйіне баға беру үшін атмосфералық ауа аспаппен 378 рет өлшенді 42 қар сынамасы, 84 топырақ сынамасы и 126 ауыз су сынамасы алынды.

Атмосфералық ауа. «OneWeb» ҒА-мен «Союз-2.1б» ТЗ-ның 3 ұшырылымына дейін және одан кейін Торғай, Қарасу, Ақкөл (Збан) ауылдарындағы 5 нүктеде және Шөптікөл және Сызай (Аяқакқұм) қыстауларындағы 3 нүктеде атмосфералық ауаны аспаппен 378 рет өлшеу нәтижелері бойынша азот диоксидінің шоғырлануы $0,001$ және $0,071$ мг/м³ аралығындағы шаманы құрады (ШЖК_{е.б.} $0,2$ мг/м³), азот оксидінің шоғырлануы $0,001$ және $0,041$ мг/м³ аралығындағы шаманы құрады және $0,4$ мг/м³ шамасына тең ең жоғары-біржолғы шекті жарамды шоғырланудан аспады, С₆ және одан жоғары қаныққан көмірсутегілердің шоғырлануы (жиыны) $5,0$ және $27,6$ мг/м³ аралығындағы шаманы құрады, бұл елді мекендердің атмосфералық ауасындағы 30 мг/м³ шамасына тең әсер етудің жуықтап алынған қауіпсіз деңгейінен аспады.

Қар. Қар сынамалары «OneWeb» ҒА-мен (37-миссия) «Союз-2.1б» ТЗ-ның 3 ұшырылымына дейін және одан кейін Торғай, Қарасу, Ақкөл (Збан) ауылдарынан, Шөптікөл және Сызай (Аяқакқұм) қыстауларынан алынған болатын. 42 қар сынамасында: мұнай өнімдері $0,001$ және $5,23$ мг/дм³ аралығындағы шоғырлану шамасында табылды (қардағы мұнай өнімдеріне арнап ШЖШ белгіленбеген), нитрат-иондардың шоғырлануы – $0,26$ және $2,24$ мг/дм³ аралығындағы шамасы (қардағы нитрат-иондарға арнап ШЖШ белгіленбеген), 4 қар сынамасындағы нитрит-иондардың шоғырлануы $0,005$ және $0,014$ мг/дм³ аралығындағы шаманы құрады, 38 қар сынамасынан нитрит-ион флуориметриялық әлдістің сезімталдығы шегінде ($0,005$ мг/дм³) табылмады (қар сынамасындағы нитрит-иондарға арнап ШЖШ белгіленбеген). Қар сынамаларының рН реакциясы $6,76$ және $7,49$ аралығындағы шамалармен бейтараптан бастап төмен сілтілігіге дейін барады.

Топырақ. Топырақ сынамалары «OneWeb» ҒА-мен «Союз-2.1б» ТЗ-ның 2 ұшырылымына (35-миссия және 36-миссия) дейін және одан кейін Торғай, Қарасу, Ақкөл (Збан) ауылдарынан, Шөптікөл және Сызай (Аяқакқұм) қыстауларынан алынған болатын. «Союз-2.1б» ТЗ-ның ұшырылымына дейін және одан кейін алынған 84 топырақ сынамасындағы мұнай өнімдерінің мөлшері $4,95$ және $43,86$ мг/кг аралығындағы шаманы құрады (топырақтағы мұнай өнімдеріне арнап ШЖШ белгіленбеген), нитрат-ионның шоғырлануы $0,26$ және $2,24$ мг/кг аралығындағы шаманы құрады және ШЖШ (130 мг/кг) аспады, 4 топырақ сынамасында нитрит-ионның мөлшері $0,005$ және $0,014$ мг/кг аралығындағы шаманы құрады (топырақтағы нитрит-иондарға арнап ШЖШ белгіленбеген), топырақтың қалған 38 сынамасынан нитрит-ион ионды хроматография әдісінің сезімталдығы шегінде ($1,00$ мг/кг) табылмады. 84 топырақ сынамасының тұз сорындысындағы рН реакциясы – $7,01$ және $8,49$ аралығындағы мәндермен бейтараптан бастап жоғары сілтілігіге дейін өзгеріп отырады.

Ауыз су. Торғай, Қарасу, Ақкөл (Збан) ауылдарынан, Шөптікөл және Сызай (Аяқакқұм) қыстауларынан алынған 102 ауыз су сынамасындағы мұнай өнімдерінің шоғырлануы $0,006$ және $0,098$ мг/дм³ аралығындағы шаманы құрады, бұл шама $0,1$ мг/дм³ге тең ШЖШ мәнінен аспайды. Ауыз судың қалған 24 сынамасынан мұнай өнімдері флуориметриялық әлдістің сезімталдығы шегінде ($0,005$ мг/дм³) табылмады.

126 ауыз су сынамасының ешқайсысынан нитрат-ион бойынша ШЖШ мәнінен ($45,0$ мг/дм³) асу тіркелмеді, нитрат-ионның шоғырлануы $0,02$ және $3,78$ мг/дм³ аралығындағы шаманы құрады. 69 ауыз су сынамасындағы нитрит-ионның шоғырлануы $3,0$ мг/дм³ мәніне тең ШЖШ-дан аспады және $0,006$ және $0,289$ мг/дм³ аралығындағы шаманы құрады, 57 ауыз су сынамасынан нитрит-ион флуориметриялық әлдістің сезімталдығы шегінде ($0,005$ мг/дм³) табылмады. Ауыз су сынамалары $6,39$ және $8,19$ аралығындағы мәндермен бейтараптан бастап

аз сілтілі рН реакциясына ие.

2021 жылы «Союз» ТЗ-ның 7 ұшырылымын экологиялық сүйемелдеу және «Байқоңыр» ғарыш айлағының позициялық ауданына іргелес елді мекендердің және «Союз» ТЗ бірінші сатысының құлау аудандарымен шектес аумақтардағы елді мекендердің мекендеу ортасының жай-күйін бақылау бойынша жұмыстар орындалды, оның ішінде:

- «Прогресс МС-16» КЖК-мен (15.02.2021 ж.), «Прогресс МС-17» КЖК-мен (30.06.2021 ж.) және «Прогресс МС-18» КЖК-мен (28.10.2021 ж.) «Союз-2.1а» ТЗ 3 ұшырылымын;

- «Ю.А. Гагарин» ҰКК-мен («Союз МС-18») (09.04.2021 ж.), «Союз МС-19» ҰКК-мен (05.10.2021 ж.) және «Союз МС-20» ҰКК-мен (08.12.2021 ж.) «Союз-2.1а» ТЗ 3 ұшырылымын;

- «Прогресс М-УМ» КЖМК-мен «Союз-2.1б» ТЗ-ның бірінші ұшырылымын (24.11.2021 ж.) экологиялық сүйемелдеу және «Байқоңыр» ғарыш айлағының орналасу ауданына іргелес елді мекендердің және «Союз» ТЗ бірінші сатысының құлау аудандарымен іргелес елді мекендердің тіршілік ортасын бақылау жұмыстары жүргізілді.

Жұмыстар «Союз» ТЗ-ның 7 ұшырылымының барлығында «Байқоңыр» ғарыш айлағының орналасу ауданында отын құю станциясында және старттық кешенде, Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы Ю-25 аймағында (49, 67, 70 ҚА), «Байқоңыр» ғарыш айлағының орналасу ауданына іргелес елді мекендерде – Байқоңыр қ., Ақай а., Төрегам к. және «Союз» ТЗ бірінші сатысының құлау аудандарына іргелес аймақтағы Жезқазған қ. Талап а. жүргізілді.

«Союз» ТЗ-ның сүйемелденген 7 ұшырылымы кезінде «Байқоңыр» ғарыш айлағының орналасу ауданында атмосфералық ауа аспаппен 49 рет өлшенді, атмосфералық ауаның 14 сынамасы, топырақтың беткі қабатының 112 сынамасы алынды. 31-алаңшаның старттық кешенінің СҚА шекарасында «Союз» ТЗ-ның сүйемелденген 7 ұшырылымы атмосфералық ауа аспаппен 28 рет өлшеніп, атмосфералық ауаның 14 сынамасы, топырақтың беткі қабатының 56 сынамасы алынды.

ҰКК мен КЖК-ға отын мен тотықтырғыш құю кезінде атмосфералық ауаны 28 рет аспаппен өлшеу кезінде азот диоксиді мен күкірт диоксиді бойынша ШЖШ_{е.б.} шамасынанау жағдайлары анықталмады. ҰКК мен КЖК-ға отын құю кезінде 31-алаңшаның ОС СҚА шекарасынан алынған атмосфералық ауаның 14 сынамасының ешқайсысынан СЕДМГ табылмады.

ҰКК мен КЖК-ға отын мен тотықтырғыш құю бойынша арнайы жұмыстар жүргізілгеннен кейін 31-алаңшаның ОС СҚА шекарасынан алынған 56 топырақ сынамасының ешқайсысынан СЕДМГ, НДМА және нитрит-иондар табылмады. Нитрат-ион бойынша ШЖШ асу жағдайлары анықталмады.

Ғарыш аппараттарына (ҰКК мен КЖК) отын құю бойынша арнайы жұмыстарды орындау кезінде және одан кейін атмосфералық ауаны аспаппен өлшеудің және атмосфералық ауа мен топырақты сандық химиялық талдаудың нәтижелері 31-алаңшаның ОС-да ҰКК мен КЖК-мен «Союз-2.1» ТЗ -ның 7 ұшырылымына дайындалу процестерінің штаттық режимде өткенін растауда.

31-алаң. СК-да сүйемелденген «Союз» ТЗ-ның 7 ұшырылымы кезінде атмосфералық ауа аспаппен 21 рет өлшеніп, топырақтың беткі қабатының 56 сынамасы алынды. 31-алаң. СК СҚА шекарасында жанармай бактарын толтыру кезінде 7-ші РН 7 «Союз» ТЗ-ның отын шандарына отын құю кезінде атмосфералық ауаны аспаппен 21 рет өлшеудің ешқайсысында С₆ және одан жоғары қаныққан көмірсутегілердің (жиыны) әсер етудің жуықтап алынған қауіпсіз деңгейінен (ӘЖҚД) (30 мг/м³) асу жағдайлары анықталмады.

«Союз» ТЗ-ның 7 ұшырылымынан кейін 31-алаңш. СК санитарлық-қорғау аймағының шекарасынан алынған 56 топырақ сынамасындағы мұнай өнімдерінің мөлшері 8,98 және 35,65 мг/кг аралығындағы шаманы құрады.

«Союз» ТЗ-ның ұшырылымынан кейін атмосфералық ауаны аспаппен өлшеу және одан кейін алынған топырақ сынамаларын сандық химиялық талдаудың нәтижелері 31-алаң. СК-да ҰКК мен КЖК-мен «Союз» ТЗ-ның ұшырылымына дайындалу және ұшыру процестерінің штаттық режимде өткенін растауда.

Қарағанды облысының Ұлытау ауданының аумағындағы Ю-25 аймағында (49, 67, 70

ҚА) «Союз» ТЗ-ның 7 ұшырылымын экологиялық сүйемелдеу шеңберінде қоршаған орта нысандарының ластану деңгейін бақылау жұмыстары жүргізілді. «Союз» ТЗ-ның 7 ұшырылымына дейін және одан кейін Ю-25 аймағындағы және іргелес аймақтағы бақылау нүктелерін зерттеу кезінде атмосфералық ауа аспаппен 168 рет өлшеніп және 36 топырақ сынамасы және 6 қар сынамасы алынды.

Атмосфералық ауаны аспаппен 126 рет өлшеу нәтижелері бойынша одан көміртек оксиді, азот оксиді және азот диоксиді табылмады. Атмосфералық ауаны аспаппен 30 рет өлшеу кезіндегі C_6 және одан жоғары қаныққан көмірсутегілердің шоғырлануы (жиыны) елді мекендердің атмосфералық ауасындағы әсер етудің жуықтап алынған қауіпсіз деңгейінен (ӘЖҚД) (30 мг/м^3) аспады, қалған 12 өлшеуде C_6 және одан жоғары қаныққан көмірсутегілер табылмады.

«Прогресс МС-16» КЖК-мен «Союз-2.1а» ТЗ ұшырылымына дейін және одан кейін 3 бақылау (фондық) нүктеден алынған 6 фондық қар сынамасындағы мұнай өнімдерінің шоғырлануы $0,02$ және $0,04 \text{ мг/дм}^3$ аралығындағы шаманы құрады (қардағы мұнай өнімдеріне арнап ШЖШ белгіленбеген).

«Союз-2.1а» ТЗ-ның 6 ұшырылымына дейін және одан кейін 3 бақылау нүктесінен алынған 22 фондық топырақ сынамасындан мұнай өнімдері флуориметриялық әдістің сезімталдығы шегінде ($5,0 \text{ мг/кг}$) табылмады. Қалған 14 топырақ сынамасындағы мұнай өнімдерінің шоғырлануы $5,29$ және $7,88 \text{ мг/кг}$ аралығындағы шаманы құрады (топырақтағы мұнай өнімдеріне арнап ШЖШ белгіленбеген).

Ю-25 аймағында 7 «Союз-2.1а» ТЗ-ның бүйірлік блоктарының құлау орындарын зерттеу кезінде 27 қар сынамасы және 281 топырақ сынамасы алынды, атмосфералық ауаның жерге жақын қабаты 224 рет аспаппен өлшенді. Бүйірлік блоктардың барлығы арнайы бөлінген құлау аудандарының (Ю-25 аймағындағы №49, 67, 70 ҚА) аймағына қонды. Бүйірлік блоктардың құлау орындарындағы өсімдік жабынының өртенуі «Союз» ЗТ-ның 6 ұшырылымы кезінде байқалды, өртенудің жалпы ауданы $1,23 \text{ га}$ (12 336,5 м^2) құрады. «Союз» ЗТ-ның 1 ұшырылымы кезінде өсімдік жабынының өртенуі анықталмады.

Бүйірлік блоктардың құлау орындарында атмосфералық ауаны 168 рет аспаппен өлшеу нәтижелері бойынша көміртек оксиді, азот оксиді және азот диоксиді анықталмады. Атмосфералық ауаны 40 рет аспаппен өлшеу кезінде («Союз» ЗТ-ның 5 ұшырылымы) C_6 және одан жоғары қаныққан көмірсутегілердің шоғырлануы (жиыны) $21,6$ және $27,4 \text{ мг/м}^3$ аралығындағы шаманы құрады, атмосфералық ауаны 16 рет аспаппен өлшеу кезінде («Союз» ЗТ-ның 2 ұшырылымы) C_6 және одан жоғары қаныққан көмірсутегілер табылмады.

«Прогресс МС-16» КЖК-мен «Союз-2.1а» ТЗ4 бүйірлік блогының құлау орнына алынған 27 қар сынамасының 22-де мұнай өнімдері $0,10$ және $23,00 \text{ мг/дм}^3$ аралығындағы шоғырлануы шамасында табылды. 27 қар сынамасының 5-нен мұнай өнімдерінің $76,94$ - $12 \text{ 300,00 мг/дм}^3$ ең жоғары шоғырлануы табылды (қардағы мұнай өнімдеріне арнап ШЖШ белгіленбеген).

281 топырақ сынамасының 147-де мұнай өнімдері $2,45$ және $96,63 \text{ мг/кг}$ аралығындағы шоғырлану шамасында табылды. 76 топырақ сынамасынан $101,25$ және 58 875,0 мг/кг аралығындағы ең жоғары шоғырлану шамасында табылды. Қалған 58 топырақ сынамасынан мұнай өнімдері флуориметриялық әдістің сезімталдығы шегінде ($5,0 \text{ мг/кг}$) табылмады. Су сорындысындағы топырақтың рН реакциясы $6,36$ және $9,46$ аралығындағы шаманы құрады.

«Союз» ТЗ бүйірлік блоктарының құлау орындарынан алынған қар мен топырақ сынамаларынан табылған мұнай өнімдерінің ең жоғары шоғырланулары «Союз» ТЗ бүйірлік блоктары құлаған кезде зымыран отыны компоненттерінің төгілу ықтималдығының орын алғанын көрсетуде.

«Союз»ТЗ ұшырылымынан кейін Ю-25 пайдалануда болған бірінші сатылардың құлау орнын тазалау. «Союз» ТЗ-ның әрбір ұшырылымынан кейін «ВПК «НПО машиностроения» АҚ №1 базасы мен «Барс» ЖШС жұмыс тобы Қарағанды облысының Ұлытау ауданында орналасқан Ю-25 аймағынан «Союз» ТЗ ажырайтын бөліктерін бөлшектеп және шығарып әкетті. «Барс» ЖШС металды бұйымдарды артынан шығарып әкету және кәдеге жарату үшін

көлікке тиеді және құлау орындарын қоқыстан және «Союз» ТЗ АБ қалдықтарынан тазалады.

Құлау орындары «Союз» ТЗ АБ бөлшектерінің қалдығынан тазартылғаннан кейін «ВПК «НПО машиностроения» АҚ №1 базасының жұмыс тобы бүйірлік блоктар құлаған 5 жердің топырағын тегістеді, бүйірлік блоктардың қалған 2 құлау орнында тегістеу жұмыстары жүргізілмеді.

Орналасу ауданына іргелес ауданда орналасқан елді мекендерде (Байқоңыр қ., Ақай а., Төретам к.) «Союз» ТЗ-ның 7 ұшырылымына дейін және одан кейін тіршілік ортасының күйіне баға беру үшін атмосфералық ауа аспаппен 504 рет өлшенді, 168 топырақ сынамасы және 168 ауыз су сынамасы алынды.

«Союз» ТЗ-ның 7 ұшырылымына дейін және одан кейін атмосфералық ауаны аспаппен 336 рет өлшеу кезінде азот оксиді ($0,4 \text{ мг/м}^3$) мен азот диоксиді ($0,2 \text{ мг/м}^3$) бойынша ең жоғары шекті жарамды шоғырланулардан асу жағдайлары анықталмады. Елді мекендерде атмосфералық ауаны аспаппен 168 рет өлшеу кезінде қаныққан көмірсутегілер бойынша әсер етудің жуықтап алынған қауіпсіз деңгейінен (30 мг/м^3) асу жағдайлары тіркелмеді.

«Союз» ТЗ-ның 7 ұшырылымына дейін және одан кейін елді мекендерде (Байқоңыр қ., Ақай а., Төретам к.) алынған 168 топырақ сынамасының барлығында мұнай өнімдерінің мөлшері 7,88 және 34,46 мг/кг аралығында тербелуде, нитрат-ион бойынша ШЖШ (130 мг/кг) асу жағдайлары тіркелмеді, нитрит-ион анықталмады.

168 ауыз су сынамасындағы мұнай өнімдерінің мөлшері ШЖШ ($0,1 \text{ мг/дм}^3$) аспады, ауыз судың қалған 100 сынамасынан мұнай өнімдері табылмады. 168 ауыз су сынамасының ешқайсысында нитрат-ион бойынша ШЖШ ($45,0 \text{ мг/дм}^3$) асу жағдайлары тіркелмеді. 65 ауыз су сынамасында нитрит-ион бойынша ШЖШ ($3,0 \text{ мг/дм}^3$) асу жағдайлары тіркелмеді, ауыз судың қалған 103 сынамасынан нитрит-иондар табылмады.

ТЗ АБ ҚА-ға іргелес аймақтарда орналасқан елді мекендерде (Жезқазған қ., Талап а.) «Союз» ТЗ-ның 7 ұшырылымына дейін және одан кейін тіршілік ортасының күйіне баға беру үшін атмосфералық ауа аспаппен 294 рет өлшенді, 84 топырақ сынамасы, 14 қар сынамасы және 98 ауыз су сынамасы алынды.

Елді мекендерде (Жезқазған қ. және Талап а.) «Союз» ТЗ-ның 7 ұшырылымына дейін және одан кейін атмосфералық ауаны аспаппен 294 рет өлшеудің нәтижелері бойынша атмосфералық ауадан азот диоксиді, азот оксиді және C_6 және одан жоғары қаныққан көмірсутегілер (жиыны) табылмады.

Жезқазған қ. және Талап а. «Прогресс МС-16» КЖК-мен «Союз» ТЗ-ның ұшырылымына дейін және одан кейін алынған 14 қар сынамасынан мұнай өнімдері $0,05$ және $0,13 \text{ мг/дм}^3$ аралығындағы шоғырлану шамасында табылды. 14 қар сынамасындағы нитрат-ионның шоғырлануы $1,22$ және $3,44 \text{ мг/дм}^3$ аралығындағы шаманы құрады. 5 қар сынамасындағы нитрит-ионның шоғырлануы $0,005$ және $0,018 \text{ мг/дм}^3$ аралығындағы шаманы құрады, қалған 9 қар сынамасынан нитрит-ион табылмады.

Елді мекендерде (Жезқазған қ. және Талап а.) «Союз» ТЗ-ның 7 ұшырылымына дейін және одан кейін алынған талдаудан өткізілген 84 топырақ сынамасының 49-да мұнай өнімдерінің мөлшері $5,88$ және $96,75 \text{ мг/кг}$ аралығында тербелуде, 31 сынамадан мұнай өнімдерінің $107,13$ және $10\ 800,0 \text{ мг/кг}$ шамасына тең ең жоғары шоғырланулары табылды, қалған 4 топырақ сынамасынан мұнай өнімдері табылмады. 9 топырақ сынамасында нитрат-ион бойынша ШЖШ (130 мг/кг) $1,0$ еседен бастап $8,6$ есеге дейін ($131,15$ бастап $1\ 114,21 \text{ мг/кг}$ дейін) асу жағдайлары тіркелді. 74 топырақ сынамасында нитрат-иондардың шоғырлануы ШЖШ аспады және 1 топырақ сынамасынан нитрат-ион табылмады. Нитрит-ион талдаудан өткізілген 84 топырақ сынамасының ешқайсысынан табылмады. Талдаудан өткізілген 98 ауыз су сынамасының 37-інде мұнай өнімдері бойынша ШЖШ ($0,1 \text{ мг/дм}^3$) асу жағдайлары тіркелмеді, 61 ауыз су сынамасынан мұнай өнімдері табылмады. Ауыз судың 98 сынамасының ешқайсысынан нитрат-ион бойынша ШЖШ ($45,0 \text{ мг/дм}^3$) асу жағдайлары тіркелмеді. 20 ауыз су сынамасындағы нитрит-иондардың шоғырлануы $3,0 \text{ мг/дм}^3$ шамасына тең ШЖШ мәніне аспады, ауыз судың қалған 78 сынамасынан нитрит-ион табылмады.

2021 жылы алынған көрсеткіштер бойынша «Байқоңыр» ғарыш айлағының орналасу ауданына іргелес Байқоңыр қ., Ақай а., Төретам к. елді мекендерінде, сондай-ақ «Союз» ТЗ бірінші сатысының құлау ауданына іргелес орналасқан Жезқазған қ., Талап а. елді мекендерінде «Союз» ТЗ-ның 7 ұшырылымын жүзеге асыру кезінде атмосфералық ауаның, топырақ пен ауыз судың ғарыштық-зымыран қызметінен ластану жағдайлары анықталмады.

Қарағанды облысындағы Ю-4 аймағында (№26,32,34,42,56 ҚА) орналасқан тасымалдағыш-зымырандардың ажырайтын бөліктерінің құлау аудандарының аймақтарына экологиялық мониторинг жүргізілді, өмір сапасына баға берілді, халықтың денсаулық күйіне скрининг жүргізілді, Ю-4 аймағына іргелес аумақтағы елді мекендердегі тіршілік ортасының күйі бақыланды.

Ю-4 аймағында (№26,32,34,42,56 ҚА) және Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы іргелес аймақта 381 топырақ сынамасын, 20 су сынамасын, 20 су түбіндегі шөгінділердің сынамасын алумен 245 нүктеде кешенді экологиялық (аландық және оқшаулы) зерттеу жүргізілді. Қарағанды облысының Ұлытау ауданының Ю-4 аймағына іргелес аумақтарында екі елді мекеннің – Ұлытау а. (ҚА сыртқы шекарасынан 17,9 км), Сарлық а. (ҚА сыртқы шекарасынан 5 км) тіршілік ортасының күйіне бақылау жүргізілді. 8 нүктеде (әр ауылда 4 нүктеден) атмосфералық ауа аспаппен 24 рет өлшеніп, 8 топырақ сынамасы, 8 ауыз су сынамасы алынды.

26, 32, 34, 42, 56 ҚА-ға іргелес аймақтағы елді мекендердің – Ұлытау а. және Сарлық а., сондай-ақ Ю-4 аймағына іргелес аумақтағы шаруа қожалықтарының (қыстаулардың) – Ногербек-Дара, Айбас 1, Айбас 2, Тоқсейт, Бақатас, Қорғантас, Қорғантас 2, Кененбай; Ю-4 аймағындағы қыстаулардың – Усабай, Ақпанбет, Әділбай, Тоқсейтжайлауы, Шаухар елді мекендерінің 200 тұрғынынан әзірленген «Өмір сапасы» және «Ересектерге арналған скрининг-карта» сауалнамалары бойынша әлеуметтік сауалнама алынды.

«Союз» ТЗ ББ құлау орындарындағы 10 нүктеде ауаны аспаппен өлшеудің нәтижелері C_6 және одан жоғары қаныққан көмірсутегілердің, азот оксиді мен азот диоксидінің мөлшері шекті-жарамды деңгейлерден аспайтынын көрсетті.

Ю-4 аймағындағы 245 нүктеден алынған 381 топырақ сынамасын сандық химиялық талдау нәтижелері бойынша мұнай өнімдері 228 топырақ сынамасынан 5,5 және 635,0 мг/кг аралығындағы мөлшерде анықталды, 275 топырақ сынамасындағы нитрат-ионның мөлшері 1,02 және 168,2 мг/кг аралығындағы шаманы құрады, нитрит-ион 9 топырақ сынамасынан 1,07 және 5,6 мг/кг аралығындағы мөлшерде анықталды, топырақтың рН көрсеткіші бейтарапқа жуық шамадан жоғары сіттілі ортаға дейін (5,8-9,8) тербелуде.

Зерттелген табиғи судың 20 сынамасының барлығынан мұнай өнімдері 0,03 және 0,06 мг/дм³ аралығындағы мөлшерде, нитрат-иондар – 2,1 және 10,9 мг/дм³ аралығындағы мөлшерде анықталды, бұл шама ШЖШ аспайды. Зерттелген табиғи судың 20 сынамасының 17-де нитрит-иондардың мөлшері 0,01 және 0,63 мг/дм³ аралығындағы шаманы құрады. Ю-4 аймағындағы табиғи судағы рН көрсеткіші 7,3-8,5 шамасында тербелуде, орташа есеппен 8,1 мәнін көрсетуде, бұл көрсеткіш төмен сіттілі рН-ортаға сәйкес.

Су түбіндегі шөгінділердің 20 сынамасын Сандық химиялық талдау (СХТ) нәтижелері бойынша мұнай өнімдері Балта өзенінен алынған бір сынамадан 8,45 мг/кг шамасында анықталды. Нитраттар 8 сынамадан 1,28 және 3,43 мг/кг аралығындағы мөлшерде анықталды, бұл шама ШЖШ (130 мг/кг) аспайды. Нитриттер су түбіндегі шөгінділердің бірде бір сынамасынан табылмады. Су түбіндегі шөгінділердің рН көрсеткіші орта есеппен 7,8 мәнін құрауда – аз сіттілі орта. Ю-4 аймағы мен іргелес аймақтағы табиғи судың сынамалары «таза су» және «қанағаттандырарлық таза су» кластарына сай, «тұщы» санатына жатады. Зерттеу нәтижелері Ю-4 аймағындағы табиғи сулардың табиғи сипаты бұзылмаған деп болжам жасауға мүмкіндік береді, бұл зерттелген су нысандарының техногенді ластанудан өздігінен тазаруының әлеуетті қабілетін көрсетуде.

Іргелес аймақтағы елді мекендерді – Ұлытау а. (4 нүктеде) және Сарлық а. (4 нүктеде) гигиеналық зерттеу нәтижелері бойынша ауадағы азот оксиді мен азот диоксидінің мөлшері шекті-жарамды деңгейден аспайды және 2,0 мг/м³ құрайды, C_6 және одан жоғары қаныққан

көмірсутегілердің мөлшері – 100,0 мг/м³ шамасынан төмен.

8 топырақ сынамасында мұнай өнімдері 5,2 және 87,00 мг/кг аралығындағы шаманы құрады, 8 ауыз су сынамасының ешқайсысынан мұнай өнімдерімен нитрит-иондар табылмады. Ұлытау ауылында жеке қоныстан алынған топырақ сынамасының бірінен нитраттер ШЖШ 1,4 есе жоғары шаманы көрсетті. Сарлық а. алынған ауыз сынамасының бірінденитрат-иондардың мөлшері ШЖШ 1,4 есе артық болып шықты. Сарлық және Ұлытау ауылдарындағы топырақтың рН көрсеткіші төмен сілтілігіне сай, ауыз судың рН көрсеткіші бетараптан бастап төмен сілтілі шамаға дейін өзгеріп отырады.

Ұлытау а. (108 респондент), Сарлық а. (65 респондент), шаруа қожалықтары мен қыстауларда (27 респондент) барлығы 200 адамнан сауалнама алудың нәтижелері бойынша жергілікті тұрғындардың өмір сапасы мен денсаулық күйіне баға берілді. Сауалнама нәтижелері бойынша ересек тұрғындардың өз денсаулығына баға беруі арқылы Ұлытау а. респонденттердің 73,1%, Сарлық а. респонденттердің 70,8% денсаулық күйіне жақсы (бес ұпайлық межелік бойынша 4-5 ұпай) деген баға берілді, бұл шаруа қожалықтары мен қыстаулармен (66,7%) салыстырғанда біршама жоғары. Зерттелген елді мекендердің тұрғындарының арасында аса кең тараған аурулар жүрек-қан тамырлары жүйесінің аурулары, тыныс алу және ас қорыту органдарының аурулары.

Өмір сапасының аса жоғары интегралды көрсеткіші (бес ұпайлық межелік бойынша 4,56 ұпай) Ұлытау ауылында, одан әрі Сарлық ауылында (4,50 ұпай) және шаруа қожалықтары мен қыстауларда (4,36 ұпай) анықталды.

Ю-4 аймағындағы экологиялық жүйелердің күйіне экологиялық тұрақтылықтың 18 критеріі бойынша берілген кешенді баға 3,3 ұпайды құрауда, бұл табиғи экожүйенің тұрақты және техногенді тұрғыдан бүлінбеген сыртқы белгілерімен, қоршаған орта нысандарының экологиялық нормаға жуық қанағаттандырарлық күйімен, ТЗ АБ құлау орындарында топырақ пен өсімдіктердің оқшаулы түрде бүліну белгілерімен, алайда ғарыштық-зымыран қызметінің техногендік жүктемелері асырылмаған Ғарыштық зымыран қызметінің әсеріне қарсы қалыпты тұрақтылықты білдіреді.

2021 жылы 06.09.2007 ж. «Протон-М» ТЗ-ның апаттық құлау ауданында және Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы бақылау нүктесінде кешенді экологиялық мониторингілік зерттеулер орындалды.

2007 жылғы «Протон-М» ТЗ-ның апаттық құлау орнында және оған іргелес Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы аймақта орналасқан бақылау нүктесінде 3 аумақ зерттелді. ТЗ апаттық құлау орнындағы 37 нүктеде, сондай-ақ іргелес аймақта, соның ішінде 1 бақылау нүктесінде топырақ пен өсімдік жабынына жергілікті зерттеулер жүргізілді. 37 нүктеде («Бриз-М» үдеткіш блогының жоғарғы бөлігінің және ғарыш аппаратының ауыспалы қуысының бөлігі құлаған жердегі 26 нүктеде, «Бриз-М» үдеткіш блогының құлаған жеріндегі (кіші шұңқыр) 6 нүктеде, «Протон-М» ТЗ екінші сатысының құлаған жеріндегі (үлкен шұңқыр) 4 нүктеде, іргелес аймақтағы бір бақылау нүктесі өсімдік жабынының бұзылу дәрежесінің (сатылық) критерийлеріне негізделумен аландық зерттеулер жүргізіліп және оларға экологиялық-ботаникалық суреттеме берілді.

2007 жылы «Протон-М» ТЗ апаттық құлау ауданында атмосфералық ауаның жерге жақын қабаты 24 рет аспаппен өлшенді, 170 топырақ сынамасы және 48 өсімдік сынамасы алынды.

Атмосфералық ауаның жерге жақын қабатын, сонымен бірге 2017-2018 жж. топырағынан СЕДМГ анықталған «Бриз-М» үдеткіш блогының жоғарғы бөлігінің және ғарыш аппаратының ауыспалы қуысының бөлігі құлаған жердегі атмосфералық ауаны аспаппен өлшеу нәтижелері бойынша азот оксиді мен азот диоксидінің мөлшері шекті-жарамды деңгейден аспады. 170 топырақ сынамасынан СЕДМГ, НДМА және нитрит-иондар табылмады. Нитрат-ион 2021 жылы апаттық құлау ауданындағы және бақылау нүктесіндегі зерттелген топырақ сынамаларының 98%-нан (170 топырақ сынамасының 167 сынамасынан) 1,3-1 075,1 мг/кг көлемінде, орташа есеппен $63,6 \pm 5,2$ мг/кг мөлшерінде табылды. Нитрат-иондардың 1,3-8,3 ШЖШ дейінгі шамалары негізінен 60-100 см тереңдіктен, сондай-ақ 120-200 см тереңдіктен және топырақтың

0-40 см жоғарғы қабаттарынан, зерттелген үш апаттық құлау орнының барлығында 6 нүктеден алынған 15 топырақ үлгілерінен табылды. 2007 ж. «Протон-М» ТЗ апаттық құлау ауданындағы топырақтың рН көрсеткіші төмен сілтіліден жоғары сілтілі рН-ортаға дейін (7,2-9,6) тербеліп отырады.

Апаттық құлау ауданының 37 нүктесінен алынған 48 өсімдік сынамасының ешқайсысынан СЕДМГ мен НДМА қолданылған сандық химиялық анализ әдістерінің сезімталдығы шегінде табылмады. Өсімдіктердің вегетативті органдарының (жапырақтарының) 8 үлгісін анатомиялық және морфологиялық зерттеу нәтижелері талдау олардың анатомиялық құрылымында аномалиялар жоқ деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

2021 жылы «Протон-М» ТЗ апаттық құлау ауданында өсімдік жабынының қалпына келуі байқалуда, бұл топырақтың өсімдіктермен жобалық жамылу ауданының артуы, көпжылдық өсімдіктермен (жусан) және бұташықтармен (тамыр жусан) сипатталуда.

2007 жылы «Протон-М» ТЗ-ның Қарағанды облысындағы апаттық құлау орнында қоршаған орта нысандары (ауаның жерге жақын қабаты, топырақ, өсімдіктер) күйінің алынған көрсеткіштері бойынша табиғи экожүйенің сирек топтамалардың, эфемерлік, сортаң-эфемерлік және сортаң шөпті-эфемерлік қауымдастықтардың пайда болуымен, топырақтың өсімдіктермен проективті жамылу ауданының артуымен сипатталатын қалпына келуінің оң серпіні жайлы қорытынды жасалды. ТЗ апаттық құлау орындарында өсімдік жабынының оқшаулы түрде бүліну белгілері сақталуда (қалыпты бүлінуден бастап қатты және өте қатты бүлінуге дейін). Апаттық құлаудан кейінгі 14 жыл бойы бақылау барысында алғаш рет апаттық құлау ауданында атмосфералық ауаның, топырақ пен өсімдіктердің СЕДМГ мен НДМА ластанбағаны анықталуда.

11.6.5. ҒАРЫШТЫҚ МОНИТОРИНГ

2018 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (орындаушы Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесінің ұлттық операторы – «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ болып табылады) орман шаруашылығы, су ресурстары, сондай-ақ өндіріс және тұтыну қалдықтары салаларындағы қоршаған ортаның жай-күйін бағалау бағыттары бойынша табиғи ресурстар мен олардың ел аумағында сақталуына ғарыштық мониторинг жүргізеді. Нәтижелер кеңістіктік деректердің геоақпараттық қызметтері (геосервистер) арқылы ұсынылады.

Өз жұмысында ғарыштық мониторинг деректерін пайдаланатын су шаруашылығы ұйымдары мен кәсіпорындары үшін еріген су ағынын модельдеуге, болжамды гидрографты есептеуге және су басудың цифрлық картасын құруға мүмкіндік беретін су тасқынын модельдеу геосервисі әзірленді. Модельді сынау кезінде болжамның дәлдігі 92% құрады.

Су ресурстарының ғарыштық мониторингінің нәтижелері

Ақсу, Нұра, Жайық өзендерінің, Бұқтырма су сақтағышы учаскелерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері шегінде анықталды:

- 1 143 га жайылымдық жерлер;
- 471 га жыртылған жерлер;
- 418 МЖҚААЖ базасында жоқ ғимараттар мен құрылыстар, рекреация объектілері;
- 58 стихиялық қоқыстар полигоны (35 га) және ауданы 0,056 га шекарадан шыққан жерлері бар 2 санкцияланған қоқыс полигоны;
- 10 санкцияланбаған өндіру объектісі (8,59 га) және 2 кең таралған пайдалы қазбаларды санкцияланған өндіру жалпы ауданы 28,6 га лицензиялық келісімшарттық аумақтардың шекарасынан шығуы бар.

Ақсу және Аса өзендерінің арналарында Жерді қашықтықтан зондтау деректері бойынша 35 га өсіп кеткен және 171 га лайланған учаскелер анықталды.

2021 жылы flood.gharysh.kz геосервисі жетілдірілді жйне тәжірибелік пайдалануға дайындалды, атап айтқанда, биіктік аймақтарына байланысты қолданылатын әдістердің

есептері бейімделді, су қоймаларының бойлық қималарын есептеу және визуализациялау модулі және су қоймасын толтырудың болжамды жетістіктерін хабарлау функциясы бар қазаншұңқырды толтыру әзірленді, гидротехникалық құрылыстарды, бөгеттер мен көпірлерді ескере отырып, су тасқыны кезеңінде имитациялық геоэкономикалық және гидравликалық моделі әзірленді.

Негізгі гидрологиялық және гидротехникалық рельеф элементтерін көрсете отырып, Ертіс өзені жайылмасы учаскесінің айыру қабілеті жоғары рельефтің цифрлық моделі жасалды.

Орман ресурстары ғарыштық мониторингінің нәтижелері

2021 жылы Жерді қашықтықтан зондтау деректері бойынша:

- жалпы ауданы 186 мың км² Қазақстанның барлық ормандары цифрландырылған және жаңартылған (100%);

- салалық геосервисте өрт ошақтары, орналасқан жері, географиялық координаттары, геометрия типтері, күні мен уақыты көрсетілген 259 533 жылу нүктелері (ықтимал өрт ошақтары) анықталды;

- 01.05.2020 ж. бастап Қазақстан Республикасы аумағының өрт қауіптілігі болжамының күн сайынғы карта-схемалары құрастырылды;

- ел аумағында 7 489 орман-дала жануы және 6,5 млн га орман-дала өрттері анықталды;

- ауданын, орналасқан жерін және басқа да атрибутивтік деректерін көрсете отырып қызығушылық аймақтарының жану координаттары бойынша жалпы ауданы 115 973,89 Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман қоры аумағының өртке ұшыраған ауданның түсірілімдерінің дешифрлеу және карталау жүргізілді;

- 2 641 ағаш кесу полигоны анықталды, оның ішінде 136 ағаш кесу полигоны бөлу және таксациялау ережелерін бұза отырып, 50 заңсыз ағаш кесу полигоны. Анықталған ағаш кесілген жерлердің жалпы ауданы – 4 065,11 га;

- орман орналастыру жұмыстарын жүргізу үшін ғарыштық түсірілімдерге фотограмметриялық өңдеу жүргізілді және «KazEOSat-1» спутнигінен айыру қабілеті жоғары 417 өңделген түсірілім ұсынылды;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман қоры аумағында 6 547 құрылыс анықталды.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарына ғарыштық мониторингінің нәтижелері

2021 жылы ғарыштық мониторинг республикалық маңызы бар қалаларды және барлық облыс орталықтарын, облыстық маңызы бар кейбір қалаларды, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтар өңірлерін қоса алғанда, экономикалық белсенді аймақтарға орайластырылған 35 қызығушылық аймағының аумағында жүргізілді. Қызығушылық аймағы 250 мың км² астам аумақты қамтиды және барлығы 2 464 елді мекенді, оның ішінде барлық ірі қалалар мен оған іргелес ауылдарды қамтиды.

2021 жылдан бастап өндіріс және тұтыну қалдықтарының ғарыштық мониторингінен бөлек пайдалы қазбаларды заңсыз өндіру орындарын анықтау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Қызығушылық аймақтарының тізімі:

- Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары және қала айналасындағы белдеуі 50 км асатын 14 облыс орталығы;

- Сарыағаш, Жетісай белдеуі 50 км астам;

- Балқаш, Жезқазған, Семей, Лисаковск, Бурабай ауылы белдеуі 40 км астам;

- Хромтау, Арқалық, Екібастұз, Жетіқара, Риддер, Қарқаралы (Қарқаралы МҰТП), Саты ауылы («Көлсай көлдері» МҰТП), Баянауыл ауылы (Баянауыл МҰТП) белдеуі 30 км астам;

- Қапшағай, Степногорск белдеуі 20 км астам;

- 10 км астам белдеуі бар Жаңаөзен.

2021 жылы жүргізілген ғарыштық мониторинг нәтижесінде:

- қалдықтарды орналастыруға рұқсат етілген 528 заңды қалдықтар объектілерінің, 313 қалдықтар объектілері лицензиялық шекараны бұзатыны анықталды;


- 7 328 рұқсат етілмеген қалдықтар нысаны анықталды.

- 2 339 пайдалы қазбаларды заңсыз өндіру орны анықталды, оның ішінде: 86 – 2021 жылы

пайда болған, 388 – тарихи ауданы өзгерген, 1 691 – тарихи ауданы өзгермеген және 174 объект бойынша – жұмыстардың басталуы туралы Жерді қашықтықтан зондтау деректері жоқ.

11.6.5.1-сурет

2020-2021 жылдарға рұқсат етілмеген өндіріс және тұтыну қалдықтарының статистикасы, бірлік



Көзі: ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі.

Өндіріс және тұтыну қалдықтары объектілері шекараларының өзгеру серпінін талдау мақсатында 2021 жылы анықталған қалдықтар объектілері шекараларын 2020 жылы алынған шекаралармен салыстыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Қалдықтар объектілері шекараларының өзгеру серпінін мониторингтеуде келесі өлшемшарттар пайдаланылды:

1. жойылған (түсіру сәтіндегі 2021 жылғы ғарыштық түсірілімдермен расталған толық жойылған қалдықтар);
2. азайтылғандар (ауданы өткен жылмен салыстырғанда азайған қалдықтар);
3. ұлғайтылған (ауданы өткен жылмен салыстырғанда ұлғайған қалдықтар);
4. жаңа (2021 жылғы ғарыштық суреттер бойынша алғаш анықталған қалдықтар).

Талдау қорытындысы бойынша тіркелген:

- 3 732 жойылған қалдықтар объектілері;
- ауданы азайған 945 қалдық нысаны;
- ауданы ұлғайған 1 430 қалдықтар нысаны;
- 2021 жылғы түсірілімдер бойынша алғаш рет анықталған 2 204 қалдық нысаны.

Осы мониторингте ағымдағы жылы қосылған Бурабай кенті, Саты ауылы, Баянауыл ауылы, Қарқаралы қаласы, Жаңаөзен, Степногорск, Қапшағай, Хромтау, Арқалық, Екібастұз, Жетіқара, Риддер қалалары елді мекендерінің аумағында анықталған 759 қалдықтар

объектісі ескерілмеген. Сондай-ақ, 2021 жылғы қалдықтардың 483 объектісі және 2020 жылғы қалдықтардың 111 объектісі ескерілмеген, олар қызығушылық аймағынан тыс, ғарыш суреттерінің шекарасына кірмеген.

Сондай-ақ, осы жылы ғарыш мониторингінің нәтижелеріне сәйкес қалдықтар мен олардың орналасуы туралы ақпаратты қамтитын Қазақстанның барлық азаматтары үшін еркін қол жеткізуге болатын <https://wasteopen.gharysh.kz> сайты құрылды.

11.7. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ҚР Экологиялық кодексінің 412-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына және Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

Қазақстан 32 көптарапты табиғат қорғау конвенцияларының, оның ішінде биоәртүрлілік, шөлейттенуге қарсы күрес туралы жаһандық конвенциялар, Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенция, Озон қабатын қорғау туралы Вена конвенциясы, Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды жоюды бақылау туралы Базель конвенциясы, Ауаның алыс қашықтықтарға трансшекаралық ластануы туралы конвенция, Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенция және т. б. тараптары болып табылады.

Экология, геология және табиғи ресурстар мәселелері бойынша 45-тен астам халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жүзеге асырыда, олардың ішінде БҰҰ, ЮНЕП, БҰҰДБ, БҰҰ ЕЭК, ЮНИСЕФ, ЮНДАФ, ЮНИДО, ЮНЕСКО, СПЕКА, ЕҚЫҰ, ЭСКАТО, ЭЫҰ, ИӘҰ, ОААЭО, ОДМК, ХАҚҚ, ЭЫДҰ, АӨСШҚ, ЕАЭО, ТМД, ШЫҰ, ҰҚШҰ, ДСҰ және т. б.

Мемлекет халықаралық іс-шараларға, оның ішінде БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы (COP) тараптарының жыл сайынғы конференциясына үнемі қатысады.

2021 жылғы 1 қарашада Қазақстан Премьер-Министрі А.Мамин әлемдік көшбасшылардың қатысуымен Глазго қаласында (Шотландия) өткен БҰҰ климаттың өзгеруі жөніндегі саммитіне (COP 26) қатысты. Саммит алаңдарында ҚР Үкіметінің басшысы Финляндия, Қырғызстан, Латвия президенттерімен, Нидерланды және Үндістан Премьер-министрлерімен, сондай-ақ АҚШ Президентінің климат мәселелері жөніндегі арнайы елшісімен екіжақты кездесулер өткізді. COP-26 шеңберінде Қазақстан Орман және жер пайдалану жөніндегі декларацияға, сондай-ақ Білім беру және жастарды тарту жөніндегі міндеттемеге қосылды.

Қазақстанның ДСҰ-ның 12-ші министрлік конференциясында (Женева қ., 2021 ж. 30 қараша-3 желтоқсан) төрағалық етуге дайындығы аясында ҚР Премьер-Министрі А. Мамин ДСҰ Бас директоры Нгози Оконджо-Ивеаламен және Ұлыбританияның Сыртқы сауда мемлекеттік министрі Энн-Мари Тревелянмен кездесті. Кездесу қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі үкіметтерінің стратегиялық әріптестік және климаттың өзгеруіне ден қою жөніндегі бірлескен күш-жігер туралы бірлескен мәлімдемесі қабылданды.

Қазақстан Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат комитетінің (ҚОҚСК) қатысушысы мәртебесіне ие.

Халықаралық табиғатты қорғау конвенциялары бойынша қабылданған міндеттемелер шеңберінде ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі жыл сайын міндеттемелерді орындау бойынша ұлттық баяндамаларды дайындау бойынша жұмыс жүргізеді.

2021 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық баяндамалары дайындалды:

- Озон қабатын бұзатын заттар бойынша Монреаль хаттамасының талаптарын орындау жөніндегі баяндамасы;

- Озон қабатын қорғау туралы Вена конвенциясының талаптарын орындау жөніндегі баяндамасы;

- Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау туралы негіздемелік конвенция бойынша;
- Халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты алдын ала негізделген келісім рәсімі туралы Роттердам конвенциясы бойынша;
- Алыс қашықтықтарға ауаның трансшекаралық ластануы туралы конвенция бойынша.
- 1990-2020 жылдардағы Монреаль хаттамасымен реттелмейтін көздерден антропогендік шығарындылар кадастры және парниктік газдар сіңіргіштері абсорбциясы туралы баяндама

Екіжақтыынтымақтастық форматында жыл сайын қоршаған ортаны қорғау, трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Қытай, Қазақстан-Ресей, Қазақстан-Өзбекістан бірлескен комиссияларының отырыстары өткізіледі.

Трансшекаралық өзендер саласындағы іргелес елдермен ынтымақтастық ҚР Экология министрлігі қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады және трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау жөніндегі қолданыстағы келісімдер шеңберінде жүзеге асырылады.

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ)

29.07.2021 ж. Душанбе қаласында (Тәжікстан Республикасы) тәжік тарапының төрағалығымен ШЫҰ елдерінің табиғат қорғау ведомстволары басшыларының қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықтың жай-күйі мен даму перспективалары мәселелері бойынша екінші кеңесі өтті. Қазақстандық Тарап ШЫҰ мүше мемлекеттердің экологиялық проблемаларының тізілімін әзірлеуді ұсынды. Тараптар бұл мәселені одан әрі пысықтау үшін ШЫҰ мүше мемлекеттердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізуге уағдаласты. Кездесу қорытындысы бойынша Тараптар ШЫҰ 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын мақұлдады және кеңестің хаттамасына қол қойды.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД)

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (ҚР ЭГТРМ) ТМД мемлекетаралық экологиялық кеңесінің (ТМД МЭЖ) мүшесі болып табылады.

2021 жылғы 3 қыркүйекте ҚР Экология Министрінің төрағалығымен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Мемлекетаралық экологиялық кеңесінің VII отырысы өтті.

Қазақстандық тарап отырыстың күн тәртібіне парниктік газдар шығарындыларының сауда жүйесінің жұмыс тәжірибесі, ТМД аумағында қоршаған ортаны қорғау саласындағы орнықты даму мақсаттарын енгізу және т. б. мәселелер енгізілді, қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықтың жай-күйі мен даму перспективалары, полимерлік қаптаманы пайдаланудан экологиялық қауіпсіз қаптаманы пайдалануға кезең-кезеңімен көшу, климаттың өзгеруі мәселелері талқыланды, сондай-ақ балық өсіруді (аквамәдениетті) дамыту саласында.

Отырыс қорытындысы бойынша ТМД қатысушы мемлекеттердің Мемлекетаралық экологиялық кеңесінің 2022–2023 жылдарға арналған жұмыс жоспары бекітілді.

Аталған жұмыс жоспарына қоршаған ортаны қорғау саласындағы ұлттық заңнамаларды жақындастыру және үйлестіру мүмкіндігін зерделеу, «жасыл технологияларды» енгізу үшін жағдайлар мен тиісті инфрақұрылымдар жасауда тәжірибе алмасу, МЭЖ мүше елдердің ұлттық стратегиялары мен жоспарлауына енгізу үшін климаттың өзгеруіне ден қою шараларын әзірлеу жөніндегі іс-шаралар жекелеген тармақтармен енгізілгенін атап өткен жөн, сондай-ақ ең озық қолжетімді технологияларды қолдану саласында озық тәжірибемен алмасу.

Ресей Федерациясымен ынтымақтастық

26.03.2021 ж. трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-Ресей комиссиясының Тобыл өзені бассейні бойынша жұмыс тобының онлайн-отырысы өткізілді.

31.03.2021 ж. трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-Ресей комиссиясының Ертіс өзені бассейні бойынша жұмыс тобының онлайн-отырысы өткізілді.

2021 жылдың наурыз айында Жайық (Орал) өзені бассейнінің гидрологиялық жағдайы мәселелері бойынша ресейлік әріптестерімен екі кездесу өтті. Тараптар зерттеу жүргізудің жұ-

мыс кестесін бекітті және көктемгі су тасқыны кезеңіне арналған Ириклин су сақтағышының жұмыс режимі туралы келісті.

03.06.2021 ж. Орынбор қаласында трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-Ресей комиссиясының Жайық өзені бассейні бойынша жұмыс тобының отырысы өтті.

04.06.2021 ж. Орынбор қаласында Ириклин су сақтағышының жұмыс режимін реттеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының отырысы өтті. Жайық өзені бассейніндегі гидрологиялық ахуал мәселелері талқыланды, Ириклин су сақтағышындағы су шаруашылығы ахуалына талдау жүргізілді және алдағы жазғы-күзгі саба кезеңіне арналған Ириклин су сақтағышының жұмыс режимі бекітілді.

28.06.2021 ж. бейнеконференцбайланыс форматында трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-Ресей бірлескен комиссиясының Есіл өзені бассейнінің су ресурстарын пайдалану және қорғау жөніндегі жұмыс тобының 29-шы отырысы өткізілді.

04.08.2021 ж. Мәскеу қаласында Экология вице-министрі С.Қожаниязовтың Ресей Табиғи ресурстар және экология министрінің орынбасары С. Ястребовпен және Ресей Су ресурстары федералды агенттігі басшысының орынбасары В. Никаноровпен Жайық, Қараөзен, Сарыөзен, Ертіс трансшекаралық өзендерінің мәселелерін талқылау бойынша кездесуі өтті.

11.08.2021 ж. трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-Ресей бірлескен комиссиясының Кигаш каналының су ресурстарын қорғау және пайдалану жөніндегі жұмыс тобының отырысы бейнеконференцбайланыс режимінде өтті.

19.08.2021 ж. Экология министрі М. Мырзағалиев Ресей Табиғи ресурстар және экология министрі А. Козловпен су шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылау бойынша кездесу өтті.

10.09.2021 ж. трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-Ресей бірлескен комиссиясының Тобыл өзенінің су ресурстарын қорғау және пайдалану жөніндегі жұмыс тобының онлайн-отырысы өтті.

28.09.2021 ж. Қазақстан мен Ресейдің XVII өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында онлайн-форматта «Трансшекаралық су объектілері» панельдік сессиясы өткізілді. Бұл сессия Ресей Федерациясының Федералды су ресурстары агенттігімен серіктестікте ұйымдастырылған.

30.09.2021 ж. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы басшыларының қатысуымен онлайн-форматта «Экология және жасыл өсу саласындағы ынтымақтастық» тақырыбында Қазақстан мен Ресейдің өңіраралық ынтымақтастығының 17-ші форумы өтті.

27-28.10.2021 ж. Нұр-Сұлтан қаласында трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-Ресей бірлескен комиссиясының XI (XXIX) отырысы өтті. Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан мен Ресей арасындағы ірі өзендердің (Орал, Ертіс) бассейндерінде зерттеулер жүргізу бойынша ынтымақтастықты жандандырудың Бірыңғай жол картасын іске асыруды талқылау бойынша сарапшылардың жұмыс кездесуі өтті.

2021 жылғы 14-20 қазан аралығында Мәскеу қаласында Қазақстан мен Ресейдің табиғатты қорғау ведомстволарының басшылары С.Брекешев пен А. Козловтың трансшекаралық су пайдалану мәселелері бойынша кездесуі өтті.

Қытай Халық Республикасымен ынтымақтастық

Екі елдің сарапшылары трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі бірлескен комиссияның 18-ші отырысына дайындық барысында 2 кездесу өткізді (2021 жылғы 15 наурыз және 24 сәуір).

18.05.2021 ж. бейнеконференцбайланыс форматында бірлескен комиссияның 18-ші отырысы өткізілді, қорытындысы бойынша отырыстың хаттамасына қол қойылды және бірлескен комиссияның 2021 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді. Алайда, эпидемиологиялық жағдайға байланысты ҚР мен ҚХР арасындағы трансшекаралық өзендердің су ресурстарын пайдалану жай-күйін бірлескен тексеру Covid-19 жағдайы жақсарғанға дейін ауыстырылды.

2021 жылғы 13-14 қазанда бейнеконференцбайланыс форматында ҚР мен ҚХР арасындағы трансшекаралық өзендердің бүкіл бассейнінің су ресурстарын бағалау жөніндегі жауапты сарапшылардың техникалық жұмыс отырысының 7-ші раунды өткізілді.

2021 жылғы 14-15 қазан аралығында бейнеконференцбайланыс форматында Қазақстан-Қытай сарапшы-гидрологтарының 3 кездесуі өткізілді.

23.12.2021 ж. бейнеконференцбайланыс форматында ҚР мен ҚХР арасындағы трансшекаралық өзендер сарапшыларының жұмыс тобының 17-ші отырысы өтті. Отырыс қорытындысы бойынша отырыс хаттамасына қол қойылды.

Орталық Азия елдерімен ынтымақтастық

2021 жылғы 3 ақпанда және 12 сәуірде бейнеконференцбайланыс форматында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Трансшекаралық су объектілерін бірлесіп басқару және пайдалану туралы келісімнің жобасын талқылау бойынша кеңестер өткізілді.

11.05.2021 ж. бейнеконференцбайланыс форматында Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы Мемлекетаралық су шаруашылығы үйлестіру комиссиясының (МСШҮК) 80-ші отырысы өтті.

13.05.2021 ж. Ташкент қаласында (Өзбекстан) Өзбекстанның Су шаруашылығы министрі Ш.Хамраев пен Қазақстанның Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі С. Қожаниязовтың кездесуі өтті.

31.05.2021 ж. Қазақстан мен Тәжікстан арасында су-энергетика мәселелері бойынша келіссөздер өтті. Тараптар қырғыз электр энергиясын қабылдау есебінен 2021 жылғы маусымнан тамызға дейін Тоқтоғұл су сақтағышынан 330 млн м3 көлемінде қосымша ағызуды қамтамасыз етуге келісті.

16.06.2021 ж. Бахри Точик су сақтағышының жұмыс режимін келісу бойынша қазақ, тәжік және өзбек тараптарының қатысуымен 2021 жылғы маусым-тамыз кезеңіне арналған кеңес өтті. Сырдария өзені бассейніндегі болжамды күрделі су шаруашылығы жағдайын және өзбек және қазақ тараптарының өтініштерін ескере отырып, тәжік тарапы «Бахри Точик» су сақтағышынан қосымша су ағызуды жүзеге асыруға келісті. Су сақтағыштарда орналасқан су жинау құрылыстарына теріс әсерді нивелирлеу және жағадан қорғау бөгеттерін ұстау үшін тәжік тарапына өтеусіз материалдық-техникалық қолдау көрсетуге дайын екендігі айтылды.

25.10.2021 ж. Президент Қ.-Ж. Тоқаевтың Ашхабадқа мемлекеттік сапары аясында Түрікменстан Президенті Г.Бердімұхамедовпен келіссөздер өтті. Мемлекет басшылары қазақ-түрікмен стратегиялық әріптестігінің кең ауқымды мәселелерін талқылады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен Түрікменстанның Ауыл шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау министрлігі арасында Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

07.12.2021 ж. бейнеконференцбайланыс форматында Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы мемлекетаралық су шаруашылығы үйлестіру комиссиясының (МСШҮК) 81-ші отырысы өтті. Хаттама Тараптардың келісу сатысында.

Өзбекстан Республикасымен ынтымақтастық

25 қарашада Түркістан қаласында Қазақстан мен Өзбекстанның III өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында ҚР Экология министрлігі «трансшекаралық тәуекелдерді басқару. Экологияны сақтау және қорғау». Сырдария өзені суларының сапасының жай-күйі, трансшекаралық ағындардың су экожүйелеріне әсері, Арал теңізінің құрғаған түбінде Қазақстан мен Өзбекстанның бірлескен іс-қимылдары және т. б. мәселелер талқыланды.

Панельдік сессия барысында Сырдария өзені суларының сапасының жай-күйі, трансшекаралық ағындардың су экожүйелеріне әсері, Арал теңізінің құрғаған түбінде Қазақстан мен Өзбекстанның бірлескен әрекеттері және т. б. мәселелер талқыланды.

Панельдік сессияның қорытындысы бойынша қазақстандық тарап:

- заңнамалық деңгейде Сырдария өзені бойынша экологиялық су жіберу ұғымын айқындау;

- Сырдария өзені бассейнінің, өзеннің жоғарғы ағысында орналасқан елдердің (Қырғызстан Республикасы және Тәжікстан Республикасы) қоршаған ортаны қорғау және су сапасы мәселелері бойынша жұмыс істеп тұрған Қазақстан-Өзбекстан бірлескен жұмыс тобына тарту жөніндегі жұмысты мемлекетаралық деңгейде жандандыру;

- Сырдария өзені бассейнінің ластануы бойынша әсер ету көздерін түгендеу бойынша жүйелі іс-шаралар әзірлеу.

30.06.2021 ж. Душанбе қаласында Халықаралық Аралды құтқару Қоры Басқармасының отырысы аясында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Р.Скляр мен ҚР экология министрі М. Мырзағалиев Өзбекстан Премьер-Министрінің орынбасары Ш. Ганиевпен және Өзбекстан Су шаруашылығы министрі Ш. Хамраевпен кездесті. Тараптар Өзбекстан аумағы бойынша Шардара су сақтағышына судың кедергісіз транзиті мәселелерін талқылады. Тәжік тарапы Қазақстанның өтініші бойынша Бахри Точик су сақтағышынан қажетті су көлемін ағызатын болады.

Қырғыз Республикасымен ынтымақтастық

Екі елдің сауда-экономикалық байланыстарының жай-күйі мен перспективалары екі елдің мемлекет басшылары, үкіметтері мен сыртқы саяси ведомстволары деңгейінде, салалық министрліктер мен ведомстволар басшылары деңгейінде және екі елдің елшіліктері желісі бойынша үнемі талқыланады.

15.04.2021 ж. бейнеконференцбайланыс режимінде Шу және Талас өзендерінде мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы комиссиясының 28-ші отырысы өткізілді. Кейбір мәселелер бойынша Тараптардың келіспеушілігіне байланысты кеңес кейінге қалдырылды. Проблемалық мәселелерді қосымша талқылау 2021 жылғы 23 сәуірде бейнеконференцбайланыс форматында өтті, оның қорытындысы бойынша Комиссияның 28-ші отырысының хаттамасына қол қойылды.

09.12.2021 ж. бейнеконференцбайланыс форматында Шу және Талас өзендерінде мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану жөніндегі Қазақстан-Қырғыз комиссиясының 29-шы отырысы өткізілді. Отырыс қорытындысы бойынша Хаттамаға қол қойылды.

Америка Құрама Штаттарымен ынтымақтастық

2021 жылдың сәуір айында ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі мен ҚР Президентінің Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі арнайы өкілі Е.Х. Қазыханның АҚШ Президентінің климат жөніндегі арнайы өкілі Дж.Керримен онлайн-кездесуі өтті. АҚШ Арал теңізінің мәселелерін шешуге, Қазақстанның көміртегі бейтараптығына қол жеткізуіне, сондай-ақ бірлескен жобаларды іске асыруға жәрдемдесуге ниетті.

2021 жылғы 16 қыркүйекте Қазақстан мен АҚШ Президентінің климат жөніндегі арнайы елшісі Джон Керридің төрағалығымен климаттың өзгеруінің салдарын бейімдеу және жеңілдету (митигация) мәселелеріне арналған «С5+1» саяси диалогы елдерінің табиғатты қорғау ведомстволары басшыларының онлайн-кездесуі өтті. Қазақстандық тарап климат мәселелерін реттеу саласындағы Орталық Азия ынтымақтастығын дамыту үшін Орталық Азияның өңірлік хабын құру туралы ұсыныс жасады.

GIZ Германия халықаралық ынтымақтастық қоғамы

2021 жылғы 19 шілдеде ҚР Экология вице-министрі А.Шалабекова «Арал өңірінің экологиялық бағдарланған өңірлік дамуы» GIZ өңірлік жобасының жетекшісі П. Шумахермен кездесті. Жоба 4 жылға есептелген, Германияның экономикалық ынтымақтастық және даму Федералды министрлігінің тапсырмасы бойынша Қазақстан мен Өзбекстан үкіметтерін қолдап, Арал өңірінің экологиялық тұрақты трансшекаралық экономикалық дамуын қамтамасыз етеді. Кездесу барысында неміс тарапы Қазақстанда жобаны іске асырудың алғашқы нәтижелерін (2021 жылғы қаңтардан бастап) ұсынды: өңірдің, топырақтың, гидрогеологияның, өсімдіктердің, экологиялық тәуекел аймақтарының климаттық сипаттамаларының карталары.

Қазақстан Республикасындағы Халықаралық Аралды құтқару қорының атқарушы

дирекциясы (ҚР ХАҚҚ АД)

2021 жылы ҚР-ғы ХАҚҚ атқарушы дирекциясының Дүниежүзілік Банктің миссиясымен, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен және Қызылорда облысы әкімдігімен «Қазақстандағы Арал теңізінің солтүстік бөлігін өңірлік дамыту және қалпына келтіру» жобасын әзірлеу шеңберінде (РССАМ-2 орнына) ынтымақтастығы жалғасты.

04.03.2021 ж. ҚР-дағы ХАҚҚ АД Алматы кеңсесінде «Қазгипроводхоз» ӨК өкілдерімен жұмыс кездесуі өтті, оның барысында Оңтүстік Арал теңізіне қосымша су ресурстарын тарту үшін бас Қазалы коллекторының құрылысына байланысты Дүниежүзілік банк жобасының компоненттері талқыланды.

27.04.2021 ж. Қызылорда облысының Арал ауданында Еуропалық Одақтың «Орталық Азиядағы Nexus диалогы» жобасы шеңберінде іске асырылған «Арал теңізінің құрғаған түбін көгалдандыру: Сексеуіл өсірудің жабық жүйесін пилоттау» ұлттық демонстрациялық жобасы аясында екі сексеуіл жылыжайы мен тұманария ашылды.

2021 жылы ХАҚҚ атқарушы комитеті ХАҚҚ-ның құрылтайшы мемлекеттерімен және халықаралық донорлық қоғамдастықпен тығыз ынтымақтастықта Арал теңізі бассейнінің алдыңғы бағдарламалары (АТББ: 1994-1999 жж; АТББ-2: 2003-2010 гг.; және АТББ-3:2011-2015 гг.) барысында қол жеткізілген прогресті жалғастыруға бағытталған «Арал теңізі бассейні елдеріне көмек көрсету жөніндегі іс-әрекеттер бағдарламасын» (АТББ-4) әзірледі.

Түрікменбашы қ. 24.08.2018 ж. ХАҚҚ құрылтайшы мемлекеттер басшыларының бірлескен коммюникесін іске асыру шеңберінде ҚР ХАҚҚ Атқарушы дирекциясы Арал теңізінің құрғаған түбінің (АТҚТ) қазақстандық бөлігінде барлау далалық жұмыстарын жүргізу үшін экспедициялық топ ұйымдастырды.

2021 жылғы 16-22 маусым аралығында экспедициялық топ Үлкен Арал теңізінің құрғақталған түбінің бөліктерінің қазақстандық бөлігінде жұмыс істеді. Жұмыстар ҚР-дағы ХАҚҚ Атқарушы дирекциясының қаржылай қолдауымен жүргізілді.

27.09.2021 ж. ҚР Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы дирекциясының кеңсесінде Дүниежүзілік банк қаржыландыратын «Солтүстік Арал теңізін дамыту және қалпына келтіру» жобасын талқылау бойынша жұмыс кездесуі өтті. Кеңеске «Қазгипроводхоз» ЖШС және ҚР ХАҚҚ АД өкілдері қатысты.

14.12.2021 ж. ҚР ХАҚҚ Атқарушы дирекциясы «Арал өңірінің тәжірибесі, қазіргі заманы және болашағы» атты дөңгелек үстел өткізді. Іс-шара ХАҚҚ, су шаруашылығы және Қазақстанның экологиясы ардагерлерін ҚР-дағы ХАҚҚ АД-нің соңғы бес жылдағы қызметі туралы ақпараттандыруға және Арал өңірінің қазақстандық бөлігіндегі перспективалық жобаларды талқылауға бағытталған.

Дүниежүзілік банк 2021 жылы қаржыландыратын/іске асыратын қоршаған ортаны қорғау саласындағы жобалар

1. «Қазақстанда энергия тиімділігін арттыру» жобасы (2014-2022 жж.).

Жобаның мақсаты қоғамдық және әлеуметтік нысандарда энергия тиімділігін арттыру және тұрақты энергетиканы қаржыландыру үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

2. Қазақстандағы ландшафттарды қалпына келтіру жөніндегі жоба, іске асыру мерзімі 2021-2025 жж., қоғамдастыққа бағдарланған тәсілді пайдалана отырып, агроорман шаруашылығы әдістерін сынақтан өткізуді және ландшафтты басқару және оны қалпына келтіру саласындағы Үкіметтің (мемлекеттік органдардың) әлеуетін арттыруды көздейді.

3. Арал теңізінің солтүстік бөлігін өңірлік дамыту және қалпына келтіру жобасы (2021-2022 жж.)

Дүниежүзілік банк келесі жобаларды іске асыруда техникалық қолдау көрсетеді:

1. Қазақстандағы айналмалы Экономика арқылы жасыл экономиканы дамыту – Жекелеген сала үшін айналмалы экономика бойынша іс-қимыл жоспарын әзірлеу (2020-2022 жж.).

2. Алматыда дөңгелек экономиканы қаржыландыру мен енгізуді қолдау (2021-2022 жж.).

3. Алматы қаласындағы қалалық орман өсіру бағдарламасы (2021-2022 жж.).

4. Нарыққа дайындық серіктестігі (PMR) (ақпан 2021).

5. Нарыққа енгізу серіктестігі (PMI) (2022-2027).
6. Геотермалдық ресурстарды дамыту (2020-2021).
7. Нарықтық тәсілдерге жәрдемдесу және Қазақстандағы муниципалды сектордың энергия тиімділігіне инвестицияларды ұлғайту үшін ғимараттардың энергетикалық аудитін жақсарту (2020-2022 жж.).
8. Қазақстанның энергия қажетсінетін салаларында энергия тиімділігінің, декарбонизацияның және ең озық қолжетімді технологиялардың (ЕОҚТ) инвестициялық әлеуетін анықтау және дамыту (2020-2022 жж.).
9. Ауа сапасын басқарудың кешенді тәсілін зерттеу (2020-2022).
10. Ұлттық деңгейде айқындалатын салымдарды іске асыруды қолдау (ҰДАС) (2021-2022 жж.).
11. Қазақстандағы климат және даму туралы елдік есеп (2021-2022 жж.).

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Нұр-Сұлтан қаласындағы бағдарламалар кеңсесі

2021 жылы ЕҚЫҰ-ның Нұр-Сұлтандағы бағдарламалар кеңсесінің қолдауымен Бірыңғай экологиялық портал әзірленді <http://ecportal.kz> «Қоғамдық тыңдаулар» модулімен. «Қоғамдық тыңдау» модулінің міндеті барлық хат-сұраныстар мен хабарландыруларды орталықтандыру болып табылады.

02.04.2021 ж. ҚР Экология министрлігі Нұр-Сұлтандағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисінің қолдауымен БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы Конвенциясына, сондай-ақ Эспо конвенциясы деп аталатын конвенциясына және оның қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі хаттамасына сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау және стратегиялық экологиялық бағалау жүйелерін (СЭБ) тиімді қолдану бойынша үш күндік онлайн-семинар өткізді СЭО. Іс-шараға өңірлік экология департаменттерінің, Орхус орталықтарының, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, қазақстандық және халықаралық сарапшылар қатысты.

14.12.2021 ж. ҚР Экология министрлігі Нұр-Сұлтандағы ЕҚЫҰ бағдарламалар кеңсесінің қолдауымен және БҰҰ ЕЭК ынтымақтастықта «Қазақстан Республикасында стратегиялық экологиялық бағалау жүйесін әзірлеу және қолдану жөніндегі қажеттіліктерді бағалау жөніндегі есептің тұсаукесері» онлайн-семинарын өткізді.

2021 жылғы 6-7 қазанда Түркістан қаласында Қазақстанда Орхус конвенциясын іске асыру шеңберінде «Қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша жұртшылықтың қатысу рәсімдерін жетілдіру» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. ҚР Экология министрлігі Нұр-Сұлтандағы ЕҚЫҰ бағдарламалар кеңсесінің қолдауымен «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» РМК бірлесіп өткізген іс-шараның мақсаты мемлекеттік органдардың, табиғат пайдаланушылардың, Орхус орталықтары мен ҮЕҰ өзара іс-қимылын кеңейту болып табылады.

08.11.2021 ж. Қазақстан Республикасының Экология министрі С. Бекешев ЕҚЫҰ Нұр-Сұлтан қаласындағы бағдарламалар кеңсесінің басшысы доктор Ф. Фробартпен кездесті. Тараптар өзеннің экожүйесін қалпына келтірудегі ынтымақтастық бағдарламасы шеңберінде Жайық (Орал) өзенінің экологиялық проблемаларын зерттеуде ресейлік серіктестермен байланыста ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Меморандумдар

14.03.2021 ж. Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Энергетика және инфрақұрылым министрлігі геология саласындағы өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойды.

31.03.2021 ж. Қазақстан мен Ресей үкіметтері қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді іске асыру шеңберінде ерекше қорғалатын аумақтарды дамыту саласындағы Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының 2021-2024 жылдарға арналған бағдарламасына қол қойды.

05.07.2021 ж. Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар ми-

нистрлігі мен Испания Корольдігінің Экологиялық қайта құру министрлігі Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.

29.09.2021 ж. Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен Ресей Федерациясының Табиғи ресурстар және экология министрлігі ақбөкеннің Бетпақдала популяциясын қорғау, молықтыру және пайдалану жөнінде келісімге қол қойды.

29.09.2021 ж. Қазақстан мен Ресейдің Каспий итбалықтарының популяциясын сақтау жөніндегі бірлескен іс-әрекет жоспары.

04.10.2021 ж. Қазақстан Республикасының №66-VII ҚРЗ Заңымен Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға қоршаған ортаға трансшекаралық тұрғыдан жасалатын әсерді бағалау жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы.

23.10.2021 ж. Қазақстан Республикасының №70-VII ҚРЗ Заңымен Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік Конвенцияның биологиялық әртүрлілігін сақтау туралы хаттама ратификацияланды.

25.10.2021 ж. Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен Түркіменстанның Ауыл шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

01.11.2021 ж. Қазақстан Республикасының №71-VII ҚРЗ Заңымен Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Каспий теңізін жерүсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғау жөніндегі ратификацияланды.

09.12.2021 ж. Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Финляндияның KaukoInternational Oy Ltd компаниясымен ынтымақтастық жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған Жол картасына қол қойды.

11.8. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР

Қазақстандағы Экологиялық білім беру жалпы білім беру жүйесінің бөлігі болып табылады және білім беру ұйымдарында Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттық оқу бағдарламалары арқылы іске асырылады. ҚР Экологиялық кодексінің 192-бабына сәйкес табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға белсенді азаматтық ұстанымды тәрбиелеу басым міндет ретінде танылды.

Мектепке дейінгі және орта білім беру деңгейлеріне арналған оқу пәндерінің мазмұны балалардың экологиялық мәдениетін, экологиялық ойлауын қалыптастыру мен дамытуға және оны танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік практикада және кәсіптік бағдарлауда қолдана білуге ықпал етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда «Таным» білім беру саласының базалық мазмұны ұйымдастырылған оқу қызметінде (ҰОҚ) – Жаратылыстану ғылымында іске асырылады. Аталған білім беру саласының міндеттері балаларда экологиялық білім мен танымдық қабілеттердің негіздерін қалыптастыру және дамыту, қоршаған орта, тірі және жансыз табиғат, мінез-құлық ережелері мен қарапайым қатынастар туралы білімдерін кеңейту, экологиялық мәдениеттің негіздерін және қоршаған ортаға қатысты өз әрекеттерінің қарапайым салдарын болжай білу.

Жалпыға білім беретін мектептерде экологиялық компонентті зерттеу табиғи-биологиялық цикл аясында қарастырылған және жекелеген пәндерінің мазмұнын экологизациялау арқылы жүзеге асырылады («Дүниетану», «Биология», «География» және «Химия»):

Жоғарыда аталған пәндердің мектеп курстары экологиялық білім беру үдерісінде негізі болып табылады.

Жалпы білім беретін мектептердің оқу бағдарламаларына сәйкес экологиялық білім беру мәселелері пәндерінің мазмұнына енгізілді:

1. «Жаратылыстану» 5-6 сынып.
2. «Биология» 7-11 сыныптар

3. «Химия» 8-11 сыныптар

4. «География» 7-11 сыныптар.

Экология жеке пән ретінде негізінен факультативті сабақтарға бөлінген сағаттар есебінен оқытылады.

Бұл мәселені шешудің тиімді әдісі тиісті бейінді лицейлерде және табиғи цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептерде қараластырылады. Аталған типтегі жалпыға білім беретін мектептердің оқу жоспарларына сәйкес элективті курстар (қолданбалы сипаттағы арнайы курстар) өткізуге, кәсіптік бағдарланған білім беру практикасынан өтуге болады.

Білім және ғылым министрлігі 2020/2021 оқу жылынан бастап барлық жалпы білім беретін мектептерде әр сыныпта жылына 17 сағат көлемінде экологиялық сынып сағаттарын енгізді.

Қосымша экологиялық білім

Республикадағы балаларға экологиялық-биологиялық қосымша білім берудің негізін жас натуралистердің 13 станциясы және экологиялық-биологиялық орталықтар құрайды.

Алматы қ. жас натуралистер станциясы

Балаларды экологиялық тәрбиелеудің ең үлкен орталығы - Алматы қалалық Жас натуралистер станциясы (<http://www.unnat.moy.su>), 1914-1915 жылдары бастау алып, Верный ерлер гимназиясында Жас натуралистер үйірмесі ұйымдастырылған. Содан кейін 1937 жылы Алматы хайуанаттар бағында зоолог Максим Зверев жас натуралистер станциясын ашты. Станцияда зоологтар, ботаниктер, ихтиологтар, таксидермистер, ветеринарлар үйірмелері жұмыс істеді. 1965 жылы станция қалалық Жас натуралистер станциясы болып қайта құрылды. Бүгінгі күні Жас натуралистер станциясының аумағы Алматы қаласының ірі тұрғын алабында («Орбита» және «Таугүл» шағын аудандары) көркем сурет бұрышы болып табылады.

Станцияның бес бөлімінде (экология және адам денсаулығы, өсімдіктер дүниесі, табиғат және қиял, экология, зоология.) әр түрлі жастағы 1,5 мыңға жуық оқушыны біріктіретін 27 үйірме жұмыс істейді. Балалар мен олардың ата-аналарының қажеттіліктерін ескере отырып, станцияда көркем-эстетикалық бағыттағы үйірмелер ашылды: фитодизайн, флористика, сәндік-қолданбалы шығармашылық.

Станция әр түрлі қалалық және республикалық іс-шараларға үнемі қатысады. Экологиялық білімге қосқан зор үлесі үшін жас ұрпақты тәрбиелеу көптеген мақтау қағаздары мен дипломдармен марапатталды.

Семей қаласының облыстық биологиялық орталығы

Облыстық балалар биологиялық орталығы-балалар мен жасөспірімдерді қоршаған ортаны қорғау ісіндегі практикалық қызметке тарту, табиғатқа жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу, халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ балалар мен жастардың мазмұнды бос уақытын ұйымдастыру, олардың дарындары мен қабілеттерін ашу болып табылатын ашық аспан астындағы жабайы табиғаттың оқу-зерттеу зертханасының бір түрі. Табиғи аймақта қолайлы орналасу, жабық өсімдіктердің 100 астам түрін, дәрілік өсімдіктердің 26 түрін, ағаштар мен бұталардың 40 түрін, гүлді-сәндік дақылдардың 100 астам түрін және көкөніс дақылдарының 80 түрін, жануарлар мен құстардың 70 жуық түрін қамтитын биоорталықтың флористикалық және зоологиялық коллекцияларының алуан түрлілігі, жабдықталған оқу кабинеттерінің болуы биоорталықтың көп қырлы жұмысын мектеп жасына дейінгі балалардан бастап ересектерге дейін халықтың барлық топтарына экологиялық білім беру. Биологиялық орталық орнитологиялық зерттеулер жүргізуге арналған аудио, бейне, телеаппаратурамен, оптикалық жабдықтармен, микроскоптармен, оның ішінде электрондық микроскоппен, компьютерлік және тұрмыстық техникамен жабдықталған. Балаларды сабаққа және кері тегін тасымалдау үшін автобус бар.

Техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы экологиялық білім

Экология саласы бойынша кадрлар даярлау 1 310 адам оқитын 34 техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру (ТЖКБ) оқу орындарында жүзеге асырылады. ТЖКБ бағдарламаларындағы экология мәселелері терең және стандартты деңгейде оқытылатын «География», «Биология», «Химия» жалпы білім беретін пәндерінің оқу бағдарламаларында ұсынылған.

Өзектендірілген үлгілік оқу жоспарларында «Экономиканың базалық білімін және

кәсіпкерліктің негіздерін кәсіби қызметте қолдану» базалық модулі зерделеу үшін міндетті болып табылады, онда мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі шарттары қарастырылады және «жасыл» экономикаға көшу жөніндегі тұжырымдама туралы түсінік беріледі.

2021 жылдан бастап «Ауыл шаруашылығы экологиясы» мамандығы бойынша модульдік-құзыреттілік тәсіл негізінде білім беру бағдарламасы бойынша даярлау, «Ауыл шаруашылығы экологиясының қолданбалы бакалавры» біліктілігі (Ақмола облысы Щучинск қаласының Орман шаруашылығы, экология және туризм Жоғары колледжі) жүзеге асырылады.

ЖОО экологиялық білім

Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР БҒМ 31.10.2018 ж. № 604 бұйрығы) сәйкес, жалпы білім беретін пәндердің жалпы циклынан (ЖББП) ЖОО-лар өздерінің білім беру бағдарламаларына студенттердің экономика және құқық саласындағы құзыреттерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздерін, кәсіпкерлік дағдыларын, көшбасшылықты, инновацияларға бейімділікті қалыптастыруға бағытталған пәндерді енгізеді. Осылайша, барлық мамандықтардың студенттері «Экология негіздері және тіршілік қауіпсіздігі», «Экология және тұрақты даму», «Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік экология» және т. б. пәндерді оқиды.

Жаңа оқу жылында еліміздің жоғары оқу орындарында «Философия» пәніне «Қазіргі заманғы сын-қатерлер мен қатерлер жағдайында экологиялық мәдениетті қалыптастыру» бөлімі енгізілді. Философиялық ойлау шеңберінде адамның экологиялық санасы туралы әмбебап ілім құру мүмкіндігі бар деп болжанады.

Экология саласында кадрлар даярлау үшін жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының тізіліміне «Жасыл экономика құқығы», «Экологиялық аудит», «Геолокация және табиғатты пайдаланудағы геоақпараттық жүйелер», «Экология және табиғатты пайдалану», «Кәсіпкерлік және экологиялық құқық», «Экология, өнеркәсіптік кәсіпорындар экологиясы», «Өнеркәсіптік экологияны басқару», «Қолданбалы экология», «Биоэкологиялық инженерия», «Геоэкология», «Тұрақты даму және экологиялық қауіпсіздік» және т.б. жаңа және инновациялық білім беру бағдарламалары енгізілді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

2021 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да экология саласында кадрлар даярлау үшін білім беру бағдарламаларының тізіліміне «Экологиялық топырақтану» және «Экологиялық инжиниринг» жаңа және инновациялық білім беру бағдарламалары енгізілді.

Жоғары оқу орындарындағы экологиялық тәрбие

Бүгінгі таңда ТДМ оқшаулау тек мемлекеттік жоспарлау құжаттары арқылы ғана емес, сонымен қатар бүкіл ел бойынша жергілікті түрде жүзеге асырылатын жауапты компаниялар мен үкіметтік емес ұйымдар арқылы жүзеге асырылады. Көптеген кәсіпорындар тұрақты даму қағидаттарын ұстанады және БҰҰ мақсаттарын қамтамасыз етуге қатысады.

Бюджеттік жоспарлау

Тұрақты дамуды қамтамасыз етуде мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бюджеттік процестермен үйлесімділігі маңызды мәнге ие. «Ешкімді артта қалдырмау» қағидаты бойынша шаралар қабылдау үшін ТДМ барлық міндеттерін қаржыландыру тұрақты даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізудегі ұлттық прогресті жеделдетуге мүмкіндік береді. Бұл нақты іс-шараларды қаржыландыруға қаражат бөлуге мүмкіндік беретін механизм болып табылатын бюджет.

Әзірге Қазақстан тұрақты даму мақсаттарын бюджеттік жоспарлауға интеграциялауды қамтамасыз етудің бастапқы кезеңінде тұр. Ағымдағы жағдайды түсіну, халықтың әлеуметтік осал топтарының үлесі мен қамтылуын стратегиялық және бюджеттік бағдарламалар шеңберінде қаржыландырумен бағалау үшін Қазақстанда жедел кешенді бағалау (ЖКБ) жүргізілді.

Барлық 12 функционалдық топ бойынша жалпыланған таңбалау нәтижелері 46% құрайды (ТДМ 167 ұлттық міндеттерінің 77-сі) және 11.11.3-суретте ұсынылған.

ББС бағдарламаларында ұлттық ТДМ 16. Бейбіт және инклюзивті қоғам (92%), ТДМ 11. Қалалар (80%), ТДМ 9. Инфрақұрылым және индустрияландыру (75%), ТДМ 4. Білім (70%), ТДМ 3. Денсаулық (69%) және ТДМ 13. Климаттың өзгеруі (67%) қаржыландыруы жақсы ұсынылған.

11.11.3-сурет
ҚР Бірыңғай бюджеттік жіктемесімен ұлттық ТДМ жүйесімен қамту



Көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі.

Орташа дәрежеде ЕБК ТДМ 7.Энергия (60%), ТДМ 8. Экономикалық өсу және жұмыспен қамту (50%), ТДМ 12. Тұтыну және өндіріс (45%), ТДМ 1. Кедейлік (43%) және ТДМ 10. Теңсіздік (40%) қаржыландыруды қамтамасыз етеді.


Әлсіз дәрежеде ББС құрылымы ТДМ 17. Серіктестік (37%), ТДМ 15. Құрлық экожүйелері (33%) және ТДМ 2. Аштық (25%) атаулы қаржыландыруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік саясатты, оның ішінде гендерлік саясатты жүргізудің сәттілігі мемлекеттің бюджеттік саясатының халықтың қажеттіліктерін қаншалықты ескеретініне айтарлықтай байланысты. Осы мақсатта Қазақстанда бюджеттеуді гендерлік талдау жүзеге асырылды, сондай-ақ балаларға арналған бюджетті қалыптастыру тетігі бекітілді.



12 БӨЛІМ. АЙМАҚТАРДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

12.1. АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

	2021 жылдың жалпы көрсеткіштері				
	Субъектінің, S мың км ²	146,2	Халық саны, 2022 жылдың басына, адам	733 900	
	2018-2021 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер				
	Көрсеткіштер	2018	2019	2020	2021
	Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсаған шығындары, млрд теңге	30,1	22,1	63,9	18,8

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Ақмола облысы 1939 жылы құрылған, Қазақстан Республикасының орталық бөлігінің солтүстігінде орналасқан. Батысында - Қостанай, солтүстігінде - Солтүстік Қазақстан, шығысында - Павлодар және оңтүстігінде - Қарағанды облыстарымен шектеседі.

Ақмола облысының аумағы Қазақ қатпарлы елдің солтүстік-батыс бөлігіндегі дала аймағында, Есіл өзенінің жоғарғы ағысы бассейнінде және Теңіз және Қорғалжын ағынсыз көлдерінің қазанында орналасқан. Мұндай географиялық жағдай оның табиғи жағдайларының: рельефтің, климаттың, топырақ-өсімдік жамылғысының және жануарлар дүниесінің әртүрлілігіне ықпал етеді.

Облыс климаты шұғыл континенталды, құрғақ, жазы ыстық және қысы суық. Тәуліктік және жылдық температура амплитудасы өте жоғары. Көктем мен күз қатты білінбейді. Жауын-шашынның жылдық мөлшері солтүстіктен оңтүстікке дейін азаяды, олардың ең көп мөлшері маусым айына, ең азы ақпан айына түседі. Қар жамылғысы орташа 150 күн сақталады.

Ақмола облысы шегіндегі ең ірі өзендері Есіл, Жабай, Сілеті, Нұра, Шағалалы, Қылшықты, Терісаққан.

Ақмола облысы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу бойынша республиканың жетекші аймақтарының бірі болып табылады, айтарлықтай өнеркәсіптік әлеуетке ие.

12.1.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Ластағыш заттар шығарындылары

Ақмола облысының әуе бассейнінің ластану көздері жылу электр станциялары, тау-кен секторы және көлік құралдары болып табылады.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, Ақмола облысында 2021 жылы ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің жалпы саны 17 482 бірлікті құрайды.

12.1.1-кестеде 2019-2021 жылдардағы ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны бойынша деректер ұсынылған.

12.1.1-кесте

2019-2021 жылдардағы ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздер саны, бірлік


Атауы	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Шығарындылардың стационарлық көздері	17 584	17 600	17 482

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

2021 жылы стационарлық көздерден атмосфераға ластағыш заттар шығарындыларының көлемдері 77,3 мың тоннаны құрады (12.1.1-сурет).

12.1.1-сурет

2019-2021 жылдары стационарлық көздерден ластағыш заттардың шығарындылары, мың тонна



Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Атмосфералық ауаның негізгі ластағыш заттары – күкіртті ангидрид, азот тотықтары, қатты заттар және көміртегі тотығы.

2019-2021 жылдардағы Ақмола облысының атмосфералық ауасына негізгі ластағыш заттардың шығарындылары бойынша ақпарат 12.1.2-кестеде ұсынылған.

12.1.2-кесте

2019-2021 жылдардағы атмосфералық ауадағы негізгі ластағыш заттар шығарындылары, мың тонна

Атауы	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Күкіртті ангидрид	18,4	18,7	18,8
Азот тотығы	5,0	4,7	4,8
Қатты заттар	30,9	29,1	28,6
Көміртек тотығы	19,1	19,4	20,5

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Атмосфералық ауаның ластануына стационарлық көздермен қатар жылжымалы көздер, атап айтқанда автокөлік үлкен үлес қосады.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, 2021 жылы Ақмола облысының аумағында 163 мың бірл. жеңіл және 30 мың бірл. жүк автокөлік тіркелген.

Атмосфералық ауаның сапасы

Ақмола облысы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылауды «Қазгидромет» РМК 8 автоматты бақылау бекетінде жүргізеді (12.1.3-кесте).

2021 жылы Ақмола облысындағы атмосфералық ауаның сапасы

№	Елді мекен	Бақылау бекеттерінің саны	Көрсеткіштер		
		автоматты	АЛИ	СИ	ЕКҚ (%)
1	Көкшетау қ.	2	1 (төмен деңгей)	1,5 (төмен деңгей)	0 (төмен деңгей)
2	Степногорск қ.	1	0,1 (төмен деңгей)	1,7 (төмен деңгей)	0 (төмен деңгей)
3	Атбасар қ.	1	0,4 (төмен деңгей)	2,0 (көтеріңкі деңгей)	0 (төмен деңгей)
4	«Бурабай» КФМС	1	0,3 (төмен деңгей)	1,6 (төмен деңгей)	0 (төмен деңгей)
5	ЩБКА	2	0,4 (төмен деңгей)	3,0 (көтеріңкі деңгей)	0 (төмен деңгей)
6	Ақсу к.	1	0,5 (төмен деңгей)	0,9 (төмен деңгей)	0 (төмен деңгей)

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ескерту. Градациялар бойынша атмосфералық ауаның ластану дәрежесін бағалау 1 «Атмосфералық ауа» бөлімінде ұсынылған.

Сондай-ақ тоқсан сайын атмосфералық ауаның ластануын бақылау үшін 3 елді мекенде –Макинск қ. (2 нүкте), Зеренді а. (2 нүкте) және Жақсы а. (2 нүкте) экспедициялық сапарлар өткізіледі. Эпизодтық бақылау барысында қалқыма бөлшектердің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртек оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, көмірсутектердің және формальдегид шоғырлануы өлшенді. Барлық ластағыш заттардың максималды бір реттік шоғырлануы жол берілген нормалар шегінде болды.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

Атмосфералық ауаның ластануын төмендету бойынша шаралар

Жобаларға мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу шеңберінде шығарындылар нормативтерін төмендету бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл өндірістік үдерістердерді қайта құруға және кәсіпорындарға жаңа технологиялар енгізуге ықпал етеді.

ЖК «Салов» кәсіпорындағы көздерден ластағыш заттардың шығарындылары мониторингінің автоматтандырылған жүйесін енгізу және алынған деректерді онлайн режимде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға беру көзделген.

Аймақтың газдандырылуы

Ақмола облысындағы елді мекендерді газдандыру «Сарыарқа» магистральдық газ құбырын салу жобасы шеңберінде жүргізілуде.

2021 жылы 20 елді мекенде газбен жабдықтаудың 13 жобасын іске асыруға республикалық бюджеттен 5,1 млрд теңге бөлінді. 8 жоба бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары толығымен аяқталды, яғни Аршалы ауданының 14 елді мекенін газбен жабдықтау үшін 210 км газбен жабдықтау желісі салынды. Қосудың жоспарланған мерзімі – 2022 жылдың 3 тоқсаны, газбен жабдықтауға 9,5 мың адам қол жеткізе алады.

Қалған 5 жоба бойынша 6 елді мекен газдандырылады (Целиноград ауданының Шұбар а., Қоянды а., Аққайың а., Аршалы ауданының Жібек Жолы к., Аршалы к., Жалтыркөл а.) 2021 жылы 138 км газбен жабдықтау желілері салынды. Құрылыс-монтаж жұмыстарын толық аяқтау 2022-2023 жылдары болжанып отыр.

12.1.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Ақмола облысының негізгі су артериясы – солтүстігінде Көкшетау қыратынан, оңтүстігінде Ұлытау тауларының сілемдерінен ағатын бірқатар ірі салалары бар Есіл өзені. Сыртқы ағыны бар Есіл өзенінің бассейніне Ақмола облысы алаңының жартысынан астамы жатады.

Басқа ірі өзен болып Нұра есептеледі, өзен ұзындығы – 406 км, Ақмола облысы аумағындағы су алаңы – 9 460 км².

Облыстың солтүстік бөлігінде Шағалалы өзені – облыс орталығы Көкшетау қаласының негізгі су көзі ағып өтеді. Өзен ұзындығы 144 км құрайды.

Облыстың басқа да ірі өзендері Жабай, Қылшықты, Терісаққан болып табылады.

Ақмола облысының ең ірі көлі – Теңіз, көл тұзды. Тағы бір ірі көл – Қорғалжын көлі, көл сортаң.

Есіл, Сілеті, Шағалалы өзендерінің ағыны үш су сақтағышымен реттеледі:

- Вячеслав (Астана) су сақтағышы, толық көлемі – 410 млн м³, Нұр-Сұлтан қаласын сумен жабдықтауға, суармалы егіншілікке, сондай-ақ Есіл өзенінің арнасын санитарлық сауықтыруға арналған.

- Сілеті су сақтағышы, толық көлемі – 230 млн м³, Степногорск қ. мен Заводской к. тұрғындарын, өнеркәсіптік және әлеуметтік нысандарын сумен қамтамасыз етуге арналған.

- Шағалалы су сақтағышы, толық көлемі – 28 млн м³, Көкшетау қаласын орталықтандырылған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, суаруға, Қопа көлін қоректендіруге арналған.

Суды тұтыну

Ақмола облысы бойынша су құбыры желілерінің ұзындығы 2021 жылы 6 229,2 км құрады.

12.1.4-кестеде 2021 жылғы тұтынушыларға жіберілген су бойынша деректер ұсынылған.

12.1.4-кесте

2021 жылы Ақмола облысы тұтынушыларына жіберілген су көлемі, мың м³

Атауы	Барлығы су жіберілді	Оның ішінде			
		халыққа	кәсіпорындардың коммуналдық қажеттіліктеріне	кәсіпорындардың өндірістік қажеттіліктеріне	басқа
Ақмола облысы	45 490,9	20 427,8	4 048,0	13 883,5	7 131,6

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Суды бұру

2021 жылы облыс бойынша суды бұру көлемі 20 070 мың м³ құрайды (12.1.5-кесте).

12.1.5-кесте

2020-2021 жылдардағы Ақмола облысы бойынша ағызулардың нақты көлемдері туралы ақпарат

Ағызулардың нақты көлемдері		2020 жыл	2021 жыл
Өнеркәсіптік ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	7 500	8 700
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	12,35	22,35
Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	8 780	11 370
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	33,54	46,77
Апатты және рұқсат етілмеген ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	-	-
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	-	-

Барлығы (барлық жоғарыда аталған ағызулар)	Суды бұру көлемі, мың м³	16 280	20 070
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	45,8	69,1

Көзі: Ақмола облысы бойынша Экология департаменті.

Ағынды суларды ағызу көлемінің ұлғаюы өнеркәсіптік өндірістің өсуімен және шаруашылық-тұрмыстық ағынды суларды бұру көлемінің ұлғаюымен байланысты.

Беткі сулардың сапасы

«Қазгидромет» РМК Ақмола облысы аумағындағы беткі сулардың ластануын бақылауды 26 су объектісінде Есіл, Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Қылшықты, Шағалалы, Беттібұлақ, Нұра, Жабай, Сілеті, Ақсу өзендерінде, Қопа, Зеренді, Бурабай, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Щучье, Карасье, Сұлукөл, Жүкей, Текекөл, Қатаркөл, Майбалық, Лебяжье, Сұлтанкелді көлдерінде, Вячеслав су сақтағышында, Нұра-Есіл арнасында жүргізілді.

2020-2021 жылдардағы Ақмола облысының негізгі су объектілерінің су сапасы 12.1.6-кестеде ұсынылған.

12.1.6-кесте

2020-2021 жылдардағы Ақмола облысының негізгі су объектілерінің беткі су сапасы

Су объектісінің атауы	Су сапасының сыныбы		Параметрлері	2021 ж. шоғырлануы, мг/дм ³
	2020 жыл	2021 жыл		
Есіл өз.	нормаланбайды (>5 сынып)	нормаланбайды (>4 сынып)	Жалпы фосфор	1,545
Ақбұлақ өз.	нормаланбайды (>5 сынып)	нормаланбайды (>5 сынып)	Кальций	327,079
			Магний	109,261
			Минералдандыру	2148,5
			Хлоридтер	898,148
Сарыбұлақ өз.	нормаланбайды (>5 сынып)	нормаланбайды (>5 сынып)	Магний	103,331
			Минералдандыру	2 147,551
			Хлоридтер	687,49
Нұра өз.	4 сынып	нормаланбайды (>5 сынып)	Жалпы темір	0,489
Нұра-Есіл арнасы	4 сынып	4 сынып	Магний	50,761
Вячеслав су сақтағышы	3 сынып	3 сынып	Магний	24,9
Беттібұлақ өз.	4 сынып	1 сынып	-	-
Жабай өз.	4 сынып	4 сынып	Магний	34,155
Сілеті өз.	нормаланбайды (>5 сынып)	4 сынып	Магний	30,5
Ақсу өз.	нормаланбайды (>5 сынып)	нормаланбайды (>5 сынып)	Минералдандыру	2 343,41
			ОХТ	56,879
			Хлоридтер	707,051

Қылшықты өз.	нормаланбайды (>5 сынып)	нормаланбайды (>5 сынып)	Кальций	238,929
			Магний	310,387
			Минералдандыру	4 997
			ОХТ	56,992
			Хлоридтер	1 749,708
Шағалалы өз.	нормаланбайды (>5 сынып)	4 сынып	Магний	67,587

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ескерту. Суды пайдалану сыныбының сипаттамасы 3 «Су ресурстары» бөлімінде ұсынылған.

2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Жабай, Ақсу, Қылшықты өзендеріндегі, Нұра-Есіл арнасындағы және Вячеслав су сақтағышындағы беткі сулардың сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ. Есіл өзенінің «5-сыныптан жоғары» суының сапасы «4-сыныптан жоғарыға», Беттібұлақ өзені – 4-сыныптан 1-сыныпқа, Сілеті, Шағалалы өзені – «5-сыныптан жоғары» су сапасы 4-сыныпқа өтті, яғни жақсарды, Нұра өзені – 4-сыныптан «5-сыныптан жоғарыға» өтті, яғни нашарлады.

Ақмола облысының су объектілерінің негізгі ластағыш заттары жалпы фосфор, кальций, магний, минералдандыру, хлоридтер, жалпы темір, ОХТ болып табылады.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

12.1.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

Жер қоры

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің деректеріне сәйкес, Ақмола облысының 2021 жылғы жер қоры 14 613,2 мың га құрайды (12.1.7-кесте).

12.1.7-кесте

2020-2021 жылдары санаттар бойынша Ақмола облысының жерлерін бөлу, мың га

№	Жер санаты	2020 жыл	2021 жыл
1	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	10 848,0	10 914,0
2	Елді мекен жерлері	1 359,2	1 371,5
3	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер	108,8	109,0
4	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері	519,0	519,0
5	Орман қоры жерлері	514,8	514,8
6	Су қоры жерлері	200,8	200,8
7	Босалқы жерлер	1 061,4	982,9
8	Нұр-Сұлтан қ. пайдаланатын жерлер	1,2	1,2
Барлығы		14 613,2	14 613,2

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

2021 жылы елді мекендер жерінің ауданы 2020 жылмен салыстырғанда жылдық жер балансының нысанын өзгерту және ауыл шаруашылығы мақсатындағы, өнеркәсіп, орман қоры, су қоры жерлерінің санатынан ауыстыру есебінен 12,3 мың га ұлғайды. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған жерлер алаңы 2020 жылмен салыстырғанда 0,2 мың га ұлғайды, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар

жерлерінің, орман және су қоры жерлерінің ауданы өзгерген жоқ. Қордағы жерлер 2020 жылмен салыстырғанда 78,5 мың га азайды.

Топырақ жағдайы

2021 жылы «Қазгидромет» РМК Ақмола облысының әртүрлі аудандарындағы топырақтың жай-күйіне бақылау жүргізді. Ауыр металдармен ластануды анықтау үшін топырақ сынамалары алынды (12.1.8-кесте).

12.1.8-кесте

2021 жылы Ақмола облысының топырағының ауыр металдармен ластануы, мг/кг

Елді мекен	Ауыр металдар				
	Қорғасын	Мыс	Хром	Мырыш	Кадмий
«Бурабай» КФМС	0,002-0,0022	0,0056-0,0062	0,017-0,0366	0,005-0,0061	0,0154- 0,0166
Бурабай к.	0,002-0,004	0,003-0,0067	0,0152-0,0428	0,0019-0,008	0,0053-0,1018
Щучинск қ.	0,0018-0,0062	0,0029-0,0536	0,0169-1,48	0,002-0,1255	0,0034-0,1379
Көкшетау қ.	0,002-0,0055	0,0046-0,0058	0,0359-0,1405	0,0031-0,0168	0,0054-0,1126
Атбасар қ.	0,0039-0,0055	0,004-0,006	0,033-0,046	0,00-0,2	0,114-0,1224
Балкашино а.	0,0039-0,0055	0,004-0,006	0,033-0,046	0,006-0,0066	0,114-0,1224
Зеренді а.	0,0047-0,0076	0,002-0,0044	0,0364-0,0441	0	0,0712-0,0989

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Барлық анықталған ауыр металдар шекті нормада болды.


Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayushey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

12.1.4. ЖЕР ҚОЙНАУЫ

31.12.2021 жылғы жағдай бойынша Ақмола облысында КТПҚ әзірлеуге және/немесе өндіруге 164 келісімшарт жасалды, оның ішінде 30 лицензия берілді (12.1.2-сурет).

12.1.2-сурет

2019-2021 жылдары КТПҚ барлауға және/немесе өндіруге арналған келісімшарттар саны, бірлік



Көзі: Ақмола облысының әкімдігі.

12.1.5. БИОӘРТҮРЛІЛІК

Ақмола облысы республиканың солтүстігіндегі басқа аймақтардан табиғи артықшылығымен ерекшеленетін бірегей ерекшеліктерге ие. Геоморфологиялық құрылымның ерекшелігі шағын ауданда облыстың солтүстік бөлігін алып жатқан Көкшетау таулы қыратына тән рельеф түрлерінің көпшілігі: аласа таулар, қыраттар, жазықтар, көлдер мен өзен алаптары бейнеленгенінде. Облыстың оңтүстік бөлігін толқынды, қыратты-дөңес жазық алып жатыр. Тауаралық аңғарларда көлдер бар, олардың жағалаулары мен беткейлерінде қарағайлы ормандар өседі.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар

Ақмола облысының аумағында Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы, 3 мемлекеттік табиғи қорықша (зоологиялық), 3 мемлекеттік ұлттық табиғи парк, 8 мемлекеттік табиғи ескерткіштер бар (12.1.9-кесте).

12.1.9-кесте

Ақмола облысының ерекше қорғалатын табиғи аумақтары

Мәртебесі	Саны	Атауы және ауданы
Мемлекеттік табиғи қорық	1	Қорғалжын – 543 171 га
Мемлекеттік ұлттық парк	3	«Бурабай» МҰТП – 129 299 га «Көкшетау» МҰТП – 182 076 га «Бұйратау» МҰТП – 88 968 га
Мемлекеттік табиғи қорықша (зоологиялық)	3	«Восточный» МТҚ – 100 000 га «Атбасар» МТҚ – 75 100 га, «Бұланды» МТҚ – 47 076 га,
Мемлекеттік табиғи ескерткіш	8	«Шлем» сүйір шоқысы – 2 га Көк мүйіс – 1,2 га Реликті екпелері бар тоған – 1,0 га Қарамай шоқысы – 1,0 га «Қашқын» шоқысы – 1,3 га Қызыл күрең мүйісі – 0,5 га Малта тасты шоқы – 2,0 га, «Өрт» шоқысы – 1,0 га

Көзі: Ақмола облысының әкімдігі.

Орман қоры

Облыстың орман қоры жерлерінің ауданы 2021 жылы 514,8 мың га құрайды, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 7,9 мың га аз. Ауданның азаюы жылдық жер балансы нысанының өзгеруі және жер учаскелерінің елді мекендер жері санатына ауыстыру есебінен болды.

Жануарлар мен өсімдіктер дүниесі

Ақмола облысының жануарлар дүниесі айтарлықтай әртүрлілігімен ерекшеленеді, оның саны салыстырмалы түрде тұрақты. Мысалы, «Бұйратау» МҰТП Ерейментау филиалының аумағында арқар мекендейді. Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің ішінде орман сусары және көптеген құстар бар: бұйра бірқазан, ақбас үйрек, безгелдек, сұңқылдақ аққу, ақбас тырна, сұр тырна, дала қыраны, аққұйрық субүркіт, бүркіт, үкі және басқалар. Сондай-ақ облыс аумағында ақбөкеннің Бетпақдала популяциясы мекендейді.

Құстардың бір бөлігі (бөденелер, шалшықшылар, қаздар, үйректер, тырналар, безгелдектер) Қазақстаннан тыс жерлерде қыстайды. Тұрақты мекендейтіндердің ішінде негізінен тауықтар – саңырау құр, құр, шіл бар. Қорғалжын МТҚ Теңіз көлі ТМД елдерінің аумағындағы қоқиқаз ұя салатын жалғыз орын болып табылады.

Аталған түрлерден басқа Ақмола облысында бұлан, бұғы, елік, қабан, желіс, қасқыр мекен-

дейді. Ұсақ жыртқыштардан түлкі, қарсақ, борсық, жанат тәрізді ит, ақкіс, аққалақ, және дала сасық күзені. Барлық жерде дерлік қоян мен байбак суырды кездестіруге болады.

12.1.6. РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

2021 жылы «Қазгидромет» РМК жергілікті жердегі гамма-сәулелену деңгейін бақылау күн сайын 15 метеорологиялық станцияда (Астана, Аршалы, Ақкөл, Атбасар, Балкашино, «Бурабай» КФМС, Егіндікөл, Ерейментау, Көкшетау, Қорғалжын, Степногорск, Жалтыр, Бурабай, Щучинск, Шортанды) жүзеге асырылды.

Облыстың елді мекендері бойынша атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фонының орташа мәндері 0,02-0,45 мкЗв/сағ (норматив – 5 мкЗв/сағ дейін) шегінде болды.

Ақмола облысында атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті ластануын бақылау көлденең планшеттермен ауа сынамаларын бес тәуліктік іріктеу арқылы 5 метеорологиялық станцияда (Астана, Атбасар, Көкшетау, Степногорск, «Бурабай» КФМС) жүзеге асырылады.

Ақмола облысы атмосферасының жерге жақын қабатындағы радиоактивті түсулердің орташа тәуліктік тығыздығы 1,2-2,3 Бк/м² шегінде ауытқыды. Түсудің орташа тығыздығы 1,7 Бк/м² құрады, бұл шекті жол берілетін деңгейден аспайды.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayushey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

Ақмола облысы бойынша Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бақылауында иондаушы сәулеленудің 48 техногендік көздері (ИСК) бар. Оның ішінде бір ұйым ашық ИСК пайдаланады және 7 ұйым жабық ИСК жұмыс істейді, оның ішінде 2 медициналық ұйым – «Көп бейінді облыстық аурухана» ШЖҚ МКК (онкологиялық диспансер) және «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК филиалы, 4 өнеркәсіптік кәсіпорын – «Степногорск тау-кен химиялық комбинаты» ЖШС, «Семізбай-У» ЖШС, «Алтынтау Көкшетау» ЖШС, Шортанды ауданының А.И. Бараев атындағы Ғылыми-өндірістік орталығы, 1 (өзгелері) – «Бұланды тас карьері» ЖШС.

ИСК пайдаланатын ұйымдарда 2021 жылы штаттан тыс апатты жағдайлар тіркелген жоқ.

12.1.7. ҚАЛДЫҚТАР

Тұрмыстық қатты қалдықтар

2021 жылы Ақмола облысында түзілген қалдықтардың көлемі 234,5 мың тоннаны, оның ішінде өңделгені – 20,4 (8,7%). ТҚҚ жинау және шығару қызметтерімен аймақ халқының 51,3% қамтылған.

Облыста 4 кәсіпорын сұрыпталған қайталама шикізатты сұрыптаумен, қабылдаумен, өткізумен, сондай-ақ қайталама шикізатты қайта өңдеумен айналысады.

«ЭкопромБурабай» ЖШС кешені қалдықтарды қабылдауды, сұрыптауды, қайталама шикізатты тығыздауды және оны өткізуді жүзеге асырады. Кешеннің қуаттылығы – жылына 30 мың тонна.

Сондай-ақ, ТҚҚ бөлек жинаумен айналысатын кәсіпорындар бар: Бурабай ауданында «LSKokshetau» ЖШС, Целиноград ауданының Қабанбай батыр ауылында ЖК «Баян».

Ақмола облысының аумағында 130 ТҚҚ полигоны орналасқан, оның ішінде 24 полигонда рұқсат беру құжаттары бар. Осылайша, экологиялық талаптар мен санитариялық қағидаларға сәйкес келетін ТҚҚ орналастыру объектілерінің үлесі (оларды орналастыру орындарының жалпы санынан) 18,5% құрайды.

2021 жылы Ақмола облысының 6 ауданында (Щучинск қ., Ақкөл қ., Қорғалжын а., Қосшы қ., Қоянды қ., Аршалы қ., Зеренді а.) 7 полигон құрылысының ТЭН әзірлеу аяқталды.

Бурабай ауданында ТҚҚ полигоны құрылысының ТЭН мемлекеттік сараптамадан өтті.

Сондай-ақ 2021 жылы Бурабай ауданының Щучинск қаласында ескі ТҚҚ полигонын рекультивациялау жобасының ТЭН әзірленді.

«Ақмола облысының Көкшетау қаласында қоқысты сұрыптау пункті бар тұрмыстық қатты қалдықтардың жаңа полигонын салу» жобасының ТЭН түзету жүргізілуде.

2021 жылдың 1 шілдесінен бастап ҚР Экологиялық кодексі қолданысқа енгізілгеннен кейін ТҚҚ полигондарын жобалауға қойылатын талаптар өзгерді. Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін ЖСҚ түзету бойынша конкурстық рәсімдер жүргізіледі.

Ақмола облысында стихиялық үйінділерінің түзілуі өткір проблема болып табылады. Санитарлық абаттандыру бойынша жыл сайын өткізілетін іс-шараларға қарамастан, елді мекендердің жанында тұрақты түрде рұқсат етілмеген үйінділер пайда болады.

2021 жылы «Қазақстан Ғарыш Сапары» АҚ геопорталындағы суреттер мониторингі негізінде Ақмола облысының аумағында 1 329 рұқсат етілмеген үйінді анықталды, оның 1 129 жойылды.

Ұлттық қалдықтар

Ақмола облысының аумағында тұрғындардан пайдаланылған құрамында сынабы бар шамдар мен термометрлерді жинау үшін 199 контейнер орнатылды. Облыста аталған қалдықтарды жинаумен, кәдеге жаратумен және сақтаумен 5 кәсіпорын айналысады.

Көкшетау қаласында «Металлқұрылысбаза» ЖШС құрамында сынабы бар шамдарды жинауды және сақтауды жүзеге асырып, кейіннен оларды қайта өңдеу үшін мамандандырылған ұйымға тапсырады. 2021 жылы кәсіпорын 45 келісімшарт жасасып, құрамында сынабы бар 987 дана шамдар жиналды.

Көкшетау қаласындағы «ЕКО СИТУ» ЖШС құрамында сынабы бар аспаптарды жинауды, сақтауды және қайта өңдеуді жүзеге асырады. 2021 жылы ЖШС 20 келісімшарт жасасты, 0,56 тонна құрамында сынабы бар пайдаланылған шамдар қабылданды және қайта өңделді.

«Абсолют-М» ЖШС Степногорск қаласында құрамында сынабы бар шамдарды жинап, сақтаумен айналысады, оларды кейіннен кәдеге жаратуға береді. 2021 жылы кәсіпорынмен 5 келісімшарт жасалды, құрамында сынабы бар пайдаланылған шамдардың 1 901 данасы қабылданды және қайта өңделді.

Степногорск қаласындағы «ЭкоБизнес» ЖШС жасалған шарттарға сәйкес құрамында сынабы бар шамдарды жинауды және кәдеге жаратуды жүзеге асырады. 2021 жылы кәсіпорынмен 11 келісімшарт жасалды, 6,3 тонна құрамында сынабы бар пайдаланылған шамдар қабылданды және қайта өңделді.

Медициналық қалдықтар

Медициналық қалдықтарды жинау, сақтау және қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар:

- Көкшетау қаласындағы «Металлқұрылысбаза» ЖШС 2021 жылы 57 келісімшарт жасалып, 53 820 кг медициналық қалдықтар қабылданды және кәдеге жаратылды;

- Көкшетау қаласында «ЕКО СИТУ» ЖШС 2021 жылы 25 келісімшарт жасалып, 3,8 тонна медициналық қалдық қабылданды және қайта өңделді;

- Степногорск қаласындағы «Эко Бизнес» ЖШС, 2021 жылы 12 келісімшарт жасалып, 8,2 тонна медициналық қалдық қабылданды және қайта өңделді;

- «Sara M Servis» ЖШС 2021 жылы 59 келісімшарт жасалып, 160,8 тонна қалдық қабылданып, қайта өңделді;

- Бурабай ауданында «Амир Бурабай» ЖШС 2021 жылы 93 келісімшарт жасалып, 29,3 тонна қалдық қабылданды және қайта өңделді;

- Көкшетау қаласында «Эко Арша» ЖШС 2021 жылы 29 келісімшарт жасалып, 293,5 кг қалдықтар қабылданып, қайта өңделді;

- Көкшетау қаласындағы «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» МКҚК 2021 жылы 21 келісімшарт жасалып, 34 513,1 тонна қалдық қабылданды және қайта өңделді;

- Целиноград ауданында «Эко-РБК» ЖШС 2021 жылы 176 келісімшарт жасалып, 348 671,5 тонна қалдық қабылданды және қайта өңделді;

- Целиноград ауданында «Аклер-Групп» ЖШС 2021 жылы 170 келісімшарт жасалып, 351 500 тонна қалдық қабылданып, қайта өңделді;

- Степногорск қаласында «Абсолют-М» ЖШС 2021 жылы 2 келісімшарт жасалып, 0,621 тонна қалдық қабылданды және қайта өңделді.

Қауіпті және қауіпті емес қалдықтар

2021 жылы Ақмола облысында қауіпті қалдықтардың түзілуінің азаюы байқалады (12.1.10-кесте).

12.1.10-кесте

2020-2021 жылдары Ақмола облысындағы қауіпті қалдықтардың қозғалысы туралы ақпарат, мың тонна

Қауіпті қалдықтар қозғалысы	2020 жыл	2021 жыл
Жылдың басында болғаны	25 762,9	21 016,3
Түзілді	9 595,3	5 192,2
Басқа тұлғалардан түсті	193,6	38,5
Қайта өңделді, пайдаланылды, өртелді	1 381,3	161,1
Залалсыздандырылды	21,0	0,2
Көмілді	7 519,4	0
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілді	303,4	30,8
Жыл соңында болғаны	33 867,1	26 054,8

Көзі: ҚОҚ БАЖ.

12.1.11-кестеде Ақмола облысы бойынша 2020-2021 жылдарға арналған қауіпті емес қалдықтардың түзілу көлемі туралы ақпарат берілген.

12.1.11-кесте

2020-2021 жылдары Ақмола облысында түзілген қауіпті емес қалдықтардың көлемдері, мың тонна

Атауы	2020 жыл	2021 жыл
Жылдың басында болғаны	47 827,1	56 106,8
Түзілді	0,9	39 213,1
Басқа тұлғалардан түсті	5,21	184,0
Қайта өңделді, пайдаланылды, өртелді	548,5	1 711,9
Көмілді	83,5	2 483,4
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілді	66,1	236,4
Жыл соңында болғаны	47 899,6	69 481,8

Көзі: ҚОҚ БАЖ.

12.1.8. ЖЫЛУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ЖӘНЕ ТҰТЫНУ

Облыс бойынша 2021 жылы электр энергиясын тұтыну 4 350 млн кВт · сағ құрады, бұл 2020 жылға қарағанда 10,1% артық (12.1.12-кесте).

12.1.12-кесте

2017-2021 жылдары Ақмола облысында электр энергияны тұтыну

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2017	2018	2019	2020	2021
Тұтыну	млн кВт · сағ	3 708	3 819	4 400	3 910	4 350

Меншік көздерімен өндіру	млн кВт · сағ	853	915	1 058	1 130	1 487
Электр энергиясын тұтынудан өндіру пайызы	%	23	24	24	29	34

Көзі: Ақмола облысының әкімдігі.

Қазақстан Республикасының «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасына сәйкес Ақмола облысында жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жобаларын іске асыру бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде.

Ақмола облысының энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметінше, аймақта ЖЭК құрылысының 12 жобасы (11 – жел электр станциясы, 1 – күн электр станциясы) іске асырылуда, 8 энергия объектісі іске қосылды. Олардың белгіленген қуаттылығы 280 МВт құрайды.

2021 жылдың қаңтарында Ерейментау ауданында «Golden Energy Corp» ЖШС қуаттылығы 30 МВт жел электр станциясын іске қосты (әрқайсысы қуаттылығы 1,6 МВт 18 жел турбинасы).

Көкшетау қаласында 2021 жылғы тамызда «Вичи» ЖШС жел электр станциясы пайдалануға берілді (2 кезек, қуаттылығы 0,75 МВт болатын 5 жел турбинасы).

Өндірілетін электр энергиясы «KEGOC» АҚ Бірыңғай жүйелік операторы арқылы іске асырылады.

2021 жылы жаңартылатын энергия көздері есебінен 250 млн кВт · сағ немесе облыс бойынша жалпы өндірілген энергияның 24% өндірілді (бір жылда барлығы – 1 130 млн кВт · сағ, оның ішінде Степногорск ЖЭО – 900 млн кВт · сағ, ЖЭК – 230 млн кВт · сағ).

Қолданыстағы және жаңадан іске қосылатын ЖЭК объектілерін ескере отырып, 2021 жылы өндірілген «жасыл» энергия көлемі 724,87 млн кВт · сағ немесе облыстың электр энергиясын өндірудің жалпы көлемінің 48% құрады, ал 2030 жылға қарай 66% дейін өседі.

12.1.9. ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Ақмола облыстық мәслихатының 2021 жылғы 5 қарашадағы шешімнің негізінде 2020 жылғы 19 наурызда бекітілген облыстың қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексінің қолданысқа енгізілуіне байланысты өз күшін жойды.

Қолданыстағы экологиялық заңнамаға сәйкес ҚОСНК әзірлеу үшін қаржы бөлу туралы аудандық мәслихатқа бюджеттік өтінім беру жоспарлануда.

12.2. АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

	2021 жылдың жалпы көрсеткіштері				
	Субъектінің S, мың км ²	300,6	Халық саны, 2022 жылдың басына, адам	906 201	
	2018-2021 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер				
	Көрсеткіштер	2018	2019	2020	2021
	Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсаған шығындары, млрд теңге	27,3	54,1	38,2	59,2

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Ақтөбе облысы 1932 жылы 10 наурызда құрылған. 01.11.2021 жылға ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, Ақтөбе облысында 323 елді мекен, оның ішінде облыстық маңызы бар бір қала (Ақтөбе қ.), аудандық маңызы бар 7 қала (Алға қ., Қандыағаш қ., Ембі қ., Жем қ., Темір қ., Хромтау қ., Шалқар қ.) және 315 ауыл бар. Облыстың әкімшілік орталығы – Ақтөбе қаласы.

Облыс Қазақстанның солтүстік-батысында орналасқан. Аумақтың солтүстіктен оңтүстікке дейінгі ұзындығы шамамен 700 км, шығысқа қарай – 800 км. Облыс республикада көлемі бойынша екінші орынды алады (ел аумағының 11%).

Бұл Қазақстанның ТМД елдерімен тікелей шектесетін жалғыз аймағы: солтүстігінде – Ресей Федерациясының Орынбор облысымен, оңтүстігінде – Өзбекстан Республикасының Қарақалпақ автономиялық облысымен. Сонымен қатар, облыс Қазақстанның шығыс аймақтарынан басқа барлық аймақтарымен аумақтық байланысты.

Қазақстан үшін Ақтөбе облысының үлкен экономикалық және стратегиялық маңызы зор. Оның аумағын табиғи қазбалардың бірегей қоймасы деп атауға болады. Аймақ – хром қоры бойынша әлемдік көшбасшы, оның көлемі 400 млн тоннадан асады. Жер қойнауында жалпы республикалық титан қорының 40% және никельдің 55% бар. Облыс аумағында көмірсутегі шикізатының болжамды қорларының 30% шоғырланған, республикада мұнайдың өнеркәсіптік қорлары бойынша үшінші орында. Облыста сондай-ақ алтын, күміс, мыс, мырыш, кобальт, каолин, фосфориттер, мұнай-битум жыныстары, құрылыс материалдарын өндіруге арналған шикізат ірі кен орындары бар.

12.2.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Ластағыш заттар шығарындылары

Ақтөбе облысында I санаттағы 58 оператор (71 объекті) жұмыс істейді, оның ішінде мұнай-газ секторының кәсіпорындары – 23, тау-кен өндіру саласы – 6, коммуналдық сектор – 1, ауыл шаруашылығы – 3, басқалары – 25.

Облыста ауаның ластану деңгейі негізінен ірі кәсіпорындар бойынша шартталған: «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «ҚазақОйлАқтөбе» ЖШС, Ақтөбе ферроқорытпа зауыты және ДТБК филиалы «Қазхром ҰК» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Ақтөбе» ГҚБ, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ.

12.2.1-кестеде 2019-2021 жылдардағы Ақтөбе облысы бойынша ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны ұсынылған.

12.2.1-кесте

2019-2021 жылдардағы ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны, бірлік


Атауы	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Шығарындылардың стационарлық көздері	22 615	22 988	23 382

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

2019-2021 жылдардағы стационарлық көздерден Ақтөбе облысының атмосфераға ластағыш заттар шығарындыларының жалпы көлемі 12.2.1-суретте ұсынылған.

12.2.1-сурет

2019-2021 жылдардағы стационарлық көздерден шығатын ластағыш заттар шығарындылары, мың тонна




Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Кәсіпорындар шығаратын негізгі ластағыш заттар – көміртегі тотығы, қатты заттар, күкіртті ангидрид және азот тотықтары (12.2.2-сурет).

12.2.2-сурет

2019-2021 жылдардағы негізгі ластағыш заттар шығарындылары, мың тонна



Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.


Сонымен қатар, Ақтөбе облысының атмосфералық ауасын негізгі ластауыштардың бірі жылжымалы көздерден, атап айтқанда автокөліктен шығатын газдар болып табылады.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, 2021 жылы Ақтөбе облысында 128 мың бірлік жеңіл және 24 мың бірлік жүк автокөлік тіркелген.

2019-2021 жылдары автокөліктен ластағыш заттар шығарындыларының көлемі туралы ақпарат 12.2.3-суретте ұсынылған.

12.2.3-сурет

2019-2021 жылдары жылжымалы көздерден шығатын ластағыш заттар шығарындылары, мың тонна



Көзі: Ақтөбе облысы бойынша Экология департаменті.

Атмосфералық ауаның сапасы

2021 жылы «Қазгидромет» РМК Ақтөбе облысында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылауды Ақтөбе, Хромтау, Қандыағаш қалаларындағы, Шұбаршы және Кеңқияқ кентіндегі 7 автоматты және 3 қол бақылау бекеттерінде жүргізді (12.2.2-кесте).

12.2.2-кесте

2021 жылғы Ақтөбе облысындағы атмосфералық ауаның сапасы

№	Елді мекен	Бақылау бекеттерінің саны		Көрсеткіштер		
		қолмен	автоматты	АЛИ	СИ	ЕКҚ (%)
1	Ақтөбе қ.	3	3	7 (жоғары деңгей)	13 (өте жоғары деңгей)	3% (көтеріңкі деңгей)
2	Хромтау қ.	-	1	жоғары деңгей	9 (жоғары деңгей)	3% (көтеріңкі деңгей)
3	Қандыағаш қ.	-	1	жоғары деңгей	6 (жоғары деңгей)	12% (көтеріңкі деңгей)
4	Шұбаршы к.	-	1	жоғары деңгей	8 (жоғары деңгей)	50% (өте жоғары деңгей)
5	Кеңқияқ к.	-	1	жоғары деңгей	8 (жоғары деңгей)	46% (жоғары деңгей)

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ескерту. Градациялар бойынша атмосфералық ауаның ластану дәрежесін бағалау 1 «Атмосфералық ауа» бөлімінде ұсынылған.

Бақылау барысында қалқыма бөлшектердің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртек оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, көмірсутектердің және формальдегидтің шоғырлануы өлшенді.

Ауаның сапасын өлшеу стационарлық бақылау бекеттерінен басқа жылжымалы зертхананың көмегімен 8 көрсеткіш бойынша облыстың 6 нүктесінде қосымша жүргізіледі: қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутек, аммиак, формальдегид.

Ақтөбе облысында атмосфералық ауаның ластануы бойынша біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

Атмосфералық ауаның ластануын төмендету бойынша шаралар

Ақтөбе қаласының атмосфералық ауасының күкіртсутегімен ластануының негізгі себебі кәріз тазарту құрылыстары, қалалық кәріз желілері, лай алаңдары мен кәріз сорғы станциялары болып табылады. Мәселені шешу үшін «ТКШ ҚазОрталығы» АҚ тапсырысы бойынша «Ақтөбе қаласының кәріз тазарту құрылыстарын жетілдіру» жобасы бойынша ТЭН әзірленуде.

Қала әкімдігі мен «Aqtobe su-energy group» АҚ келесі іс-шараларды өткізуде:

- 2021 жылдың 26 маусымы мен 30 қазаны аралығында қалалық кәріз желілерінде катализаторларды қолдану;

- «Көміртекті сүзгіні орнату арқылы желдету жүйесін күрделі жөндеу» жобасы жүзеге асырылуда;

- КТҚ шламды микробиологиялық препаратпен өңдеу.

Қаланы көгалдандыру жұмыстары тұрақты негізде жүргізіледі. 2021 жылы облыс орталығында 240 га жерге көшет отырғызылды.


2021 жылы атмосфералық ауаға жүктемені төмендету мақсатында Ақтөбе қаласында жол төсемін кеңейту және қайта құру, автожолдар бойында жасыл желектер отырғызу жұмыстары жүргізілді.

Аймақтың газдандырылуы

Ақтөбе облысындағы газ құбырының жалпы ұзындығы 7 303 км құрайды (12.2.4-сурет).

12.2.4-сурет

2019-2021 жылдардағы Ақтөбе облысындағы газ құбырларының ұзындығы, км



Көзі: Ақтөбе облысының әкімдігі.

2021 жылы облыстағы 323 елді мекеннің 829 мыңнан астам халқы бар 142 (44%) елді мекені (92,8%) газдандырылды.

2021 жылы 16 газбен қамту жобасы іске асырылып, 10 мың халқы бар 16 ауылды (Әйтеке би – Аралтоғай, Белқопа; Алға – Амангелді, Еркінкүш; Ырғыз – Ақши, Құрылыс, Шеңбертал; Мәртүк – Веренка, Вознесенка; Мұғалжар – Жұрын, Елек; Қобда – Сарыбұлақ; Темір – Жамбыл; Хромтау – Тасөткел, Ақбұлақ, Ойыл – Қаратал).

12.2.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Ақтөбе облысының басты өзендері: Сағыз (510 км), Қобда, Ембі (712 км), Өлкейек (349 км), Елек (623 км). Сондай-ақ, облыс аумағы арқылы ірі өзендер: Торғай (825 км), Ойыл (800 км), Жем (712 км), Ырғыз (593 км), Ор (314 км) ағып өтеді. Торғай өзенінен басқа аймақтың барлық ірі өзендері Ақтөбе облысының орталық бөлігіндегі Мұғалжар тауларынан бастау алады. Негізінен өзендер қорегін көктемгі қар суларының еруінен алады.

Суды тұтыну

2021 жылы Ақтөбе облысы бойынша су құбыры желілерінің ұзындығы 5 051,5 км құрады.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес тұтынушыларға жіберілген су көлемі 36 736,1 мың м³ құрады (12.2.3-кесте).

12.2.3-кесте

2021 жылы Ақтөбе облысы бойынша тұтынушыларға жіберілген су көлемі, мың м³

Атауы	Барлығы су жіберілді	Оның ішінде			
		халыққа	кәсіпорындардың коммуналдық қажеттіліктеріне	кәсіпорындардың өндірістік қажеттіліктеріне	басқа
Ақтөбе облысы	36 736,1	19 494,9	4 968,3	6 422,4	5 850,5

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Суды бұру

2021 жылы Ақтөбе облысы бойынша жалпы суды бұру көлемі 22 050, 5 мың м³ құрады (12.2.4-кесте).

12.2.4-кесте

2020-2021 жылдардағы ағынды сулармен ластағыш заттардың ағызулары

Ағызулардың нақты көлемі		2020 жыл	2021 жыл
Өнеркәсіптік ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	2 850,9	2 710,5
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	9,8	9,435
Шаруашылық-тұрмыстық ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	19 600,6	19 340,0
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	7,7	7,428
Апатты және рұқсат етілмеген ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	389,3	-
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	0,004	-
Барлығы (жоғарыда аталған барлық ағызулар)	Суды бұру көлемі, мың м ³	22 840,8	22 050,5
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	17,5	16,9

Көзі: Ақтөбе облысы бойынша Экология департаменті.

Ақтөбе облысында су объектілеріне ағызуды бір кәсіпорын – «Aqtobe su-energy group» АҚ Елек өзеніне ағызуды жүзеге асырады, 29 кәсіпорын ағынды суларды ағынды су жинақтауыштарға: сүзу алаңдары, буландырғыш тоғандар және т.б. ағызады. 15 кәсіпорынның 3 КТҚ бар: «Aqtobe su-energy group» АҚ, «Алға жылу» КМК және «Коммунальщик» КМК, қалған 12 кәсіпорынның ағынды сулары іс жүзінде тазартусыз сүзу алаңдарына ағызылады.

Беткі сулардың сапасы

«Қазгидромет» РМК деректеріне сәйкес, Ақтөбе облысы бойынша беткі сулардың сапасын бақылау 12 су объектісінің 19 тұстамасында жүргізілді: Елек, Қарғалы, Ембі, Темір, Ор, Ақтасты, Қосестек, Ойыл, Үлкен Қобда, Қара Қобда, Ырғыз өзендері және Шалқар көлі (12.2.5-кесте).

Алынатын су сынама-ларындағы беткі сулардың сапасын зерттеу кезінде сапаның 38 физика-химиялық көрсеткіштері анықталды: температура, қалқыма заттар, мөлдірлік, сутегі көрсеткіші (рН), ерітілген оттегі, ОБТ₅, ОХТ, тұз құрамының бас иондары, биогендік элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар.

12.2.5-кесте
2020-2021 жылдардағы Ақтөбе облысының беткі су объектілерінің сапасы

Су объектісінің атауы	Су сапасының сыныбы		Параметрлері	2021 ж. шоғырлануы, мг/дм ³
	2020 жыл	2021 жыл		
Елек өз.	4 сынып	4 сынып	Аммоний-ионы	1,106
			Магний	30,8
			Фенолдар	0,002
			Хром ⁽⁶⁺⁾	0,119
Қарғалы өз.	3 сынып	4 сынып	Аммоний-ионы	1,221
			Магний	31,6
			Фенолдар	0,0016
Ембі өз.	4 сынып	4 сынып	Аммоний-ионы	1,35
			Фенолдар	0,0019
Темір өз.	4 сынып	4 сынып	Қалқыма заттар	14,1
			Фенолдар	0,0022
Ор өз.	4 сынып	4 сынып	Аммоний-ионы	1,45
			Магний	30,1
			Фенолдар	0,002
Ақтасты өз.	нормаланбайды (>3 сынып)	4 сынып	Аммоний-ионы	1,12
			Фенолдар	0,0013
Қосестек өз.	нормаланбайды (>3 сынып)	4 сынып	Аммоний-ионы	1,24
			Фенолдар	0,0014
Ойыл өз.	4 сынып	4 сынып	Аммоний-ионы	1,91
			Магний	35,0
			Фенолдар	0,0038
Үлкен Қобда өз.	4 сынып	4 сынып	Қалқыма заттар	14,98
			Фенолдар	0,0017
Қара Қобда өз.	4 сынып	5 сынып	Қалқыма заттар	17,01
Ырғыз өз.	4 сынып	нормаланбайды (>5 сынып)	Қорғасын	0,054

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ескерту. Суды пайдалану сыныбының сипаттамасы 3 «Су ресурстары» бөлімінде ұсынылған.


12.2.5-кестеде көрсетілгендей, 2020 жылымен салыстырғанда 2021 жылы Елек, Ембі, Темір, Ор, Ойыл, Үлкен Қобда өзендерінде су сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ. Қарғалы өзеніндегі судың сапасы 3-сыныптан 4-сыныпқа, Ақтасты, Қосестек – «3-сыныптан жоғарыдан» 4-сыныпқа, Қара Қобда – 4-сыныптан 5-сыныпқа, Ырғыз – 4-сыныптан «5-сыныптан жоғарыға» өтіп нашарлады. Су объектілерінің негізгі ластағыш заттары аммоний-ионы, магний, қалқыма заттар, хром ⁽⁶⁺⁾, фенолдар және қорғасын болып табылады.

2021 жылы Елек өзенінде хроммен ⁽⁶⁺⁾ жоғары ластанудың 16 жағдайы тіркелді (12.5-сурет). Ақтөбе облысы бойынша Экология департаментінің деректеріне сәйкес, Елек өзенінде хром

⁽⁶⁺⁾ шоғырлануының өсуі қысқы кезеңде су деңгейінің төмендеуімен түсіндіріледі. Көктемгі су тасқыны кезеңінде өзендегі су деңгейінің жоғарылауымен судағы хром ⁽⁶⁺⁾ шоғырлануының төмендеуі байқалады.

12.2.5-сурет

2018-2021 жылдары Елек өзенінің хроммен⁽⁶⁺⁾ жоғары ластану жағдайлары, бірлік



Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Хроммен ластану тарихи болып табылады, өткізілген іс-шаралар 13 «Экологиялық мәселелер» бөлімінде ұсынылған.

Гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша беткі сулардың сапасын бақылау нәтижелері туралы біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

Судың ластануын төмендету бойынша шаралар

Аудан орталықтарында ағынды суларды ағызу мен КТҚ салу мәселелерін шешу үшін Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті түгендеу жүргізді, нәтижелері «Нұрлы жол» бағдарламасына және Ақтөбе облысының Өңірлік даму бағдарламасына енгізілді.

Облыстың Энергетика басқармасы КТҚ жаңғырту ТЭН әзірледі. «ТКШ ҚазОрталығы» АҚ 53 объектіні, оның ішінде Ақтөбе қ. қоса алғанда, республикадағы КТҚ салу және реконструкциялау жобасын әзірледі.

12.2.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

Жер қоры

01.11.2021 жылғы жағдай бойынша Ақтөбе облысының жер қоры – 30 062,9 мың га құрайды. Жерлерді санаттар бойынша бөлу 12.2.6-кестеде ұсынылған.

12.2.6-кесте

2020-2021 жылдары санаттар бойынша Ақтөбе облысының жер қорын бөлу, мың га

№	Жер санаты	2020 жыл	2021 жыл
1	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	11 415,2	12 552,6
2	Елді мекен жерлері	3 844,6	4 024,7
3	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған жерлер	194,3	196,5
4	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері	1 211,2	1 177,5

5	Орман қоры жерлері	215,8	221,0
6	Су қоры жерлері	13,1	13,1
7	Босалқы жерлер	12 690,8	11 399,7
8	РФ пайдаланылатын жерлер	477,8	477,8
Барлығы		30 062,9	30 062,9

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Топырақ жағдайы

2021 жылы «Қазгидромет» РМК ауыр металдармен ластануды анықтау үшін көктемгі, жазғы және күзгі кезеңдерде топырақтың жай-күйіне бақылау жүргізді.

2021 жылы Ақтөбе қ. топырақтың ауыр металдармен ластануы бойынша ақпарат 12.2.7-кестеде ұсынылған.

12.2.7-кесте

2021 жылғы Ақтөбе қ. топырақтарында ауыр металдардың шоғырлануы, мг/кг

Кезең	Ауыр металдар				
	Қорғасын	Мыс	Хром	Мырыш	Кадмий
Көктемгі кезең	0,05 - 0,09	0,14 - 0,3	0,025 - 0,075	1,52 - 2,0	0,05 - 0,1
Жазғы кезең	0,05 - 0,12	0,15 - 0,28	0,05 - 0,1	1,6 - 1,98	0,1 - 0,11
Күзгі кезең	0,06 - 0,15	0,23 - 1,04	0,01 - 0,05	2,75 - 4,24	0,01 - 0,05

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Барлық анықталған ауыр металдар норма шектерінде болды.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

Жерді алып қою

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 81-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес 2021 жылы жалпы алаңы 524 мың га 358 жер учаскесіне уақытша жер пайдалану шарттары мерзімінен бұрын бұзылды, жер мемлекеттік меншікке қайтарылды.

12.2.4. ЖЕР ҚОЙНАУЫ

2021 жылы Ақтөбе облысының аумағында КТПҚ өндірумен 75 келісімшарт және 42 лицензия бойынша 86 жер қойнауын пайдаланушы айналысты.

Жер қойнауын пайдаланудың 117 объектісінің 31 - Ақтөбе қ. аумағында, 13 - Хромтау, 19 - Мұғалжар, 8 - Қарғалы, 4 - Темір, 17 - Мәртөк, 7 - Алға, 4 - Әйтеке би және 14 - Шалқар аудандарында орналасқан.

Аймақтағы пайдалы қазбалардың ішінен құрылыс тасы - 41 объекті, құм - 24, саз - 7, құм-қиыршық тас қоспасы - 28, каолин - 4, бор - 2, гипс - 1, мәрмәр - 3, сазды жыныстар - 6, диатомит - 1 учаске басым.

Сонымен қатар, 089 «Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету және ҚР геологиялық зерделенуін арттыру» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысында тұрақты негізде Ақтөбе облысының аумағында жерасты суларының жай-күйі мен ұтымды пайдаланылуының режимі мен теңгерімін зерделеу жүзеге асырылады. Бақылаулар 429 бақылау пунктін (Ұңғымаларды) қамтитын жерасты суларының мемлекеттік мониторингінің режимдік желісі бойынша жүргізіледі. Жұмыстар 2021 жылдың 2 тоқсанында басталып, 2023 жылдың 2 тоқсанына дейін жалғасады.

12.2.5. БИОӘРТҮРЛІК

Орман қоры

Ақтөбе облысы Қазақстан Республикасының ең аз орманды облыстарының бірі болып табылады. Облыстың орман ресурстары жекелеген қайың-көктерек шоқылары, ең ірі өзендер – Елек, Қарғалы, Жайық Қобда, Ойыл, Темір және олардың салалары бойындағы жайылмалы ормандар болып табылады. Сондай-ақ, темір жолдар мен автомобиль жолдарының бойында жасыл екпелер бар.

Ақтөбе облысының мемлекеттік орман қорының жалпы ауданы 1 400,2 мың га құрайды, оның ішінде орманды алқаптар 95,4 мың га, орманды алқаптар 54,2 мың га құрайды.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардан облыста 763,5 мың га ауданға құрылған, табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты және 296,0 мың га ауданда Торғай мемлекеттік қорықшасы бар.

Жергілікті маңызы бар табиғи қорықшалар:

- «Эбита» мемлекеттік табиғи қорықшасы, 83 770 га;
- «Орқаш» мемлекеттік табиғи қорықшасы, 33 395 га;
- «Мәртөк» мемлекеттік табиғи қорықшасы, 133 796 га;
- «Қобда» мемлекеттік табиғи қорықшасы, 34 655 га;
- «Озерный» мемлекеттік табиғи қорықшасы, 154 083 га;
- «Ойыл» мемлекеттік табиғи қорықшасы, 63 468 га;
- «Көкжиде-Құмжарған» мемлекеттік табиғи кешенді қорықшасы, 13 977 га.

«Қарғалы» қорықшасының ЕҚТА жаратылыстану-ғылыми негіздемесі әзірленді.

Жануарлар және өсімдіктер дүниесі

Ақтөбе облысы Қазақстанның аса маңызды индустриялық облыстарының бірі болып табылады, оның аумағында бірегей дала қауымдастықтары, бор массивтері, реликті орман және батпақты шатқалдар сақталған. Облыстың солтүстік-батыс бөлігін селеулі-алуан шөпті және жусанды-дәнді дала, өзен аңғарларында шалғынды өсімдіктер, терек, көктерек, қайың тоғайлары, шайқурай-шалғынды қопалар алып жатыр. Орта және солтүстік-шығыс бөлігін жусанды-дәнді дала құрғақ шөпті жусанды дала алып жатыр. Оңтүстігіне жусанды-тұзды жартылай шөлдер мен шөлейттер бар.

Бұл аумақтарда өсімдіктердің 1 057 жуық түрі өседі: бетеге, соран, жусан, сексеуіл, бидайық, қоңырбас және басқалары. Өсімдіктердің 61 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген, 22 түрі (Шренк қызғалдағы, қатпар гладиолус, телпек сүйсін, кекіре және т.б.) эндемикалық реликтілерге жатады.

Ақтөбе облысында кездесетін дәрілік өсімдіктердің 50 түрінің ішіндегі ең көп тарағандары – итмұрын, іш жүргізетін итшомырт, дәрі түйежоңышқа, су бұрышы, шайқурай, дәрі шелна, кәдімгі түймешетен, нағыз қызылбояу, кәдімгі мыңжапырақ, Маршал жебір (жебіршөп), жол-желкен, үлкен сүйелшөп, кәдімгі бақбақ, қызылтаспа (таран), қосмасақшалы қылша, пармелия, өгейшөп, жұмыршақ және басқалар.

Облыстың жануарлар дүниесін сүтқоректілердің 62 түрі және құстардың 214 түрі құрайды. Көптеген кеміргіштер (дала алақоржындары, сарышұнақтар, қосаяқтар), жыртқыштар (қасқыр, қорсақ, түлкі), бөкен, қарақұйрық, ақбөкен сақталған. Облыстың оңтүстігінде ақбөкендердің Үстірт популяциясы, оңтүстік-шығыс бөлігінде – Бетпақдала, батысында – шағын (шамамен 1 мың бас) Орал популяциясы мекендейді.

Балық шаруашылығы

Негізгі балық шаруашылық аймақтары: Ырғыз-Торғай өзен-көл жүйесінің су қоймалары, сонымен бірге Ақтөбе, Қарғалы, Мағаджан су сақтағыштары болып табылады.

Балық шаруашылығын жүргізу үшін 48 табиғат пайдаланушыға өзен учаскелері бар 66 су қоймасы бекітілген. 2021 жылы Ақтөбе облысының су қоймаларына 249 тонна көлемінде балық аулау лимиті бекітілді. 2021 жылы облыста 134 тонна балыққа 63 рұқсат берілді.

Облыстың су қоймаларына 2021 жылы 407 мың дана шабақ жіберілді. «Пригородный» ЖШС, «Рад Агро» ЖШС, «Айс» ЖШС, «Гринхаус Қазақстан» ЖШС Елек өзеніне 20 мың дана тұқы балығын жіберді.

12.2.6. РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

«Қазгидромет» РМК жердегі гамма-сәулелену деңгейін бақылау күн сайын 7 метеорологиялық станцияда (Ақтөбе, Қарауылкелді, Новоалексеевка, Родниковка, Ойыл, Шалқар, Жағабұлақ) және Ақтөбе қ. 2 автоматты бекетте жүзеге асырылды.

Атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті ластануын бақылау 3 метеорологиялық станцияда (Ақтөбе, Қарауылкелді, Шалқар) көлденең планшеттермен ауа сынамаларын бес тәуліктік іріктеу арқылы жүзеге асырылды.

Бақылау нәтижелері атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фоны табиғи фоннан (0,3 мкЗв/сағ) 0,12–0,13 мкЗв/сағ аспайтын жол берілетін шектерде болатындығын көрсетеді. Жерге жақын атмосферадағы радиоактивті түсулердің орташа тәуліктік тығыздығы да шекті жол берілетін деңгейден аспайды.

Облыста техногенді радионуклидті көздер ашық түрде пайдаланылмайды, көмуге жататын радиоактивті қалдықтар жоқ.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

12.2.7. ҚАЛДЫҚТАР

Тұрмыстық қатты қалдықтар

2021 жылы Ақтөбе облысында 299,7 мың тонна ТҚҚ түзілді, оның 32,1 мың тоннасы немесе 12% қайта өңделді.

Облыс орталығында қайталама шикізатты қабылдаудың 5 пункті ашылды, қалдықтарды сұрыптау кешені жұмыс істейді. 2021 жылы қалада 681 контейнер орнатылды, оның ішінде – шыныны бөлек жинау үшін қоңырау типтегі 481, пластик үшін – 100 еуроконтейнер, қағаз үшін – 100, 6 қоқыс тасушы бар.

Мәртөк, Қобда, Қарауылкелді аудан орталықтарында жергілікті бюджет қаражатына заманауи ТҚҚ полигондары салынып, пайдалануға берілді. Бадамша мен Шұбарқұдықтағы екі полигонға құжаттама дайындалуда. Ойыл, Ырғыз, Комсомол, Қарабұтақ кенттерінде ТҚҚ полигондарын салу жобаларының ТЭН әзірленді. Жобалар мемлекеттік сараптамадан өтуді.

Ақтөбе қаласында қолданыстағы полигонның қуаттылығын арттыру бойынша жұмыс басталды, ол қолданыстағы жер актісі шегінде қоқысты жинауға арналған қосымша карталар орнатуды көздейді, бұл полигонды пайдалануды 8 жылға ұзартуға мүмкіндік береді.

«Қазақстан Ғарыш Сапары» АҚ ғарыштық мониторингімен анықталған 456 стихиялық қоқыстың 442 жойылды.

Қауіпті және қауіпті емес қалдықтар

2021 жылы Ақмола облысы бойынша қауіпті қалдықтардың түзілуінің ұлғаюы байқалады (12.2.8-кесте).

12.2.8-кесте

2020-2021 жылдары Ақтөбе облысындағы қауіпті қалдықтардың қозғалысы туралы ақпарат, мың тонна

Қауіпті қалдықтар қозғалысы	2020 жыл	2021 жыл
Жылдың басында болғаны	6 139,9	55 236,3
Түзілді	1 434,6	5 423,4
Басқа тұлғалардан түсті	309,4	208,4
Қайта өңделді, пайдаланылды, өртелді	1 217,4	498,7

Залалсыздандырылды	8,8	66,7
Көмілді	114,6	185,1
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілді	401,9	177,0
Жыл соңында болғаны	6212,9	59 930,7

Көзі: ҚОҚ БАЖ.

12.2.9-кестеде Ақтөбе облысы бойынша 2020-2021 жылдарға арналған қауіпті емес қалдықтардың түзілу көлемі туралы ақпарат берілген.

12.2.9-кесте

**2020-2021 жылдары Ақтөбе облысы бойынша қауіпті емес қалдықтардың түзілуі,
мың тонна**

Атауы	2020 жыл	2021 жыл
Жылдың басында болғаны	18,4	403 188,3
Түзілді	129,0	52 170,4
Басқа тұлғалардан түсті	1,2	91,9
Қайта өңделді, пайдаланылды, өртелді	95,9	891,8
Көмілді	0,0	0,9
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілді	7,0	161,8
Жыл соңында болғаны	45,6	454 340,9

Көзі: ҚОҚ БАЖ.

Уытты қалдықтар

ҚР жаңа Экологиялық кодексі күшіне енгеннен кейін 5 кәсіпкерлік субъектісі («Sineko» ЖШС, «Экопром КЗ» ЖШС, «ЭкоТехникс Ақтөбе» ЖШС, «Таза Табиғат АН» ЖШС, «Ақжар Ойл АС» ЖШС).

12.2.8. ЖЫЛУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ЖӘНЕ ТҰТЫНУ

12.2.10-кестеде 2021 жылға арналған электр станциялары мен қазандықтардың бу мен ыстық суды (жылу энергиясын) жалпы өндіру және босату туралы ақпарат ұсынылған.

12.2.10-кесте

**Электр станциялары мен қазандықтардың буы мен ыстық суын (жылу энергиясы)
жалпы өндіру және босату, мың Гкал/жыл**

Атауы	Жылумен жабдықтау көздерінің жалпы өндірісі, барлығы	оның ішінде			жылумен	оның ішінде		
		ЖЭО	қазандықтармен	өзгелер		ЖЭО	қазандықтармен	өзгелер
Ақтөбе облысы	6 766,5	х	3 016	2 045,5	4 273,6	х	1 742,7	823,4

«х» – деректер құпия.

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

2021 жылғы қаңтарда Қарғалы ауданында «Armwind» ЖШС номиналды қуаттылығы 48 МВт «Бадамша-1» жел электр станциясы құрылысының 2-кезеңін аяқтады. Айта кетейік, қуаттылығы 48 МВт «Бадамша-1» 1 кезеңі 2019 жылы пайдалануға берілді. Хромтау ауданында «Aktobe WPP» ЖШС қуаттылығы 500 МВт жел электр станциясының құрылысын салуды жоспарлап отыр. Жобаны іске асыру мерзімі – 2025 жылдың соңы. 2021 жылы Хромтау ауданындағы жел дәлізінің сипаттамаларын өлшеу үшін тиісті органдардан рұқсат алынды.

Бұдан басқа, «ЕРГ Кэпитал Проджектс» ЖШС қуаттылығы 150 МВт жел электр станциясын салуды жоспарлап отыр. Хромтау ауданында зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін 4 жер учаскесі бөлінді. 2024 жылдың соңында құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталып, әрі қарай мемлекеттік сараптамадан өтумен ЖСҚ әзірленуде.

12.2.9. ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Ақтөбе облысы мәслихатының 2018 жылғы 22 мамырдағы «Ақтөбе облысының 2018-2025 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері» №293 шешімімен бекітілген. ҚР жаңа Экологиялық кодексінің 2021 жылғы шілдеден бастап күшіне енуімен құжаттың күші жойылды деп танылды (Ақтөбе облысы мәслихатының 2021 жылғы 17 мамырдағы №44 шешімі). Осыған байланысты жергілікті бюджетке Ақтөбе облысының 2022 жылға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлеуді қаржыландыруға бюджеттік өтінім жолданды.

12.3. АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

	2021 жылдың жалпы көрсеткіштері			
	Субъектінің S, мың км ²	223,6	Халық саны, 2022 жылдың басына, адам	2 107 166
	2018-2021 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер			
	Көрсеткіштер	2018	2019	2020
Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсаған шығындары, млрд теңге	3,3	1,4	2,4	2,8

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Алматы облысы Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан, 1932 жылы 10 наурызда құрылған. 2001 жылға дейін облыстың әкімшілік орталығы Алматы қаласы, 2001 жылдың сәуірінен бастап Талдықорған қаласы болды. Шығысында Қытаймен, оңтүстігінде Қырғыз Республикасымен шектеседі.

Облыстың климаты географиялық орналасуына және теңіздер мен мұхиттардан қашықтығына байланысты шұғыл континенталдылықпен сипатталады. Жазықта қаңтардағы орташа ауа температурасы $-12,3^{\circ}\text{C}$ – $14,1^{\circ}\text{C}$ дейін, шілдедегі орташа температура $+20^{\circ}\text{C}$ – $+25,1^{\circ}\text{C}$ дейін. 4 500 м жоғары биіктікте шілденің орташа температурасы теріс. Тауларда жауын-шашынның жылдық мөлшері солтүстігінде 125 мм оңтүстігінде 900 мм дейін болады.

Алматы облысы халық тығыздығы 1 км^2 10 адам елдегі ең тығыз қоныстанған облыстардың бірі болып табылады.

12.3.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Ластағыш заттар шығарындылары

Алматы облысының атмосфералық ауасының ластануына негізінен, жылу энергетика кәсіпорындары, автокөліктер, құрылыс материалдарын өндіруші кәсіпорындар, қазандық кәсіпорындар мен ұйымдар, сонымен қатар ауыл шаруашылығы объектілері әсер етеді.

2019-2021 жылдары Алматы облысындағы ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны бойынша деректер 12.3.1-кестеде ұсынылған.

12.3.1-кесте


2019-2021 жылдары Алматы облысындағы ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны, бірлік

Атауы	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Шығарындылардың стационарлық көздері	13 435	13 655	15 344

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2021 жылы стационарлық көздерден атмосфераға ластағыш заттар шығарындыларының көлемі 47,9 мың тоннаны құрады (12.3.1-сурет).

2019-2021 жылдары Алматы облысындағы стационарлық көздерден ластағыш заттар шығарындылары, мың тонна




Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

12.3.1-суреттен көрініп тұрғандай, 2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы стационарлық көздерден ластағыш заттар шығарындыларының көлемі 1,6 мың тоннаға артты.

Алматы облысының атмосфералық ауасының негізгі ластағыш заттары күкіртті ангидрид, азот тотықтары, қатты заттар және көміртек тотығы болып табылады (12.3.2-сурет).

2019-2021 жылдары Алматы облысындағы атмосфералық ауаға негізгі ластағыш заттар шығарындылары, мың тонна



Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Күкіртті ангидрид шығарындыларының көлемі 2020 жылмен салыстырғанда 0,3 мыңтоннаға және көміртек тотығы 0,4 мыңтоннаға азайды. Азот тотықтары шығарындыларының көлемі 1,0 мың тоннаға артты.

Стационарлық көздерден басқа жылжымалы ластану көздері, атап айтқанда атмосфералық ауаның ластануына автокөлік айтарлықтай үлес қосады.


ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2021 жылы Алматы облысында 476,4 мың бірлік жеңіл және 45,9 мың бірлік жүк автокөліктері тіркелген.

12.3.3-суретте жылжымалы көздерден Алматы облысының атмосфералық ауасына

ластағыш заттар шығарындылары туралы ақпарат ұсынылған.

12.3.3-сурет

2019-2021 жылдары жылжымалы көздерден атмосфераға ластағыш заттар шығарындылары, мың тонна



Көзі: Алматы облысы бойынша Экология департаменті.

Атмосфералық ауаның сапасы

2021 жылы Алматы облысында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылауды «Қазгидромет» РМК 4 автоматты станцияда (Талдықорған қ., Талғар қ. және Жаркент қ.) жүргізді (12.3.2-кесте).

12.3.2-кесте

2021 жылы Алматы облысындағы атмосфералық ауаның сапасы

№	Елді мекен	Бақылау бекеттерінің саны	Көрсеткіштер		
		автоматты	АЛИ	СИ	ЕКҚ (%)
1	Талдықорған қ.	2	5 (көтерілген деңгей)	4 (көтеріңкі деңгей)	7 (көтеріңкі деңгей)
2	Жаркент қ.	1	-	3 (көтеріңкі деңгей)	12 (көтеріңкі деңгей)
3	Талғар қ.	1	-	9 (көтеріңкі деңгей)	8 (төмен деңгей)

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ескерту. Градациялар бойынша атмосфералық ауаның ластану дәрежесін бағалау 1 «Атмосфералық ауа» бөлімінде ұсынылған.

Алматы облысында стационарлық бақылау бекеттерінен басқа жылжымалы экологиялық зертхана жұмыс істейді, оның көмегімен ауаның сапасы облыстағы 3 нүктеде: Жаркент қ., Текелі қ., Балпық би к. қосымша өлшенеді. Өлшеулер 7 көрсеткіш бойынша жүргізіледі: қалқыма бөлшектер (шаң), азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртек тотығы, фенол, формальдегид (Жаркент қ. – күкіртсутегі). Эпизодтық бақылаулардың деректері бойынша ластағыш заттардың шоғырлануы жол берілген нормалар шегінде болды.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayushey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

Аймақтың газдандырылуы

Алматы облысында 742 елді мекен бар, оның ішінде 474 елді мекен газдандыруға жатады. 2021 жылы 164 елді мекен газдандырылды (34,6%), 1,3 млн адам (61%) газға қол жеткізді.

2021 жылы 19 жобаны іске асыру басталды (Ескелді ауданының Бақтыбай, Алдабергенев және Орқұсақ ауылдары, Көксу ауданының Көксу станциясы, Амангелді және Еңбекшіқазақ ауылдары, Көксу ауданының Жаңаталап, Ескелді би, Қызылжар, Кальпе, Достық (Фрунзе) ауылдары, Қаратал ауданының Көкдала және Оян ауылдары, Жамбыл ауданының Тарғап ауылы, Балқаш ауданының Миялы, Бақбақты, Бояулы және Бірлік ауылдары, Талғар қ. Аққу шағын ауданы). 2021 жылы 1 нысан бойынша жұмыстар аяқталды – Ескелді ауданының Орқұсақ ауылы, қалған құрылыс нысандарын іске асыру 2022 жылы жалғасады.

12.3.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Алматы облысы беткі сулардың үлкен ресурстарына ие: 800 өзен мен су ағындары (оның ішінде 18 өзен мен су ағындары трансшекаралық мәртебеге ие, су қоймаларының бір бөлігі – республикалық маңызы бар):

- Балқаш көлі, Алакөл тобы (Алакөл, Сасықкөл, Жалаңашкөл), Көлсай көлі, Үлкен Алматы көлі;

- Қапшағай, Бартоғай, Күрті, Бестөбе және т. б. су сақтағыштары;

Суды тұтыну

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2021 жылы Алматы облысындағы тұтынушыларға жіберілген су көлемі 57 485,5 мың м³ құрады (12.3.4-сурет).

12.3.4-сурет

2021 жылы Алматы облысында суды тұтыну көлемдері, мың м³



Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Суды бұру

Облыстың су объектілерінің ластану көздері ағынды және коллекторлық-сорғыту суларын тікелей су объектілеріне, сондай-ақ сүзу алаңдары мен жинақтауыштарға ағызуды жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдар болып табылады.

Облыс бойынша ластағыш заттар ағызуларының

95% коммуналдық қызмет кәсіпорындарына, 3,3% тау-кен өндіру өнеркәсібіне, 1,5% тамақ саласына, 0,2% қалған кәсіпорындарға тиесілі.

12.3.3-кестеде 2020-2021 жылдардағы Алматы облысындағы ағынды сулардың нақты ағызулар туралы деректер ұсынылған.

2020-2021 жылдардағы Алматы облысындағы ағызулардың нақты көлемдері туралы ақпарат

Ағызулардың нақты көлемдері		2020 жыл	2021 жыл
Өнеркәсіптік ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	65 372,3	81 188,6
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	25,3	20,1
Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	145 730,7	150 318,1
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	156,1	86,4
Апатты және рұқсат етілмеген ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	0	0
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	0	0
Барлығы (барлық жоғарыда аталған ағызулар)	Суды бұру көлемі, мың м³	217 779,9	233 758,2
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	181,5	109,2

Көзі: Алматы облысы бойынша Экология департаменті.

Алматы облысындағы су бұру көлемі 2021 жылы 233 758,2 мың м³ құрады, бұл 2020 жылға қарағанда 15 978,3 мың м³ артық. Алайда 2021 жылы ластағыш заттардың шығарындыларының көлемі азайды.

Су объектілеріне бұру көлемінің басым бөлігі келесі кәсіпорындардың үлесіне келеді: «Алматы Су» МКК, «Балхаширригация» МКК, «Қараталригация» МКК, «ТЭК» ЖШС, «Текелі тау-кен өңдеу кешені» ЖШС, Қапшағай ГЭС, Талдықорған қ. «Жетісу Су құбыры» МКК және Текелі қ. «Текелі Су құбыры» МКК.

Беткі сулардың сапасы

Алматы облысы аумағында беткі сулардың ластануын бақылауды «Қазгидромет» РМК 22 су объектісінің 42 тұстамасында жүргізді (12.3.4-кесте).

2020-2021 жылдар Алматы облысы аумағындағы су объектілерінің сапасы

№	Су объектісінің атауы	Су сапасының сыныбы		Параметрлері	2021 ж. шоғырлануы, мг/дм ³
		2020 жыл	2021 жыл		
1	Кіші Алматы өз.	3 сынып	3 сынып	Магний	21,3
2	Есентай өз.	2 сынып	3 сынып	Аммоний ионы	0,51
3	Үлкен Алматы өз.	2 сынып	2 сынып	Жалпы фосфор	0,132
4	Іле өз.	1 сынып	3 сынып	Магний	22,6
5	Шілік өз.	4 сынып	2 сынып	Қалқыма заттар	11,6
				Жалпы фосфор	0,148
				Нитрит анионы	0,144
6	Шарын өз.	4 сынып	4 сынып	Қалқыма заттар	11,4
7	Текес өз.	3 сынып	3 сынып	Магний	23,1
				Аммоний ионы	0,54
8	Қорғас өз.	2 сынып	3 сынып	Аммоний ионы	0,51

9	Баянкөл өз.	1 сынып	2 сынып	Жалпы фосфор	0,185
10	Есік өз.	4 сынып	4 сынып	Қалқыма заттар	11,8
11	Қаскелең өз.	3 сынып	2 сынып	Жалпы фосфор	0,166
12	Қарқара өз.	3 сынып	3 сынып	Магний	21,9
13	Түрген өз.	4 сынып	2 сынып	Жалпы фосфор	0,168
14	Талғар өз.	1 сынып	3 сынып	Аммоний ионы	0,57
15	Темірлік өз.	3 сынып	3 сынып	Магний	21,3
16	Лепсі өз.	2 сынып	2 сынып	Жалпы фосфор	0,193
17	Ақсу өз.	3 сынып	3 сынып	Аммоний ионы	0,61
18	Қаратал өз.	2 сынып	2 сынып	Жалпы фосфор	0,188
19	Қапшағай су сақтағышы	3 сынып	3 сынып	Магний	24,1

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ескерту. Пайдалану сыныбының сипаттамасы 3 «Су ресурстары» бөлімінде ұсынылған.

12.3.4-кестеден көрініп тұрғандай, 2020 жылмен салыстырғанда Кіші Алматы, Үлкен Алматы, Шарын, Текес, Есік, Қарқара, Темірлік, Қаратал, Лепсі, Ақсу өзендеріндегі, Қапшағай су сақтағышындағы беткі сулардың сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ; Шілік өзендерінде 4-сыныптан 2-сыныпқа, Қаскелең 3-сыныптан 2-сыныпқа, Түрген 4-сыныптан 2-сыныпқа өтіп – жақсарды; Есентай, Қорғас өзендерінде 2-сыныптан 3-сыныпқа, Іле, Талғар өзендерінде 1-сыныптан 3-сыныпқа, Баянкөл өзенінде 1-сыныптан 2-сыныпқа өтіп – нашарлады.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

12.3.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

Жер қоры

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің деректеріне сәйкес Алматы облысының жер қоры 22 354,9 мың га құрайды.

2020-2021 жылдардағы Алматы облысы пайдаланған жерлерді санаттар бойынша бөлу туралы ақпарат 12.3.5-кестеде ұсынылған.

12.3.5-кесте

2020-2021 жылдары жер санаттары бойынша Алматы облысының жер қорын бөлу, мың га

№	Жер санаты	2020 жыл	2021 жыл
1	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	8 332,5	8 623,8
2	Елді мекен жерлері	722,6	723
3	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған жерлер	257,1	251,8
4	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері	1 642,7	1 642,7
5	Орман қоры жерлері	3 752,2	3 750,6
6	Су қоры жерлері	192,1	192,1
7	Босалқы жерлер	7 458,0	7 173,2
Барлығы		22 357,2	22 354,9

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

2021 жылы облыстың жер қорын бөлуде келесідей өзгерістер болды:

- босалқы жерлерден беру есебінен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 291,3 мың га ұлғайды;

- өнеркәсіп жерлер есебінен елді мекендердің шекарасын нақтылау кезінде елді мекен жерлері 0,4 мың га ұлғайды;

- жалпы өнеркәсіп жерлері 5,3 мың га азайды (ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің нысаналы мақсатын өзгерту есебінен 1,3 мың га ұлғайту, Орталық Азия университетінің Алматы облысының Текелі қаласына қосылуы нәтижесінде 0,2 мың га азаюы және мемлекеттік меншікке қайтару нәтижесінде 6,4 мың га азайды).

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер санатында облыстың бағалы ауыл шаруашылығы алқаптарының негізгі бөлігі бар: 986,7 мың га егістік (оның ішінде суармалы 437,3 мың га), 21,1 мың га көпжылдық екпелер, 98,1 мың га тыңайған жерлер (оның ішінде суармалы 25,2 мың га), 189,7 мың га шабындықтар (оның ішінде 1,5 мың га жақсартылған), жайылымдар – 7 212,9 мың га (оның ішінде 30,0 мың га жақсартылған).

Босалқы жерлер құрамында 46,2 мың га кен орындары бар, олар кейіннен оларды ауыл шаруашылығы айналымына тартудың резерві болып табылады.

Бүлінген жер көлемі 6,8 мың га құрайды.

Топырақ жағдайы

«Қазгидромет» РМК Алматы облысының топырақтарың ластануына бақылауды көктемде, жазда және күзде 3 қаланың (Талдықорған қ., Текелі қ., Жаркент қ.) аумағындағы топырақ сынамаларын алу арқылы жүзеге асырады. Талдықорған және Жаркент қалаларының әртүрлі аудандарында көктемгі-күзгі кезеңде іріктеп алынған топырақ сынамаларында қорғасын бойынша асып кетулер тіркелді, қалған анықталатын ауыр металдардың шоғырлануы норма шегінде болды.

Текелі қаласында көктемгі-күзгі кезеңде топырақ сынамаларында қорғасын мен мыстың асып кетулері тіркелді, қалған анықталатын ауыр металдардың шоғырлануы норма шегінде болды (12.3.6-кесте).

12.3.6-кесте

2020-2021 жылдары Алматы обласының топырақтағы ауыр металдар шоғырлануының асып кетуі, ШЖК

Атауы	2020 жыл	2021 жыл
Талдықорған қ.		
Қорғасын	1,4-18,8	1,8-13,9
Текелі қ.		
Қорғасын	1,0-12,9	1,0-8,1
Мыс	1,6-16,6	1,2
Жаркент қ.		
Қорғасын	-	1,0-1,1

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Жерді алып қою

2021 жылы «Қазақстан Ғарыш Сапары» АҚ жерді қашықтықтан зондтау қорытындысы бойынша жалпы алаңы 2 191,3 мың га (10 380 субъекті) жайылымдық жерді пайдаланбау фактілері анықталды.

Қабылданған шаралар нәтижесінде 2021 жыл ішінде:

- 50,7 мың га мемлекет меншігіне қайтарылды;

- 0,1 мың га иесіз мүлік ретінде есепке қойылды;

- 474,6 мың га жерді пайдалануға кірісті және ауыл шаруашылығы айналымына тартылды;
- 1 665,9 мың га бойынша материалдар аудандар мен қалалардың жергілікті атқарушы органдарының қарауында, олардың 2,0 мың га бойынша айыппұлдар салынды және 106,6 мың га бойынша жер учаскелерін нысаналы мақсатта пайдалану қажеттілігі туралы ескертулер берілді.


12.3.4. ЖЕР ҚОЙНАУЫ

Алматы облысында табиғи ресурстардың барлық түрлері бар, олардың ішіндегі ең маңыздылары түсті металдар – қорғасын, мырыш, мыс, сирек металдар – вольфрам, қалайы, молибден, бериллий, асыл металдар – алтын мен күміс болып табылады. Энергетикалық қоңыр көмірдің ірі кен орындары анықталды. Облыс аумағында минералдық шикізаттың неғұрлым кең таралған түрлері табиғи түзілімдердің кең таралған түріне жататын құрылыс материалдары болып табылады.

«Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ деректері бойынша 2021 жылы Алматы облысының аумағында кең таралған пайдалы қазбалар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығына 259 қолданыстағы келісімшарт әрекет етеді (12.3.5-сурет).

12.3.5-сурет

2019-2021 жылдары кең таралған пайдалы қазбалар бойынша келісімшарттар, бірлік



Көзі: Алматы облысының әкімдігі.

2021 жылы КТПҚ өндіру бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың жалпы саны 2020 жылға қарағанда 22 кем, оның ішінде: барлау – 2, кейіннен өндірумен барлау – 71, өндіру – 185, барлау және өндірумен байланысты емес – 1 келісімшарт.


12.3.5. БИОӘРТҮРЛІК

Орман қоры

Алматы облысы әкімдігінің қарамағында 5 411,8 мың га орман қоры бар, оның ішінде облыстың ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының орман қоры – 1 656,2 мың га.

2020-2021 жылдардағы Алматы облысының орман қоры бойынша деректер 12.3.6-суретте ұсынылған.

2020-2021 жылдардағы Алматы облысының орман қоры, мың га



Көзі: Алматы облысының әкімдігі.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар

Облыс аумағында 2 қорық, 5 мемлекеттік ұлттық парк, республикалық маңызы бар 7 мемлекеттік қорықша, республикалық маңызы бар 4 мемлекеттік табиғат ескерткіші, республикалық маңызы бар Жусандалы мемлекеттік қорық аймағы және 1 мемлекеттік табиғи резерват (12.3.7-кесте).

Алматы облысының ерекше қорғалатын табиғи аумақтары, мың га

№	Мәртебесі	Саны	Атауы	Ауданы
1	Мемлекеттік табиғи қорық	2	Алакөл	17,9
			Алматы	71,7
2	Мемлекеттік ұлттық табиғи парк	5	Іле-Алатау	199,2
			Алтын-Емел	307,7
			Шарын	127,1
			Көлсай көлдері	161
			Жоңғар-Алатау	356
3	Мемлекеттік табиғи қорықша (заңды тұлға мәртебесі жоқ)	7	Лепсі	258
			Тоқты	187
			Қоқан	49
			Жоғарғы Көксу	240
			Балқаш маңы	503
			Қараой	295
			Алматы	542,4

4	Республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіші	3	Шетен тоғайы	5
			«Әнші шағыл»	0,240
			Шынтүрген шыршасы	0,009
5	Республикалық маңызы бар мемлекеттік қорық аймағы	1	Жусандала	1 400
6	Мемлекеттік табиғи резерват	1	Іле-Балқаш	415,2

Көзі: Алматы облысының әкімдігі.

Жануарлар мен өсімдіктер дүниесі

Алматы облысының аумағында жер үсті омыртқалы жануарлардың 475 түрі немесе Қазақстан фаунасының 57%, оның ішінде құстардың 353, сүтқоректілердің 88 түрі мекендейді.

Облыс аумағында аңшылық фаунаның тұяқты түрлерінің өкілдерінен марал, сібір тау ешкісі, сібір елігі, қабан мекендейді. Тұяқтылардың Қызыл кітапқа енген түрлері келесі түрлерден тұрады: қарақұйрық, түрікмен құланы, арқар, тоғай бұғысы, Пржевальский жылқысы. Жыртқыш түрлерден борсық, қасқыр, қорқау, түлкі, қарсақ, сарғыш күзен, аққалақ, ақкіс, америкалық қарақүзен. Бұл отрядтың Қызыл кітапқа енген түрлерін Тянь-Шань қоңыр аюы, қар барысы, ақтөс сусар, ортаазиялық өзен кәмшатты, түркістан сілеусіні, сабаншы, қызыл қасқыр толықтырады. Аулау түрлеріне ондатр, сұр суыр, сары зорман (сарышұнақ) жатады.

Құстар келесілерден тұрады: қаздар, үйректер (Қазақстанда тіршілік ететін барлық түрлер), қасқалдақ, шалшықшы, көгершін, түркептер.

Тауықтар отрядына келесілер жатады: шілдер – сұр шіл, шөл шілі, сақалды шіл, кекілік, сондай-ақ құр, қырғауыл, бөдене. Кекілікпен қатар Гималай ұлары аңшылық фаунасының типтік тау өкілі болып табылады.

Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жабайы жануарлар түрлерінің санын ұлғайту мақсатында олар мекендейтін ареалдарда жабайы аңдар мен құстарды кейіннен табиғатқа жібере отырып, өсіру бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Алматы облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы ЕҚТА өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер, рейдтер жүргізеді.

12.3.6. РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

«Қазгидромет» РМК деректері бойынша 2021 жылы жергілікті жерлерде гамма-сәулелену деңгейін бақылау күн сайын 8 метеорологиялық станцияда (Алматы, Бақанас, Қапшағай, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған, Сарыөзек) және Талдықорған қаласындағы 1 автоматты станцияда жүзеге асырылды.

Облыстың елді мекендері бойынша атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фонының орташа мәні 0,11-0,30 мкЗв/сағ, 2018 жылы – 0,01-0,28 мкЗв/сағ шегінде болды. Облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,17 мкЗв/сағ құрады және шекті жол берілетін нормада болды.

Алматы облысы аумағында атмосфераның жер бетіндегі қабатының радиоактивті ластануын бақылау 5 метеорологиялық станцияда (Алматы, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған) көлденең планшеттермен ауа сынамаларын алу арқылы жүзеге асырылды. Барлық станцияларда бес тәуліктік сынама алынды. Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивті түсудің орташа тәуліктік тығыздығы 0,9-4,4 Бк/м² шегінде ауытқыды. Облыс бойынша түсу тығыздығының орташа шамасы 1,7 Бк/м² құрады.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

ҚР ДМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» РМК Алматы облысы бойынша филиал

зертханаларымен бірлесіп Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 13.11.2020 жылғы № ҚР ДСМ-193/2020 бұйрығымен бекітілген санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізу қағидаларының талаптарына сәйкес, Алматы облысы аумағының радиациялық қауіпсіздігіне тұрақты негізде мониторинг жүргізеді.

Сонымен, 2021 жылы мониторинг шеңберінде, сондай-ақ ерекше тәртіп бойынша тексерулер жүргізілді:

- тұрғын үй массивтерінің аумағында құрылысқа, қайта құруға бөлінген кезде жер учаскелерінің аумағындағы 48 896 эквивалентті дозаның қуаттылығын (ЭДҚ) өлшеу;

- тұрғын-үй, қоғамдық, өндірістік, қайта жаңартылған ғимараттардағы 1 533 ЭДҚ өлшеу;

- радон, торон шоғырлануын анықтау бойынша 856 өлшем және тұрғын үйлер мен әлеуметтік мақсаттағы ғимараттар құрылысына жер телімдерін бөлу кезінде топырақтағы ыдыраудың еншілес өнімдері (БЕӨ), (НД – 80 мБк / (м²/с);

- объектіні пайдалануға қабылдау кезінде тұрғын және қоғамдық ғимараттарда (100 Бк/м³), радон, торон және БЕО шоғырлануының 189 өлшеуі және қолданыстағы тұрғын және қоғамдық ғимараттарда (200 Бк/м³) – 0 өлшеу;

- қоймада және вагонда кейіннен тасымалдау үшін металл сынықтарын 573 өлшеу.

2021 жыл ішінде ерекше тәртіп бойынша тексерулер барысында 28 объекті (2020 ж – 23), оның ішінде зертханалық-аспаптық әдістерді қолдана отырып – 28 объекті тексерілді. Тексеру барысында 9 объектіде (2020 ж. – 4 объектіде) санитариялық қағидаларды бұзушылықтар анықталды (құжаттама мен есептілікті жүргізу, санитариялық-техникалық жағдай, дезинфекциялық режим бойынша), лауазымды тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Иондаушы сәулелену көздерімен (ИСК) жұмыс істейтіндердің барлығы – 438 жұмыскер, оның ішінде 5 мЗв дейін тиімді дозалар алынды. Жеке қорғаныс құралдарының саны барлығы – 721, оның ішінде 469 ЖЖС қорғау тиімділігінің ұсынылған хаттамалары негізінде ерекше тәртіп бойынша тексерулер барысында тиімділігі расталды.

Рентгенологиялық кабинеттердің ерекше тәртібі бойынша тексерулер шеңберінде 126 жұмыс орны тексеріліп, 15 305 өлшеу жүргізілді, оның ішінде 2 объектіде (Қарасай көпсалалы ауданаралық ауруханасы, Еңбекшіқазақ көпсалалы ауданаралық ауруханасы) 15 өлшеу анықталды, бұзушылықтар «Радиациялық қорғаудың стационарлық құралдарымен жеткіліксіз қамтамасыз ету» (есіктер, қорғаныш қалқандарының болмауы) ретінде сипатталды.

Алматы облысында радиоактивті заттармен пайдалану немесе өзге де жұмыс істеу ережелерін бұзу тіркелген жоқ. Тұрғын үй құрылысы аумағындағы радонның орташа шоғырлануы: 10-20 Бк\м³ құрайды, 2021 жылы облыс аумағында радон мен торонның құрамының артуы анықталмаған.

Адамдар көп жиналатын аумақта, елді мекендерде және одан тыс жерлерде күн сайын жүргізілетін мониторинг пен гамма-фонды өлшеуге сәйкес радиациялық жағдай қолайлы болып қала береді, облыс бойынша радиациялық фон 0,11-ден 0,18 мкЗв/сағ құрайды.

12.3.7. ҚАЛДЫҚТАР

Тұрмыстық қатты қалдықтар

Алматы облысы бойынша 2021 жылы жинақталған тұрмыстық қатты қалдықтардың жалпы көлемі 9 млн тоннаны құрайды. Жыл сайын облыс аумағында 1,0 млн тоннадан астам ТҚҚ жинақталады, оның 440 мың тоннасы Алматы қ. аумағынан келіп түседі.

Облыс аумағында 313 тұрмыстық қатты қалдықтарды сақтау және көму орындары, оның ішінде қалалар мен аудан орталықтарында орналасқан 14 полигон бар.

2021 жылы ТҚҚ жинау мен шығаруды 75 ұйым қамтамасыз етеді. Облыс халқын ТҚҚ шығаруды қамту 85,7% құрайды. Қалалар, аудан орталықтары мен ірі елді мекендер ТҚҚ ұйымдасқан түрде шығарумен толық қамтылған.

Талдықорған қаласында тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау үшін тұрмыстық қалдықтардың құрғақ және сұйық түрлеріне бөлінген 270 бірлік жерасты контейнері бар.

Сондай-ақ, 200 торлы контейнер, қауіпті қалдықтарға арналған 40 контейнер орнатылды.

Қапшағай қ. 280 торлы контейнер орнатылды, Жамбыл ауданында 4 макулатура қабылдау пункті ашылды.

Облыста 16 кәсіпорын жалпы қуаттылығы жылына 343 мың тонна қайталама шикізатты өңдеумен айналысады: «Қазақстан Қағазы» АҚ, «Қайнар АҚБ» ЖШС, «САФ» ЖШС, «УтильЭкоСервис» ЖШС, «КазПэтПолимер» ЖШС, «ЭкоСервисАрман» ЖШС, «ИнтерМедГрупп» ЖШС, «KagazyRecycling» ЖШС, «MEA Properties» ЖШС, «P.T.Z» ЖШС, «Q-recycling» ЖШС, «TechnicDestroy» ЖШС, «ТазаЖерМПК» ЖШС, «МПК Аулет» ЖШС, «Адал даму капитал» ЖШС, «EcoLineTabigat.Co» ЖШС.

2021 жылы ТҚҚ қайта өңдеу үлесі 17,6% құрады (2020 жылы – 17%).

Соңғы үш жылда Қарасай ауданының Жалпақсай ауылында, Райымбек ауданының Нарынқол ауылында, Іле ауданының Қоянқұс ауылында 3 ТҚҚ полигоны жойылды.

Алматы облысында қағаз қалдықтары, шыны ыдыстар, полимер қалдықтары, пайдаланылған аккумуляторлар, майлар мен шиналар сияқты коммуналдық қалдықтардың пайдалы компоненттерін жинауды және өңдеуді жүзеге асыратын бірқатар компаниялар бар.

Облыстың экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында келесі іс-шаралар өткізілді:

- «Алматы облысының қалдықтарын басқару жөніндегі 2017-2025 жылдарға арналған бағдарлама» бекітілді (мәслихаттың 20.02.2018 ж. №27-137 шешімі);

- «Алматы облысы бойынша 2018-2022 жылдарға арналған шағын және орта бизнес субъектілерін кеңінен тарта отырып, қатты тұрмыстық қалдықтарды қазіргі заманғы кәдеге жарату және қайта өңдеу жөніндегі шаралар кешені» әзірленді (27.09.2018 ж. №428 қаулы);

- «Алматы облысының қалдықтарды басқарудың аймақтық жүйесі» жобасының ТЭН әзірленді (МС 18.06.2018 ж. №01-0216/18).

«Алматы облысының қалдықтарды басқарудың аймақтық жүйесі» ТЭН сәйкес, облыс 14 аумақтық кешенге бөлінген, оның ішінде 3 ауданаралық және 11 аудандық болып табылады. Осы жоба шеңберінде облыста облыс орталығында, Панфилов және Іле аудандарында орналасқан жобалық қуаттылығы 330 мың тонна 3 қоқыс сұрыптау станциясы жұмыс істейді.

Сонымен қатар, 12 ЖСҚ әзірленді: 4 қоқыс сұрыптау, 6 қоқыс тиеу кешені және 2 ТҚҚ полигонының құрылысы. 10 жоба бойынша оң қорытындылар бар. 2 жоба мемлекеттік сараптамадан өтуде.

2021 жылы Панфилов ауданының Жаркент қаласындағы ТҚҚ жабық полигонын қалпына келтіру жұмыстары басталды.

2023 жылға дейін Іле ауданында қуаттылығы жылына 120 мың тонна «Waste Energy Kazakhstan» ЖШС қазақстандық-испандық компаниясымен бірлесіп, «Мериолизис» технологиясы бойынша толық циклді қоқыс өңдеу зауытын салу белгіленген. 2021 жылы аталған компания өз қаражаты есебінен ЖСҚ әзірлейді. Құрылыс-монтаж жұмыстарын бастау 2022 жылдың 1 жартыжылдығына белгіленген.

Уытты қалдықтар

Алматы облысында уытты химикаттардың ыдыстарын көмуге арналған Іле (Ақши ауылынан солтүстік-шығысына қарай 5,7 км) және Көксу аудандарында екі полигон бар. Іле ауданындағы полигон жұмыс істейді, оның меншік иесі «Ақшиагросервис» ЖШС болып табылады, полигонның қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаты бар. Көксу ауданындағы полигон резервте тұр.

Пестицидтер мен уытты химикаттардан жасалған пайдаланылған және жарамсыз пластмасса ыдыс полигонда көмілуге жататын уытты қалдықтар болып табылады. Көму қалдықтарды саркофагқа жинау әдісімен жүргізіледі.

Алматы облысында құрамында сынабы бар қалдықтарды жинау және одан әрі қайта өңдеу жөніндегі ұйымдар жоқ. «Алматыэкологострой» МКК және «Сынап плюс» ЖШС жасалған келісімшарт бойынша кәсіпорындар Алматы қаласында құрамында сынабы бар шамдар мен аспаптарды кәдеге жаратады.

Облыс аумағында жойылуы қиын органикалық ластағыштарға (ЖҚОЛ) жататын уытты

химикаттар мен пестицидтердің ескі қорымдары мен қоймалары жоқ.

ИСК-радиоактивті қалдықтарды көмуді Алматы қаласының «Ядролық физика институты» ЕМК жүргізеді.

Қауіпті және қауіпті емес қалдықтар

Алматы облысы бойынша 2021 жылы қауіпті қалдықтар көлемінің азаюы байқалады (12.3.8-кесте).

12.3.8-кесте

2020-2021 жылдары Алматы облысы бойынша қауіпті қалдықтардың қозғалысы туралы ақпарат, мың тонна

Қауіпті қалдықтар қозғалысы	2020 жыл	2021 жыл
Жылдың басында болғаны	5 541,2	34,1
Түзілді	657,2	37,3
Басқа тұлғалардан түсті	50,9	33,0
Қайта өңделді, пайдаланылды, өртелді	43,2	35,4
Залалсыздандырылды	5,0	0,5
Көмілді	4 563,4	0,0
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілді	202,9	23,3
Жыл соңында болғаны	6 001,2	38,6

Көзі: ҚОҚ БАЖ.

12.3.9-кестеде Алматы облысы бойынша 2020-2021 жылдарға арналған қауіпті емес қалдықтардың түзілу көлемі туралы ақпарат берілген.

12.3.9-кесте

2020-2021 жылдары Алматы облысында түзілген қауіпті емес қалдықтардың көлемдері, мың тонна

Атауы	2020 жыл	2021 жыл
Жылдың басында болғаны	17,2	5 775,5
Түзілді	31,8	731,8
Басқа тұлғалардан түсті	124,5	540,1
Қайта өңделді, пайдаланылды, өртелді	63,6	94,9
Көмілді	0	3 644,9
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілді	76,2	269,2
Жыл соңында болғаны	32,7	3 038,1

Көзі: ҚОҚ БАЖ.

12.3.8. ЖЫЛУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ЖӘНЕ ТҰТЫНУ

Алматы облысы бойынша электр станциялары мен қазандықтардың бу мен ыстық суды (жылу энергиясын) жалпы өндіру және жіберу жөніндегі ақпарат 12.3.10-кестеде ұсынылған.

Алматы облысының электр станциялары мен қазандықтардың бу мен ыстық суды (жылу энергиясын) жалпы өндіру және жіберу, мың Гкал/жыл

Атауы	Жылумен жабдықтау көздерінің жалпы өндірісі, барлығы	Оның ішінде			Жылумен жабдықтау көздерін босату, барлығы	Оның ішінде		
		ЖЭО	қазандық-тармен	өзге		ЖЭО	қазандық-тармен	өзге
Алматы облысы	1 942,1	249,3	1 691,9	х	1 265,5	204,5	1 061	-

«х» – деректер құпия.

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

2021 жылы Алматы облысында жалпы қуаттылығы 317,67 МВт жаңартылатын энергия көздерінің (ЖЭК) 31 объектісі бар, оларда 715 жұмыс орны құрылды:

- Жалпы қуаттылығы 125,3 МВт 18 ГЭС;
- Жалпы қуаттылығы 32 МВт 7 ЖЭС;
- Жалпы қуаттылығы 160,365 МВт 6 СЭС.

Облыстың электр энергиясын тұтынуы 730,65 МВт құрады, оның ішінде жеке өндірісі 313,18 МВт, оның ішінде жалпы өндіріс көлемінен ЖЭК үлесі 78 МВт (Іле өзеніндегі СЭС, Қапшағай қаласындағы СЭС және Шарын өзеніндегі Мойнақ СЭС қоспағанда). Басқа аймақтардан сатып алу – 417,47 МВт.

Алматы облысында 2022 жылдан 2025 жылға дейін пайдалануға беру жоспарланып отырған ЖЭК объектілерінің тізбесіне электр энергиясын сатып алу шарттарының мерзімдеріне сәйкес жалпы қуаттылығы 424 МВт, 313 жұмыс орнын құрайтын 27 жоба (ГЭС – 15; ЖЭС – 9; КЭС – 1; БиоЭС – 2) кіреді. 2021 жылы ҚМЖ 4 нысан бойынша аяқталды.


12.3.9. ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Алматы облысы бойынша 2017-2021 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері облыстық мәслихаттың 23.05.2018 жылғы №31-163 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №KZ61VCY00146038 шешімімен бекітілген. 2017-2021 жылдарға арналған «Алматы облысының қоршаған орта сапасының нысаналы индикаторларын әзірлеу» жобасының мемлекеттік экологиялық сараптама-сының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №KZ61VCY00146038 оң қорытындысы алынды.

Аймақтағы қоршаған орта сапасының нормативтеріне кезеңділікпен қол жеткізу, сондай-ақ қоршаған орта мен халық денсаулығы үшін экологиялық қауіпті төмендету мақсатында, барлық мүдделі органдар мен кәсіпорындарға орындау үшін жолданған 2018-2021 жылдарға арналған ҚОСНҚ қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді және бекітілді.

Жаңа Экологиялық кодексті енгізуге байланысты жаңа ҚОСНҚ әзірленетін болады.

12.4. АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

	2021 жылдың жалпы көрсеткіштері				
	Субъектінің, S мың км ²	117,4	Халық саны, 2022 жылдың басына, адам		668 090
	2018-2021 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер				
	Көрсеткіштер	2018	2019	2020	2021
	Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсаған шығындары, млрд теңге	39,7	55,4	43,9	76,7

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Атырау облысы 1938 жылдың 15 қаңтарында құрылды, 1992 жылдың ақпанына дейін Гурьев облысы болды. Каспий маңы ойпатында Каспий теңізінің солтүстігі мен шығысында орналасқан. Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Ақтөбе облыстарымен, сондай-ақ Ресей Федерациясының Астрахан облысымен шектеседі.

Атырау облысының әкімшілік-аумақтық құрылымы жүйесіне 8 әкімшілік аудан, 64 ауылдық округ, бір облыстық маңызы бар қала, бір аудандық маңызы бар қала, 4 кент және 150 ауылдық елді мекен кіреді. Облыстың әкімшілік орталығы – Атырау қаласы.

Облыс аумағының басым бөлігі Каспий маңы ойпатының шегінде орналасқан, шөл және шөлейт аймақтарда орналасқан ойпатты немесе сәл биік жазықтан тұрады. Жер рельефі – Каспий теңізінің жағасынан байқалмай көтерілетін толқын тәрізді жазық. Каспий маңы ойпатының едәуір бөлігін тізбекті және шағыл құмдар (Нарын, Тайсойған, Қарақұм) және көптеген жерлерін сортаңдар алып жатыр. Облыстың солтүстік-шығысының біраз бөлігін Подурал борлы үстіртінің шыңдары алып жатыр.

Атырау облысының климаты шұғыл континенталды, өте құрғақ. Қаңтардың орташа температурасы (ең суық ай) -7°C , -11°C . Жалпы алғанда облыстың солтүстігінде қысы орташа суық. Алайда, кейбір суық қыста аяз -36°C , -42°C (абсолютті минимум) жетеді. Аумақтың көп бөлігінде жаз ыстық және ұзақ. Барлық жерде шілденің орташа температурасы (ең ыстық ай) $+25^{\circ}\text{C}$ төмен емес. Кейбір жылдары ауа температурасы $+41$ – $+46^{\circ}\text{C}$ дейін көтеріледі. Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 140-200 мм аспайды.

Аймақ қатты жел мен дауылмен сипатталады. Аумақтың көп бөлігінде желдің орташа жылдық жылдамдығы 4-5 м/с құрайды. Облыстың солтүстік бөлігінде жыл бойы барлық сегіз негізгі бағыттың желдері бірдей жиі соғып тұрады.

12.4.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Ластағыш заттар шығарындылары

Атырау облысындағы атмосфералық ауаның экологиялық жай-күйі мұнай-газ кешендерінен, энергокоммуналдық кәсіпорындардан, көлік құралдарынан және басқа да объектілердің шығарындылар көлемімен анықталады.

Атырау облысы бойынша Экология департаментінің деректері бойынша шығарындылардың 80-85% мұнай-газ секторының кәсіпорындарына тиесілі. Ластанудың негізгі көздері «Теңізшевройл» ЖШС, «НортКаспианОперейтингКомпани Н.В.» компаниясы, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС, «ҚазТрансОйл» АҚ БФ, «Ембімұнайгаз» АҚ болып табылады.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, 2021 жылы стационарлық көздердің саны артып, 28 904 бірлікті құрады.

12.4.1-кестеде 2019-2021 жылдардағы ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздер саны бойынша деректер ұсынылған.

**2019-2021 жылдардағы ластағыш заттар шығарындыларының
стационарлық көздерінің саны, бірлік**


Атауы	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Шығарындылардың стационарлық көздері	27 548	28 654	28 904

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2021 жылы стационарлық көздерден атмосфераға ластағыш заттар шығарындыларының көлемі 160,2 мың тоннаны құрады (12.4.1-сурет).

12.4.1-сурет

**2019-2021 жылдардағы Атырау облысында стационарлық көздерден шығатын ластағыш
заттар шығарындылары, мың тонна**




Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

12.4.1-суреттен көрініп тұрғандай, 2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы стационарлық көздерден ластағыш заттар шығарындыларының көлемі 6,3 мың тоннаға артты. Кәсіпорындар шығаратын негізгі ластағыш заттар – көміртегі тотығы, қатты заттар, күкірт диоксиді және азот оксиді болып табылады.

2019-2021 жылдардағы негізгі ластағыш заттар бойынша шығарындылардың көлемі 12.4.2-суретте ұсынылған.

12.4.2-сурет

**2019-2021 жылдардағы Атырау облысының негізгі ластағыш заттарының
шығарындылары, мың тонна**




Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Стационарлық көздермен қатар жылжымалы ластану көздері, атап айтқанда автокөлік атмосфераның ластануына үлкен үлес қосады. ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2021 жылы Атырау облысында 97,9 мың бірлік жеңіл және 20,0 мың бірлік жүк автокөлік құралдары тіркелген.

12.4.3-суретте жылжымалы көздерден Атырау облысы бойынша атмосфераға ластағыш заттар бойынша шығарындылар туралы ақпарат ұсынылған.

12.4.3-сурет

2019-2021 жылдары жылжымалы көздерден атмосфераға шығатын ластағыш заттар шығарындылары, мың тонна



Көзі: Атырау облысы бойынша Экология департаменті.

Атмосфералық ауаның сапасы

Атырау облысында «Қазгидромет» РМК 5 стационарлық бекетте атмосфералық ауаның жағдайына тұрақты мониторинг жүргізеді.

12.4.2-кестеде Атырау облысы елді мекендерінің 2021 жылғы атмосфералық ауа сапасы мониторингінің нәтижелері ұсынылған.

12.4.2-кесте

Атырау облысы елді мекендерінің 2021 жылғы атмосфералық ауа сапасы

№	Елді мекен	Бақылау бекеттерінің саны		Көрсеткіштер		
		қолмен	автоматты	АЛИ	СИ	ЕКҚ (%)
1	Атырау қ.	2	4	7 (жоғары деңгей)	10 (өте жоғары деңгей)	7 (көтеріңкі деңгей)
2	Құлсары қ.	-	1	3 (төмен деңгей)	1 (төмен деңгей)	0 (төмен деңгей)
3	Мақат ауданы	-	1	-	4 (көтеріңкі деңгей)	1 (көтеріңкі деңгей)
4	Индер ауданы	-	1	-	3 (көтеріңкі деңгей)	0 (төмен деңгей)
5	Жанбай ауылы	-	1	-	3 (көтеріңкі деңгей)	1 (көтеріңкі деңгей)
6	Гонюшкино қ.	-	1	-	3 (көтеріңкі деңгей)	1 (көтеріңкі деңгей)

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ескерту. Градациялар бойынша атмосфералық ауаның ластану дәрежесін бағалау 1 «Атмосфералық ауа» бөлімінде ұсынылған.

Атырау қ. атмосфералық ауасының күкіртсутегімен жоғары ластануының себептері жер пайдаланушы – «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС тиесілі «Тухлая балка» (сол жағалау) булану алқабы болып табылады.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

Аймақтың газдандырылуы

Атырау облысы әкімдігінің деректеріне сәйкес 2022 жылдың басындағы жағдай бойынша Атырау қаласы, Құлсары қаласы және Мақат ауданы табиғи газбен толық қамтамасыз етілген. Облыстағы 153 ауылдық елді мекеннің 135 немесе халықтың 88,2% (297 531 адам) табиғи газбен қамтамасыз етілген.

Облыста 18 газдандырылмаған елді мекен бар. Исатай ауданы Тасқұдық, Саркөл, Сарқұмақ, Былқылдақ, Қоңыралы, Кенбай, Қызылқоға ауданы, Қызыл үй және Жасқайрат сияқты 8 кентті газдандыруға жобалық-сметалық құжаттама әзірленді.

12.4.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Атырау облысының аумағында жалпы ұзындығы 1 002 км 4 ірі өзен және жалпы ұзындығы 348 км 9 шағын өзен бар. Барлық өзендер қармен қоректенетін өзендерге жатады.

Атырау облысының барлық өзендері трансшекаралық болып табылады. Ірі өзендер – Жайық (Орал), Ембі, Шаронов, Қиғаш. Жайық өзені трансшекаралық болып табылады, Ресей Федерациясының аумағы бойынша, одан кейін Қазақстанның Батыс Қазақстан және Атырау облыстары бойынша ағып өтеді. Жайық өзенінің транзиттік ағыны Каспий теңізіне құяды, ал Ембі, Ойыл, Сағыз өзендерінің ағыны құм мен сорда жоғалады.

Шаронов және Қиғаш өзендері Қазақстан аумағын кесіп өтетін Еділ өзенінің төменгі ағысының арнасы мен сағасы болып табылады, Атырау облысының аумағында Каспий теңізіне құяды.

Суды тұтыну

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша Атырау облысындағы су құбыры желілерінің ұзындығы 4 641,7 км, су бұру жүйелері – 499,2 км құрайды. Су құбырларын тазарту құрылыстарының саны – 44 бірлік.

Атырау облысында 2021 жылы берілген судың жалпы көлемі 68 346,3 мың м³ құрайды, оның 66 654,6 мың м³ – тазарту құрылыстары арқылы өткізілді. 2021 жылы тұтынушыларға жіберілген су көлемі 50 890,5 мың м³ құрайды.

Облыста төрт топтық су құбыры, оның ішінде 1988 жылы пайдалануға берілген және Қазақстанның екі облысы – Атырау және Маңғыстау аумағы арқылы өтетін мемлекетаралық «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбыры жұмыс істейді. Су таратқыштың ұзындығы 1 285,9 км, бұл ретте ұзындықтың 94%-ы 80% тозу дәрежесіне ие. Атырау облысының Құрманғазы, Исатай және Жылыой аудандарының, сондай-ақ Жаңаөзен қаласы, Маңғыстау облысының Бейнеу, Маңғыстау, Қарақия және Түпқараған аудандарының тұтынушылары үшін су берудің жалғыз орталықтандырылған көзі болып табылады. Су берудің негізгі үлесі коммуналдық кәсіпорындарға – 53,8% және мұнай-газ өндіруші компанияларға – 39,4% тиесілі.

2021 жылғы 22 сәуірде Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңес барысында Қазақстан Президенті Үкіметке «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, «Астрахань-Маңғышлақ» су құбырын қайта жаңарту мен жаңғыртуды қамтамасыз етуді тапсырды. 2021 жылғы маусымда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «Магистральдық су құбыры» ЖШС және Еуразиялық Даму Банкі Петербург Халықаралық экономикалық форумы шеңберінде «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырын реконструкциялау және кеңейту» жобасын қаржыландыруды ұйымдастыру мәселесі бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Жоспарланған жұмыстар жүргізілгеннен кейін оның қуаттылығы тәулігіне 110 мың м³-тен тәулігіне 170 мың м³ дейін ұлғаяды деп күтілуде.

Суды бұру

Атырау облысы бойынша Экология департаментінің деректеріне сәйкес, 2021 жылы ағынды сулардың ағызулары 12 020,6 мың м³ құрады. Соңғы 4 жылда Каспий теңізіне мұнай мен мұнай

өнімдерін ағызу фактілері анықталған жоқ.

Ластағыш заттар ағызуларының нақты көлемі бойынша деректер 12.4.3-кестеде ұсынылған.

12.4.3-кесте

2020-2021 жылдардағы Атырау облысы ағынды сураларының ағызулары

Ағызулардың нақты көлемдері		2020 жыл	2021 жыл
Өнеркәсіптік ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	7 476,6	8 634, 8
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	11,6	13,2
Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	2 390,9	3 385,8
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	3,8	4,0
Апатты және рұқсат етілмеген ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	0	0
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	0	0
Барлығы (барлық жоғарыда аталған ағызулар)	Суды бұру көлемі, мың м³	9 866,6	12 020,6
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	15,5	17,2

Көзі: Атырау облысы бойынша Экология департаменті.

Беткі сулардың сапасы

«Қазгидромет» РМК Атырау облысы аумағындағы беткі сулардың сапасын бақылауды (Жайық, Ембі, Қиғаш өзендері, Шаронов, Перетаска және Жайыық ағындары) 6 су объектісінің 17 тұстамасында жүргізді (12.4.4-кесте).

2020-2021 жылдардағы Су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі бойынша Атырау облысының су сапасын бағалау 12.4.4-кестеде ұсынылған.

12.4.4-кесте

2020-2021 жылдардағы Атырау облысының беткі сулардың сапасы, мг/дм³

Су объектісінің атауы	Су сапасының сыныбы		Параметрлері	2021 ж. шоғырлануы, мг/дм ³
	2020 жыл	2021 жыл		
Жайық өз.	Нормаланбайды	4 сынып	Магний	31,1
Ембі өз.	Нормаланбайды (5 сынып)	Нормаланбайды (5 сынып)	Қалқыма заттар	152,3
Перетаска ағыны	4 сынып	4 сынып	Магний	33,3
Жайық ағыны	3 сынып	4 сынып	Магний	34,2
Қиғаш өз.	Нормаланбайды (5 сынып)	Нормаланбайды (5 сынып)	Қалқыма заттар	153,7
Шаронов ағыны	Нормаланбайды (5 сынып)	Нормаланбайды (5 сынып)	Қалқыма заттар	142,9

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ескерту. Суды пайдалану сыныбының сипаттамасы 3 «Су ресурстары» бөлімінде ұсынылған.

12.4.4-кестеде көрсетілгендей, 2020 жылмен салыстырғанда Жайық өз. беткі сулардың сапасы жақсарды, Жайық ағыны нашарлады – 3-сыныптан 4-сыныпқа өзгерді. Ембі, Қиғаш өзендерінің және Шаронов, Перетаска ағындарының су сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ.

Солтүстік Каспий теңіз суының сапасы

Солтүстік Каспийдегі судың орташа температурасы 22,7 °С деңгейінде болды, теңіз суының сутегі көрсеткішінің шамасы – 7,0, ерітілген оттегінің мөлшері – 7,51 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,55 мг/дм³, ОХТ – 14,6 мг/ дм³, қалқыма заттар – 43,5 мг/дм³, минералдануы – 3 063 мг/дм³.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

12.4.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

Жер қоры

ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитетінің деректеріне сәйкес, Атырау облысының жер қоры 01.11.2021 жылғы жағдай бойынша 11 738,1 мың га құрайды (12.4.5-кесте).

12.4.5-кесте

2020-2021 жылдары санаттар бойынша Атырау облысының жерлерін бөлу, мың га

№	Жер санаты	2020 жыл	2021 жыл
1.	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер, мың га	2 883,9	3 057,2
2.	Елді мекен жерлері	962,5	677,2
3.	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер	223,0	230,7
4.	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері	156,5	156,5
5.	Орман қоры жерлері	56,0	56,0
6.	Су қоры жерлері	20,5	20,5
7.	Босалқы жерлер	7 435,7	7 540
8	РФ пайдаланылатын жерлер	125,0	125,0
Барлығы		11 863,1	11 738,1

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Атырау облысында 2021 жылы Индер ауданында 5 елді мекендерінің бас жоспарына сәйкес елді мекендердің шекараларын белгілеу бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде елді мекендердің жер көлемі 285,3 мың га азайды.

Топырақ жағдайы

2021 жылы Атырау облысының қойнауларындағы ауыр металдардың құрамы 12.4.6-кестеде ұсынылған.

12.4.6-кесте

2021 жылы Атырау облысының топырағындағы ауыр металдардың мөлшері, мг/кг

Елді мекен	Мырыш	Мыс	Хром	Қорғасын	Кадмий	Мұнай өнімдері
Атырау қ.	0,062-0,118	0,07-0,113	0,004-0,018	0,001-0,004	-	-
Жанбай, Забурунье, Жамансор ауылдары	1,6-2,75	0,01-0,58	0,0-0,1	0,04-0,16	0,06-0,18	-
Доссор, Мақат, Қосшағыл кен орындары, Жанбай а., Забурунье а.	1,7-4,0	0,22-3,0	0,947-2,49	0,06-3,39	0,1-0,35	1,45-2,35

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Атырау облысының елді мекендерінде анықталған барлық ауыр металдар норма шегінде болды. Кен орындары мен олардың шоғырлану нүктелерінде анықталған қоспалар шекті нормадан аспады.


Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

12.4.4. ЖЕР ҚОЙНАУЫ

2021 жылы Атырау облысында кең таралған пайдалы қазбаларды (КТПҚ) барлау және байыту бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың саны 46 бірлікті құрады (12.4.4-сурет).

12.4.4-сурет

2019-2021 жылдарда Атырау облысында пайдалы қазбаларды барлау және байыту бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың саны, бірлік



Көзі: Атырау облысының әкімдігі.

Облыс аумағында 128 кен орнында 64 келісімшарт және 67 лицензия әрекет етеді, КТПҚ 7 түрі өндіріледі және игеріледі. Оның ішінде 21 келісімшарт пен 1 лицензия «СПК «Атырау» АҚ тиесілі.

Жерді пайдалану құқығын рәсімдеу 2017 жылғы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекске сәйкес лицензия беру жолымен жүзеге асырылады. 2021 жылы 23 жер қойнауын пайдаланушымен 53 лицензия жасалды.

12.4.5. БИОӘРТҮРЛІЛІК

Орман қоры

Атырау облысының мемлекеттік орман қоры 56,3 мың га, оның ішінде орманмен қамтылғандар – 18,0 мың га құрайды. Ормандарды қорғау және орман өсірумен Атырау, Индер, Құрманғазы және Махамбет атындағы ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мекемелер айналысады.

Мемлекет басшысының 01.09.2020 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында жасыл желектерді кең ауқымды отырғызу, сондай-ақ Атырау облысы бойынша 2021-2025 жылдарға арналған ормандарды молықтыру мен орман өсірудің кешенді жоспары негізінде Атырау облысының орман қорының 2 803 га жеріне 7,05 млн тал отырғызу жоспарлануда.

Бұдан басқа, Мемлекет басшысының елді мекендерді көгалдандыру тапсырмасы бойынша қалалар мен аудандардың әкімдіктері алдағы 5 жылда (2021-2025 жж.) 540 мыңнан астам ағаш көшеттерін отырғызу жоспарлануда.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар

Атырау облысының аумағында ерекше қорғалатын үш табиғи аумақ бар (12.4.7-кесте).

12.4.7-кесте

Атырау облысының аумағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, мың га

№	ЕҚТА атауы	Ауданы
1	Каспий теңізінің Солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағы	62,2
2	Новинск мемлекеттік табиғи қорығы	45,0
3	«Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты	111,5

Көзі: Атырау облысының әкімдігі.

Новинск мемлекеттік табиғи қорықшасы Құрманғазы ауданының аумағында Каспий теңізінің жағалау аймағында орналасқан. «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты Атырау қаласы мен Махамбет ауданының аумақтарында орналасқан, ауданы 36,8 мың га қорық режимі аймағын (ядролық аймақ) және ауданы 75,4 мың га буферлік аймақты қамтиды.

Жануарлар мен өсімдіктер дүниесі

Новинск мемлекеттік табиғи қорықшасының аумағында, соңғы зерттеулердің деректері бойынша, флора тізіміне 90 тұқымға, 33 тұқымдасқа жататын 130 түр кіреді, бұл Солтүстік Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінің шамамен 54% құрайды. Сирек кездесетін және Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктерді кездестіруге болады: Андржеевскийдің қалампыры, Фишердің құссутігені.

Фаунаның сирек кездесетін түрлеріне келесілер жатады: күжіркей, ондатр, жанаттәрізді ит. Құстардың 12 түрі Халықаралық табиғат және табиғи ресурстарды қорғау одағының тізіміне енгізілді: бұйра бірқазан, шиқылдақ қаз, қызылжемсаулы қарашақаз, алакөз сүңгуір, ақбас үйрек, тазқара, аққұйрық субүркіт, ақиық субүркіт, ақиық, шаңқылдақ қыран, дала құладыны, дала күйкентайы.

Ақжайық мемлекеттік табиғи резерватының аумағында сүтқоректілердің 48 түрі мен балықтардың 25 түрі мекендейді, омыртқасыздардың 3 000 астам түрі мен өсімдіктердің 227 түрі тіркелген. Қазақстанның Қызыл кітабына құстардың 36 түрі, жануарлардың 3 түрі, өсімдіктердің 3 түрі және балықтардың 5 түрі енгізілген.

12.4.6. РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

«Қазгидромет» РМК 3 метеорологиялық станцияда (Атырау, Пешной, Құлсары) және 1 автоматты бекетте жердегі гамма сәулелену деңгейіне күн сайын бақылау жүргізілді.

Облыстың жерге жақын атмосфералық қабатының радиациялық гамма-фонның орташа мәні рұқсат етілген шектерде болды және 0,08-0,31 мЗв/сағ құрады. Орта есеппен облыс бойынша радиациялық гамма-фон 0,12 мкЗв/сағ. құрады және шекті рұқсат етілген деңгейде болды (12.4.8-кесте).

12.4.8-кесте

2020-2021 жылдары Атырау облысы бойынша радиациялық гамма-фон, мкЗв/сағ.

Көрсеткіш	2020 жыл	2021 жыл
Радиациялық гамма-фонның орташа мәні	0,06-0,31	0,08 – 0,33

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Атырау облысы аумағында атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті ластануына мониторинг көлденең планшеттермен ауа сынамаларын алу жолымен Атырау

метеорологиялық станциясында бес тәуліктік іріктеу жүзеге асырылды. Атырау қаласы атмосферасының жер бетіндегі қабатында радиоактивтік түсулердің орташа тәуліктік тығыздығы 1,2-4,7 Бк/м² шегінде ауытқыды.

Түсудің орташа тығыздығы 1,9 Бк/м² құрады, бұл шекті рұқсат етілген деңгейден аспайды.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

Атырау облысы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің деректері бойынша облыс аумағында 31 өндірістік кәсіпорында 840 бірл. жабық типтегі иондаушы сәулелену көздері бар. Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін олар арнайы бөлінген орындарға тасымалданады. Емдеу мекемелерінің саны – 55.

Бұдан басқа, облыстың Құрманғазы ауданы Азғыр ауылдық округінің аумағында 300 га алаңда бұрынғы Азғыр ядролық полигоны (бұрынғы атауы «Галит») орналасқан, оның 10 технологиялық алаңы және «Ява» объектісі бар. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28.09.1998 жылғы №1176 қаулысы негізінде Ядролық физика институты жыл сайын полигонға және оған іргелес жатқан Азғыр және Балқұдық елді мекендеріне радиоэкологиялық және радиациялық мониторинг жүргізді.

2014 жылы Құрманғазы ауданының «Азғыр» полигонына іргелес 11 елді мекенінің: Азғыр, Балқұдық, Сүйіндік, Батырбек, Асан, Қоңыртерек, Үштоған, Жалғызбап, Егінқұдық, Ниетбай, Қошалақ аумақтарына кешенді радиоэкологиялық зерттеу жүргізілді. Кешенді зерттеулердің материалдары бойынша «Азғыр» және «Капустин Яр» полигондарының қоршаған ортаның жай-күйіне әсерінің жоқтығын және зерттеу ауданының салыстырмалы түрде қанағаттанарлық экологиялық жағдаймен аумақ мәртебесіне сәйкестігін растау үшін мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы алынды.

2015 жылғы 10 шілдеде «Азғыр» және «Капустин Яр» полигондарының аумақтарын айқындау мәселесін зерделеу жөніндегі комиссияның отырысында зерттеу ауданында тұратын халыққа әлеуметтік көмек көрсету бойынша арнайы бағдарлама әзірлеу қажеттілігі жоқ екендігі бойынша шешім қабылдады.

Атырау облысы бойынша Экология департаментінің зертханалық-аналитикалық бақылау бөлімінің мамандары Атырау облысы Құрманғазы ауданының «Азғыр» ядролық полигоны аумағында №А10, А7, А1, А2, А9 алаңдарындағы су мен топырақ сынамаларын алу жұмыстарын жүргізді. Сынамаларды іріктеу кезінде №А10, А7, А1, А2 алаңдарынан шекті жол берілетін шоғырланулардың асуы анықталды. Экология департаменті Атырау облысының әкіміне Құрманғазы ауданының «Азғыр» ядролық полигоны аумағында қоршаған ортаға мониторинг жүргізуге және алаңдарды қоршауға көмек көрсету туралы хат жолдады.

12.4.7. ҚАЛДЫҚТАР

Тұрмыстық қатты қалдықтар

2021 жылы түзілген қалдықтардың көлемі 1 887,1 мың тоннаны (2020 жылы – 1 836,6 мың тонна), оның ішінде өндірістік қалдықтар – 254,2 мың тоннаны (2020 жылы – 220,9 мың тонна), тұрмыстық қатты қалдықтар – 245,3 мың тоннаны (2020 жылы – 233,6 мың тонна) құрады.

Атырау қаласының сол және оң бөлігінде жеке инвесторлардың қаржысы есебінен (жылына 225 мың тоннаны) құрайтын қалдықтарды сұрыптау, қалдықтарды қайта өңдеу кешендерінің құрылысы басталды.

ТҚҚ полигондары

Атырау облысында тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастырумен 6 кәсіпорын айналысады: «Спецавтобаза» ЖШС, «Жылыойтазалық» ЖШС, «Исатайгазстройсервис» ЖШС, «ЭСС-Тенгиз» ЖШС, «Вест Дала» ЖШС, «Тенгизшевройл» ЖШС.

Ауданы 35 га «Спецавтобаза» ЖШС полигоны Атырау қаласынан 5-6 км жерде, Атырау-Орал трассасының бойында орналасқан, 1977 жылдан бері пайдаланылып келеді.

2021 жылы Атырау қаласының әкімдігі жұмыс істеп тұрған полигонды қалпына келтірудің ЖСҚ әзірлеуге 50 млн теңге және сұрыптау кешені бар жаңа қалдықтар полигоны құрылысының ЖСҚ әзірлеуге 70 млн теңге бөлді. Мемлекеттік сатып алу конкурсына тапсыру үшін

құжаттарды дайындау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Уытты қалдықтар

Атырау облысындағы 9 кәсіпорында уытты қалдықтарды орналастыруға арналған 22 полигон бар.


Уытты қалдықтарды кәдеге жаратумен «Вест Дала» ЖШС, «Эко-техникс» ЖШС, «Жылыой Болашақ» ЖШС, «Промэкология» ЖШС, «NasarSolutions» ЖШС, «Интермед-Орал» ЖШС және «CaspianEcology» ЖШС айналысады.

Құрамында сынабы бар қалдықтарды залалсыздандыру УРЛ-2М термодемеркуризациялық қондырғыларында 300°С температурада демеркуризациялау әдісімен жүргізіледі, одан кейін сынаптың шығатын буларын терең вакуумдық қақпанда сұйық азотпен мұздату арқылы жүргізіледі. Белгілі бір көлем жиналғаннан кейін демеркуризациядан кейін пайда болған шыны сынықтары қауіпті қалдықтарға арналған жабдықталған ұяшықта көму үшін қалдықтарды өңдеу мен орналастырудың кешенді полигонына тасымалданады.

2021 жылы облыс кәсіпорындарымен 204,2 мың тонна уытты қалдықтар залалсыздандырылды және қайта өңделді (12.4.5-сурет).

12.4.5-сурет

2021 жылы Атырау облысында уытты қалдықтарды қайта өңдеу және залалсыздандыру, мың тонна



Көзі: Атырау облысының әкімдігі.

Қауіпті және қауіпті емес қалдықтар

2021 жылы Атырау облысында қауіпті қалдықтар түзілуінің азайғаны байқалады (12.4.9-кесте).

12.4.9-кесте

2020-2021 жылдары Атырау облысындағы қауіпті қалдықтардың қозғалысы туралы ақпарат, мың тонна

Қауіпті қалдықтар қозғалысы	2020 жыл	2021 жыл
Жылдың басында болғаны	643,1	18,1
Түзілді	296,3	274,5
Басқа тұлғалардан түсті	261,2	212,9
Қайта өңделді, пайдаланылды, өртелді	154,7	98,4
Залалсыздандырылды	93,7	220,7
Көмілді	26,0	46,7

Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілді	208,6	200,5
Жыл соңында болғаны	826,8	22,5

Көзі: ҚОҚ БАЖ.

12.4.10-кестеде Атырау облысы бойынша 2020-2021 жылдарға арналған қауіпті емес қалдықтардың түзілу көлемі туралы ақпарат берілген.

12.4.10-кесте

2020-2021 жылдары Атырау облысында қауіпті емес қалдықтардың түзілуі, мың тонна

Атауы	2020 жыл	2021 жыл
Жылдың басында болғаны	456,7	541,1
Түзілді	59,8	249,4
Басқа тұлғалардан түсті	117,2	135,2
Қайта өңделді, пайдаланылды, өртелді	43,4	136,4
Көмілді	0	140,8
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілді	49,8	102,9
Жыл соңында болғаны	531,8	545,4

Көзі: ҚОҚ БАЖ.

Жануарлардың қалдықтарын кәдеге жарату және көму (мал қорымдары)

Жылыой ауданы, Құлсары қ. және ауылдық округтерде 7 мал қорымы бар. Олардың барлығы санитарлық нормалар мен стандарттарға сәйкес келеді. Қоршаған ортаның ластануын болдырмау үшін барлық қауіпсіздік шаралары сақталады.

Тарихи ластанулар және иесіз қалдықтар

Атырау облысының аумағында кен орындарының тау-кендік бөлу шекарасын нақтылауға байланысты «тарихи» ластанған учаскелердің жалпы ауданы 12 га құрайды және олардың барлығы «Ембімұнайгаз» АҚ келісімшарттық аумақтарында орналасқан.

12.4.8. ЖЫЛУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ЖӘНЕ ТҰТЫНУ

2021 жылы Атырау облысындағы электр станциялары мен қазандықтардың жылу энергиясының жалпы өндірісі 8 142,2 мың Гкал құрайды (12.4.11-кесте).

12.4.11-кесте

Электр станциялары мен қазандықтардың бу мен суды жалпы өндіру және босату (жылу энергиясы), мың Гкал/жыл

Атауы	Жылумен жабдықтау көздерінің жалпы өндірісі, барлығы	Оның ішінде			Жылумен жабдықтау көздерін босату, барлығы	Оның ішінде		
		ЖЭО	қазандықтармен	өзге		ЖЭО	қазандықтармен	өзге
Атырау облысы	8 142,2	2 554,2	5 588	-	1 874,6	1 845,3	29,3	-

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Облыста энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде 2021 жылы 5 жоба бойынша жұмыс аяқталды.

Атырау қ. 2017-2021 жылдар аралығында 345 көшеде 426 км электр желісі салынды, 56

трансформатор станциясы, сыртқы жарықтандыруды басқарудың автоматты жүйелерінің 190 шкафы және 12 461 дана жарықдиодты шамдар орнатылды.

Облыста жаңартылатын энергия көздерін дамыту мақсатында Исатай ауданы Манаш ауылы ауданында қуаттылығы 52,8 МВт жел электр станциясын салу жобасы іске асырылды. Жоба аясында «ВетроЭнергоТехнологии» ЖШС инвестицияларының есебінен 32 базалық және 4 қосымша жел қондырғылары орнатылды.


2020 жылдың қыркүйегінде Мақат ауданы Доссор кентінің ауданында «Дивитэл» ЖШС өз қаражаты есебінен қуаттылығы 48 МВт жел электр станциясының құрылысы басталды. 2021 жылы жел жабдықтарын орнату жұмыстары аяқталады.

Сондай-ақ, әлеуетті инвесторлардың Жылыой ауданы Құлсары қ. аумағында қуаттылығы 50 МВт жел электр станциясын салу туралы ұсыныстары қарастырылуда.

12.4.9. ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Атырау облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 19 сәуірдегі №309-VI шешімімен «2019-2023 жылдардағы Атырау облысы бойынша қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері» бекітілген. 2021 жылдың 2 қаңтарында ҚР жаңа Экологиялық кодексінің қабылдануына байланысты қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлеудің айтарлықтай қағидаттары мен тәсілдері қайта қарастырылды.

12.5. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

	2021 жылдың жалпы көрсеткіштері					
	Субъектінің S, мың км ²	151,3	Халық саны, 2022 жылдың басына, адам		665 854	
	2018-2021 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер					
Көрсеткіштер		2018	2019	2020	2021	
Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсаған шығындары, млрд теңге		14,8	13,3	16,6	13,0	

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Батыс Қазақстан облысы 1932 жылы 10 наурызда құрылған (1962 жылдан бастап 1992 жылға дейін – Орал облысы), Қазақстан Республикасының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан және бұл республика мен Орта Азия мемлекеттерінің орталық және оңтүстік аймақтарының қақпасы болып табылады.

Облыс Ресей Федерациясының бес облысымен (Орынбор, Астрахан, Волгоград, Саратов, Самара) шектеседі. Республика ішінде Ақтөбе және Атырау облыстарымен іргелес. Әкімшілік орталығы – Орал қаласы (1613 жылы құрылған).

Батыс Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылымы жүйесіне 12 әкімшілік аудан, 147 ауылдық округ, бір облыстық маңызы бар қала (Орал қ.), бір аудандық маңызы бар қала (Ақсай қ.), 3 кент және 415 ауылдық елді мекен кіреді.

Облыстың климаты жоғары континенталдылығымен ерекшеленеді, ол күн мен түннің, қыс пен жаздың күрт температуралық қарама-қайшылықтарынан, қыстан жазға тез ауысуынан көрінеді.

Жауын-шашынның жылдық мөлшері облыстың солтүстік-шығысында 300 мм оңтүстігінде 190 мм дейін. Жыл бойы қатты жел соғады, жазда құрғақ жел жиі болады.

Жылдың ең суық айы – қаңтар, температура солтүстікте – 14°C, оңтүстікте – 11°C-13°C дейін. Ең жылы ай – шілденің орташа температурасы +22°C – +25°C. Температураның абсолютті минимумы -40°C, абсолютті максимум +40°C. Қар жамылғысы облыстың оңтүстігінде 70 күн, солтүстігінде 140 күн сақталады.

Батыс Қазақстан облысының бүкіл аумағын солтүстіктен оңтүстікке қарай кесіп өтетін басты су артериясы Жайық (Орал) өзені болып табылады. Орал қаласының оңтүстік-шығысында 125 км Шалқар және Әлжан көлдерінің бірегей табиғат, туризм, демалыс және емдеу нысандары орналасқан.

Облыс аумағында газ және газ конденсаты, мұнай, борат кендері, жанғыш тақтатас кен орындары анықталды. Бор-калий тұздарының, цемент шикізатының, керамзит саздың, калий-магний тұздарының, құрылыс және аллювиалды құмның едәуір қоры бар.

Облыстың бірегей географиялық жағдайы, Шығыс және Батыс Еуропаның ірі экономикалық және мәдени орталықтарына жақындығы, Каспий бассейні елдеріне шығу үшін Жайық өзенін пайдалану оның бүкіл Қазақстан Республикасы үшін стратегиялық маңызын айқындайды.

12.5.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Ластағыш заттар шығарындылары

Батыс Қазақстан облысының ауа бассейнінің негізгі ластағыштары мұнай-газ кешені кәсіпорындары, қазандық шаруашылықтары, автокөлік, элеваторлар, асфальтбетон зауыттары болып табылады.

Батыс Қазақстан облысында ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің жалпы саны 2021 жылы 11 958 бірлікті құрады (12.5.1-кесте).

12.5.1-кесте

2019-2021 жылдардағы Батыс Қазақстан облысында ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны, бірлік


Атауы	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Шығарындылардың стационарлық көздері	11 619	11 735	11 958

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, 2021 жылы стационарлық көздерден зиянды заттар шығарындыларының жалпы көлемі – 26 мың тоннаны құрады (12.5.1-сурет).

12.5.1-сурет

2019-2021 жылдары Батыс Қазақстан облысындағы стационарлық көздерден зиянды заттар шығарындыларының көлемі, мың тонна



Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

2021 жылы шығарындылар көлемінің 2020 жылмен салыстырғанда төмендеуі I санатты кәсіпорындардың: «Орал АНУ» ЛПДС «Үлкен Шаған» МАС, «ҚазТрансОйл» АҚ – 0,375 мың тоннаға, «Конденсат» АҚ – 0,502 мың тоннаға, Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В. – 2,79 мың тоннаға, «Орал» ОМГ «Интергаз Орталық Азия» ЖАҚ – 1,558 мың тоннаға төмендеуі шығарындыларының қысқаруы есебінен болды.

Атмосфералық ауаның негізгі ластағыш заттары – күкіртті ангидрид, азот оксидтері, қатты заттар, көміртегі тотығы.

Батыс Қазақстан облысының 2019-2021 жылдардағы атмосфераға негізгі ластағыш заттардың шығарындылары 12.5.2-кестеде ұсынылған.

12.5.2-кесте

2019-2021 жылдары Батыс Қазақстан облысының атмосфераға негізгі ластағыш заттар шығарындылары, мың тонна

Ластағыш заттар атауы	Жылдар		
	2019	2020	2021
Күкіртті ангидрид	3,7	3,7	2,4
Азот тотығы	5,0	4,4	4,9
Қатты заттар	2,3	2,3	2,2
Көміртек тотығы	7,7	6,1	6,0


Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Атмосфералық ауаның ластануына жылжымалы көздер, атап айтқанда автокөлік үлкен үлес қосады.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, 01.01.2022 ж. Батыс Қазақстан облысының аумағында 107,5 мың бірл. жеңіл және 16,3 мың бірл. жүк автокөлік тіркелген.

12.5.2-суретте Батыс Қазақстан облысында жылжымалы көздерден атмосфераға ластағыш заттардың шығарындылары бойынша ақпарат ұсынылған.

12.5.2-сурет
2019-2021 жылдардағы жылжымалы көздерден ластағыш заттардың шығарындылары, мың тонна



Көзі: Батыс Қазақстан облысы бойынша Экология департаменті.

Атмосфералық ауа сапасы

«Қазгидромет» РМК 2021 жылы Батыс Қазақстан облысында ауаның ластануын бақылау Орал, Ақсай және Бөрлі кентіндегі 6 автоматты стационарлық бекеттерде жүргізілді (12.5.3-кесте). Қалқыма бөлшектердің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртсутегінің, көмірсутектердің, аммиактың, формальдегидтің, бензолдың шоғырлануы өлшенді.

12.5.3-кесте
2021 жылғы Батыс Қазақстан облысының атмосфералық ауа сапасы

№	Елді мекен	Бақылау бекеттерінің саны	Көрсеткіштер		
		автоматты	АЛИ	СИ	ЕКҚ (%)
1	Орал қ.	4	2 (төмен деңгей)	4 (көтеріңкі деңгей)	1 (көтеріңкі деңгей)
2	Ақсай қ.	1	0 (төмен деңгей)	1 (төмен деңгей)	0 (төмен деңгей)
3	Бөрлі к.	1	1 (төмен деңгей)	2 (көтеріңкі деңгей)	1 (көтеріңкі деңгей)

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ескерту. Градациялар бойынша атмосфералық ауаның ластану дәрежесін бағалау 1 «Атмосфералық ауа» бөлімінде ұсынылған.

«Қазгидромет» РМК деректері бойынша, Орал, Ақсай және Бөрлі қалаларындағы атмосфералық ауа ластанудың төмен деңгейімен сипатталады. Бақылау деректері бойынша барлық анықталатын заттардың шоғырлануы рұқсат етілген норма шегінде болды. Ластағыш заттардың орташа шоғырлануы ШЖШ аспады.

2021 жылы Батыс Қазақстан облысында жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары тіркелген жоқ.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналасқан.

Атмосфералық ауаның ластануын азайту бойынша шаралар

Атмосфералық ауаның ластануын төмендету жөніндегі негізгі шаралар жасыл екпелер алаңдарын ұлғайту, автокөлікті экологиялық таза жанармайға ауыстыру, газдандыру, ҚТҚ жаңа полигондарын салу және ескі полигондарды рекультивациялау, шығарындылар көздерінде және табиғат пайдаланушы кәсіпорындардың санитарлық-қорғау аймақтарының шекарасында зиянды заттар шығарындыларының автоматтандырылған мониторингі жүйесін енгізу болып табылады.

2021 жылы 13 747 бірлік автокөлікке (129 312 бірл.) газ баллонды жабдық орнатылған. Орал қаласында қалалық маршруттардың 600 автобусында GPS-трекерлер орнатылып, бірыңғай диспетчерлік жүйеге қосылған.

Аймақтың газдандырылуы

2021 жылы Батыс Қазақстан облысының бюджетінен 37 ауылдық елді мекенде 16 газдандыру объектісін салуға 1,5 млрд теңге бөлінді: 9 – Бәйтерек ауданында, 4 – Жаңақала ауданында, 20 – Қазталов ауданында және 4 – Теректі ауданында. 2021 жылы 2 мыңнан астам халқы бар 10 ауылдық елді мекен табиғи газға қосылды. Ауыл халқының табиғи газбен қамтылуы 98,4% немесе 308,6 мың адамды құрады.

Жалпы аймақ бойынша халықтың табиғи газбен қамтылуы 99,2% немесе 659,5 мың адамды құрады. 2022 жылы ауыспалы нысандардың құрылысын аяқтау жоспарлануда.

12.5.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Батыс Қазақстан облысында жалпы ұзындығы 4 600 км 200 жуық өзендер мен өзендер бар, олардың ішіндегі ең ірісі – мемлекеттік маңызы бар негізгі су артерияларының бірі болып табылатын Жайық (Орал) трансшекаралық өзені. Жайық өзені бассейнінің кіші өзендеріне Шаған, Деркөл, Елек, Утва, Рубежка, Быковка, Ембілатовка, Барбастау және басқалары жатады.

Сондай-ақ, облыс аумағында 144 көл, оның ішінде 94 тұзды көл бар. Ең маңыздылары – Шалқар, Балықты Сарқыл және Қамыс-Самара көлдері жүйесі.


Шалқар көлі – Батыс Қазақстан облысының ең ірі және терең су қоймасы. Көлде шамамен 1,4 млрд м³ су жиналады. Шығыс жағынан көлге Исен Аңқаты (Үлкен Аңқаты) және Шолақ Аңқаты (Кіші Аңқаты) келіп құяды және Жайық өзеніне құятын Солянка өзені ағып өтеді.

Суды тұтыну

Батыс Қазақстан облысының негізгі мәселелерінің бірі сумен қамтамасыз ету болып табылады. Аймақтың басым бөлігі Жайық өзеніндегі су көлеміне байланысты. Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалану басқармасының деректері бойынша Жайық өзеніндегі су деңгейінің төмен болуына байланысты 2021 жылы лимит бойынша 598 млн м³-нан 231,5 млн м³ алынды.

2021 жылы халық саны 283,9 мың адам болатын 230 кент (барлығы – 416) орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізе алады (88,4%).

ҚР Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша, 2021 жылы Батыс Қазақстан облысында су тұтынудың жалпы көлемі 28 145,1 мың м³ құрады (12.5.3-сурет).

2021 жылы Батыс Қазақстан облысында су тұтыну көлемі, мың м³

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2021 жылы облыстың 21 елді мекенінде (Ақжайық ауданы – 3, Бәйтерек ауданы – 4, Бөкей ордасы ауданы – 2, Бөрлі ауданы – 2, Қазталов ауданы – 2, Қаратөбе ауданы – 1, Жәнібек ауданы – 1, Теректі ауданы – 5, Шыңғырлау ауданы – 1) сумен жабдықтау объектілері салынды және қайта жаңартылды.

Суды бұру

Ағынды суларды қоршаған ортаға ағызуды облыстың ең ірі су пайдаланушылары жүзеге асырады, олардың ішінде: Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В., «Батыс Су арнасы» ЖШС, «Ақсайжылукуат» МКК, «Жайықтеплоэнерго» АҚ, «Конденсат» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалы Орал мұнай құбыры басқармасы, «Жайықмұнай» ЖШС. Барлық кәсіпорындарда ШЖА нормативтерінің әзірленген жобалары бар, ағынды суларды ағызуды белгіленген лимиттерге сәйкес жүргізіледі. Ағынды сулардың негізгі көлемі Орал және Ақсай қалаларында түзіледі.

Батыс Қазақстан облысындағы ағынды сулардың төгінділері туралы ақпарат 12.5.4-кестеде ұсынылған.

12.5.4-кесте

2020-2021 жылдардағы Батыс Қазақстан облысы бойынша ағынды суларды ағызудың көлемдері

Ағызулардың нақты көлемі		2020 жыл	2021 жыл
Өнеркәсіптік ағызулар	Су бұру көлемі, мың м ³	56 182,1	10 708,3
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	45,0	86,2
Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар	Су бұру көлемі, мың м ³	64,5	9 089,488
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	33,1	4,1
Апаттық және рұқсат етілмеген ағызулар	Су бұру көлемі, мың м ³	-	-
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	-	-
Барлығы (жоғарыда аталған барлық ағызулар)	Су бұру көлемі, мың м ³	56 246,7	19 797,7
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	46,1	90,3

Көзі: Батыс Қазақстан облысы бойынша Экология департаменті.

2020 жылмен салыстырғанда кәсіпорындарда өнеркәсіптік ағызулардың көлемінің (КПО Б.В. және «Жайықмұнай» ЖШС) 2,7% айтарлықтай төмендеуі байқалады. Бұл ағызулар көлемінің төмендеуі ілеспе қабат суын тазарту процесінде техникалық суды тұтынудың төмендеуімен, КПО Б.В. ластанбаған аумақтарынан жаңбыр және еріген ағынды суларды ағызудың болмауымен байланысты, технологиялық регламентке сәйкес жер бедерін және қайталама пайдалануды ұлғайту.

Қалған кәсіпорындарда ағынды суларды ағызу көлемінің шамалы ұлғаюы немесе төмендеуі байқалады («Батыс Су арнасы» ЖШС, «КПО Б.В.» АОЗТ, «Ақсайжылуқуат» МКК).

Беткі сулардың сапасы

2021 жылы «Қазгидромет» РМК Батыс Қазақстан облысындағы беткі сулардың сапасын бақылау 9 су объектінің (Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау, Қараөзен, Сарыөзен, Көшім арнасы және Шалқар көлі) 16 тұстамасында жүргізілді.

Су сынамаларында беткі суларды зерттеу кезінде 36 физика-химиялық сапа көрсеткіштері анықталады: температура, қалқыма заттар, хром, мөлдірлік, сутегі көрсеткіші (рН), еріген оттегі, ОБТ₅, ОХТ, тұз құрамының негізгі иондары, биогендік элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар, пестицидтер.

12.5.5-кестеде Батыс Қазақстан облысының 2020-2021 жылдардағы беткі суларының сапасы бойынша деректер ұсынылған.

12.5.5-кесте

2020-2021 жылдардағы Батыс Қазақстан облысының су объектілерінің сапасы

Су объектісінің атауы	Су сапасының сыныбы		Параметрлері	2021 ж. шоғырлануы, мг/дм ³
	2020 жыл	2021 жыл		
Жайық өз.	4 сынып	Нормаланбайды (>3 сынып)	Фенолдар	0,0012
Шаған өз.	3 сынып	Нормаланбайды (>3 сынып)	Фенолдар	0,0013
Деркөл өз.	3 сынып	Нормаланбайды (>3 сынып)	Фенолдар	0,0013
Елек өз.	4 сынып	4 сынып	Фосфаттар	0,748
			Фенолдар	0,0012
Шыңғырлау өз.	Нормаланбайды (>5 сынып)	Нормаланбайды (>5 сынып)	Хлоридтер	487,554
Сарыөзен өз.	4 сынып	4 сынып	Қалқыма заттар	21,667
			Фосфаттар	0,735
			Фенолдар	0,0016
Қараөзен өз.	Нормаланбайды (>5 сынып)	Нормаланбайды (>5 сынып)	Хлоридтер	415,12
Көшім арнасы	4 сынып	4 сынып	Қалқыма заттар	21,0

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ескерту. Су пайдалану сыныбының сипаттасы 3 «Су ресурстары» бөлімінде ұсынылған.

12.5.5-кестеден көрініп тұрғандай, 2020 жылмен салыстырғанда Жайық өзені суының сапасы жақсарды, Шаған өзені мен Деркөл өзені нашарлады. Елек, Шыңғырлау, Сарыөзен, Қараөзен өзендері мен Көшім каналы суының сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ.

Батыс Қазақстан облысының су объектілерінің негізгі ластағыш заттары фосфаттар, хлоридтер, фенолдар, өлшенген заттар болып табылады. Осы көрсеткіштер бойынша сапа нормативтерінің асып кетуі негізінен көптеген халық жағдайында қалалық ағынды сулардың төгілуіне тән.

Батыс Қазақстан облысы бойынша Экология департаментінің зертханалық-талдамалық бақылау бөлімінің мамандары жыл сайын жоспар-кестеге сәйкес су сынамаларына химиялық талдау жүргізеді. Зерттеу нәтижесінде әртүрлі тұздардың: хлор иондарының, сульфаттардың, аммонийдің, құрғақ қалдықтардың, қатты заттардың шоғырлануының шамалы асып кетуі анықталды. Көп жағдайда асып кету табиғи сипатта болады, себебі облыстың көптеген су объектілері үшін көктемгі кезеңдегі тасқын сулар тамақтанудың негізгі түрі болып табылады. Су тасқыны кезеңінен кейін өзендер деңгейінің тұрақтануы және олардың құрғауы байқалады. Бұл өз кезегінде өзен суларының ластануына, жасыл балдырлардың көбеюіне және судың түсінің өзгеруіне ықпал етеді. Ыстық кезеңдерде тірі организмдер суда көбейеді, оттегінің жетіспеушілігі пайда болады. Оттегінің жетіспеушілігі су қоймаларында және қыста, қалың мұз жамылғысының салдарынан суға оттегі түспеген кезде түзіледі, бұл балықтың қатып қалуына алып келеді. Бұған жол бермеу үшін табиғатты қорғау ұйымдарының мамандары мұздатылған су қоймаларында тесіктерді бұрғылайды.

2021 жылы түбіндегі су шөгінділерінің сапасына мониторинг Жайық және Елек өзендеріндегі 2 бақылау нүктесінде жүргізілді. Ауыр металдармен және органикалық заттармен (мұнай өнімдерімен) ластануға түбіндегі шөгінділердің сынамаларына талдау жүргізілді (12.5.6-кесте).

12.5.6-кесте

2021 жылы Батыс Қазақстан облысының су объектілерінің шөгінділеріндегі ауыр металдардың құрамы, мг/кг

Су объектісінің атауы	Төменгі шөгінділердің орташа мөлшері							
	Мұнай өнімдері, %	Мыс	Хром	Кадмий	Никель	Марганец	Қорғасын	Мырыш
Жайық өз.	0,28	0,33	0,06	0,1	0,21	0,05	0,3	1,6
Елек өз.	0,2	0,25	0,05	0,2	0,23	0,05	0,2	1,9

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Жайық және Елек өзендерінің шөгінділеріндегі ауыр металдардың мөлшері норма шегінде болды.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналасқан.

12.5.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

Жер қоры

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің деректеріне сәйкес, Батыс Қазақстан облысының жер қоры 15 133,9 мың га құрайды.

2020-2021 жылдары санаттар бойынша жерді бөлу 12.5.7-кестеде ұсынылған.

12.5.7-кесте

2020-2021 жылдары Батыс Қазақстан облысының жер қорын санаттар бойынша бөлу, мың га

№	Жер санаты	2020 ЖЫЛ	2021 ЖЫЛ
1	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер, мың га	7 268,5	7 755,8
2	Елді мекен жерлері	2 323,3	2 288,3

3	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған жерлер	46,8	47,3
4	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері	12,4	12,4
5	Орман қоры жерлері	217,0	217,0
6	Су қоры жерлері	81,5	81,5
7	Босалқы жерлер	3 720,7	3 267,9
Барлығы		13 670,2	13 670,2

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Ауыл шаруашылығы алқаптары 13 890,4 мың га құрайды, оның ішінде егістік жерлер – 567,3 мың га, шабындықтар – 1 238,2 мың га, жайылымдар – 11 069 мың га. Жалпы жер алаңының құрылымында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 7 755,8 мың га құрайды, бұл 2020 жылмен салыстырғанда шаруа (фермер) қожалықтары мен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына жаңа және қосымша жер беруді ұйымдастыру есебінен 3% артық.

Топырақ жағдайы

2021 жылы «Қазгидромет» РМК ауыр металдармен ластануды анықтау үшін көктемгі, жазғы және күзгі кезеңдерде Орал қ. топырақтарындағы жай-күйіне бақылау жүргізді.

2021 жылы Батыс Қазақстан облысының қойнауларындағы ауыр металдардың құрамы 12.5.8-кестеде ұсынылған.

12.5.8-кесте

2021 жылғы Батыс Қазақстан облысының топырақтарындағы ауыр металдардың құрамы, мг/кг

Сынамаларды іріктеу кезеңдері	Мырыш	Мыс	Хром	Қорғасын	Кадмий
Көктемгі кезең	1,6-2,05	0,14-0,34	0,025-0,07	0,04-0,075	0,09-0,12
Күзгі кезең	1,96-6,25	0,21-0,35	0,01-0,06	0,06-0,14	0,01-0,06

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Батыс Қазақстан облысының елді мекендерінде анықталған барлық ауыр металдар норма шектерінде болды. Анықталатын қоспалардың шоғырлануы рұқсат етілген нормалардан аспады.


Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналасқан.

Жерлерді алып қою

Аймақтың жергілікті атқарушы және уәкілетті органдары пайдаланылмайтын жерлерді анықтау және оларды ауыл шаруашылығы айналымына тарту бойынша жұмыстарды жүргізуде.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің деректері бойынша 2019-2021 жылдары облыс бойынша 1 194 мың га пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер анықталды, оның ішінде 2021 жылы – 272 мың га (12.5.4-сурет).

2019-2021 жылдары Батыс Қазақстан облысында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қайтару, мың га



Көзі: Батыс Қазақстан облысының әкімдігі.


Сондай-ақ, жалпы ауданы 289 мың га жер учаскелерін мемлекет меншігіне қайтару бойынша жұмыстар жалғасуда.

12.5.4 ЖЕР ҚОЙНАУЫ

2021 жылы облыс аумағында 72 жер қойнауын пайдалану объектісінде 61 жер қойнауын пайдаланушы өз қызметін жүзеге асырады (12.5.5-сурет).

12.5.5-сурет

Батыс Қазақстан облысы аумағында пайдалы қазбаларды барлау және өндіру бойынша ақпарат, бірлік



Көзі: Батыс Қазақстан облысының әкімдігі.

Көмірсутек шикізаты

Батыс Қазақстан облысында 9 жер қойнауын пайдаланушы көмірсутектерді игерумен және өндірумен айналысады, бұл ретте 12 объекті мемлекеттік бақылау объектілері болып табылады, оның ішінде 2 объекті барлаумен және өндірумен байланысты емес (өндіріс ағындарын жер қойнауына көму).

Қоршаған ортаның сапасына екі ірі кәсіпорынның – Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В. және «Жайықмұнай» ЖШС қызметі айтарлықтай әсер етеді. Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б. В. компаниясы күкіртті газды қабатқа кері айдауды жүргізеді, бұл қаттық қысымды ұстап тұру есебінен сұйық көмірсутектерді алудың жоғары дәрежесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ жоғары күкіртті газдың жағылуын болдырмайды. Жер қойнауына айдалатын газ көлемі 5 193,983 млн м³ құрайды.

Қатты пайдалы қазбалар

Батыс Қазақстан облысында қатты пайдалы қазбаларды өндірумен 3 жер қойнауын пайдаланушы айналысады:

1. «Сатбор» ШҚ ЖШС – Сатимола кен орнында бор-калий тұздарын барлау және өндіру.
2. «Батыс-Калий» ЖШС – Челкар тұз құрылымында калий тұздарын барлау және өндіру.
3. «Шұғыл» ЖШС – Шұғыл учаскесінде калий тұздарын барлау.

Кең таралған пайдалы қазбалар

Батыс Қазақстан облысының аумағында КТПҚ өндіру бойынша 43 жер қойнауын пайдаланушы бар. Бұл ретте 51 объект мемлекеттік бақылау объектілері болып табылады.

Жер асты сулары

Жер асты суларын өндірумен 6 жер қойнауын пайдаланушы айналысады:

1. «Жайықгидрогеология» ЖШС – Теректі ауданындағы жер асты емдік минералды сулар кен орнындағы жерасты минералды сулар.
2. «Қазсушар» РМК Батыс Қазақстан филиалы Каменский өндірістік учаскесі – «Серебряковское» жер асты сулары орындары.
3. «Батыс Су Арнасы» ЖШС – Орал кен орнындағы жер асты сулары.
4. «Ақжайық шипажайы» ЖШС – «Ақжайық» кен орнындағы жерасты минералды сулары.
5. «Ақсайжылуқуат» МКК – Ақсай кен орнының «Бестау» су алабындағы жер асты сулары.
6. «Ақжайық шипажайы» ЖШС – «Ақжайық» кен орнындағы жер асты минералды суларын барлау.

12.5.5. БИОӘРТҮРЛІЛІК

Орман қоры


Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры жерлерінің жалпы ауданы 216,8 мың га құрайды, оның ішінде 87,6 мың га – орманды алаң. Қазақстандағы ормандардың шектен тыс шектелуі кезінде Батыс Қазақстан облысы орман және аңшылық ресурстарының қоры бойынша ерекше орын алады. Бұл географиялық орналасуына да, табиғи ландшафттардың алуан түрлілігіне де байланысты.

Қазақстан Президентінің 01.09.2020 ж. мемлекеттік орман қоры аумағында 2 млрд ағаш отырғызуға қатысты тапсырмасын орындау мақсатында, Батыс Қазақстан облысының 2021-2025 жылдарға арналған ормандарды молықтыру мен орман өсірудің кешенді жоспары бекітілді, оған сәйкес мемлекеттік орман қоры аумағында орман дақылдарының алаңын 4 794 га ұлғайту жоспарланған.

Кешенді жоспарға сәйкес, 2021-2025 жылдардан бастап облыстың мемлекеттік орман қорына 56,5 млн дана ағаш отырғызылады (12.5.6-сурет).

12.5.6-сурет

2021-2025 жылдардағы Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік орман қорында жасыл желектерді отырғызу жоспары, млн дана



Көзі: Батысы Қазақстан облысы бойынша Экология департаменті.

2021 жылы мемлекеттік орман қоры аумағында орман дақылдарын отырғызу 900 га алаңда жүргізілді және 450 га алаңда орман дақылдарын толықтыру жүргізілді. Бұл ретте әртүрлі ағаш-бұта түрлерінің 3,5 млн дана көшеттері отырғызылды.

Мемлекет басшысының 01.09.2020 ж. елді мекендер аумағында 15 млн дана ағаш отырғызуға қатысты тапсырмасын орындау шеңберінде облыс әкімдігімен бірлесіп «Батыс Қазақстан облысының елді мекендерін көгалдандырудың және жасыл аймақ құрудың 2021-2025 жылдарға арналған аймақтық жоспары» бекітілді. Жоспарға сәйкес, 5 жыл ішінде облыстың елді мекендерінде 355,8 га алаңға 1,0 млн дана көшет отырғызу жоспарланған (2021 ж. – 47,2 мың дана, 2022 ж. – 238,2 мың дана, 2023 ж. – 238,2 мың дана, 2024 ж. – 238,2 мың дана, 2025 ж. – 238,2 мың дана).

2021 жылы аудандар мен Орал қаласының әкімдіктері облыстың елді мекендерінде жоспар бойынша 47,2 мың дана түрлі тұқым, 55,9 мың дана көшет отырғызды.

Орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемелерінің 8 орман тәлімбағында 20,7 га алқапта 5 834,1 мың дана отырғызу материалы өсірілді. Орман питомниктері орман шаруашылығы мекемелері мен облыстың елді мекендерін отырғызу материалымен қамтамасыз етеді.

Орман шаруашылығы мекемелері 2021 жылы мемлекеттік орман қоры аумағында кешенді профилактикалық өртке қарсы іс-шаралар жүргізді, оның ішінде минералданған жолақтарды орнату және оларға күтім жасауды қамтамасыз ету – барлығы 12 260 км, өртке қарсы маңызы бар жолдарды жөндеу және күтіп ұстау – 5,2 км, тоқсандық жолдарды кесу – 103,8 км.

Бұдан басқа, халық арасында орман өрттерін болдырмау мақсатында орман қоры аумағында жүріс-тұрыс ережелері және отпен қауіпсіздік шараларын сақтау қажеттілігі туралы профилактикалық әңгімелер жүргізіледі.

2021 жылғы өрт қауіпті кезеңнің басынан бастап қабылданып жатқан шараларға қарамастан облыстың мемлекеттік орман қоры аумағында 4 123,3 га алаңда орман өртінің 31 жағдайы тіркелді, орман күзетінің қызметкерлері 367-баптың 1-тармағы негізінде 46 жеке тұлғаны әкімшілік жауапкершілікке тартты, «Ормандардағы өрт қауіпсіздігі мен санитарлық ережелердің талаптарын бұзу», 751 127 теңге әкімшілік айыппұл салынды.

Жануарлар мен өсімдіктер дүниесі

Батыс Қазақстан облысының солтүстігінде өзіне тән өсімдіктері бар бетегелі шөпті далалар басым: меруертгүл, адонис, су шылымы, қатпар гладиолус, телпек сүйсін, Еділ майқарағаны, татар қатыран, Шренк қызғалдақтары, шықшөп. Ағаштардан кәдімгі орманжаңғақ, емен, қара қандыағаш, долана өседі.

Құстардан дуадақ, ителгі, ақбас тырна, сұңқылдақ аққу, кішкене құтан, сұр тырна, жалбағай, бұйра бірқазан, аққұйрық субүркіт, қыран, үкі, қарақұс, бүркіт ұя салады. Бауырмен жорғалаушылардан жыландар мен кесірткелерді жиі кездестіруге болады.

Көлдері мен өзендері келесі балықтарға бай: табан, сазан, көксерке, қарабалық, ақмарқа, шортан, алабұға, Жайық (Орал) өзенінде шоқыр, қортпа, бекіре кездеседі.

12.5.9-кестеде 2021 жылы Батыс Қазақстан облысындағы жабайы жануарлардың саны туралы ақпарат ұсынылған.

12.5.9-кесте

2021 жылы Батыс Қазақстан облысындағы жабайы жануарлардың саны, бірлік

Атауы	Ақ-жайық ММ	Бөрлі ММ	Тайпақ ММ	Орал ММ	Орда ММ	Чапаев ММ	Шыңғырлау ММ	Январцево ММ	Жиыны
2021 жыл									
Бұлан	2	-	-	-	-	-	-	19	21
Қабан	201	57	86	129	25	79	20	244	841
Елік	262	85	154	149	4	127	40	273	1094

Қасқыр	146	4	155	41	264	69	40	16	735
Түлкі	385	86	420	299	162	218	100	153	1823
Қоян	459	156	780	520	412	629	140	252	3348
Борсық	179	38	65	71	12	58	30	78	531
Сусар	50	41	-	63	-	85	15	101	355
Сасық күзен		18	-	113	77	192	70	32	502
Құндыз	170	70	78	193	-	63	40	139	753
Қарсақ	240	-	145	109	15	133	30	4	676
Ондатр	7	100	80	50	-	102	-	-	339
Ақкіс	2	-	-	-	-	-	-	-	2
Жұпар тышқан	-	-	-	-	-	-	-	-	0
Қаракүзен	211	-	-	-	-	-	-	23	234
Шағыл мысығы	-	-	22	-	17	-	-	-	39

Көзі: Батыс Қазақстан облысының әкімдігі.

Облыс аумағында жалпы ауданы 4,2 млн га болатын 44 аңшылық шаруашылығы бар, олар 28 аңшы пайдаланушыға бекітілген, 1,6 млн га алқаптағы аңшылық алқаптар бекітілмеген күйінде қалып отыр.

Балық шаруашылығы

Батыс Қазақстан облысының аумағында 200 астам су айдыны, оның ішінде 91 балық шаруашылығы су қоймасы және жергілікті маңызы бар учаскелер орналасқан. Балық шаруашылығы қорының дислокациялық учаскелерінің бақылаудағы аумағының ұзындығы тоғандар мен көлдердің су бетінің 51,5 мың га, Жайық өзенінің 837 км және кіші өзендердің 3 645 км құрайды.

2021 жылдың соңында 57 балық шаруашылығы су айдыны мен учаскелері 43 балық шаруашылығы субъектісіне бекітілді

12.5.6. РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

«Қазгидромет» РМК жергілікті жерде гамма-сәулелену деңгейін бақылау күн сайын 2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпақ) және Орал және Ақсай қалаларында атмосфералық ауаның ластануын бақылаудың 3 автоматты бекетінде жүзеге асырылды.

Облыстың елді мекендері бойынша атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фонның орташа мәндері 0,07-0,29 мкЗв/сағ шегінде болды, облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,11 мкЗв/сағ құрады және рұқсат етілген шектерде болды.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналасқан.

Батыс Қазақстан облысының аумағында 17 кәсіпорын өз жұмысында жиынтық белсенділігі 81 254,945 ГБк болатын иондаушы сәулеленудің 159 көзін пайдаланады.

2021 жылы жиынтық белсенділігі 12,965 ГБк болатын 13 радиоизотоптық көздер ұзақ мерзімді сақтауға тапсырылды (2020 жылы – жиынтық белсенділігі 12,8 ГБк болатын 11 радиоизотоптық көздер).

«Батыс Қазақстан облыстық онкологиялық диспансері» ММ радиоактивті материалдарды пайдалана отырып, аспаптарды пайдаланады.

2021 жылы медициналық мекемелерде радиоактивті қалдықтар түзілген жоқ. Облыс ау-

мағында радиоактивті ластану және иондаушы сәулеленудің иесіз көздері жоқ, уран кен орындары жоқ.

Радиациялық мониторинг нәтижелері бойынша облыс аумағында радиациялық фонның асып кетуі және радиациялық ауытқулар анықталған жоқ.

12.5.7. ҚАЛДЫҚТАР

Тұрмыстық қатты қалдықтар

2021 жылы Батыс Қазақстан облысында 183 977 тонна қалдықтар, оның ішінде тұрмыстық қатты қалдықтар – 118 946 тонна түзілді (12.5.7-сурет).

12.5.7-сурет

2021 жылы Батыс Қазақстан облысында қалдықтардың түзілу көлемі, тонна




Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Облыста коммуналдық қалдықтарды жинау және әкетумен 22 кәсіпорын, оның ішінде 1 мемлекеттік кәсіпорын айналысады.

12.5.8-суретте 2021 жылы коммуналдық қалдықтардың қозғалысы туралы ақпарат берілген.

12.5.8-сурет

2021 жылы Батыс Қазақстан облысындағы коммуналдық қалдықтардың қозғалысы, тонна




Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Макулатураны, картонды және қағаз қалдықтарының басқа да түрлерін қабылдау және қайта өңдеу, полиэтилен және пластмасса бұйымдарының, пайдаланылған автомобиль май-

лары мен сұйықтықтардың, ауа және отын сүзгілерінің, резеңкенің (автомобиль шиналарының), аккумуляторлардың, құрамында сынабы бар шамдар мен аспаптардың қалдықтарын: «ОралГазаСервис» ЖШС, «Талап» АҚ, «Антей» ЖШС, «ТұранПромРесурс» ЖШС, «Губер» ЖК, «Кама центр» ЖШС, «Глухова» ЖК, «Куксова» ЖК, «Жайық Полимер» ЖШС, «ВТС-Орал» ЖК, «Усенова» ЖК, «Мега-Жазира» ЖШС, «Батыс КНК» ЖШС, «Орал кит» ЖШС, «Кушанов» ЖК жүзеге асырады (12.5.9-сурет).

12.5.9-сурет

Түрлері бойынша сұрыпталған қалдықтардың көлемі, тонна




Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

12.5.10-суретте 2017-2021 жылдары тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу туралы ақпарат ұсынылған.

12.5.10-сурет

2017-2021 жылдары Батыс Қазақстан облысындағы ТҚҚ қайта өңдеу үлесі, %



Көзі: Батыс Қазақстан облысының әкімдігі.

Полигондар

2021 жылы қалдықтарды орналастыруға және сақтауға алынған жерлердің жалпы ауданы 550 га құрайды. Орналастырылған ТҚҚ жалпы саны – 6,7 млн тонна.


Облыста ТҚҚ екі полигоны бар – Орал (1975 жылдан бастап қолданыста) және Ақсай (1986 жылы енгізілген) қалаларында. 2019 жылы Орал полигонында қуаттылығы 100 мың тонна/жыл қоқыс сұрыптау желісі іске қосылды. Қаланың қарқынды дамуына, халық санының ар-

туына байланысты полигонның қуаттылығы экологиялық талаптарға сәйкес қалдықтарды қабылдауды және көмуді толық көлемде қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Облыс аудандарында ТҚҚ полигондары кенттік полигондар ретінде қызмет етеді, кейбір объектілерге рұқсат беру құжаттары бар (12.5.11-сурет).

12.5.11-сурет

2021 жылғы Батыс Қазақстан облысындағы полигондар бойынша ақпарат



Көзі: Батыс Қазақстан облысының әкімдігі.

Елді мекендерді ТҚҚ орналастыру орындарымен қамтамасыз ету үшін 2020-2021 жылдары Ақжайық ауданының Чапаев кентінде ТҚҚ полигоны құрылысының ЖСҚ әзірленді, Орал және Ақсай қалаларында ТҚҚ жаңа полигондарының құрылысының ТЭН орындалды.

Уытты қалдықтар полигондары

Орал қаласында қауіптіліктің 1, 2, 3-сыныптарына арналған полигондар 2011 жылдан бастап пайдаланылмайды. 2011-2021 жылдары полигонды инспекциялық тексеру жүргізілген жоқ.

Облыстың Тасқала ауданының Мерей а/о аумағында бір кездері «Ауыл шаруашылығы химиясы» АҚ-ға тиесілі пестицидтер мен олардың ыдыстарын көмуге арналған полигон орналасқан. Полигон иесіз қалған. Полигондардың қоршаған ортаға әсеріне мониторинг жүргізілмеген.

Қалдықтарды орналастырудың рұқсат етілмеген орындарын жою жөніндегі жұмыс

2021 жылы Орал қаласының және оған іргелес 5 ауданның (Бәйтерек, Теректі, Тасқала, Сырым және Ақжайық) аумағында ғарыштық мониторинг нәтижелері бойынша қалдықтарды рұқсатсыз орналастырудың 253 орны анықталды, олардың 205 жойылды.

2021 жылдың шілдесінде Батыс Қазақстан облысы бойынша Экология департаменті Орал қаласы, Бәйтерек ауданы Мичурин ауылдық округі әкімдіктерінің, еріктілердің, мердігер ұйым – «Жайық Таза Қала» ЖШС қатысуымен анықталған рұқсат етілмеген қалдықтарды орналастыру орындары бойынша баспасөз туры өткізуге бастамашы болды. Баспасөз туры барысында Асан кентіндегі 3 рұқсат етілмеген қоқыс үйіндісі жойылып, Орал қ. ТҚҚ полигонына 300 тонна қоқыс жиналып, шығарылды.

Уытты қалдықтар

Облыста пайдаланылған және жарамсыз болып қалған құрамында сынабы бар шамдар мен аспаптарды кәдеге жаратумен «Талап» АҚ және «Мега-Жазира» ЖШС айналысады.

«Талап» АҚ 2011 жылы өз аумағында сынап және люминесцентті шамдарды демеркуризациялау және залалсыздандыру үшін «Экотром» қондырғысын сатып алынды. 2021 жылы кәсіпорын құрамында 2,89 тонна сынап бар шамдар мен аспаптарды қайта өңдеді.

«Мега-Жазира» ЖШС 2016 жылдан бастап құрамында сынабы бар шамдарды қабылдаумен және демеркуризациялаумен айналысады. 2021 жылы кәсіпорын құрамында 1,2 тонна сынабы

бар шамдарды қайта өңдеді.

Медициналық қалдықтар

Арнайы пештерде жағу әдісімен медициналық қалдықтарды залалсыздандыруды Орал және Ақсай қалаларында бірнеше ұйым жүзеге асырады: «Талап» АҚ, «Медициналық орталық» ЖШС, Бөрлі аудандық ауруханасы. Қалдықтарды кәдеге жарату медициналық мекемелермен жасалған шарттардың негізінде жүргізіледі. «Талап» АҚ деректері бойынша 2021 жылы 293 167 тонна медициналық қалдықтар қайта өңделген.

Қауіпті және қауіпті емес қалдықтар

2021 жылы Батыс Қазақстан облысында өткен жылмен салыстырғанда қауіпті қалдықтардың түзілуінің 34,6 мың тоннаға азаюы байқалады (12.5.10-кесте).

12.5.10-кесте

2020-2021 жылдары Батыс Қазақстан облысы бойынша қауіпті қалдықтардың қозғалысы туралы ақпарат, мың тонна

Қауіпті қалдықтар қозғалысы	2020 жыл	2021 жыл
Жылдың басында болғаны	12 662,7	368,0
Түзілді	325,6	94,6
Басқа тұлғалардан түсті	45,6	43,0
Қайта өңделді, пайдаланылды, өртелді	235,1	18,3
Залалсыздандырылды	0,0	0
Көмілді	0,0	277,0
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілді	25,1	123,2
Жыл соңында болғаны	12 773,5	87,1

Көзі: ҚОҚ БАЖ.

12.5.11-кестеде Батыс Қазақстан облысы бойынша 2020-2021 жылдарға арналған қауіпті емес қалдықтардың түзілу көлемі туралы ақпарат берілген.

12.5.11-кесте

2020-2021 жылдары Батыс Қазақстан облысында түзілген қауіпті емес қалдықтар көлемдері, мың тонна

Атауы	2020 жыл	2021 жыл
Жылдың басында болғаны	135 163,5	21,8
Түзілді	15 906,4	55,1
Басқа тұлғалардан түсті	6,9	116,2
Қайта өңделді, пайдаланылды, өртелді	528,7	23,0
Көмілді	0,01	55,0
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілді	0	91,0
Жыл соңында болғаны	720,2	23,0

Көзі: ҚОҚ БАЖ.

Жануарлардың қалдықтарын кәдеге жарату және көму (мал қорымдары)

Облыс аумағында әрбір елді мекенде барлығы 255 мал қорымы жұмыс істейді. Оның ішінде 57 – типтік, жобалық құжаттамаға сәйкес орындалған. Жануарлар қалдықтарын көму орындарының жай-күйін тексеру көктемде облыстық санитарлық-экологиялық ай шеңберінде жүргізіледі.

12.5.8. ЖЫЛУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ЖӘНЕ ТҰТЫНУ

2021 жылдың қорытындысы бойынша Батыс Қазақстан облысында электр энергиясын өндіру 2 281,8 млн кВт·сағ. құрады, облыстың қажеттілігі кезінде 2 345,0 млн кВт·сағ. Ресей Федерациясынан импорт 40,1 млн кВт·сағ. (1,7%) құрайды, «KUS» ЖШС – 138,3 млн кВт·сағ., «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС – 2,4 млн кВт·сағ., бұдан басқа облыстан тыс жерлерге – 117,6 млн кВт·сағ. алынды

Облыста электр энергиясын өндіруді 5 өндіруші станция жүзеге асырады:

1. «Жайықтеплоэнерго» АҚ, белгіленген қуаттылығы – 48 МВт, қолда бар қуаттылығы – 35,2 МВт. Жылу-энергетикалық орталықтың негізгі отыны – табиғи газ.

2. «Орал газ турбиналы электр станциясы» ЖШС, белгіленген қуаттылығы – 54 МВт, қолда бар қуаттылығы – 48 МВт.

3. Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В. газ турбиналы электр станциясы, белгіленген қуаттылығы – 145 МВт, қолда бар қуаттылығы – 133 МВт. Қарашығанақ мұнай өңдеу кешенінде өңделген өз газын пайдаланады.

4. «Батыс Пауэр» ЖШС, белгіленген қуаттылығы – 100 МВт, қолда бар қуаттылығы – 90 МВт.

5. «Жайықмұнай» ЖШС, белгіленген қуаттылығы – 41 МВт, қолда бар қуаттылығы – 36,5 МВт. 2021 жылы кәсіпорын электр энергиясын өндіруге өзінің қайта өңделген табиғи газының 40,2 млн м³ жұмсады. Өндірілген электр энергиясы Чинарев кен орнының өз қажеттіліктері үшін пайдаланылады.


12.5.9. ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Облыстық мәслихат сессиясының 06.03.2019 ж. №23-2 шешімімен бекітілген Батыс Қазақстан облысы бойынша 2019-2020 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» заңының 27-бабы, 2-тармағына сәйкес күші жойылды (Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2021 жылғы 13 желтоқсандағы №8-5 шешімі).

Нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін Батыс Қазақстан облысының экологиялық мәселелерін кешенді шешу бойынша Жол картасы әзірленді, онда негізгі шаралармен айқындалды:

- табиғат пайдаланушылардың шығарындыларын азайту;
- автокөліктен шығарындыларды азайту;
- көгалдандыру;
- қалдықтарды басқару саласын дамыту;
- жер ресурстарының ластануын болдырмау.

12.6. ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

	2021 жылдың жалпы көрсеткіштері				
	Субъектінің S, мың км ²	144,2	Халық саны, 2022 жылдың басына, адам		1 149 914
	2018-2021 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер				
	Көрсеткіштер	2018	2019	2020	2021
	Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсаған шығындары, млрд теңге	22,2	52,7	12,1	58,7

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Жамбыл облысы Қазақстан Республикасының оңтүстігінде орналасқан, Шу, Талас өзендері бассейндерін алып жатыр, батысында – Қаратау тау жотасымен, оңтүстігінде – Жамбыл облысының Қырғыз жотасымен, шығысында – Шу-Іле тауларымен шектеседі. Солтүстік облысы Бетпақдала шөл аудандарымен түйіседі. Қырғызстан Республикасымен шектеседі. Әкімшілік орталығы – Тараз қаласы.

Облыста пайдалы қазбалардың едәуір қоры, ең алдымен фосфориттер, балқымалы шпат, алтын, сондай-ақ Амангелді кен орнында газ бар. Сонымен қатар айтарлықтай келесі қорлар бар: түсті металдар, уран, барит, көмір, қаптама, өңдеу және техникалық тасы, құрылыс материалдары, минералды тұздар, жер асты сулары.

12.6.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Ластағыш заттар шығарындылары

Жамбыл облысының стационарлық көздерден ластағыш заттар шығарындыларының негізгі үлесі химия секторы кәсіпорындары – 42%, жылу энергетикасы кәсіпорындары – 28%, тау-кен өндіру кәсіпорындары – 18%, басқалары (газ, коммуналдық секторлар) – 12% болады.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, Жамбыл облысында 2021 жылы ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің жалпы саны 16 168 бірлікті құрайды (12.6.1-кесте).

12.6.1-кесте


2019-2021 жылдардағы ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны, бірлік

Атауы	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Стационарлық шығарындылар көздері	14 962	17 384	16 168

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2021 жылы Жамбыл облысының атмосферасына стационарлық көздерден 55,8 мың тонна ластағыш заттар түскен (12.6.1-сурет).


2019-2021 жылдардағы стационарлық көздерден ластағыш заттар шығарындылары, мың тонна



Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Кәсіпорындар шығаратын негізгі ластағыш заттар – көміртегі тотығы, қатты заттар, күкіртті ангидрид, азот тотықтары (12.6.2-кесте).

2019-2021 жылдардағы негізгі ластағыш заттардың шығарындылары, мың тонна



Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Стационарлық көздерден басқа, жылжымалы көздер, атап айтқанда автокөлік атмосфералық ауаның ластануына ықпал етеді. ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 01.01.2022 ж. Жамбыл облысында 195,6 мың бірлік жеңіл және 57,5 мың бірлік жүк автокөлік құралдары тіркелген.

Атмосфералық ауаның сапасы

«Қазгидромет» РМК Тараз, Жаңатас, Қаратау, Шу қалалары мен Қордай кентіндегі 9 стационарлық бекетте Жамбыл облысының атмосфералық ауасының сапасына бақылау жүргізеді. (12.6.2-кесте).

Жамбыл облысының елді мекендерінің 2021 жылғы атмосфералық ауасының сапасы

№	Елді мекен	Бақылау бекеттерінің саны		Көрсеткіштер		
2021 жылы Қарағанды облысында жалпы қуаттылығы шамамен 230 МВт (227,97 МВт) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша 8 қондырғы (оның ішінде 5 КЭС, 2 биогаз қондырғысы, 1 шағын ГЭС) жұмыс істейді:

- қуаттылығы 100 МВт Саран қаласындағы КЭС;
- қуаттылығы 40 МВт Ақтоғай ауданы Гүлшат кенті ауданындағы КЭС;
- қуаттылығы 50 МВт Шет ауданының Ағадыр кентіндегі КЭС;
- қуаттылығы 26 МВт Шет ауданы Ағадыр кентіндегі КЭС;
- қуаттылығы 10 МВт Жезқазған қ. Кеңгір кентіндегі КЭС;
- қуаттылығы 1,07 МВт Абай ауданы Құрма ауылындағы биогаз станциясы «Агрофирма Курма» ЖШС;
- қуаттылығы 0,3 МВт Бұқар жырау ауданының «Волынский» АӨК» ЖШС биогаз станциясы;
- қуаттылығы 0,6 МВт Ынтымақ су қоймасындағы шағын ГЭС.

2021 жылы өндіріс 325,2 млн кВт·сағ немесе облыстың жалпы электр энергиясын өндірудің 2,1% құрады (2020 жылы – 316,1 млн кВт·сағ).

12.7.9. ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қарағанды облысы бойынша қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы №145 бұйрығымен бекітілген Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін айқындау қағидаларына сәйкес әзірленді. Нысаналы көрсеткіштер Қарағанды облыстық мәслихатының 2019 жылғы 10 қаңтардағы №376 шешімімен бекітілген.

Нысаналы көрсеткіштермен Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Жезқазған қалаларының атмосфералық ауадағы ластағыш заттардың шоғырлануын төмендету көзделген.

Эмиссиялар нормативтерінің төмендеуі облыстың экономикалық дамуының кешенді факторы ретінде облыстың аумақтық даму бағдарламасына енгізілген.

Нысаналы көрсеткіштермен сондай-ақ мұнай өнімдерімен ластану көрсеткіші бойынша Қарағанды, Теміртау және Жезқазған қалаларында топырақтағы ластағыш заттардың шоғырлануын төмендету көзделген.

Бұдан басқа, Нұра, Осакаров, Жаңаарқа, Қарқаралы, Шет және Бұқар Жырау аудандарының елді мекендерінде ауыз судың радиациялық қауіпсіздік нормаларына сәйкестікке қол жеткізу жоспарланған.

12.8. ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

	2021 жылдың жалпы көрсеткіштері				
	Субъектінің S, мың км ²	196,0	Халық саны 2022 жылдың басына, адам	857 858	
	2018-2021 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер				
	Көрсеткіштер	2018	2019	2020	2021
	Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсаған шығындары, млрд теңге	8,5	9,4	23,3	25,0

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Қостанай облысы Қазақстан Республикасының солтүстік бөлігінде орналасқан, 1936 жылы құрылған. Облыс Қазақстан Республикасының төрт облысымен (Ақтөбе, Қарағанды, Ақмола және Солтүстік Қазақстан) және Ресей Федерациясының үш облысымен (Орынбор, Челябин, Қорған) шектеседі.

Қостанай облысының әкімшілік-аумақтық құрылысына 526 елді мекен кіреді. Облыс орталығы 1879 жылы негізі қаланған Қостанай қаласы болып табылады.

Облыс аумағы салыстырмалы түрде тегіс рельефпен сипатталады. Солтүстік бөлігін Батыс Сібір ойпатының оңтүстік-шығыс шеті алып жатыр, оның оңтүстігінде Торғай үстірті, облыстың батысында – Жайық үстіртінің толқынды жазығы, оңтүстік-батысында – Сарыарқа сілемдері орналасқан.

Аймақтың климаты шұғыл континенталды және өте құрғақ қысы ұзақ және аязды, қатты жел мен боран, жазы ыстық, құрғақ. Жауын-шашынның жылдық мөлшері солтүстікте 250-300 мм, ал облыстың оңтүстігінде 240-280 мм. Вегетациялық кезеңнің ұзақтығы солтүстікте 150-175 күн, оңтүстікте 180 күн.

Облыстың жер қойнауы магнетит және оолит темір кендері, бокситтер, қоңыр көмір, асбест, отқа төзімді және кірпіш саз, флюс және цемент әктас, шыны құм, құрылыс тасы және т. б. сияқты пайдалы қазбаларға бай.

12.8.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Ластағыш заттар шығарындылары

Қостанай облысының әуе бассейнін ластаудың негізгі көздері тау-кен өндіру және жылу-энергетика өнеркәсібінің кәсіпорындары, сондай-ақ автомобиль көлігі болып табылады.

Облыстың тау – кен өнеркәсібін темір рудасын өндіру және темір рудасы түйіршіктерін өндіру жөніндегі ірі кәсіпорындар – «Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі» АҚ Рудный қаласы және «Өркен» ЖШС Лисаков филиалы – Лисаков КБК ұсынады. Түсті металлургия кәсіпорындарына «Қазақстан алюминийі» АҚ Краснооктябрь боксит кен басқармасы, Қамысты ауданының «Шаймерден» АҚ (мырыш, никель), Жітіқара қаласының «Комаров тау-кен кәсіпорны» ЖШС, Таран ауданының «Варваринское» АҚ (алтын, мыс) және басқалары жатады.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, Қостанай облысында 2021 жылы ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны 18 976 бірлікті құрады (12.8.1-кесте).

2019-2021 жылдардағы ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны, бірлік


Атауы	2019 ЖЫЛ	2020 ЖЫЛ	2021 ЖЫЛ
Шығарындылардың стационарлық көздері	17 462	17 929	18 976

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2021 жылы шығарындылардың жалпы көлемі – 137,9 мың тоннаны құрады (12.8.1-сурет).

12.8.1-сурет

2019-2021 жылдардағы Қостанай облысындағы ластағыш заттардың стационарлық көздерден шығарындылары, мың тонна




Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Қостанай облысының ең ірі тау-кен өндіру кәсіпорны – «ССКӨБ» АҚ үлесіне өнеркәсіптік шығарындылардың жалпы көлемінің шамамен 77% тиесілі. 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда өндіріс көлемінің ұлғаюына байланысты нақты шығарындылардың ұлғаюы байқалды: «ССКӨБ» АҚ – 1%, «Қостанай минералдары» АҚ – 4%, «Қостанай Жылу энергетикалық компаниясы» МКК («ҚЖЭК» МКК) – 16%. Сонымен қатар, облыста өндіріс көлемі мен қоршаған ортаға эмиссия көлемі 2021 жылы айтарлықтай төмендеген кәсіпорындар бар: «Варваринское» АҚ – 29%, «Өркен» ЖШС Лисаков филиалы – 13%.

Кәсіпорындар шығаратын негізгі ластағыш заттар – көміртегі тотығы, қатты заттар, күкіртті ангидрид және азот оксидтері (12.8.2-сурет).

12.8.2-сурет

2019-2021 жылдары Қостанай облысының атмосфералық ауасына негізгі ластағыш заттар шығарындылары, мың тонна



Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

2021 жылы күкіртті ангидрид пен азот оксидтері шығарындыларының көлемі 2020 жылмен салыстырғанда ұлғайды, ал қатты заттар мен көміртегі тотығы шығарындылары азайды.


Автомобиль көлігі облыстың атмосфералық ауасының ластануына елеулі үлес қосады. Ластағыш заттар шығарындыларының жалпы көлемінің 3/4 астамы автокөлік үлесіне тиесілі.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, Қостанай облысында 2021 жылы 159,2 мың бірлік жеңіл және 37,8 мың бірлік жүк автомобиль көліктері тіркелген.

12.8.3-суретте Қостанай облысындағы жылжымалы көздерден атмосфераға ластағыш заттардың шығарындылары туралы ақпарат ұсынылған.

12.8.3-сурет

2019-2021 жылдары Қостанай облысында жылжымалы көздерден атмосфераға ластағыш заттар шығарындылары, мың тонна



Көзі: Қостанай облысы бойынша Экология департаменті.

Атмосфералық ауаның сапасы

«Қазгидромет» РМК 2021 жылы Қостанай, Рудный қалаларының және Қарабалық кентінің 10 стационарлық бекетінде атмосфералық ауа жағдайына мониторинг жүргізілді. Стационарлық бақылау бекеттерінен басқа Лисаковск, Жітіқара, Арқалық қалаларында эпизодтық бақылау жүргізілді.

Қостанай облысының елді мекендерінің атмосфералық ауасының ластану деңгейі туралы ақпарат 12.8.2-кестеде ұсынылған.

12.8.2-кесте

2021 жылы Қостанай облысындағы атмосфералық ауаның ластану деңгейі

№	Елді мекен	Бақылау бекетінің саны		Көрсеткіштер		
		қолмен	автоматты	АЛИ	СИ	ЕКҚ (%)
1	Қостанай қ.	2	2	4 (төмен деңгей)	7 (жоғары деңгей)	3 (көтеріңкі деңгей)
2	Рудный қ.	-	2	2 (төмен деңгей)	4 (көтеріңкі деңгей)	4 (көтеріңкі деңгей)
3	Қарабалық к.	-	1	1 (төмен деңгей)	2 (көтеріңкі деңгей)	0 (төмен деңгей)
4	Лисаковск қ.	-	1	-	1 (төмен деңгей)	0 (төмен деңгей)
5	Жітіқара қ.	-	1	-	5 (көтеріңкі деңгей)	0 (төмен деңгей)

6	Арқалық қ.	-	1	-	1 (төмен деңгей)	0 (төмен деңгей)
---	------------	---	---	---	------------------	------------------

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ескерту. Градациялар бойынша атмосфералық ауаның ластану дәрежесін бағалау 1 «Атмосфералық ауа» бөлімінде ұсынылған.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://www.kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

Аймақтың газдандырылуы

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының деректері бойынша облысты газбен жабдықтауды «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қостанай өндірістік филиалы «Бұхара-Орал» магистралдық газ құбырынан жүзеге асырады.

01.02.2022 ж. жағдай бойынша газбен жабдықтау желілерінің жалпы ұзындығы 4 056,9 км (газбен жабдықтаудың магистральдық желілері – 819,7 км, газбен жабдықтаудың тарату желілері – 3 237,2 км) құрайды. Желілердің тозу деңгейі 25% құрайды.

2021 жылы облыстың 526 елді мекенінің 77 (5 қала, қалалық бағыныстағы 2 елді мекен: Рудный қаласының Қашар кенті және Лисаковск қаласының Октябрьский кенті және 70 ауылдық елді мекен) газдандырылды, бұл 14,6% құрайды.

12.8.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Қостанай облысының су объектілері Тобыл-Торғай су шаруашылығы бассейніне жатқызылған. Облыс аумағында ұзындығы 10 км асатын 310 жуық су ағындары бар, олардың жартысынан көбі уақытша су ағындары болып табылады. Ұзындығы 100 км асатын өзендер – 21, ал 500 км асатын өзендер – 2: Тобыл және Торғай.

Тобыл өзені 2 мемлекеттің аумағы бойынша – Қазақстан Республикасының Қостанай облысы және Ресей Федерациясының бірнеше облыстары бойынша ағып өтеді. Тобыл өзенінің Ертіс өзеніне құйылғанға дейінгі жалпы ұзындығы 1 591 км, Қорған облысымен шекараға дейін – 682 км.

Тобыл өзенінің негізгі салалары – Шортанды, Синташты, Үй, Тоғызақ, Обаған және Әйет өзендері. Экономикалық қызметтің нәтижесінде көптеген салалар мен өзеннің өзі көптеген тоғандар мен су сақтағыштарымен реттеледі.

Қостанай облысында шаруашылық-ауыз су қажеттіліктері үшін 11 су сақтағышы салынды және пайдаланылуда, оның 8 Тобыл өзенінің бассейнінде, 3 Торғай өзенінің бассейнінде. Олардың жалпы көлемі 1 490,3 млн м³, пайдалы көлемі – 1 420,6 млн м³ құрайды. Ең ірі су сақтағыштары: жоғарғы Тобыл – 816,6 млн м³, Қаратомар – 586 млн м³.

Суды тұтыну

Қостанай облысы бойынша су құбыры желілерінің ұзындығы 2021 жылы 4 467,5 км құрайды.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2021 жылы тұтынушыларға жіберілген су көлемі 47 154,1 мың м³ құрады (12.8.3-кесте).

12.8.3-кесте

Қостанай облысының тұтынушыларына 2021 жылы жіберілген су көлемі, мың м³

Атауы	Тұтынушыларға жіберілген су, барлығы	Оның ішінде			
		халыққа	кәсіпорындардың коммуналдық қажеттіліктеріне	кәсіпорындардың өндірістік коммуналдық қажеттіліктеріне	басқа
Қостанай облысы	47 154,1	18 275,2	2 272,5	26 153,0	453,5

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Суды бұру

Облыс орталығы – Қостанай қ. басқа барлық қалаларда (Рудный, Лисаковск, Жітіқара, Қашар к.) кәріздік тазарту құрылыстары бар. Оларды пайдаланудың ұзақ мерзімдеріне және жабдықтың жоғары деңгейде тозуына байланысты үлкен ақшалай шығындарды талап ететін КТҚ қайта құру, жаңғырту және күрделі жөндеу қажет.

Қостанай облысы бойынша Экология департаментінің деректері бойынша, облыс бойынша ағынды суларды ағызудың жалпы көлемі 2021 жылы 71 745,2 мың м³ құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 2,1% аз (12.8.4-кесте).

12.8.4-кесте

2020-2021 жылдары Қостанай облысындағы ағынды суларды ағызу

Ағызулардың нақты көлемі		2020 жыл	2021 жыл
Өнеркәсіптік ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	46 593	40 965
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	172	202,9
Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	18 891	27 804
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	15,6	32,7
Апатты және рұқсат етілмеген ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	0	17,4
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	0	0,01
Беткі су қоймаларына ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	7 770,2	2 958,8
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	11,8	5,8
Барлығы (барлық жоғарыда аталған ағызулар)	Суды бұру көлемі, мың м ³	73 254,2	71 745,2
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	199,3	241,4

Көзі: Қостанай облысы бойынша Экология департаменті.

2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы ағынды суларды ағызу көлемінің азаюы облыстың өнеркәсіптік кәсіпорындарының ағынды суларды ағызуының азаюымен байланысты.

Қостанай облысында кәсіпорындардан жер үсті су қоймаларына 4 санкцияланған ағызу жүргізіледі. Суды ағызу кеніштік ағынды сулардан басқа тазартусыз жүргізіледі.

Беткі сулардың сапасы

2021 жылы «Қазгидромет» РМК Қостанай облысы бойынша беткі сулардың сапасын бақылау 11 су объектісінің (Тобыл, Әйет, Тоғызак, үй, Обаған, Желқуар, Торғай өзендері, Шортанды, Амангелді, Қаратомар және Жоғарғы Тобыл су сақтағыштары) 16 тұстамасында жүргізілді.

Қостанай облысының зерттелген су объектілеріндегі судың сапасы 2020-2021 жылдары 12.8.5-кестеде ұсынылған.

12.8.5-кесте

2020-2021 жылдардағы Қостанай облысының су объектілеріндегі су сапасы

Су объектісінің атауы	Су сапасының сыныбы		Параметрлері	2021 ж. шоғырлануы, мг/дм ³
	2020 жыл	2021 жыл		
Тобыл өз.	Нормаланбайды (>5 сынып)	Нормаланбайды (>5 сынып)	Қалқыма заттар	37,0
			Магний	113,3
			Хлоридтер	734,5
Әйет өз.	4 сынып	5 сынып	Қалқыма заттар	29,9

Обаған өз.	Нормаланбайды (>5 сынып)	Нормаланбайды (>5 сынып)	Қалқыма заттар	82,2
			Сульфаттар	1 614,9
			Магний	186,5
			Минералдану	5 286,5
			ОБТ	40,5
			Хлоридтер	1 442,2
Тоғыззақ өз.	5 сынып	5 сынып	Қалқыма заттар	35,8
Үй өз.	4 сынып	5 сынып	Қалқыма заттар	44,15
Желқуар өз.	Нормаланбайды (>5 сынып)	Нормаланбайды (>5 сынып)	Қалқыма заттар	45,45
Торғай өз.	4 сынып	4 сынып	Магний	46,4
			Минералдану	1 353,4
Қаратомар су сақтағышы	Нормаланбайды (>5 сынып)	Нормаланбайды (>5 сынып)	Қалқыма заттар	45,05
Жоғарғы Тобыл су сақтағышы	5 сынып	Нормаланбайды (>5 сынып)	Қалқыма заттар	45,1
Амангелді су сақтағышы	Нормаланбайды (>5 сынып)	5 сынып	Қалқыма заттар	34,6
Шортанды су сақтағышы	Нормаланбайды (>5 сынып)	3 сынып	Магний	21,4

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ескерту. Суды пайдалану сыныбының сипаттамасы 3 «Су ресурстары» бөлімінде ұсынылған

12.8.5-кестеден көрініп тұрғандай, 2020 жылмен салыстырғанда Тобыл, Обаған, Желқуар, Торғай, Тоғыззақ өзендерінің, Қаратомар су сақтағышында сулардың сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ. Үй және Әйет өзендерінің суларының сапасы 4-сыныптан 5-сыныпқа өтті, Жоғарғы Тобыл су сақтағышы «5-сыныптан жоғарыдан» 5-сыныпқа өтіп – нашарлады. Амангелді су сақтағышының суларының сапасы «5-сыныптан жоғарыдан» 5-сыныпқа өтіп, Шортанды су сақтағышы «5-сыныптан жоғары» 3-сыныпқа өтіп – жақсарды.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://www.kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

12.8.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

Жер қоры

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің деректері бойынша Қостанай облысының жер қоры 01.11.2021 ж. 19 600,1 мың га құрайды. Жер құрылымында ауыл шаруашылығы алқаптары 18 119,1 мың га немесе аймақтың жалпы ауданының 92,4% құрайды.

Облыстың жер қорын санаттар бойынша бөлу 12.8.6-кестеде ұсынылған. Жер қорындағы өзгерістер айтарлықтай өзгерген жоқ.

12.8.6-кесте

2020-2021 жылдары Қостанай облысының жер қорын санаттар бойынша бөлу,
мың га

№	Жер санаты	2020 жыл	2021 жыл
1	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер, мың га	10 440,8	10 838,0

2	Елді мекен жерлері	1 626,1	1 626,7
3	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер	107,7	108,6
4	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері	742,3	742,3
5	Орман қоры жерлері	423,5	456,7
6	Су қоры жерлері	67,5	67,9
7	Босалқы жерлер	6 192,2	5 759,9
Барлығы		19 600,1	19 600,1

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

12.8.6-кестеде көрсетілгендей, жер балансындағы өзгерістер айтарлықтай өзгерген жоқ.

Топырақ жағдайы

2021 жылы «Қазгидромет» РМК Қостанай, Рудный, Лисаковск, Жітіқара, Арқалық қалаларында және Варваринка к. көктемгі және күзгі кезеңдердегі топырақтың жай-күйіне бақылау жүргізді. Ауыр металдармен ластануды анықтау үшін топырақ сынамалары алынды.

Қостанай облысы елді мекендерінің топырақтарының ауыр металдармен (кадмий, қорғасын, мырыш, мыс, хром) 2021 жылғы ластануы туралы ақпарат 12.8.7-кестеде ұсынылған.

12.8.7-кесте

2021 жылғы Қостанай облысы елді мекендерінің топырақтарының ауыр металдармен ластануы, мг/кг

Елді мекен	Ауыр металдардың шоғырлануы
Қостанай қ.	0,08-20,98
Рудный қ.	0,22-10,17
Лисаковск қ.	0,13-9,30
Жітіқара қ.	0,17-17,66
Арқалық қ.	0,12-10,26
Варваринка к.	0,22-10,17

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Қостанай облысы елді мекендерінің топырақ сынамаларында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром шоғырлануы шекті жол берілетін нормалардан аспады.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://www.kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.


Жерлерді алып қою

Ластанған және бұзылған жерлер қалалардың өнеркәсіптік аймақтарында, пайдалы қазбаларды өндіру және өңдеу орындарында жиі кездеседі. Пайдалы қазбаларды ашық тәсілмен өндіру кезінде үлкен аумақтарда ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес мақсаттар үшін: карьерлер, үйінділер, қалдық қоймалар, кеніш және шаруашылық-тұрмыстық су жинақтағыштар үшін жерлер иеліктен шығарылады.

Облыс бойынша 2021 жылдың соңында жердің ластануы мен бұзылуы нәтижесінде айналымнан шығарылған жердің жалпы ауданы 37 773,6 га құрайды, оның ішінде тау-кен өндіру кәсіпорындары – шамамен 27 мың га.

Қостанай облысының аумағында 7 ірі тау-кен өндіру кәсіпорны жұмыс істейді, олардың қызметі жердің бұзылуымен байланысты: «Қазақстан алюминийі» АҚ КБКБ (Лисаков қ.), «Қазақстан алюминийі» АҚ ТБКБ (Арқалық қ.), «Қостанай Минералдары» АҚ (Жітіқара қ.), «Варваринское» АҚ (Б. Майлин ауданы), «ССКӨБ» АҚ (Рудный қ.), «Өркен» ЖШС Лисаков филиалы, «Комаров тау-кен кәсіпорны» ЖШС (Жітіқара қ.), (12.8.4-сурет).

2021 жылғы Қостанай облысында бүлінген жерлер туралы ақпарат, мың га



Көзі: Қостанай облысының әкімдігі.

Тау-кен жұмыстары аяқталғаннан кейін кәсіпорындар пайдаланылған бүлінген жерлерді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуде.

12.8.4. ЖЕР ҚОЙНАУЫ

Қостанай облысында түрлі пайдалы қазбалар бар, олардың ең маңыздылары қара металдар (темір, титан), асыл металдар (алтын, күміс), түсті металдар (мыс, қорғасын, мырыш, никель, кобальт, алюминий) болып табылады. Энергетикалық қоңыр көмір, тау-кен химиялық және керамикалық шикізат кен орындары белгілі. Құрылыс материалдарының кен орындары кең таралған. Қалаларды, кенттерді және өнеркәсіптік кәсіпорындарды қамтамасыз ету үшін шаруашылық-ауыз су және техникалық жерасты суларының көптеген кен орындары анықталып, барланды.

Қостанай облысы бойынша Экология департаментінің деректері бойынша 2021 жылдың соңында Қостанай облысында жер қойнауын пайдалану құқығына келісімшарттары мен лицензиялары бар 78 жер қойнауын пайдаланушы тіркелген (12.8.5-сурет).

2021 жылы Қостанай облысында жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшарттар мен лицензиялар, бірлік



Көзі: Қостанай облысы бойынша Экология департаменті.

12.8.5. БИОӘРТҮРЛІЛІК

Орман қоры

Қостанай облысы әкімдігінің деректері бойынша Қостанай облысының мемлекеттік орман қоры 1 146 087 га құрайды, оның ішінде орманмен жабылған алаң – 269 614 га. 2020 жылмен салыстырғанда мемлекеттік орман қорының және орманмен жабылған алаң өзгерді (12.8.6-сурет).

12.8.6-сурет

2019-2021 жылдары Қостанай облысының орман қоры, га



Көзі: Қостанай облысының әкімдігі.

2021 жылы мемлекеттік орман иеленушілер орман өрттерімен күресу бойынша алдын алу іс-шараларын жүргізді: 535 км өртке қарсы минералдандырылған жолақтар орнатылды, 50 275 км минполостарды күту бойынша іс-шаралар орындалды.

Орманды қалпына келтіру мақсатында орман шаруашылығы мекемелері 2021 жылдың көктемі мен күзінде жалпы ауданы 689,2 га орман отырғызды, орман тұқымдарын жинау қамтамасыз етілді, 2021 жылы 3 758 кг орман питомниктерінде 8,2 млн дана қарағай мен қайың көшеттері өсірілді, олар 2022 жылдың көктемінде орман қоры учаскелеріне отырғызылатын болады.

Сондай-ақ, 2021 жылы орман қорғау бойынша жоспарлы іс-шаралар орындалды: орман екпелерін орман патологиялық зерттеу – 49,2 мың га, құмырсқаларды жерсіндіру – 115 дана, құс ұяларын ілу – 290 дана, топырақ қазу – 3 392 шұңқыр. 2021 жылдың басында орман зиянкестері мен ауруларының жиналу ошақтарының ауданы 1 358,9 га, 2021 жылдың аяғында – 1 860,4 га құрады.

31.12.2021 жылға Қостанай облысының мемлекеттік орман қоры аумағында орман өрттерінің 100 жағдайы тіркелген. Өрт болған орман алқаптары 5 183,7 га құрады, оның ішінде орманмен жабылғаны – 3 308,8 га. Өрт болған орманды емес алқаптар 105 912,5 га құрады. Осыған байланысты облыстың ормандылығы төмендейді.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар

Қостанай облысының аумағында 15 ерекше қорғалатын табиғи аумақ бар (12.8.8-кесте).

12.8.8-кесте

Қостанай облысының ерекше қорғалатын табиғи аумақтары

№	Атауы	Аудан, га	Орналасқан орны
1	Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы	191,381	Наурызым және Әуликөл аудандары
2	«Алтын Дала» мемлекеттік табиғи резерваты	489 766	Амангелді және Жангелді аудандары

3	Михайловский мемлекеттік табиғи қорықшасы	76,8	Қарабалық ауданы
4	Тауынсор мемлекеттік табиғи қорықшасы (зоологиялық)	31,7	Қамысты ауданы
5	Жарсор-Орқаш мемлекеттік табиғи қорықшасы (зоологиялық)	29,3	
6	Россольное көлінің маңына орналасқан қайыңды-теректі шоқ орманы	2	Ұзынкөл ауданы
7	Бурабай көлінің жанындағы қайыңды және қарағайлы ормандар алқабы	4	Меңдіқара ауданы
8	Бөркі а. қарағайлы ормандар алқабы	4	Ұзынкөл ауданы
9	Тоғызқаз өзенінің оң жағалауындағы Веренский қарағайлы орманы	2	Қарабалық ауданы
10	Заречное ауылына жақын Каменное көлі шатқалы	2,5	Қостанай ауданы
11	Құсмұрын көлінің жанындағы Олышанниктер – Үлкен тау шатқалы	5	Әулікөл ауданы
12	Жетісу а. жақын теректі-қайыңды шоқ ормандар	5	Әулікөл ауданы
13	Реликті балқарағай-қайың тоғайы (Сукачев балқарағайы)	2	Жітіқара ауданы
14	Михайловское а. Кривули шатқалы	5	Қарабалық ауданы
15	Каменск-Орал ауылындағы Қарағай-қыранқанаттар	4	Меңдіқара ауданы, Каменск-Орал орман шаруашылығы

Көзі: Қостанай облысының әкімдігі.

Жануарлар мен өсімдіктер дүниесі

Облыс аумағындағы орманды дала шалғынды және алуан түрлі шөпке бай селеулі шөпті далалар теректі-қайыңды шоқ ормандарымен кезектесетін шағын учаскелерді алып жатыр. Облыс аумағының оңтүстігіне қарай ойпаттардағы дала кеңістігінде ұсақ ормандар өседі, олардың ортасында талдың шоқтары немесе шалғынды батпақтар дамиды «шоқ дала» бар. Сондай-ақ оңтүстікте ақтерек, ағаш тектес талдар, қара қандыағаш, мойыл, сағызқарағай (реликті балқарағай-қайың тоғайы Таран ауданында орналасқан) балқарағай, сексеуіл ормандары кездеседі.

Қостанай облысының фаунасына сүтқоректілердің 65 түрі, құстардың 300 астам түрі кіреді, олардың 160 жуығы ұя салады, бауырымен жорғалаушылардың 6-9 түрі, қосмекенділердің 6 түрі және балықтардың 20 астам түрі.

Орманды даланың қайыңды-теректі ормандарында бұлан, елік, сілеусін, қасқыр, түлкі, борсық, ақкіс, аққалақ, ақ қоян, кәдімгі кірпі, орман қаптесері, үй тышқаны, жирен тоқалтис, кәдімгі жертесер, сонымен қоса сарыкүзен мен орман тышқаны мекендейді. Құстардың арасында ала тоқылдақ, шұбар шымшық, сандуғашы, құрқылтай, көктем сарықасы, үлкен және кезқұйрық көкшымшық, таукүдірет, ақ және сұр шіл, сонымен қатар құр, сарыторғай, көкек, дыркептер, үлкен және кәдімгі түркептер, орман жадырағы, кәдімгі қызықұйрық және басқалар кең тараған.

Тұщы көлдердің жағасында ұсақ кеміргіштер өте көп, жоғары сулану жылдарында көлдерде су тышқаны мен ондатр жиі кездеседі. Шөлді түрлердің ішінен оңтүстігінде Сулы мен Құлагөл көлдері аймағында Арал маңындағы майлықұйрық қосаяқ белгіленген.

12.8.6. РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Қостанай облысындағы радиациялық жағдай бірнеше жылдар бойы тұрақты болып келеді. Облыс аумағында радиациялық қауіптіліктің I және II санаттағы объектілері, уран өндіруші және мұнай өндіруші кәсіпорындар, сондай-ақ радиациялық ластанған аумақтар жоқ.

«Қазгидромет» РМК деректері бойынша 2021 жылы жергілікті жерде гамма-сәулелену деңгейін бақылау күн сайын 6 метеорологиялық станцияда (Қостанай, Қарабалық, Қарасу, Жітіқара, Қараменді, Сарыкөл) және Қостанай және Рудный қалаларында атмосфералық ауаның ластануын бақылаудың 4 автоматты бекетінде жүзеге асырылды.

Облыстың елді мекендері бойынша атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фонының орташа мәндері 0,00-0,32 мкЗв/сағ шегінде болды, облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,11 мкЗв/сағ құрады және шекті жол берілетін деңгейде болды.

Облыс аумағында атмосфераның беткі қабатындағы радиоактивті түсулердің орташа тәуліктік тығыздығы 1,1-4,2 Бк/м² шегінде ауытқып отырды. Облыс бойынша түсу тығыздығының орташа шамасы 1,4 Бк/м² құрады, бұл шекті жол берілетін деңгейден аспайды.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://www.kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

12.8.7. ҚАЛДЫҚТАР

Тұрмыстық қатты қалдықтар

Қостанай облысының қалалары мен аудандары әкімдіктерінің деректері бойынша жыл сайын облыс аумағында 200 мың тоннаға жуық ТҚҚ түзіледі, олар ТҚҚ полигондары мен ауылдық қоқыс үйінділеріне орналастырылады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша ТҚҚ қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі 17,7%, жоспар бойынша 12% құрады.

Облыстың 40 елді мекенінде (Қостанай, Рудный, Арқалық, Амангелді, Б.Майлин, Денисов, Жангелдин, Жітіқара, Қарабалық, Қостанай, Меңдіқара, Наурызым, Сарыкөл, Ұзынкөл аудандары) қалалар мен аудандар әкімдіктерінің қызметін үйлестіру нәтижесінде қағаз, пластик, шыны, алюминий қалбыр қалдықтарын бөлек жинау жүйесі енгізілді.

Облыс аумағында арнайы контейнерлердің жалпы саны (торлы, экобактар) 1 926 бірлікті құрайды. Облыстың 19 аймағында пайдаланылған құрамында сынабы бар шамдар мен халықтан химиялық қоректендіру көздерін (145 арнайы контейнер) бөлек жинау жүйесі жұмыс істейді. Қостанай қаласында электрондық және электрлік жабдықтар қалдықтарын жинауға арналған 10 арнайы контейнер және тұрғындардан ірі көлемді қоқыстарды бөлек жинауға арналған 4 бункер-жинақтағыш бар.

Қалдықтарды сұрыптау облыстың 28 елді мекенінде ТҚҚ полигондарында және арнаулы алаңдарда жүзеге асырылады. Облыста 5 қоқыс сұрыптау желілері, сондай-ақ қолмен сұрыптау бар.

Облыс аумағында қайталама шикізатты қайта өңдеу бойынша қызметті жүзеге асыратын және дайын өнімнің 10 астам түрін (геоторлар, геотекстиль, геокомпозит, геокаркастар, полиэтиленді газ және су құбырлары, бақылау құдықтарына арналған люктер, резеңке үгінділер, кабельдік құбырлар, жұмыртқа науалары, шлакоблоктар, полимерлі құм төсегіштер) шығаратын 10 кәсіпорын жұмыс істейді.

ТҚҚ полигондары

Облыс аумағында қалдықтарды орналастырудың 239 объектісі бар, оның ішінде ТҚҚ полигондары мен ауылдық полигондар бар. Әкімдіктердің ТҚҚ полигондарының иелерімен өзара іс-қимылы нәтижесінде 139 полигон экологиялық талаптар мен санитарлық нормаларға немесе қалдықтарды орналастыру объектілерінің жалпы санының 58,2% сәйкестендірілді. 2021 жылы аталған талаптарға сәйкес ТҚҚ 7 полигоны келтірілді, 1 объект қоқыс сұрыптау алаңына нысаналы мақсатының өзгеруіне байланысты есептен шығарылды. 24 ТҚҚ полигонына оңтайландыру жүргізілді: елді мекендердің жойылуына, халық санының азаюына, осы полигондарда қалдықтардың болмауына, сондай-ақ рұқсат беру құжаттарының болмауына байланысты сұраныстың болмауына байланысты.

«Қазақстан Ғарыш Сапары» АҚ геопорталы арқылы (облыс орталығынан 50 км радиуста, Лисаковск қ. – 40 км астам, Арқалық қ. және Жітіқара қ. – 30 км астам) стихиялық қоқыс орындарының орналасу орындарына тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі. Үйінділерді жою бойынша жүйелі мониторинг жүргізу және шұғыл шаралар қабылдау мақсатында қалалар мен аудандар әкімдіктерінің геопорталға қолжетімділігі мәселесі пысықталды.

2021 жылы барлығы 653 ластанған учаске анықталды, оның ішінде қалалар мен аудандар әкімдіктерінің әкімшілік аумағында 609 стихиялық қоқыс орны, жеке аумақта 42 стихиялық қоқыс орны, 2 объекті расталмады (стихиялық емес деп танылды). Қабылданған шаралардың нәтижесінде 2021 жылы жергілікті атқарушы органдармен 605 стихиялық қоқыс үйіндісі (93%) жойылды.

Уытты қалдықтар

Қостанай облысы бойынша Экология департаментінің деректері бойынша облыста Наурызым ауданының Қызылбел шатқалында орналасқан уытты қалдықтарға арналған 1 арнайыполигонбар. Аталғанполигонға «Шаруа» ЖШС қызмет көрсетеді. Кәсіпорынның уытты химикаттар ыдыстарын уақытша сақтауға арналған типтік қоймасы бар, қажетті техникамен және уытты қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі мамандармен жарақтандырылған. 2005 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін пестицидтерден түзілген барлық контейнерлер полигонға орналастырылады.

«Экосфера» ЖШС және «Салем КЗ» ЖК пайдаланылған құрамында сынабы бар шамдар мен аспаптарды жинауды және демеркуризациялауды жүзеге асырады. 2021 жылы «Экосфера» ЖШС құрамында сынабы бар 18 001 дана шам жиналды және қайта өңделді.

Медициналық қалдықтар

Медициналық және биологиялық қалдықтарды кәдеге жаратумен «Қостанай облыстық наркологиялық диспансері» МКК, «Рудный қалалық балалар ауруханасы» КМК, «Қостанай экомедутилизация» ЖШС, «Рудный қалалық ауруханасы» КМК, «Жітіқара химиялық тазарту» ЖШС айналысады.

Қауіпті және қауіпті емес қалдықтар

2021 жылы Қостанай облысы бойынша қауіпті қалдықтар көлемінің азаюы байқалады (12.8.9-кесте).

12.8.9-кесте

2020-2021 жылдары Қостанай облысындағы қауіпті қалдықтардың қозғалысы туралы ақпарат, мың тонна

Қауіпті қалдықтар қозғалысы	2020 жыл	2021 жыл
Жылдың басында болғаны	1 156 184,0	187 484,6
Түзілді	76 408,3	4 043,0
Басқа тұлғалардан түсті	34,0	1,9
Қайта өңделді, пайдаланылды, өртелді	13 254,5	324,1
Залалсыздандырылды	0,0	0,3
Көмілді	376,7	15,2
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілді	217,8	83,6
Жыл соңында болғаны	1 219 154,0	191 106,5

Көзі: ҚОҚ БАЖ.

12.8.10-кестеде Қостанай облысы бойынша 2020-2021 жылдарға арналған қауіпті емес қалдықтардың түзілу көлемі туралы ақпарат берілген.

**2020-2021 жылдары Қостанай облысы бойынша түзілген қауіпті емес
қалдықтардың көлемдері, мың тонна**

Атауы	2020 жыл	2021 жыл
Жылдың басында болғаны	8 771 380,1	2 142 145,9
Түзілді	182 919,7	304 781,0
Басқа тұлғалардан түсті	206,8	118,2
Қайта өңделді, пайдаланылды, өртелді	18 528,1	15 383,9
Көмілді	123 606,2	149 895,1
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілді	58,6	1 006,1
Жыл соңында болғаны	8 935 931,6	2 258 010,4

Көзі: ҚОҚ БАЖ.

12.8.8. ЖЫЛУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ЖӘНЕ ТҰТЫНУ

12.8.11-кестеде Қостанай облысының электр станциялары мен қазандықтарының 2021 жылға арналған бу мен ыстық суды (жылу энергиясын) жалпы өндіру және босату туралы ақпарат ұсынылған.

**Электр станциялары мен қазандықтардың ыстық буы мен суын (жылу энергиясы)
жалпы өндіру және босату, мың Гкал/жыл**

Атауы	Жылумен жабдықтау көздерінің жалпы өндірісі, барлығы	Оның ішінде			Жылумен жабдықтау көздерімен жіберу, барлығы	Оның ішінде		
		ЖЭО	қазандықтармен	өзге		ЖЭО	қазандықтармен	өзге
Қостанай облысы	4 283,6	2 498,9	1 784,7	-	3 088,2	1 457,8	1 630,4	-

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Қостанай облысы әкімдігінің деректері бойынша облыста электр энергиясын өндіруді жалпы белгіленген қуаттылығы 285,5 МВт 3 энергия көзі жүзеге асырады: Қостанай ЖЭО (12 МВт), «ССКӨБ» АҚ ЖЭО (267 МВт), Арқалық ЖЭО (6,5 МВт).

Облыста өз көздерімен электр энергиясын өндіру көлемі 2021 жылы 113,9 млн кВт·сағ құрады, бұл 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,4% аз (117,8 млн кВт·сағ).

Облыста электр энергиясының негізгі көлемі Екібастұз-Павлодар энергия кешендерінен жеткізілімдер есебінен жабылатындығына байланысты облыс аумағында электр энергиясын өндірудің өзіндік көздерін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қуаттылығы 7 МВт «Қостанай ОЭК» МКК (№2 Қазандық) және қуаттылығы 2,5 МВт Арқалық қ. (Арқалық ЖЭО) 2 турбогенератор пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Облыста жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) пайдаланатын объектілерді енгізу бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде.

Сонымен «Ыбырай» ЖЭС құрылысының жобасы іске асырылуда (қуаттылығы 50 МВт). Өндірілетін электр энергиясы «KEGOC» АҚ желісіне келіп түседі және одан әрі облыстың энергия беруші ұйымдары арасында бөлінеді. 16 жел қондырғысы сынақ режимінде жұмыс істейді. Жұмыстарды аяқтаудың жоспарланған мерзімі - 2022 жылғы шілде. Бұдан басқа,

«KazWindEnergy» ЖШС «Арқалық қаласында белгіленген қуаттылығы 48 МВт жел паркін салу» жобасына бастамашылық жасады. Жоспарланған жел генераторларының жалпы саны – әрқайсысының қуаттылығы 4,8 МВт болатын 10 бірлік. Жоба ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесіне енгізілген. 2022 жылы құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау, жобаны 2023 жылы шамамен іске қосу жоспарлануда.


Халықаралық аукцион аясында «NextEcoEnergy» ЖШС Қарабалық ауданында қуаттылығы 20 МВт күн электр станциясын салу жоспарлануда, «қуат беру сызбасы» әзірленуде.

12.8.9. ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қостанай облысы әкімдігінің деректері бойынша 2019-2021 жылдарға арналған Қостанай облысының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері Қостанай облыстық мәслихатының 15.05.2019 жылғы № 389 шешімімен бекітілген.

КОСНК бекітілген сәттен бастап олардың (атмосфералық ауа және беткі сулар бойынша) қол жеткізілуіне мониторинг жүргізіледі.

12.9. ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

	2021 жылдың жалпы көрсеткіштері				
	Субъектінің S, мың км ²	240,4	Халық саны, 2022 жылдың басына, адам		827 923
	2018-2021 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер				
	Көрсеткіштер	2018	2019	2020	2021
	Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсаған шығындары, млрд теңге	3,1	34,5	16,1	4,7

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Қызылорда облысы 1938 жылы 15 қаңтарда қазіргі Түркістан облысынан құрылған. Облыс Қазақстанның оңтүстігінде Тұран ойпатының шекарасында Сырдария өзенінің төменгі бөлігінде орналасқан. Оңтүстік және оңтүстік-шығысында – Түркістан, солтүстігінде – Қарағанды, солтүстік-батысында – Ақтөбе облыстарымен, оңтүстігінде – Өзбекстан Республикасымен шекаралас.

Қызылорда облысының әкімшілік-аумақтық құрылысына 7 әкімшілік аудан кіреді. 144 ауылдық округ, 234 елді мекен бар, оның ішінде: облыстық маңызы бар 2 қала (Қызылорда, Байқоңыр қалалары), аудандық маңызы бар 2 қала (Арал, Қазалы қалалары).

Облыстың климаты күрт континенталды және өте құрғақ, жазы ұзақ, ыстық және құрғақ және қысы салыстырмалы жылы, қысқа және қары аз. Шілденің орташа температурасы солтүстік-батыста +25,9°C, оңтүстік-шығыста – +28,2°C, қаңтарда – -9,8°C және – -3,5°C сәйкесінше. Солтүстік-батыста Арал теңізі жағалауындағы жауын-шашын мөлшері 100 мм, оңтүстік-шығыста Қаратау тау бөктерінде 175 мм дейін жетеді.

Қызылорда облысының негізгі су артериясы Сырдария өзені – сулылығы бойынша Орта Азиядағы Әмудария өзенінен кейін екінші және өте ұзын болып табылады. Облыс аумағы бойынша ұзындығы 1 280 км құрайды

Қызылорда облысының минералды-шикізат ресурстарының айтарлықтай әлеуеті бар. Мұнда мырыштың баланстық қорлары 15,1%, қорғасын – 9,6%, уран – 13,7%, мұнай, газ және конденсаты – 4,7% құрайды, жалпы қазақстандық қорларынан жер асты суларының 3,4% шоғырланған.

Қызылорда облысының барлық аудандары мен Қызылорда қ. экологиялық апатты аймақ деп жарияланды.

12.9.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Ластағыш заттар шығарындылары

Қызылорда облысында атмосфераның ластануының негізгі көздерін төрт топ құрайды:

- мұнай-газ өндіру кәсіпорындары – «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ, «Торғай Петролеум» АҚ, «Қазгермұнай» БК ЖШС, «ҚуатАмлонМұнай» БК ЖШС және т. б.;
- жылу энергиясын өндіру бойынша кәсіпорындар – «КТЭО» МКК, «Байқоңырэнерго» ЖБП және т. б.;
- автокөлік – «Келешек» ЖШС, «Қыран» ЖШС, «Орта-азиялық көлік» ЖШС, «Саяттранс сервис» ЖШС және т. б.;
- басқа көздер – жол құрылысы кәсіпорындары: «Дорстрой» ЖШС, «Автомобиль жолдары басқармасы» ЖШС, «Қызылорда жолдары» ЖШС және т. б.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, Қызылорда облысында ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің жалпы саны 2021 жылы 11 802 бірлікті құрады (12.9.1-кесте).

**2019-2021 жылдардағы ластағыш заттар шығарындыларының
стационарлық көздерінің саны, бірлік**


Атауы	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Шығарындылардың стационарлық көздері	12 862	11 147	11 802

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

2021 жылы стационарлық көздерден атмосфераға ластағыш заттар шығарындыларының көлемі – 29,1 мың тоннаны құрады (12.9.1-сурет).

12.9.1-сурет

**2019-2021 жылдардағы стационарлық көздерден атмосфералық ауаға ластағыш заттар
шығарындыларының көлемі, мың тонна**




Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Кәсіпорындар шығаратын негізгі ластағыш заттар – көміртегі тотығы, қатты заттар, күкіртті ангидрид, азот оксидтері.

12.9.2-суретте Қызылорда облысының 2019-2021 жылдардағы атмосфералық ауаға негізгі ластағыш заттар шығарындыларының көлемі туралы ақпарат ұсынылған.

12.9.2-сурет

**2019-2021 жылдары атмосфералық ауаға негізгі ластағыш заттар
шығарындыларының көлемі, мың тонна**



Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Жылжымалы көздер атмосфералық ауаның ластануына айтарлықтай үлес қосады. ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2021 жылы Қызылорда облысы бойынша 102,1 мың бірлік жеңіл және 20,6 мың бірлік жүк автокөлік құралдары тіркелген.

Атмосфералық ауаның сапасы

2021 жылы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылауды «Қазгидромет» РМК Қызылорда қаласында және Ақай, Төретам және Шиелі кенттерінде жүргізді (12.9.2-кесте).

12.9.2-кесте

2021 жылғы Қызылорда облысы бойынша атмосфералық ауаның сапасы

№	Елді мекен	Бақылау посттарының саны		Көрсеткіштер		
		автоматты	қолмен	АЛИ	СИ	ЕКҚ (%)
1	Қызылорда қ.	2	1	3 (төмен деңгей)	1 (төмен деңгей)	0 (төмен деңгей)
2	Арал қ.	1	-	-	1 (төмен деңгей)	0 (төмен деңгей)
3	Ақай к.	1	-	0 (төмен деңгей)	1 (төмен деңгей)	0 (төмен деңгей)
4	Төретам к.	1	-	1 (төмен деңгей)	1 (төмен деңгей)	0 (төмен деңгей)
5	Шиелі к.	1	-	-	1 (төмен деңгей)	0 (төмен деңгей)
6	Әйтеке би к.	1	-	-	1 (төмен деңгей)	0 (төмен деңгей)

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ескерту. Градациялар бойынша атмосфералық ауаның ластану дәрежесін бағалау 1 «Атмосфералық ауа» бөлімінде ұсынылған.

Қызылорда қаласында стационарлық бақылау бекеттерінен басқа жылжымалы экологиялық зертхана жұмыс істейді, оның көмегімен ауа сапасын өлшеу қаланың 5 нүктесі бойынша қосымша 4 көрсеткіш бойынша жүргізіледі: қалқыма заттар (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді.

2021 жылы Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаға маршруттық зерттеулер жүргізу кезінде азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді және қалқыма заттардың мөлшері норма шегінде екенін көрсетті. Ластағыш заттардың максималды бір реттік шоғырлануы жол берілетін норма шегінде болды.

Қызылорда облысының елді мекендеріндегі атмосфералық ауаның сапасы туралы толығырақ ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

Атмосфералық ауаның ластануын төмендету бойынша шаралар

2021 жылы Қызылорда облысы бойынша Экология департаменті облыстың Ішкі істер департаментімен бірлесіп «Таза ауа» акциясын өткізді. Акция барысында 108 автокөлік құралы тексерілді, 22 жағдайда автокөліктің пайдаланылған газдарындағы ластағыш заттардың нормативтерінің асып кетуі анықталды. Қызылорда облысының ПД Әкімшілік полициясы тиісті шаралар қабылдады.

2021 жылы Қызылорда төмен тоннажды мұнай өңдеу зауыты мен Қызылорда жылу электро центрі өндірістік жабдықтар мен қондырғылар қолайсыз метеорологиялық жағдайлар кезеңінде атмосфераға зиянды заттар шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес І-ші жұмыс режиміне ауыстырылды.

Аймақтың газдандырылуы

2021 жылдың соңындағы жағдай бойынша облыс орталығы мен Байқоңыр қаласы, 5 аудан орталығы (Арал, Әйтеке би, Терезөзек, Шиелі, Жаңақорған) және 9 ауылдық елді мекен газ-

дандырылды. Жалпы облысты газбен жабдықтау үлесі 65% құрайды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Жосалы мен Жалағаш, Тереңөзек газдандырылды, сондай-ақ Шиелі ауданы Н.Бекежанов пен Қодаманов елді мекендері табиғи газға қосылды.

Сондай-ақ, 2021 жылы Қызылорда қаласының Наурыз және Махамбет қала маңындағы елді мекендерін, сондай-ақ Шиелі ауданының Алғабас және Ақмай елді мекендерін газбен жабдықтау жұмыстары басталды.

2021 жылы Қазалы қаласын газбен жабдықтау жобасын іске асыру бойынша жұмыс жалғасты, оны аяқтау 2022 жылдың бірінші жартысында жоспарланып отыр.

12.9.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Қызылорда облысы Арал теңізінің шығысында, Сырдария өзенінің төменгі ағысында орналасқан. Бұл облыстың орталық бөлігін оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай шамамен 1 мың км кесіп өтетін жалғыз ірі өзені.

Сырдария Ферғана алқабынан, Тянь-Шань тауларында ағатын Нарын мен Қарадария өзендерінің түйіскен жерінен бастау алады, Тәжікстан, Өзбекстан, Қазақстан арқылы өтіп, Арал теңізінің солтүстік бассейніне құяды. Оның жалпы ұзындығы 2 220 км.

Облыс аумағында көптеген тұзды көлдер бар – Жақсықылыш, Қамыслыбас, Арыс және т.б., жазға қарай жиі кебеді.

Суды тұтыну

Қызылорда облысы бойынша су құбыры желілерінің ұзындығы 2021 жылы 6 666 км құрады.

Облыста су ресурстарын алуды және пайдалануды жүзеге асыратын 95 су пайдаланушы бар, оның 78 өнеркәсіптік және 17 ауыл шаруашылығы дақылдарын суаруға және көгалдандыруға су тартуды жүзеге асырады.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес тұтынушыларға жіберілген су көлемі 29 917,3 мың м³ құрады (12.9.3-кесте).

12.9.3-кесте

2021 жылы Қызылорда облысында тұтынушыларға жіберілген су көлемі, мың м³

Атауы	Тұтынушыларға су жіберілді, барлығы	Оның ішінде			
		халыққа	кәсіпорындардың коммуналдық қажеттіліктеріне	кәсіпорындардың өндірістік қажеттіліктеріне	басқа
Қызылорда облысы	29 917,3	20 305,3	3 082,0	1 621,4	4 908,5

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Елді мекендерді суармалы сумен қамтамасыз ету мақсатында су шаруашылығы объектілерін тазарту, жөндеу бойынша жұмыстар кезең-кезеңімен жүргізілуде. 2021 жылы 10 арнада су шаруашылығы жұмыстарын жүргізілді. Барлығы жұмыс нәтижелері бойынша ұзындығы 69,0 км арналар тазартылды, олардың бойында 28 гидротехникалық құрылыс салынды. Елді мекендер толығымен суармалы сумен қамтамасыз етілді, 1 799 га түрлі бақша, көкөніс дақылдарын себуге және 3 090 га жайылымдық, шабындық жерлерді суаруға жағдай жасалды. Бұдан басқа, елді мекендерді сумен жабдықтау мақсатында облыстық бюджеттен 43 бірлік сорғы қондырғысы сатып алынды.

Суды бұру

2021 жылы Қызылорда облысында су бұрудың жалпы көлемі 15 970,1 мың м³ құрады.

12.9.4-кестеде 2020-2021 жылдардағы Қызылорда облысындағы ағызудың нақты көлемі бойынша деректер ұсынылған.

**2020-2021 жылдары Қызылорда облысында ағынды сулармен
ластағыш заттардың ағызылулары**

Ағызулардың нақты көлемі		2020 жыл	2021 жыл
Өнеркәсіптік ағызулар	Су бұру көлемі, млн м ³	1 073,6	1 073,6
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	1,3	1,2
Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар	Су бұру көлемі, млн м ³	14 896,6	14 896,5
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	2,9	2,9
Апаттық және рұқсат етілмеген ағызулар	Су бұру көлемі, млн м ³	-	-
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	-	-
Беткі су қоймаларындағы ағызулар	Су бұру көлемі, млн м ³	-	-
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	-	-
Барлығы (жоғарыда аталған ағызулардың барлығы)	Су бұру көлемі, млн м ³	15 970,2	15 970,1
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	4,2	4,2

Көзі: Қызылорда облысы бойынша Экология департаменті.

Беткі сулардың сапасы

2021 жылы «Қазгидромет» РМК Қызылорда облысының аумағында 2 су объектісінде – Сырдария өзені мен Арал теңізінде беткі сулардың ластануына бақылау жүргізілді (12.9.5-кесте).

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының 34 физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: су температурасы, су деңгейі мен шығыны, натрий мен калийдің қосындысы, кермектігі, қалқыма заттар, мөлдірлігі, иісі, сутегі көрсеткіші, еріген оттегі, ОБТ₅, ОХТ, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді заттар (азот, фосфор, темір қосылыстары) және органикалық заттар (мұнай өнімдері, СББЗ, ұшпа фенолдар), ауыр металдар, пестицидтер.

2020-2021 жылдардағы Қызылорда облысының беткі суларының сапасы

Су объектісінің атауы	Су сапасының сыныбы		Параметрлері	Өлш. бірл.	2021 ж. шоғырлануы
	2020 жыл	2021 жыл			
Сырдария өз.	4 сынып	4 сынып	Сульфаттар	мг/дм ³	457,8
			Минералдылық	мг/дм ³	1450,6
			Магний	мг/дм ³	34,6
Арал теңізі	*	*	Температура	°С	18,8
			Су деңгейі		41,48
			Қалқыма заттар	мг/дм ³	6,2
			Сутегі көрсеткіші		7,7
			Ерітілген оттегі	мг/дм ³	6,3
			Мөлдірлілік	см	21
			Судың иісі	балл	0
ОБТ ₅	мг/дм ³	1,7			

			ОХТ	мг/дм ³	10,7
			Гидрокарбонаты	мг/дм ³	193,2
			Кермектігі	мг/дм ³	7,7
			Минералдылық	мг/дм ³	1623,7
			Натрий + калий	мг/дм ³	684,7
			Құрғақ қалдық	мг/дм ³	1618,3
			Кальций	мг/дм ³	86,7
			Магний	мг/дм ³	40,7
			Сульфаттар	мг/дм ³	495
			Хлоридтер	мг/дм ³	123,5
			Фосфаттар	мг/дм ³	0,15
			Жалпы фосфор	мг/дм ³	0,17
			Нитритті азот	мг/дм ³	0,007
			Нитраттық азот	мг/дм ³	0,3
			Жалпы темір	мг/дм ³	0,13
			Тұз аммонийі	мг/дм ³	0,10
			Мыс	мг/дм ³	0,003
			СББЗ	мг/дм ³	0,02
			Ұшпа фенолдар	мг/дм ³	0,0
			Мұнай өнімдері	мг/дм ³	0,0

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ескерту. Су пайдалану сыныптарының сипаттамасы 3 «Су ресурстары» бөлімінде ұсынылған.

* «Қазгидромет» РМК ҚР ЭГТРМ 16.01.2020 ж. №29-02-01-05/6591 шығыс хаты негізінде ҚР көлдері мен теңіздерінің сапасын бірыңғай жіктеу бойынша бағалауға мүмкіндігі жоқ.

12.9.5-кестеден көріп отырғанымыздай, 2020 жылмен салыстырғанда Сырдария өзенінің жер үсті суларының сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ, сапа 4-сынып деңгейінде қалып отыр.

Қызылорда облысының су объектілеріндегі негізгі ластағыш заттар сульфаттар, магний, сондай-ақ минералдану болып табылады. Осы көрсеткіштер бойынша сапа стандарттарының асып кетуі негізінен аймақтың ауыл шаруашылық бағытымен байланысты.

Қызылорда облысының беткі суларының сапасы туралы толығырақ ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-ostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

12.9.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

Жер қоры

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің деректері бойынша Қызылорда облысының жер қоры 22 607,9 мың га құрайды. Пайдаланылатын жерлерді санаттар бойынша бөлу 12.9.6-кестеде ұсынылған.

12.9.6-кесте

2020-2021 жылдардағы Қызылорда облысының жерлерін санаттар бойынша бөлу, мың га

№	Жер санаты	2020 жыл	2021 жыл
1	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	2 788,2	2 922,3
2	Елді мекендердің жерлері	838,3	838,3


3	Өнеркәсіп, көлік, байланыс және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер	254,6	265,5
4	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері	161,2	163,5
5	Орман қорының жерлері	6 510,3	6 510,5
6	Су қорының жерлері	2 288,1	2 285,9
7	Босалқы жерлер	11 258,5	11 124,8
Барлығы		24 099,2	24 110,8

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

2021 жылы Қызылорда облысындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің ең көп үлесін жайылымдар құрады – 2 112,5 мың га (12.9.3-сурет).

12.9.3-сурет

2020-2021 жылдарғы Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер, мың га



Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Топырақ жағдайы

2021 жылы «Қазгидромет» РМК Қызылорда, Байқоңыр қалаларында және Ақбасты, Құланды кенттерінде көктемгі және күзгі кезеңдерде топырақтың ауыр металдармен ластануына мониторинг жүргізілді (12.9.7-кесте).

12.9.7-кесте

2021 жылы Қызылорда облысының елді мекендерінің ауыр металдарымен топырақтың ластануы, мг/кг

Елді мекен	Хром	Қорғасын	Мырыш	Кадмий	Мыс
Қызылорда қ.	0,14-0,94	14,3-25,5	5,2-12,2	0,09-0,21	1,4- 3,1
Байқоңыр қ.	0,01-0,32	16,3-23,7	2,7-5,8	0,11-0,20	0,55-1,5
Ақбасты к.	0,02	3,73	1,1	0,05	0,22
Құланды к.	0,03	7,21	0,87	0,1	0,17

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Қызылорда облысындағы топырақ сапасы туралы толығырақ ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayushey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

12.9.4. ЖЕР ҚОЙНАУЫ

Қызылорда облысы әкімдігінің деректеріне сәйкес, 2021 жылы Қызылорда облысының аумағында жер қойнауын пайдаланушылардың жалпы саны 88 құрады, оның ішінде 76 келісімшарт және 17 лицензия негізінде кең таралған пайдалы қазбаларды барлаумен және өндірумен 77 жер қойнауын пайдаланушы айналысады.

12.9.5. БИОӘРТҮРЛІЛІК

Қызылорда облысының аумағында ҚР АШМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің қарауындағы Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы, Торанғылсай мемлекеттік табиғи қорықшасы (зоологиялық) және Қарғалы мемлекеттік табиғи қорықшасы (зоологиялық) орналасқан.

Арал ауданындағы Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы – Еуразиядағы Тұран шөлдерінің солтүстік және орта белдем тармақтағы типтерінің табиғи экожүйелері қорғалатын жалғыз қорық.

Облыс аумағында сүтқоректілердің 40 астам түрі және құстардың 300 түрі мекендейді, оның ішінде 31 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген.

Облыста 41 аңшылық алқап бар, жалпы ауданы 9,8 млн га құрайды, оның ішінде 24 аңшылық алқап табиғат пайдаланушыларға бекітілген, 17 аңшылық алқап резервте.

Кіші Арал теңізі мен жергілікті маңызы бар 207 су қоймасын қоса алғанда, кәсіпшілік балық аулауға арналған аумақ 379,0 мың га құрайды.

Облыста табиғи су қоймаларының балық ресурстарын ұтымды пайдаланумен қатар тауарлық балық өсіру (аквамәдениет) бойынша бірқатар іс-шаралар жүргізілуде. Облыста тұқы және өсімдікпен қоректенуші балық түрлерін өсіру бойынша 42 көл-тауарлық балық өсіру шаруашылықтары жұмыс істейді (дөңмандай, ақ амур және т.б.).

Арал теңізінің құрғаған түбінің Қазақстандық бөлігінде (АТҚТ) құмдардың қозғалысын болдырмау үшін фитолесомелиоративтік жұмыстар жүргізілді, нәтижесінде 395 мың га (оның ішінде 195 мың га механикаландырылған жолмен, 200 мың га табиғи өсіммен) ормандандырылды.

Қызылорда облысындағы АТҚТ-ғы сексеуіл



Сурет: «ҚОҚ АТО» ШЖҚ РМК.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елімізді ауқымды көгалдандыру жобасы іске асырылуда, оның шеңберінде 5 жыл ішінде Арал теңізінің құрғаған түбіне 1,1 млн га жерге сексеуіл көшеттерін отырғызу жоспарлануда. 2021 жылы АТҚТ-да 101 мың га сексеуіл егілді.

12.9.6. РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

«Қазгидромет» РМК жергілікті гамма сәулелену деңгейін бақылау күн сайын 3 метеорологиялық станцияда (Арал теңізі, Шиелі, Қызылорда) және Қызылорда қ., Ақай к. және Төретам к. атмосфералық ауаның ластануына арналған 3 автоматты бекетте жүзеге асырылды.

Облыстың елді мекендері бойынша атмосфераның жер бетіндегі қабатының радиациялық гамма-фонының орташа мәндері 0,01-0,29 мкЗв/сағ шегінде болды, облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,11 мкЗв/сағ құрады және жол берілетін шекте болды.

Қызылорда қ. мен Қызылорда облысының аумағында атмосфераның жер үсті қабатының радиоактивті ластануын бақылау көлденең планшеттермен ауа сынамаларын алу арқылы 2 метеорологиялық станцияда (Арал теңізі, Қызылорда) жүзеге асырылды.

Қызылорда қаласы атмосферасының беткі қабатындағы радиоактивті түсулердің орташа тәуліктік тығыздығы 1,1-6,0 Бк/м² шегінде ауытқып отырды. Түсу тығыздығының орташа мәні 1,8 Бк/м² құрады, бұл шекті жол берілетін деңгейден аспайды.

Қызылорда облысының радиациялық жағдайы туралы толығырақ ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

12.9.7. ҚАЛДЫҚТАР

Тұрмыстық қатты қалдықтар

Қызылорда облысы бойынша Экология департаментінің деректері бойынша, облыста тұтыну қалдықтарын орналастырудың 145 объектісі, оның ішінде 7 заңдастырылған және 138 заңдастырылмаған қалдықтарды жинақтаушы пайдаланылады.

2021 жылы 239,0 мың тонна қалдық түзілді, оның ішінде – өндірістік қалдықтар 123,0 мың тонна (51,5%), тұрмыстық қатты қалдықтар – 116,0 мың тонна (48,5%).

2021 жылы барлығы 75,544 мың тонна қалдықтар қайта өңделді және кәдеге жаратылды, оның ішінде өндірістік қалдықтар 52,744 мың тонна (69,8%) тұрмыстық қатты қалдықтар 22,800 мың тонна (30,2%).

Тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару бойынша қызметтер облыс халқының 70,8% қамтамасыз етілген. Облыс бойынша барлығы 9 030 контейнер орнатылып, 221 бірлік арнайы техника қызмет көрсетіледі.

Қызылорда қаласында пайдаланылған шиналарды балалар ойын алаңдары мен футбол алаңдарын жасанды жабуға, сондай-ақ ауыл шаруашылығында жер асты суару құбырларын өндіруге пайдаланылатын резеңке үгінділерге қайта өңдеу зауыты жұмыс істейді. Бұл өндіріс жергілікті экономиканы әртараптандыруға және экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етеді. 2021 жылы кәсіпорын 420,4 тонна көлемінде қайталама шикізатты сұрыптап, 259,9 тонна резеңке үгіндісін өндірді.

Полигондар

2021 жылы 145 полигонның 7 (5%) экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкес келеді, кезең-кезеңімен полигондарды экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкестендіру бойынша іс-шаралар жүргізілуде.

Соңғы 3 жылда 2 жаңа ТҚҚ полигонының (Қызылорда қ., Арал қ.) құрылысы аяқталды. 2021 жылы облыстың 3 аудан орталықтарында (Жалағаш, Тереңөзек және Шиелі) полигондар салуға жобалау-металық құжаттама әзірленді, ол қазіргі уақытта мемлекеттік сараптамадан өтуде. Полигондардың құрылысы 2023-2025 жылдарға жоспарланған.

Уытты қалдықтар

Құрамында сынабы бар шамдар мен жанарғылардың барлық түрлерін (түзу шамдардан басқа) кәдеге жаратумен «ЭКО-Н Сервис» ЖШС айналысады, ол құрамында сынабы бар шамдар мен сульфидті нысандағы сынапты бейтараптандырумен жанарғыларды ұнтақтаудың

технологиялық процесін пайдаланады. 2021 жылы кәсіпорын 130,0 мың дана энергия үнемдейтін шамдар мен құрамында сынап бар аспаптарды кәдеге жаратқан.

Қауіпті және қауіпті емес қалдықтар

2021 жылы Қызылорда облысы бойынша қауіпті қалдықтар көлемінің азаюы байқалады (12.9.8-кесте).

12.9.8-кесте

2020-2021 жылдардағы Қызылорда облысының қауіпті қалдықтардың қозғалысы туралы ақпарат, тонна

Қауіпті қалдықтардың қозғалысы	2020 жыл	2021 жыл
Жылдың басында болғаны	85,8	4,6
Түзілді	163,2	54,4
Басқа тұлғалардан түсті	33,8	41,3
Қайта өңделді, пайдаланылды, өртелді	54,7	27,2
Залалсыздандырылды	7,1	37,7
Көмілді	0,3	36,1
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілді	110,1	32,9
Жыл соңында болғаны	117,9	3,5

Көзі: ҚОҚ БАЖ.

12.9.9-кестеде Қызылорда облысы бойынша 2020-2021 жылдарға арналған қауіпті емес қалдықтардың түзілу көлемі туралы ақпарат берілген.

12.9.9-кесте

2020-2021 жылдары Қызылорда облысында түзілген қауіпті емес қалдықтардың көлемі, мың тонна

Атауы	2020 жыл	2021 жыл
Жылдың басында болғаны	359,5	43,7
Түзілді	311,9	130,2
Басқа тұлғалардан түсті	28,67	0,5
Қайта өңделді, пайдаланылды, өртелді	189,7	54,9
Көмілді	0	0,8
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілді	53,3	32,3
Жыл соңында болғаны	457,0	78,0

Көзі: ҚОҚ БАЖ.

Жануарлардың қалдықтарын кәдеге жарату және көму (мал қорымдары)

Қызылорда облысының аумағында 146 мал қорымы бар, оның 69 санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келеді. Облыста жануарлардың мәйіттері мен биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату үшін 8 жылжымалы және 32 стационарлық инсинераторлар бар.

12.9.8. ЖЫЛУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ЖӘНЕ ТҰТЫНУ

12.9.10-кестеде Қызылорда облысының электр станциялары мен қазандықтарының 2021

жылға арналған бу мен ыстық суды (жылу энергиясын) жалпы өндіру және босату туралы ақпарат ұсынылған.

12.9.10-кесте

Электр станциялары мен қазандықтардың ыстық (жылу энергиясы) буы мен суын жалпы өндіру және босату, мың Гкал/жылына

Атауы	Жылумен жабдықтау көздерінің жалпы өндірісі, барлығы	Оның ішінде			Жылумен жабдықтау көздерімен босату, барлығы	Оның ішінде		
		ЖЭО	қазандықтар	өзге		ЖЭО	қазандықтар	өзге
Қызылорда облысы	706,9	495,0	211,9	-	515,5	365,5	150,0	-

«х» – деректер құпия.

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Қызылорда облысында жалпы қуаттылығы 88 МВт жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын күн электр станцияларын салудың 3 жобасы жұмыс істейді:

- Шиелі ауданында қуаттылығы 50 МВт;
- Жалағаш ауданында қуаттылығы 28 МВт;
- Жаңақорған ауданында қуаттылығы 10 МВт.

Шиелі ауданындағы күн электр станциясы



Сурет: «ҚОҚ АТО» ШЖҚ РМК.

Күн электр станциялары өндіретін электр энергиясы Бірыңғай электр энергетикалық жүйеге жіберіледі.


12.9.9. ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 26.02.2015 ж. №145 бұйрығына сәйкес

қоршаған ортаның нысаналы көрсеткіштері аймақтың басым экологиялық проблемаларын ескере отырып айқындалды. Нысаналы көрсеткіштер облыстық мәслихаттың 18.06.2019 ж. №325 шешімімен бекітілген.

Жаңа Экологиялық кодекстің күшіне енуіне байланысты 2021 жылғы шілдеде ҚОСНК әзірлеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін 2022 жылға бюджеттік өтінім берілді.

12.10. МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

	2021 жылғы жалпы көрсеткіштер				
	Субъектінің S, мың км ²	165,6	Халық саны, 2022 жылдың басына, адам		740 893
	2018-2021 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер				
	Көрсеткіштер	2018	2019	2020	2021
	Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсаған шығындары, млрд теңге	27,3	20,2	16,7	13,7

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Маңғыстау облысы бұрынғы атауы Маңғышлақ облысы, 1973 жылы 20 наурызда Гурьев облысының оңтүстік бөлігінен құрылды. 1988 жылы облыс таратылып, 1990 жылы Маңғыстау атауымен қайта қалпына келтірілді.

Облыс Маңғышлақ үстіртінде орналасқан және Түрікменстан, Өзбекстан, Атырау және Ақтөбе облыстарымен ортақ шекаралары бар. Аймақтың батыс бөлігі Каспий теңізінің суларымен жуылады.

Маңғыстау облысының құрамына облыстық маңызы бар 2 қала, 5 аудан және аудандық маңызы бар бір қала кіреді. Әкімшілік орталығы – Ақтау қаласы.

Облыстың климаты жазы құрғақ, ыстық және қысы қысқа шұғыл континенталды. Жауын-шашынның жылдық мөлшері 100-150 мм аралығында. Жыл бойына қатты желдер мен шаңды дауылдар жиі кездеседі.

Маңғыстау облысының экономикасының негізін мұнай-газ секторы құрайды, оның өнім көлемі өңірде өндірілетін өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемінің 90% астамын құрайды. Кен орындарының көпшілігі Жаңаөзен қаласы мен Бозашы түбегінде шоғырланған.

12.10.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Ластағыш заттар шығарындылары

Маңғыстау облысындағы атмосфералық ауаның ластануы мұнай-газ кешені, химия, энергетика және өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының кенді емес материалдарды өндіру, құрылыс бойынша шығарындыларына байланысты.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, Маңғыстау облысында ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің жалпы саны 2021 жылы 24 584 бірлікті құрады (12.10.1-кесте).

12.10.1-кесте


2019-2021 жылдардағы ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны, бірлік

Атауы	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Шығарындылардың стационарлық көздері	24 881	24 825	24 584

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша Маңғыстау облысындағы 2021 жылғы шығарындылардың жалпы көлемі – 75,1 мың тоннаны құрады (12.10.1-сурет).

2019-2021 жылдары Маңғыстау облысындағы атмосфералық ауаға стационарлық көздерден шығарындылары, мың тонна



Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

2020 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаға ластағыш заттар шығарындыларының жалпы көлемі 2,6 мың тоннаға артты.

Атмосфералық ауаны ластағыш заттардың ішінде күкіртті ангидрид, азот оксидтері, қатты заттар және көміртегі тотығы басым (12.10.2-кесте).

2019-2021 жылдары негізгі ластағыш заттар шығарындылар, мың тонна

№	Ластағыш заттардың атауы	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
1	Күкіртті ангидрид	1	1,4	1,5
2	Азот тотықтары	11	10,7	12,3
3	Қатты заттар	3,2	2,3	2,0
4	Көміртек тотықтары	10,5	8,9	10,2


Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

2021 жылы шығарындылардың жалпы көлемінде күкіртті ангидридтің – 0,1 мың тоннаға, азот оксидтерінің – 1,6 мың тоннаға, көміртегі оксидінің – 1,3 мың тоннаға ұлғаюы, қатты заттардың – 0,3 мың тоннаға азаюы байқалады.

Стационарлық көздерден басқа, жылжымалы көздер, атап айтқанда автокөлік атмосфералық ауаның ластануына ықпал етеді. ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша Маңғыстау аймағында 2021 жылы 125,6 мың бірлік жеңіл және 21,7 мың бірлік жүк автомобильдері тіркелген.

2020-2021 жылдардағы автокөліктен ластағыш заттар шығарындыларының көлемі туралы ақпарат 12.10.2-суретте ұсынылған.

2020-2021 жылдары жылжымалы көздерден ластағыш заттар шығарындылары,
мың тонна



Көзі: Маңғыстау облысы бойынша Экология департаменті.

Атмосфералық ауаның сапасы

2021 жылы «Қазгидромет» РМК 3 елді мекенде – Ақтау, Жаңаөзен қалаларында және Бейнеу кентінде атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау жүргізді.

Жалпы облыс бойынша 8 көрсеткішке дейін анықталады: РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, аммиак, күкіртсутек, озон.

Маңғыстау облысы бойынша 2021 жылғы атмосфералық ауаның сапасы туралы ақпарат 12.10.3-кестеде ұсынылған.

12.10.3-кесте

2021 жылы Маңғыстау облысындағы атмосфералық ауаның сапасы

№	Елді мекен	Бақылау бекеттері		Көрсеткіштер		
		қолмен	автоматты	АЛИ	СИ	ЕКҚ (%)
1	Ақтау қ.	2	2	6 (көтеріңкі деңгей)	9 (жоғары деңгей)	6 (көтеріңкі деңгей)
2	Жаңаөзен қ.	-	2	2 (төмен деңгей)	3 (көтеріңкі деңгей)	0 (төмен деңгей)
3	Бейнеу к.	-	1	2 (төмен деңгей)	5 (көтеріңкі деңгей)	3 (көтеріңкі деңгей)

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ескерту. Градациялар бойынша атмосфералық ауаның ластану дәрежесін бағалау 1 «Атмосфералық ауа» бөлімінде ұсынылған.

Стационарлық бақылау бекеттерінен басқа Маңғыстау облысында жылжымалы экологиялық зертхана жұмыс істейді, оның көмегімен ауа сапасын өлшеу Қошқар Ата үйінді сақтағышында (1 нүкте), Дунга (3 нүкте) және Жетібай (3 нүкте) кен орындарында, Баутино кентінде (3 нүкте) 8 көрсеткіш бойынша қосымша жүргізіледі: тоқтатылған бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, аммиак, күкіртсутек, көмірсутектердің қосындысы және гамма-сәулеленудің баламалы дозасының қуаттылығы бойынша.

Бақылау деректері бойынша ластағыш заттардың шоғырлануы шекті жол берілетін деңгейлерде болды.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында

орналастырылған.

Атмосфералық ауаның ластануын төмендету бойынша шаралар

Атмосфералық ауа сапасының жай-күйін жақсарту үшін елді мекендердегі жасыл алаптардың аудандарын ұлғайту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Облыс аумағында жалпы ауданы 45 га болатын 18 саябақ бар.

12.10.4-кестеде елді мекендерді жыл сайын көгалдандыру бойынша ақпарат ұсынылған.

12.10.4-кесте

2018-2021 жылдары елді мекендерді көгалдандыру бойынша ақпарат

Жылдар	Ағаштар, дана	Бұталар, дана	Гүлзарлар, м²
2018	38 596	3 210	2 286
2019	31 613	4 340	1 965
2020	11 465	2 780	7 132
2021	20 983	110 000	172 000

Көзі: Маңғыстау облысының әкімдігі.

Мемлекет Басшысының ағаш отырғызуға қатысты Жолдауы шеңберінде Маңғыстау облысының елді мекендерін көгалдандырудың және 2021-2025 жылдарға арналған жасыл аймақтарды құрудың аймақтық жоспары бекітілді. Жоспарға сәйкес, 5 жыл ішінде облыстың елді мекендерінде 800 мың дана әр түрлі ағаш көшеттері отырғызылады. 2021 жылы облыстың елді мекендерінде «Таза табиғат» шеңберінде және күзгі сенбіліктердің қорытындысы бойынша барлығы 20 983 дана әр түрлі ағаш көшеттері отырғызылды.

Аймақтың газдандырылуы

Газ құбыры желілерінің жалпы ұзындығы (2019 жылдан бері өзгермеген) 4 473,8 км құрайды, оның ішінде: газ тарату құбырлары – 3 954,9 км, магистральдық газ құбырлары – 518,9 км.

Маңғыстау облысындағы 3 қала – Ақтау, Жаңаөзен және Форт-Шевченко 100% газбен қамтамасыз етілген. Ауылдық елді мекендер халқының қамтамасыз етілуі 99,8% құрайды. Орталықтандырылған газбен жабдықтау желілері Қарақия ауданының Аққұдық ауылында және Маңғыстау ауданының 15 бекет ауылында, Қияқты, Тасмұрын және Тиген ауылдарында жоқ. Тиген және Тасмұрын ауылдарын газдандыруға арналған ЖСҚ әзірленді, жобаны қаржыландыру мәселесі пысықталуда.

12.10.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Маңғыстау облысының беткі суларының маңыздысы Каспий теңізі болып табылады. Маңғыстау облысы Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінің 75% иеленеді. Халықтың жартысынан көбі теңіздің жағалау аймағында тұрады, 57% тұшыландырылған теңіз суын пайдаланады.

Маңғыстау облысының аумағында жасанды құрылған Қаракөл көлі бар. Көл Ақтау қаласынан 10-15 км оңтүстік-шығыста 40-45 жыл бұрын аттас сордың орнында пайда болған. Су қоймасы шын мәнінде салқындатқыш-тоған болып табылады, себебі, оған «МАЭК-Казатомпром» ЖШС жылу станцияларының энергетикалық жабдықтарды суыту үшін пайдаланған (нормативті-таза) жылытылған теңіз суы төгіледі. Одан әрі, салқындаған су ағызу арнасы арқылы Каспий теңізіне кері құйылады. Қаракөл көлінің су бетінің ауданы шамамен 4 мың га, орташа тереңдігі-шамамен 1 м, ені – 1-ден 3 км-ге дейін, максималды ұзындығы – 15 км дейін. Көлдің теңізбен байланысы бар және ондағы су жылы, сондықтан таяз тоған біртіндеп бай жемдік базасы бар сулы-батпақты жерге айналды. Енді көктемде және күзде көлде суда жүзетін құстар қоректендіру және демалу үшін сыбырлақ аққу, үлкен суқұзғын, үлкен және кіші әушлдек, көкқұтан және жирен құтан, отүйрек (қызыл үйрек), сарыалақаз, барылдауық көкқұтан жалпақтұмсық үйрек, қызылтұмсық сүңгуір, қасқалдақ, шағалалар, қырқылдақтар, шалшықшылар және басқалары кідіреді. 1986 жылдан бастап Қаракөл көлі республикалық маңызы бар Қарақия-Қаракөл мемлекеттік зоологиялық қорықшасының құрамына енгізілді.

Суды тұтыну

Маңғыстау облысының аумағы Маңғышлақ, Үстірт және Амудария артезиан бассейндерінің қазіргі бөлігінде орналасқан. Құрылымдық-гидрогеологиялық ерекшеліктер климаттық жағдайлармен бірге ауыз сумен жабдықтауға жарамды жер асты суларының ресурстарын қалыптастыру және тарату үшін қолайсыз. Облыс аумағында әртүрлі мақсаттағы жерасты суларының барланған 33 кен орны бар. Маңғыстау облысы аумағының аридтілігін және соның салдарынан жер асты сулары ресурстарының баяу өсімін ескере отырып, оларды өндірістік қызметте пайдалану көлемін ұлғайту мүмкін емес.

Маңғыстау облысы үшін ауыз су мәселесі шөлейт климаттық аймақта орналасуына және су ресурстарының шектеулі болуына байланысты өте өткір болып табылады. Жыл сайын Ақтау қаласында және оның маңында суды тұтыну орта есеппен 4-6% артады.

Маңғыстау облысындағы су құбыры желілерінің ұзындығы 2021 жылы 3 765,2 км құрады, 12.10.5-кестеде тұтынушыларға 2021 жылға жіберілген су бойынша деректер ұсынылған.

12.10.5-кесте

Маңғыстау облысы бойынша тұтынушыларға жіберілген су көлемі, мың м³

Атауы	Тұтынушыларға жіберілген су, барлығы	Оның ішінде			
		халыққа	кәсіпорындардың коммуналдық қажеттіліктеріне	кәсіпорындардың өндірістік қажеттіліктеріне	басқа
Маңғыстау облысы	91 378,7	44 956,2	16 946,3	26 163,6	3 312,6

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Маңғыстау облысының энергетика және ТКШ басқармасының ақпараты бойынша, 2021 жылы Маңғыстау облысын сумен қамтамасыз ету жалпы көлемі – жылына 47,1 млн м³ (тәулігіне 129,1 м³) құрайтын 3 көзден жүзеге асырылады.

1. Тұзсыздандырылған теңіз суы

- «МАЭК- Казатомпром» ЖШС (жылына 17,6 млн м³). Негізгі тұтынушылар Ақтау қаласы, Түпқараған ауданы (С.Шапағатов, Ақшұқыр ауылдары) немесе облыс халқының 30,9% болып табылады;

- «Каспий тұщыландыру зауыты» ЖШС (жылына 5,2 млн м³ (тәулігіне 14 413 м³) немесе 11,1%). Негізгі тұтынушылар – Мұнайлы және Қарақия аудандары (облыс халқының 25,95%).

2. Жер асты суларының кен орындары, негізгі тұтынушылар – Жаңаөзен қаласы, Маңғыстау, Бейнеу және Түпқараған аудандары (облыс халқының 8%).

3. «Астрахань-Маңғышлақ» су құбыры – «Магистралдық су құбыры» ЖШС, жылына 19,0 млн м³. Негізгі тұтынушылар – Жаңаөзен қаласы, Маңғыстау, Бейнеу және Қарақия аудандары, мұнай компаниялары, өнеркәсіп кәсіпорындары (облыс халқының 25,1%).

Суды бұру

Каспий теңізі – Маңғыстау облысындағы жалғыз беткі су қоймасы. Ашық теңізге ағынды суларды ағызуға тыйым салынады.

Маңғыстау гидрометеорология орталығы Каспий теңізінің сулары мен түбіндегі шөгінділерінің жай-күйіне тұрақты мониторингі: «Ақтау теңіз порты» АЭА аумағында, Қаражанбас және Арман кен орындарында, Форт-Шевченко, Фетисово, Қаламқас жағалау станцияларында жүзеге асырады. Келесі ингредиенттердің шоғырлануына аналитикалық бақылау жүргізіледі: мұнай өнімдері, фенолдар, нитриттер, нитраттар, аммоний азоты, темір, фосфаттар, тұз мөлшері, ОБТ₅, еріген оттегі, температура, кальций, магний, карбонаттар, гидрокарбонаттар және т.б.

«МАЭК-Қазатомпром» ЖШС пайдаланған теңіз суы Каспий теңізіне тазартусыз ағызылады, бұл ағызулардың жалпы көлемінің шамамен 90% құрайды. Каспий теңізіне ағызуларды «ҚазАзот» ЖШС жүзеге асырады. Осы кәсіпорындар төгетін су нормативтік-таза су санатына жатады, олар 1-ЖЭО, 2-ЖЭО, ЖЭС жылу қуат жабдықтарын салқындату және дистиллят

дайындау бойынша тұщыландыру қондырғыларының буланған тұзды ерітінділері, негізгі қозғалтқыштарды, дизель-генераторларды, кондиционерлерді, буксирлер мен танкерлерді тұщыландыру қондырғыларын салқындату нәтижесінде пайда болады.

8 кәсіпорын облыс аумағындағы ағынды суларды сүзу алаңдарына, буландырғыш тоғандарға және су объектілеріне ағызуды жүзеге асырады: «Ерсай Каспиан Контрактор» ЖШС компаниясының филиалы, «ҚазАзот» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Қарақұдықмұнай» ЖШС, «МАЭК-Казатомпром» ЖШС, «КаспийЖылуСуАрнасы» МКК, «Кен-Сары» ЖШС, «Бозашы Оперейтинг ЛТД» компаниясының филиалы.

2020-2021 жылдардағы ағызулардың нақты көлемі 12.10.6-кестеде ұсынылған.

12.10.6-кесте

2020-2021 жылдары ағызулар көлемдері туралы ақпарат

Ағызулардың нақты көлемі		2020 жыл	2021 жыл
Өнеркәсіптік ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	1 414,6	1 355,1
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	7,8	7,1
Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	92 531,8	92 425,8
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	0,2	0,14
Апатты және рұқсат етілмеген ағызулар	Суды бұру көлемі, мың м ³	-	31,8
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	-	0,7
Барлығы (барлық жоғарыда аталған ағызулар)	Суды бұру көлемі, мың м ³	1 507 138,2	1 447 517,3
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	7,9	7,9

Көзі: Маңғыстау облысы бойынша Экология департаменті.

Беткі сулардың сапасы

«Қазгидромет» РМК 2021 жылы 28 нүктеде теңіз суының сапасына мониторинг жүргізді:

- Ақтау қ. (4 бақылау нүктесі), Форт-Шевченко (1 нүкте), Фетисово (1 нүкте), Қаламқас (1 нүкте), Қарабоғаз (1 нүкте), бөгет аумағы (3 нүкте), Құрық к. аумағы (3 нүкте), Адамтас Маяк аумағы (3 нүкте), Батыс Бозашы (1 нүкте), Шақпақ Ата (1 нүкте), Канга (1 нүкте), Қызылөзен (1 нүкте), Саура (1 нүкте), Қалың-Арбат қорымы (1 нүкте), Қызылқұм (1 нүкте), Солтүстік Кендерлі (1 нүкте), Оңтүстік Кендерлі (1 нүкте), Қаражанбас (1 нүкте) және Арман (1 нүкте) кен орындары.

Гидрохимиялық бақылау 28 көрсеткіш бойынша жүргізіледі: визуалды бақылаулар, судың температурасы, сутегі көрсеткіші, еріген оттегі, ОБТ₅, ОХТ, тұз құрамының негізгі иондары, биогендік және органикалық заттар, ауыр металдар.

«Қазгидромет» РМК ҚР ЭГТРМ 16.01.2020 ж. №29-02-01-05/6591 ҚР шығыс хаты негізінде, ҚР көлдері мен теңіздерінің сапасын Бірыңғай жіктеу бойынша бағалау мүмкіндігі жоқ.

Судың гидрохимиялық көрсеткіштері бойынша Маңғыстау облысындағы Каспий теңізі суы сапасының мониторинг нәтижелері

Орташа Каспийде судың температурасы 5,8-25,1°C, теңіз суының сутегі көрсеткішінің шамасы – 7,8-8,3, еріген оттегінің мөлшері – 7,0-7,4 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,36-5,22 мг/дм³, ОХТ – 9,6-28,8 мг/дм³, қалқыма заттар – 7,98-45,2 мг/дм³, минералдану – 9 104,25-17 197,619 мг/дм³.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

12.10.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

Жер қоры

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің деректері

бойынша Маңғыстау облысының жер қоры – 16 564,2 мың га құрайды.
Облыстың жер қорын санаттар бойынша бөлу 12.10.7-кестеде ұсынылған.

12.10.7-кесте

**2020-2021 жылдары Маңғыстау облысының жер қорын санаттар бойынша бөлу,
мың га**

№	Жер санаты	2020 жыл	2021 жыл
1	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	3 349,7	3 422,6
2	Елді мекен жерлері	1 085,5	1 085,6
3	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер	239,5	239,4
4	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері	223,4	223,4
5	Орман қоры жерлері	254,2	254,2
6	Су қоры жерлері	11,8	11,8
7	Босалқы жерлер	11 400,1	11 327,2
Барлығы		16 564,2	16 564,2

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Топырақ жағдайы

2021 жылы «Қазгидромет» РМК Маңғыстау облысының елді мекендерінде топырақтың ауыр металдармен ластану жағдайына бақылау жүргізді.

Ақтау, Жаңаөзен, Бейнеу, Форт-Шевченко қалаларының әртүрлі аудандарында көктем және күз мезгілдерінде іріктелген топырақ сынамаларында Қошқар Ата, Өмірзақ, Жетібай, Ақшұқыр кенттерінің үйінді сақтағышында қорғасын, мыс, мырыш, хром, никель, мұнай өнімдері мен марганец шоғырлануы тіркелген (12.10.8-кесте).

12.10.8-кесте

2021 жылы Маңғыстау облысының елді мекендері топырақтарының ауыр металдармен ластануы, мг/кг

Атауы	Ауыр металдар				
	Қорғасын	Мыс	Хром	Мырыш	Кадмий
Ақтау қ.	0,002-0,003	0,483-0,657	0,024-0,036	0,207-0,417	0,016-0,028
Жаңаөзен қ.	0,003-0,004	0,383-0,5	0,023-0,038	0,293-0,413	0,029-0,038
Форт-Шевченко қ.	0,002-0,004	0,467-0,683	0,028-0,044	0,333-0,397	0,029-0,054
Бейнеу к.	0,003-0,004	0,347-0,647	0,028-0,053	0,307-0,433	0,026-0,035
Қошқар-Ата үйінді сақтағышы	0,024	0,533	0,044	0,34	0,061
Өмірзақ (3 нүкте), Жетібай (3 нүкте), Ақшұқыр (3 нүкте) кенттері	0,003-0,0031	0,587-1,117	0,013-0,038	0,247-0,527	0,024-0,04

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Арнайы экономикалық аймақта (АЭА) іріктелген топырақ сынамаларында қоспалардың

концентрациясы: мырыш – 0,26-0,54 мг/кг, мыс – 0,49-0,91 мг/кг, хром – 0,03-0,04 мг/кг, қорғасын – 0,003-0,005 мг/кг, никель – 1,03-1,23 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,03-0,05 мг/кг, марганец – 1,07-1,49 мг/кг және рұқсат етілген нормалардан аспады. Топырақ сынамаларындағы барлық анықталатын ауыр металдардың құрамы ШЖШ аспады.

Маңғыстау облысының кен орындарындағы топырақ сапасының жай-күйі

Топырақтың ластануын бақылау Дунга, Жетібай кен орындарындағы 3 бақылау нүктесінде, сондай-ақ Қаражанбас және Арман кен орындарындағы 1 бақылау нүктесінде жүргізілді.

Топырақ сынамасында мұнай өнімдері, хром⁽⁶⁺⁾, марганец, қорғасын, мырыш, никель, мыс анықталды.

Топырақ сынамаларында мырыш мөлшері 0,25-0,61 мг/кг, мыс – 1,29-1,73 мг/кг, хром – 0,04-0,08 мг/кг, қорғасын – 0,005-0,009 мг/кг, никель – 1,19-1,47 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,06-0,08 мг/кг, марганец – 1,17-1,43 мг/кг.

Жетібай, Қаражанбас және Арман кен орындарында мұнай өнімдерінің, хром⁽⁶⁺⁾, марганецтің, қорғасынның, мырыштың, никельдің, мыстың шоғырлануы шекті жол берілетін нормалардан аспады.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

Жердің бүлінуі

Табиғи-климаттық жағдайларға сәйкес Маңғыстау облысының барлық дерлік аумағы өте қолайсыз құрғақ аймаққа жатады. Аймаққа күн радиациясының жоғарылауы, жауын-шашынның аздығы, қатты желдер мен шаңды дауылдар тән, олар тоннлаған құмды бірнеше шақырымға жылжытады.

Қарақия ауданындағы Түйесу, Маңғыстау ауданындағы Бостанқұм және Қызылқұм құмды алқаптарының астындағы тұщы су деңгейі соңғы жылдары Жаңаөзен қ. мен Қаламқас кен орнының тұрғындары мен кәсіпорындарының жаппай су алуына байланысты айтарлықтай төмендеді.

Оңтүстік Түйесу кен орнында жер асты суларының деңгейі 10-12 м төмендеді, нәтижесінде Маңғыстаудың 200 км² астам үш құмды массиві ашық болып, биіктігі 50-80 м дейін жылжымалы құмдар түзілді. Елді мекендерді газдандырғанға дейін орын алған құмды массивтердің тозу процесері мен пешті жылытуға арналған бұталарды кесу жеделдеді.

Қазақстан География институты Химия институтымен, Ботаника институтымен және Түрікменстан шөлі институтымен бірлесіп, 2004 жылдан бастап Сенек, Бостанқұм ауылдарының маңында – Үштаған, Қызылқұм ауылдарының маңында – Тұшықұдық және Шебір ауылдарының маңында – Түйесу құмды алқаптарын қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

2008 жылдан бастап Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Жасыл әлем» МКК жылжымалы құмдарға қарсы күрес бойынша іс-шаралар жүргізуде. Кәсіпорын төрт елді мекеннің айналасында: Сенек, Үштаған, Тұшықұдық, Шебір 3 210 га алаңдажасыл белдеу құрды.

Жаңаөзен қ., Қаламқас кен орнын, басқа да елді мекендерді сумен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін теңіз суын тұщыландыру зауытын салу талап етіледі. Бұл құмды аймақтағы жер асты суларын алуды тоқтата тұруға және құмдардың түзілуіне және одан әрі жылжуына жол бермеуге мүмкіндік береді.

12.10.4. ЖЕР ҚОЙНАУЫ

Маңғыстау облысының аумағында мұнай мен газды және ілеспе алынатын компоненттерді барлаумен және өндірумен айналысатын 34 жер қойнауын пайдаланушы тіркелген.

12.10.9-кестеде Маңғыстау облысында 2020-2021 жылдары мұнай, газ және ілеспе алынатын компоненттерді өндіру бойынша ақпарат ұсынылған.

**2020-2021 жылдары Маңғыстау облысында мұнай, газ және ілеспе алынатын
компоненттерді өндіру**

Атауы	2020 жыл	2021 жыл
Минералды шикізат өндірілді, мың тонна	8 785,6	4 256
Мұнай өндірілді, мың тонна	1 027,2	3 816,7
Газ өндіру, млн м ³	908,9	439,3
Аршылған жыныстардың көлемі, мың м ³	-	-
Минералды шикізатты өңдеу, мың тонна немесе мың м ³	-	-
Жер асты сулары өндірілді, мың тонна	46 002,4	10 517,3
Қалдықтар жер қойнауында орналастырылған, мың тонна	-	-
Жер қойнауына айдалғандардың көлемі (мың м ³):	-	-
қабаттық сулар	131 282,5	20 588,1
газ, мың м ³	14 285,3	27 363,7

Көзі: Маңғыстау облысы бойынша Экология департаменті.

12.10.10-кестеде 2021 жылы газ өндіру және кәдеге жарату көлемі бойынша ақпарат ұсынылған.

2021 жылы газды өндіру және кәдеге жарату көлемі бойынша ақпарат, млн м³

Кәсіпорындар	Газ өндіру көлемі	Кәдеге жаратылды	Жағылған газдың көлемі
«Қазмұнайтеңіз» ТМК ЖШС	7,767	4,086997	0,041009
«Meerbusch» ЖШС	2,66071	2,412528	0,248182
«Кен-сары» ЖШС	23,749162	23,598382	0,150780
«Қаражанбасмұнай» АҚ	28436,467	28277,363	155,977
«Өзенмұнайгаз» АҚ	328,843	312,481	16,362
«Phystech II» АҚ	0,118129	0,118129	0
«BNG LTD» ЖШС	0,396725	0,373752	0,022973
СП Арман ЖШС	2,29478	2,29478	0
«Tenge Oil & Gas» ЖШС	4,3962	4,3962	0
«Бузачи Нефть» ЖШС	2,643651	2,608899	0,034752
ФК BuzachiOperatingLtd	29,433	29,049	0,000584
«Қарақұдықмұнай» ЖШС	15,618	15,582	0,048

Көзі: Маңғыстау облысы бойынша Экология департаменті.

12.10.5. БИОӘРТҮРЛІЛІК

Орман қоры

Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын Бейнеу және Сам Орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелерінің жалпы ауданы 253,3 мың га құрайды, оның ішінде 125,5 мың га орманмен көмкерілген.

ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша әзірленген «Маңғыстау облысы бойынша 2021-2025 жылдарға арналған ормандарды молықтыру мен орман өсірудің кешенді жоспары»

шеңберінде облыстың мемлекеттік орман қоры аумағында таяудағы 5 жылда 2 млрд ағаш отырғызу көзделген. 2021 жылы Маңғыстау облысының орман қорына 300 га қара сексеуіл тұқымы егілді.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар

Маңғыстау облысында жалпы ауданы 2,8 млн га болатын 12 ерекше қорғалатын табиғи аумақ бар, олардың ішінде жалпы ауданы 1 046 746 га болатын жергілікті маңызы бар 7 ЕҚТА (12.10.11-кесте).

12.10.11-кесте

Маңғыстау облысының республикалық және жергілікті маңызы бар ЕҚТА

№	Атауы	Ауданы, га	Орналасқан орны	Қарамағында
Республикалық маңызы бар				
1.	«Үстірт» мемлекеттік табиғи қорығы	223 423	Қарақиян ауданы	ҚР АШМ «ОЖЖЖДАИ» РММ
2.	«Кендірлі-Қайсаңды» мемлекеттік табиғи аймағы	1 231 000	Қарақиян ауданы	ҚР АШМ «ОЖЖЖДАИ» РММ
3.	«Қарақия-Қаракөл мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қорықшасы	137 500	Қарақиян ауданы	ҚР АШМ «ОЖЖЖДАИ» РММ
4.	Ақтау-Бозашы мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қорықшасы	170 000	Түпқараған ауданы	ҚР АШМ «ОЖЖЖДАИ» РММ
5.	Маңғыстау тәжірибелік ботаника бағы	39,0	Ақтау қаласы	ҚР БҒМ
Жергілікті маңызы бар				
6.	«Қызылсай» мемлекеттік аймақтық табиғи паркі	68 445	Маңғыстау ауданы	ЖО ТРЖТРБ
7.	«Адамтас» мемлекеттік (зоологиялық) табиғи қорықшасы	68 373,3	Қарақиян ауданы	ЖО ТРЖТРБ
8.	«Тасорпа» мемлекеттік (зоологиялық) табиғи қорықшасы	160 086,5	Маңғыстау ауданы	ЖО ТРЖТРБ
9.	«Жабайы ұшқан» мемлекеттік (зоологиялық) табиғи қорықшасы	316 141	Қарақиян және Маңғыстау аудандары	ЖО ТРЖТРБ
10.	«Көлеңкелі» мемлекеттік (кешенді) табиғи қорықшасы	58 922,8	Бейнеу ауданы	ЖО ТРЖТРБ
11.	«Есет» мемлекеттік (кешенді) табиғи қорықшасы	146 790,0	Бейнеу ауданы	ЖО ТРЖТРБ
12.	«Манашы» мемлекеттік (кешенді) табиғи қорықшасы	228 028,2	Бейнеу және Маңғыстау аудандары	ЖО ТРЖТРБ

Көзі: Маңғыстау облысының әкімдігі.

Жануарлар мен өсімдіктер дүниесі

Маңғыстау облысында сүтқоректілердің 50 астам түрі және құстардың 270 түрі кездеседі (көптеген түрлері қоныс аудару кезінде кездеседі). Жыл сайын Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті жүргізетін есепке сәйкес, сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің саны 2021 жылы 22% өсті. 2021 жылы арқарлар саны – 2 374 басты (2020 жылы – 2 100 бас), қарақұйрықтар – 800 басты (2020 жылы – 800 бас) құрады.

Балық шаруашылығы

Маңғыстау облысындағы балық аулаудың кәсіпшілік аймағының ұзындығы Атырау облысының Прорва орнынан Түрікменстан Республикасымен шекарадағы Сүйе мүйісіне дейін 1 350 км құрайды. Каспий теңізінің жағалау аймағында 35 учаскеге бөлінген 6 балық шаруашылығы ауданы орналасқан. Оның ішінде 26 учаске 19 табиғат пайдаланушыға бекітілген, 9 резервте. 26 учаскенің бір учаскесі бекіре балықтарын өсіруге, ал 25 балық аулауға арналған.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 5 маусымдағы «Жануарлар дүниесі объектілерін алып қою лимиттерін бекіту туралы» №133 бұйрығына сәйкес 2020 жылдың 1 шілдесінен бастап 2021 жылдың 1 шілдесіне дейін 5 878 тонна балық аулауға квота бөлінді, оның ішінде табиғат пайдаланушыларға 2 145,9 тонна балық аулауға рұқсат етілді. 2021 жылы нақты аулау 1 842,6 тоннаны құрайды.

12.10.6. РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

«Қазгидромет» РМК жергілікті жердегі гамма-сәулелену деңгейін бақылауды күн сайын 4 метеорологиялық станцияда (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен, Бейнеу), «Қошқар-Ата» үйінді сақтағышында және Жаңаөзен қаласындағы атмосфералық ауаның ластануын бақылайтын 2 автоматты бекетте жүзеге асырылды.

Облыстың елді мекендері бойынша атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фонының орташа мәні 0,01-0,21 мкЗв/сағ шегінде болды. Облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,11 мкЗв/сағ құрады және жол берілетін шекте болды.

Маңғыстау облысының аумағында атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті ластануына бақылау 3 метеорологиялық станцияда (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен) көлденең планшеттермен ауа сынамаларын алу жолымен жүзеге асырылды. Станцияларда бес тәуліктік сынама алынды.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатындағы радиоактивті түсулердің орташа тәуліктік тығыздығы 0,8-3,9 Бк/м² шегінде ауытқыды. Облыс бойынша түсу тығыздығының орташа шамасы 1,7 Бк/м² құрады, бұл жол берілетін деңгейден аспайды.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayushey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

12.10.7. ҚАЛДЫҚТАР

Тұрмыстық қатты қалдықтар

Маңғыстау облысының Экология департаментінің деректеріне сәйкес, 2021 жылы 67,7 мың тонна қатты қалдықтар жиналды, оның 18,1 мың тоннасы немесе 27,9% сұрыпталып, кәдеге жаратылды.

«It Profservice» ЖШС пластикалық бұйымдарын жеке сұрыптау үшін Ақтау қаласына 120 контейнер орнатылды. Сондай-ақ, «Каспий Оперейтинг» ЖШС мен «Таза Әлем КЗ» ЖШС арасында жасалған меморандум негізінде қуаттылығы жылына 40,0 мың тонна ТҚҚ сұрыптау бойынша цех салу жоспарлануда. Облыста пластик бөтелкелер мен пластиктен жасалған бұйымдарды әкету мен кәдеге жаратуды «Сәтті» ЖК және «Z bilding supply» ЖШС жүзеге асырады.

Облыс аумағында тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыруға арналған 7 полигон бар. Санитарлық талаптарға жауап беретін полигондар Жаңаөзен, Форт-Шевченко қалаларында,

Мұнайлы ауданының Баянда а., Қарақиян ауданының Жетібай және Құрық ауылдарында, Бейнеу ауданының Бейнеу а. және Маңғыстау ауданының Шетпе ауылдарында орналасқан.

Маңғыстау облысы әкімдігінің деректеріне сәйкес 16 санитарлық-гигиеналық қалдықтарды уақытша көму орны Маңғыстау ауданының 7 ауылы мен Бейнеу ауданының 9 ауылында орналасқан. 2021 жылы ғарыштық мониторинг нәтижесінде аймақта 103 рұқсат етілмеген қоқыс орындары табылды, олардың 64 тазартылып, жойылды.

Уытты қалдықтар

Ақтау қаласының аумағында құрамында сынабы бар шамдарды жинауға арналған 27 арнайы контейнер орнатылды. Құрамында сынабы бар қалдықтарды кәдеге жаратумен демеркуризациялауға арналған қондырғысы бар «МАЭК-Казатомпром» ЖШС айналысады.

Медициналық қалдықтарды кәдеге жаратумен «Батес» ЖШС, «Еділбаева» ЖК және ЖК «Тілеубаева» айналысады.

Қауіпті және қауіпті емес қалдықтар

2021 жылы Маңғыстау облысы бойынша қауіпті қалдықтар көлемінің ұлғаюы байқалады (12.10.12-кесте).

12.10.12-кесте

2020-2021 жылдары Маңғыстау облысындағы қауіпті қалдықтардың қозғалысы туралы ақпарат, мың тонна

Қауіпті қалдықтар қозғалысы	2020 жыл	2021 жыл
Жылдың басында болғаны	76,5	63,8
Түзілді	161,4	217,9
Басқа тұлғалардан түсті	33,5	309,4
Қайта өңделді, пайдаланылды, өртелді	54,7	303,4
Залалсыздандырылды	7,1	50,6
Көмілді	0,3	42,8
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілді	109,0	174,9
Жыл соңында болғаны	107,6	23,4

Көзі: ҚОҚ БАЖ.

12.10.13-кестеде Маңғыстау облысы бойынша 2020-2021 жылдарға арналған қауіпті емес қалдықтардың түзілу көлемі туралы ақпарат берілген.

12.10.13-кесте

2020-2021 жылдары Маңғыстау облысы бойынша түзілген қауіпті емес қалдықтардың көлемдері, мың тонна

Атауы	2020 жыл	2021 жыл
Жылдың басында болғаны	12,2	127,3
Түзілді	5,5	79,0
Басқа тұлғалардан түсті	54,4	25,1
Қайта өңделді, пайдаланылды, өртелді	0,1	2,8
Көмілді	2,8	3,0
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілді	57,5	69,6
Жыл соңында болғаны	14,6	153,7

Көзі: ҚОҚ БАЖ.

Жануарлардың қалдықтарын кәдеге жарату және көму (мал қорымдары)

Жануарлар қалдықтарын көму орындары (мал қорымдары), (биотермиялық шұңқырлар) Түпқараған ауданының, Қарақия ауданының, Маңғыстау ауданының, Мұнайлы ауданының, Бейнеу ауданының аумағында орналасқан.

Тарихи ластанулар

Маңғыстау облысының аумағында тарихи мұнаймен ластанған аумақтар бар:

- 3 амбар және мұнаймен ластанған учаскелер – 186,19 га;

- теңіз амбары – 1,64 га.

Мұнаймен ластанған аумақтарды техникалық рекультивациялау бойынша жобалар Маңғыстау облысы бойынша Экология департаментімен келісілді. Мұнаймен ластануды жою туралы мамандандырылған ұйымдармен шарттар жасасу үшін материалдар дайындалуда.

12.10.8. ЖЫЛУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ЖӘНЕ ТҰТЫНУ

Облыста жалпы қуаттылығы 1 187,4 МВт 9 электрмен жабдықтау көзі бар. Оның ішінде 4 дәстүрлі энергия көзі (қолда бар қуаттылығы – 1 121,8 МВт, жұмыс қуаттылығы – 919,7 МВт): «МАЭК-Казатомпром» ЖШС (қолда бар қуаттылығы – 962,5 МВт, жұмыс қуаттылығы – 821,5 МВт), «Қаламқас» ММК (қолда бар қуаттылығы – 90 МВт, жұмыс қуаттылығы – 45 МВт), «ҚазАзот» АҚ (қолда бар қуаттылығы – 38,9 МВт, жұмыс қуаттылығы – 36 МВт), «ҚазГӨЗ» АҚ (қолда бар қуаттылығы – 30,4 МВт, жұмыс қуаттылығы – 17,2 МВт).

12.10.14-кестеде Маңғыстау облысының электр станциялары мен қазандықтарының 2021 жылға арналған бу мен ыстық суды (жылу энергиясын) жалпы өндіру және босату туралы ақпарат ұсынылған.

12.10.14-кесте

Электр станциялары мен қазандықтардың ыстық (жылу энергиясы) буы мен суын жалпы өндіру және босату, мың Гкал/жылына

Атауы	Жылумен жабдықтау көздерінің жалпы өндірісі, барлығы	Оның ішінде			Жылумен жабдықтау көздерімен жіберу, барлығы	Оның ішінде		
		ЖЭО	қазандықтармен	өзге		ЖЭО	қазандықтармен	өзге
Маңғыстау облысы	7 876,2	4 220,2	597,4	x	7 504	587,6	-	

«x» – деректер құпиялы

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

2018-2021 жылдар кезеңінде Маңғыстау облысында жаңартылатын энергия көздері саласында қуаттылығы 65,6 МВт болатын 5 жоба іске асырылды (12.10.15-кесте).

12.10.15-кесте

Маңғыстау облысында жаңартылатын энергия көздері

№	Объекті	Қуаттылығы	Орналасқан орны
1	Күн электр станциясы	2 МВт	Мұнайлы ауданы, Батыр а.
2	Жел электр станциясы	5 МВт	Түпқараған ауданы, Ақшүкір а.
3	Жел электр станциясы	43,6 МВт	Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қ.
4	Жел электр станциясы	5 МВт	Қарақиян ауданы
5	Жел электр станциясы	10 МВт	Қарақиян ауданы


Көзі: Маңғыстау облысының әкімдігі.

12.10.9. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Маңғыстау облыстық мәслихатының 22.02.2019 ж. №24/302 шешімімен Маңғыстау облысының Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері бекітілді.

Нысаналы көрсеткіштерге кезеңділікпен қол жеткізу мақсатында, 2020 жылы экологиялық мәселелерді кешенді шешу бойынша жол картасы әзірленді.

12.11. ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

	2021 жылдың жалпы көрсеткіштері				
	Субъектінің S, мың км ²	124,7	Халық саны, 2022 жылдың басына, адам	747 057	
	2018-2021 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер				
	Көрсеткіштер	2018	2019	2020	2021
	Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсаған шығындары, млрд теңге	34,6	37,1	40,5	38,1

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Павлодар облысы 1938 жылдың қаңтарында құрылған. Еліміздің солтүстік-шығысында Қазақстанның ең ірі өзені – Ертіс өзенінің жағасында орналасқан. Қазақстан Республикасының Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарымен, сондай-ақ Омбы, Новосібір облыстарымен және Ресей Федерациясының Алтай өлкесімен шектеседі. Облыс орталығы – Павлодар қаласы.

Облыстың көп бөлігі Батыс Сібір жазығының оңтүстігінде орналасқан. Климаты күрт континенталды, жазы ыстық, қысы суық, ұзақ.

Павлодар облысы Қазақстанның басты индустриялық аймақтардың бірі болып табылады. Облыстың үлесіне республиканың өнеркәсіп өндірісінің 7% жуығы, республикалық көмір өндірудің 70% жуығы, ферроқорытпалардың республикалық өндірісінің 3/4, электр энергиясы мен мұнай өнімдерінің өндірісінің 40% жуығы тиесілі. Аймақтың химия, машина жасау және металл өңдеу салаларының кәсіпорындарын дамыту үшін жеткілікті әлеуеті бар. Республиканың өңдеу өнеркәсібіндегі облыстың үлесі – 11,9% (Қарағанды облысынан кейін 2 орын).

Облыс күрделі көліктік-коммуникациялық торап болып табылады: мұнда ішкі нарықты қамтамасыз ететін ірі қазақстандық мұнай құбыры (Шымкент қ.), Қазақстан мен Ресей өңірлеріне транзиттік электр беру желілері, Ертіс-Қарағанды-Жезқазған каналы Қ.Сәтпаев атындағы), республиканың орталық және оңтүстік аймақтарына және Ресейге өтетін теміржол жолдары.

12.11.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Ластағыш заттар шығарындылары

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2021 жылы Павлодар облысында ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің жалпы саны 15 120 бірлікті құрады (12.11.1-кесте).

12.11.1-кесте

2019-2021 жылдардағы ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны, бірлік

Атауы	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Шығарындылардың стационарлық көзі	13 997	14 553	15 120


Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Павлодар облысының атмосфералық ауасына ластағыш заттар шығарындыларының негізгі көлемі өнеркәсіптік кәсіпорындардың көпшілігі шоғырланған үш қалада қалыптасады: 45,9% – Екібастұз қаласында, 27,7% – Ақсу қаласында, 24,4% – Павлодар қаласында. Облыстың қалған аудандарының үлесіне шығарындылардың шамамен 2% келеді.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2021 жылы Павлодар облысының атмосферасына стационарлық көздерден 736,1 мың тонна ластағыш заттар түсті (12.11.1-сурет).

12.11.1-сурет

2019-2021 жылдары Павлодар облысындағы стационарлық көздерден атмосфералық ауаға ластағыш заттар шығарындылары, мың тонна



Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.


Шығарындылардың ең көп көлемі отын-энергетика кешенінің кәсіпорындарына – 65,4%, металлургияға – 26%, мұнай-химияға – 3,2%, тау-кен өндіру кешеніне – 1,2%, басқа салаларға – 4,2% тиесілі.

Атмосфералық ауаның негізгі ластағыш заттары – күкіртті ангидрид, азот оксидтері, қатты заттар және көміртегі тотығы.

2019-2021 жылдары Павлодар облысының атмосфералық ауасына негізгі ластағыш заттардың шығарындылары туралы ақпарат 12.11.2-суретте ұсынылған.

12.11.2-сурет

2019-2021 жылдары атмосфералық ауаға негізгі ластағыш заттардың шығарындылары, мың тонна



Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.


Жылжымалы көздер, атап айтқанда автокөлік атмосфералық ауаның ластануына айтарлықтай үлес қосады. ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2021 жылы

Павлодар облысында жеңіл автомобильдердің жалпы саны 145,2 мың бірлік, жүк автомобильдерінің жалпы саны 22,8 мың бірлікті құрады.

12.11.3-суретте 2019-2021 жылдары Павлодар облысында жылжымалы көздерден ластағыш заттар шығарындыларының көлемі туралы ақпарат ұсынылған.

12.11.3-сурет

2019-2021 жылдары Павлодар облысында жылжымалы көздерден ластағыш заттар шығарындыларының көлемдері, мың тонна



Көзі: Павлодар облысы бойынша Экология департаменті.

Атмосфералық ауаның сапасы

2021 жылы «Қазгидромет» РМК Павлодар облысындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау Павлодар, Екібастұз және Ақсу қалаларындағы 10 стационарлық бекеттерде жүргізіледі (12.11.2-кесте).

12.11.2-кесте

2021 жылға Павлодар облысындағы елді мекендердің атмосфералық ауа сапасы

№	Елді мекен	Бақылау бекеттерінің саны		Көрсеткіштер		
		қолмен	автоматты	АЛИ	СИ	ЕКҚ (%)
1	Павлодар қ.	2	5	3 (төмен деңгей)	5 (жоғары деңгей)	1 (көтеріңкі деңгей)
2	Екібастұз қ.	1	1	1 (төмен деңгей)	2 (көтеріңкі деңгей)	0 (төмен деңгей)
3	Ақсу қ.	0	1	1 (төмен деңгей)	2 (көтеріңкі деңгей)	0 (төмен деңгей)

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ескерту. Градациялар бойынша атмосфералық ауаның ластану дәрежесін бағалау 1 «Атмосфералық ауа» бөлімінде ұсынылған.

Павлодар, Екібастұз және Ақсу қалаларындағы атмосфералық ауаның сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ және негізінен ластану деңгейінің төмендігімен сипатталады. Атмосфералық ауаның жоғары және өте жоғары ластану жағдайлары тіркелген жоқ.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayushey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

Атмосфералық ауаның ластануын төмендету бойынша шаралар

Зиянды факторлардың қоршаған ортаға әсерін азайту өнеркәсіптік кәсіпорындардың қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын, оның ішінде газ тазарту қондырғыларын жөндеу мен ауыстыруды, күл жағажайларын шанды басуды, күл ұстау жүйелерінің ПЭК арттыруды және т.б. қамтиды.

Экологиялық стратегия шеңберінде «Қазақстан алюминийі» АҚ 2017 жылдан бастап кезең – кезеңімен-2030 жылға дейін агломерациялық пештердің электр сүзгілерін реконструкциялауды жүргізеді. 2020 жылы Павлодар алюминий зауытында агломерация цехында №1 пеште №1 электрофильтр, 2021 жылы №2 электрофильтр іске қосылды. 2021 жылдың қорытындысы бойынша 2 сүзгіні реконструкциялаудың экологиялық әсері шаң шығарындыларының жылына 2,5 мың тоннаға төмендеуді құрайды.

«Б. Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС 2021 жылы №3,5,7,8 энергия блоктарында электростатикалық сүзгілерге жөндеу жүргізілді, бұл күлдің түзілуін 1 мың тоннаға төмендетуге мүмкіндік берді. Жыл сайын 30 га алаңда күл үйіндісінің пайдаланылған бөлігін қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі.

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ отын берудің аспирациялық қондырғыларына, №1,2 ст. энергия блоктарының жанарғы құрылғыларына, электрофильтрлерге, күл жағажайларының шаң басуына жөндеу жүргізді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша атмосфералық ауаға лаптағыш заттардың шығарындылары азайды.

Облыстың көптеген ірі өнеркәсіптік кәсіпорындары атмосфералық ауаны бақылаудың автоматтандырылған жүйелерін енгізуде. Мәселен, «Қазақстан алюминийі» АҚ Зеленстрой шағын ауданы ауданында тұрғын үй құрылысы мен СҚА шекарасында зиянды заттар шығарындыларының Мониторингтің автоматтандырылған жүйесі орнатылған. Станция автоматты режимде ауаны 6 параметр бойынша талдайды: көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкірт диоксиді, күкіртсутек, шаң. Барлық деректер Еуразиялық Топтың порталына беріледі және тұрғындарды экологиялық жағдай туралы хабардар ету үшін Павлодар мен Екібастұзда көше LED-экрандарында таратылады.

Аймақтың газдандырылуы

Павлодар облысында табиғи газ жоқ. Олыстың елді мекендерін газбен қамтамасыз ету «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС жеткізетін газ баллонды құрылғыларда сұйытылған мұнай газымен жүзеге асырылады.

12.11.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Ауыз сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын Павлодар облысының негізгі су артериясы – Ертіс трансшекаралық өзені. Облыс шекарасындағы өзеннің ұзындығы 720 км, жылдық ағынының көлемі 100 км³ шамасында.

Облыс аумағында 7 су сақтағыш, 398 көл, 130 уақытша су ағындары және шағын өзендер бар, олардың ішіндегі ең маңыздысы – Шідерті, Өлеңті, Сілеті, Ащысу, Түндік, Қарасу өзендері болып табылады.

Ертіс-Қарағанды каналы (Қ. Сәтпаев атындағы) Павлодар облысы бойынша ұзындығы 275 км көптеген елді мекендері бар бірқатар аудандарды сумен қамтамасыз етеді, олар үшін сумен жабдықтаудың жалғыз көзі болып табылады. Арнаның құрылысы 1962 жылы басталды, пайдалану 1968 жылы басталды, канал 1974 жылы толығымен аяқталды. 2002 жылы 19-шы сорғы станциясынан Есіл өзеніне, одан әрі-Астананы сумен қамтамасыз ету үшін Вячеслав су сақтағышына су құбыры салынды.

Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркін қоса алғанда, ерекше қорғалатын табиғи аумақта жағдайы ерекше назар аударуды талап ететін Жасыбай, Торайғыр, Сабындыкөл және Біржанкөл көлдері орналасқан.

Суды тұтыну

2021 жылы Павлодар облысындағы су құбыры желілерінің ұзындығы 4 108,9 км құрайды, 2021 жылы тұтынушыларға барлығы 116 046 мың м³ су жіберілді (12.11.3-кесте).

**2021 жылы Павлодар облысы бойынша тұтынушыларға жіберілген
су көлемі, мың м³**

Атауы	Тұтынушыларға жіберілген су, барлығы	Оның ішінде			
		халыққа	кәсіпорындардың коммуналдық қажеттіліктеріне	кәсіпорындардың өндірістік қажеттіліктеріне	басқа
Павлодар облысы	116 046,0	33 950,3	7 525,1	64 106,6	10 464,0

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Суды бұру

Павлодар облысының ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарынан су бұру ағынды су жинақтағыштарына жүзеге асырылады: «Ақсу су арнасы» КМК «Ұзынбұлақ» жинақтағышына, Екібастұз қаласының «Горводоканал» КМК – «Атығай» жинақтағышына; «Павлодар мұнай-химия зауыты» АҚ – «Сарымсақ» жинақтағышына, «Богатырь Көмір» ЖШС және «ЕЭК» АҚ – «Ақбидайық» жинақтаушына, «Каустик» АҚ және «Қазэнергокабель» АҚ – «Былқылдақ» жинақтаушына.

Облыстың ірі металлургиялық және энергетикалық кәсіпорындары шлам жинағыштар мен күл үйінділеріне су бұруды жүзеге асырады: «Қазақстан алюминийі» АҚ, «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ, Ақсу ферроқорытпа зауыты – «Қазхром «ТҰК» АҚ филиалы, «Павлодарэнерго» АҚ су объектілерінде орналастыруды қоспағанда, күл құбырлары желісі бойынша өздерінің өндірістік ағызуларды арнайы карталарға бөледі.

12.11.4-кестеде Павлодар облысы бойынша 2020-2021 жылдарға арналған су бұру көлемі ұсынылған.

2020-2021 жылдары ағызулар көлемдері туралы ақпарат

Ағызулардың нақты көлемдері		2020 жыл	2021 жыл
Өнеркәсіптік ағызулар	Суды бұру көлемдері, мың м ³	1 807 608,9	1 966 516,2
	Ластағыш заттардың көлемдері, мың тонна	8,7	5,2
Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар	Суды бұру көлемдері, мың м ³	35 639,1	36 027,5
	Ластағыш заттардың көлемдері, мың тонна	20,0	18,8
Апатты және рұқсат етілмеген ағызулар	Суды бұру көлемдері, мың м ³	-	-
	Ластағыш заттардың көлемдері, мың тонна	-	-
Барлығы (барлық жоғарыда аталған ағызулар)	Суды бұру көлемдері, мың м ³	1 843 302,1	2 002 543,7
	Ластағыш заттардың көлемдері, мың тонна	28,7	23,9

Көзі: Павлодар облысы бойынша Экология департаменті.

Өнеркәсіптік және шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулардың нақты су бұру көлемінің ұлғаюы ірі өнеркәсіптік су тұтынушылардың Ертіс өзенінен шаруашылық-ауыз су және техникалық су алу көлемінің ұлғаюымен, сондай-ақ «ЕЭК» АҚ Ақсу электр станциясының жылу алмасу суларын ағызу көлемінің ұлғаюымен байланысты.

Жылу алмастырғыш сулар (нормативті таза) өзінің химиялық құрамын өзгертпестен Ертіс өзеніне қайтарылады, тек «жылу ластануы» орын алады.

Ертіс өзенінің негізгі әлеуетті ластағышы Павлодар қаласының қалалық тазарту құрылыстарынан кейінгі ағынды сулармен «Павлодар-Водоканал» ЖШС болып табылады. Кәсіпорын халықты және өнеркәсіптік кәсіпорындарды шаруашылық-ауыз сумен және техникалық сумен қамтамасыз етумен, қалалық кәріз желісінде ағынды суларды қабылдаумен, содан кейін оларды Ертіс өзеніне ағызу алдында тазартумен айналысады.

Беткі сулардың сапасы

2021 жылы «Қазгидромет» РМК Павлодар облысының аумағында беткі сулардың сапасын бақылауды 5 су объектісіндегі (Ертіс, Усолка өзендері, Сабындыкөл, Жасыбай, Торайғыр көлдері) 16 тұстамада жүргізді.

Су сынамаларында беткі суларды зерттеу кезінде 47 физика-химиялық сапа көрсеткіштері анықталады: температура, қалқыма заттар, хром, мөлдірлік, сутегі көрсеткіші (рН), еріген оттегі, ОБТ₅, ОХТ, тұз құрамының негізгі иондары, биогендік элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар.

12.11.5-кестеде Бірыңғай жіктеуге сәйкес Ертіс және Усолка өзендерінің су сапасы туралы ақпарат ұсынылған.

12.11.5-кесте

2020-2021 жылдардағы Павлодар облысының аумағындағы беткі сулардың сапасына мониторинг нәтижелері

Объектінің атауы	Су сапасының сыныбы	
	2020 жыл	2021 жыл
Ертіс өз.	1 сынып	1 сынып
Усолка өз.	1 сынып	1 сынып

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ескерту. Пайдалану сыныбының сипаттамасы 3 «Су ресурстары» бөлімінде ұсынылған.

2020 жылмен салыстырғанда Ертіс және Усолка өзендерінің беткі суларының сапасы өзгерген жоқ және сапаның ең жақсы сыныбына жатады. Ертіс және Усолка өзендерінің беткі суларында ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлар байқалмады.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2021 жылы жылумен жабдықтау көздерінің жалпы өндірісі 8 435,1 мың Гкал құрады, оның ішінде 4 032,9 мың Гкал жылу электр станцияларына және 3 555,1 мың Гкал қазандықтарға тиесілі.

Шығыс Қазақстан облысында облыс кәсіпорындары 6 477,6 мың Гкал жылу энергиясын жіберді.

Облыста 2021 жылы жылумен жабдықтау көздерінің саны – 178 бірлікті құрады, автономды жылу көздері жоқ. Жылу желілерінің жалпы ұзындығы – 1 130,7 км.

2021 жылдың қорытындысы бойынша жаңартылатын энергия көздері объектілері өндіретін электр энергиясының үлесі 2,1% немесе жалпы өндіруден жылына 190,5 млн кВт·сағ. құрады.

2021 жылғы 1 шілдеде Алтай ауданында белгіленген қуаттылығы 24,9 МВт және орташа жылдық өндірісі 79,8 млн кВт·сағ. Тұрғысын ГЭС-1 пайдалануға берілді.

2021 жылғы желтоқсанда Жарма ауданында жалпы қуаттылығы 29,7 МВт «Винд Чарск»

ЖШС 6 ЖЭС кешенді сынақтары өткізілді. Пайдалануға беру 2022 жылдың тамызында жоспарланып отыр.

2022 жылдың қараша айында Аягөз ауданы Ақтоғай кентінде қуаттылығы 100 МВт жел электр станциясын пайдалануға беру жоспарлануда.

12.14.9. ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Шығыс Қазақстан облысы бойынша қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері Шығыс Қазақстан облысы мәслихатының 2020 жылғы 9 қазандағы № 42/480-VI шешімімен бекітілген.

Атмосфералық ауа сапасының нысаналы көрсеткіштері келесі ингредиенттер бойынша белгіленеді: азот диоксиді, күкірт диоксиді, қалқыма бөлшектер, фторлы сутегі, фенол.

Беткі сулар сапасының нысаналы көрсеткіштері өнеркәсіптік қалалар мен тау-кен өнеркәсібі кәсіпорындарының антропогендік әсеріне ұшыраған су объектілері үшін әзірленген: Ертіс, Бұқтырма, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба өзендері.

Нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін атмосфералық ауа мен су ресурстарын қорғауға бағытталған іс-шаралар көзделген. Елді мекендердің жасыл белдеулері жоспарлы түрде құрылуда. «Жас Өркен» аймақтық бағдарламасы қабылданды және табысты іске асырылды.

12.15. НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

	2021 жылдың жалпы көрсеткіштері				
	Субъектінің S, мың км ²	0,797	Халық саны, 2022 жылдың басына, адам	1 239 744	
	2018-2021 жылдардың негізгі экологиялық көрсеткіштері				
	Көрсеткіштер	2018	2019	2020	2021
	Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсаған шығындары, млрд теңге	8,4	4,8	17,2	8,2

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Нұр-Сұлтан қаласы – Қазақстан Республикасының елордасы – елдің солтүстігінде, Есіл өзенінің жағасында орналасқан.

Нұр-Сұлтан – Азиядағы ең солтүстік астана. Қаланың климаты шұғыл континенталды. Жазы ыстық және құрғақ, қысы аязды және ұзақ. Орташа жылдық ауа температурасы 3,1°С. Жауын-шашын жылына 300 мм. Жаздың орташа температурасы +20°С және қыстың орташа температурасы – -15°С кезінде жазда жылу +40°С асып, қыста – -50°С дейін аяз болуы мүмкін. Бұл Сібірден суық арктикалық массалардың қозғалысына, ал жазда – Орта Азиядан келген ыстық ауа массаларына байланысты.

Қала дала жазығында орналасқан, аумақтың геологиясы – солтүстік бөлігіндегі палеозой бөлінбеген шөгінділер және оңтүстік және батыс бөліктеріндегі орташа төрттік шөгінділер. Қаланың көп бөлігі шөгінді жыныстарда, негізінен құмды саздақта орналасқан.

Гидрографиялық желі Қазақстан астанасын екі бөлікке бөлетін жалғыз Есіл өзенімен және оның елеусіз оң салалары – Сарыбұлақ және Ақбұлақ болып табылады. 25-30 км радиуста қаланың айналасында көптеген тұщы және тұзды көлдер бар.

Нұр-Сұлтан Қазақстанның экономикалық, саяси, іскерлік және мәдени орталығы болып табылады. Елорда экономикасының негізін көлік, байланыс, сауда, құрылыс құрайды. Өнеркәсіптік өндіріс негізінен құрылыс материалдарын, тамақ өнімдерін/сусындарды шығаруға бағытталған.

1999 жылы ЮНЕСКО шешімімен Нұр-Сұлтанға «Бейбітшілік қаласы» атағы берілді. 2000 жылдан бастап Қазақстанның бас қаласы астаналар мен ірі қалалардың халықаралық ассамблеясының мүшесі болып табылады.

12.15.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Ластағыш заттар шығарындылары

Нұр-Сұлтан қаласының атмосферасына зиянды заттардың эмиссиясы стационарлық ластану көздерінен, негізінен жылу-энергия орталықтарынан шығарындылармен және ауаны ластанудың жылжымалы көздерінен шығарындылардың едәуір көлемімен байланысты.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласында ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің жалпы саны 2021 жылы 6 060 бірлікті құрады (12.15.1-кесте).

12.15.1-кесте

2019-2021 жылдардағы ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны, бірлік


Атауы	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Шығарындылардың стационарлық көздері	6 433	6 218	6 060

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2021 жылы стационарлық ластану көздерінен шығарындылардың жалпы көлемі – 62,2 мың тоннаны құрады (12.15.1-сурет).

12.15.1-сурет

2019-2021 жылдары Нұр-Сұлтан қаласындағы стационарлық көздерден ластағыш заттар шығарындыларының көлемі, мың тонна




Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Қаланың атмосфералық ауасын ластайтын заттардың ішінде азот оксидтері, көміртегі тотығы, қатты заттар және күкіртті ангидрид басым (12.15.2-сурет).

12.15.2-сурет

2019-2021 жылдары Нұр-Сұлтан қаласының атмосфералық ауасына негізгі ластағыш заттардың шығарындылары, мың тонна



Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Дамыған қалалық көлік желісі елорданың атмосфералық ауасының ластануына айтарлықтай үлес қосады. ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2021 жылы Нұр-Сұлтан қаласында 273,6 мың бірлік жеңіл және 33,3 мың бірлік жүк автокөлік құралдары тіркелген.

Автокөліктің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту мақсатында Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Экология департаменті елорда әкімдігімен бірлесіп қалада автокөліктің тоқтаусыз қозғалысы жүйесін енгізу және көше қозғалысын зияткерлік реттеу, сондай-ақ жол инфрақұрылымын салу (жол айрықтары, жер асты/жер үсті өтпе жолдары, жолдарды кеңейту және т. б.), қоғам-

дық көліктің барлық түрлерін дамыту, автомобильдер үшін инфрақұрылымды дамыту бойынша іс-шаралар жүргізуде баламалы отынмен, гибридті және электромобильдермен коммуналдық және қоғамдық таксопарктерді газға ауыстыру, салық жүктемесін жеңілдету арқылы автокөлік иелерінің газға көшуін ынталандыру.

Атмосфералық ауаның сапасы

2021 жылы «Қазгидромет» РМК Нұр-Сұлтан қаласының атмосфералық ауасының жай-күйін бақылауды 10 стационарлық бекетте, оның ішінде 4 қолмен сынама алу бекетінде және 6 автоматты станцияда жүзеге асырады. Жалпы қала бойынша 12 көрсеткішке дейін анықталады: қалқыма бөлшектер (шаң), РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкіртсутек, фторлы сутегі, бензапирен, аммиак.

Стационарлық бақылау бекеттерінен басқа қалада жылжымалы экологиялық зертхана жұмыс істейді, оның көмегімен ауа сапасын өлшеу қаланың 8 нүктесінде қосымша 5 көрсеткіш бойынша жүргізіледі: қалқыма бөлшектер (шаң), азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, фторлы сутегі.

Атмосфералық ауа сапа сының мониторингі нәтижелеріне сәйкес, 2021 жылы елордадағы атмосфералық ауаның ластану деңгейі «көтеріңкі» деп бағаланды (12.15.2-кесте).

12.15.2-кесте

2021 жылғы Нұр-Сұлтан қаласындағы атмосфералық ауаның сапасы

№	Елді мекен	Бақылау бекеттердің саны		Көрсеткіштер		
		автоматты	қолмен	АЛИ	СИ	ЕКҚ (%)
1	Нұр-Сұлтан қ.	6	4	7 (жоғары деңгей)	9 (жоғары деңгей)	29 (жоғары деңгей)

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ескерту. Градациялар бойынша атмосфералық ауаның ластану дәрежесін бағалау 1 «Атмосфералық ауа» бөлімінде ұсынылған.

Толығырақ ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

Атмосфералық ауаның ластануын төмендету бойынша шаралар

Елордада ауаның ластануын азайту мақсатында қалалық және қоғамдық көлікті электр және газға кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шараларды іске асыру жалғасуда.

2021 жылы Нұр-Сұлтан қаласында сұйытылған газбен жүретін 28 мың астам автомобиль болған, 28 электромобиль, 60 электроавтобус тіркелген, электромобильдерді зарядтауға арналған 45 электр станциясы орнатылған. 2021 жылы коммуналдық кәсіпорындардың автомобильдерінің 71% (854 бірлік), таксопарк машиналарының 30% (320 бірлік) және 28 мың жеке автокөлік құралдары газ отынына ауыстырылды.

ІІІ буындағы «FALCON M.ADI» электр автобустарына арналған қалалық автобус паркінің құрылысы аяқталды. Пайдалануға беру 2022 жылы жоспарланып отыр. Жобаны іске асыру елорданың экологиясына оң әсерін тигізеді.

Көлік инфрақұрылымымен қатар велосипед желісі де кеңейіп келеді. «Астана қаласының велосипед көлігін дамыту (2-кезек)» жобасын іске асыру жалғасуда, оның шеңберінде 2020-2022 жылдары 123 км веложол салу көзделуде, оның ішінде 2021 жылы 36 км салынатын болады.

Газдандыру

Жалпы, Нұр-Сұлтан қаласында газға Көктал-1, Көктал-2, Агроқалашық, Железнодорожный, Промышленный, Оңтүстік-Шығыстың оң жағы, Оңтүстік-Шығыстың сол жағы, Күйгенжар,

Мичурино, Интернациональный тұрғын алаптары, сондай-ақ қаланың ескі бөлігіндегі Потанин көшесі ауданындағы тұрғын үйлер қосылды.

Сондай-ақ 13 қазандық ЖЭО-1 (7 қазандық) және ЖЭО-2 (6 қазандық) газға ауыстырылды. 19 әлеуметтік нысанда газды іске қосу бойынша іске қосу-реттеу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, газға Шарапат әлеуметтік қызмет көрсету орталығы мен 4 көпәтерлі тұрғын үй қосылған. Аудандық Тұран, Тельман қазандықтарына және Ильинка, Тельман, Пригородный, Family Village, Өндіріс т/а жеткізу желілерін салуға мердігерлік ұйымды анықтауға конкурс жарияланды. Осылайша, 2024 жылға қарай 300 мыңға жуық адам газға қолжетімділікпен қамтамасыз етілетін болады.

Тұрғын алаптарын газдандыру және энергия көздерін газға ауыстыру шығарындылар көлемін жылына 40 мың тоннаға азайтуды қамтамасыз етеді және газ баллондарын пайдалануға байланысты қауіпті жағдайларды азайтады.

12.15.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Нұр-Сұлтан қаласы су ресурстарының шектеулі болуымен сипатталатын құрғақ аймақта орналасқан. Қаладағы негізгі және жалғыз су артериясы – көктемгі кезеңде қардың еруі есебінен толықтырылатын Сарыбұлақ пен Ақбұлақтың екі шағын саласы бар Есіл өзені. Осыған байланысты, су тасқыны кезінде су объектілерінің, оның ішінде Есіл өзенінің әртүрлі химиялық заттармен ластану ықтималдығы артады.

Суды тұтыну

Нұр-Сұлтан қаласын шаруашылық-ауыз сумен жабдықтаудың негізгі көзі Есіл өзеніндегі Вячеслав (Астана) су сақтағышы жылына 67,2 млн м³ сумен қамтамасыз ету болып табылады (жобалық сыйымдылығы 410,9 млн м³).

Елордадағы су құбыры желілерінің ұзындығы 1 521,3 км. Нұр-Сұлтан қаласының юрисдикциясына жататын қала маңындағы кенттердің тұрғындарын сумен қамтамасыз ету үшін Интернациональный және Мичурино тұрғын алаптарына су құбырын тарту құрылысы жалғасуда.

12.15.3-кестеде 2021 жылға тұтынушыларға жіберілген су бойынша деректер ұсынылған.

12.15.3-кесте

2021 жылы Нұр-Сұлтан қаласында тұтынушыларға жіберілген су көлемі, мың м³

Атауы	Тұтынушыларға су жіберілді, барлығы	Оның ішінде			
		халыққа	кәсіпорындардың коммуналдық қажеттіліктеріне	кәсіпорындардың өндірістік қажеттіліктеріне	басқа
Нұр-Сұлтан қ.	90 402,3	59 197,2	17 939,9	13 265,2	-

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Суды бұру

Нұр-Сұлтан қаласының барлық ағынды сулары кәріз тазарту құрылыстарына (КТК) түседі.

Нұр-Сұлтан қаласының ағынды суларын тазарту және жауын-шашынды өңдеу станциясы 1964-1973 жылдар аралығында салынған және бір-бірімен бірыңғай технологиялық сызбаға байланысты тазарту құрылыстарының кешені болып табылады және олардың біреуінің параметрлерінің өзгеруі басқалардың жұмысына әсер етеді.

12.15.4-кестеде 2020-2021 жылдардағы ағызулар көлемі бойынша ақпарат ұсынылған.

2020-2021 жылдардағы Нұр-Сұлтан қаласындағы ағызу көлемдері бойынша ақпарат

Ағызулардың нақты көлемі		2020 жыл	2021 жыл
Өнеркәсіптік ағызулар	Су бұру көлемі, млн м ³	746,5	1 874,5
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	0,35	0,76
Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар	Су бұру көлемі, млн м ³	81 044,2	82 198,7
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	49,8	49,4
Апаттық және рұқсат етілмеген ағызулар	Су бұру көлемі, млн м ³	1 188,4	3 981
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	0,8	2,2
Барлығы (жоғарыда аталған ағызулардың барлығы)	Су бұру көлемі, млн м ³	82 979,2	88 054,1
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	50,9	52,4

Көзі: Нұр-Сұлтан қаласының Экология департаменті.

Беткі сулардың сапасы

2021 жылы «Қазгидромет» РМК Нұр-Сұлтан қаласының аумағындағы 5 су объектісінің 14 гидротұстамасында: Есіл, Ақбұлақ, Сарыбұлақ өзендері, Вячеслав (Астана) су сақтағышы, Нұра-Есіл арнасы беткі суларының ластануына бақылау жүргізді.

Нұр-Сұлтан қаласының аумағындағы су объектілерінің су сапасы 2021 жылы Бірыңғай классификациясы бойынша бағаланады (12.15.5-кесте).

2021 жылғы Нұр-Сұлтан қаласындағы су объектілерінің сапасы

Су объектісінің атауы	Су сапасы сыныбы		Параметрлер	2021 ж. шоғырлануы, мг/дм ³
	2020 жыл	2021 жыл		
Есіл өз.	Нормаланбайды (>5 сынып)	Нормаланбайды (>4 сынып)	Жалпы фосфор	1,545
Ақбұлақ өз.	Нормаланбайды (>5 сынып)	Нормаланбайды (>5 сынып)	Кальций	327,079
			Магний	109,261
			Минералдану	2 148,5
			Хлоридтер	898,148
Сарыбұлақ өз.	Нормаланбайды (>5 сынып)	Нормаланбайды (>5 сынып)	Магний	103,331
			Минералдану	2 147,551
			Хлоридтер	687,49
Нұра-Есіл каналы	4 сынып	4 сынып	Магний	50,761
Вячеслав су сақтағышы	3 сынып	3 сынып	Магний	24,9

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ескерту. Су пайдалану сыныптарының сипаттамасы 3 «Су ресурстары» бөлімінде ұсынылған.

Беткі сулардың сапасы туралы толығырақ ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii>)

[okruzhayuschey-sredy/2021](#)) сайтында орналастырылған.

Су ресурстарының ластануын азайту бойынша шаралар

1. *Түбін тазарту жұмыстары.* 2021 жылы жер үсті су қоймаларының түбін түпкі / тұнба шөгінділерінен тазарту жұмыстары орындалды:

- ұзындығы 9,4 км Есіл өзенінің кеме қатынасы учаскесінде;
- «Жасыл арал» Тельмано т/а ауданындағы Есіл өз. учаскесінде;
- Қоянды су сақтағышының учаскесінде.

Тазарту жұмыстары барысында көтерілген 279 887,72 м³ көлеміндегі түптік және тұнба шөгінділері тегістеу бойынша жер қазу жұмыстары кезінде кейіннен пайдалану үшін жағалау аумағында жинақталған.

2. *Есіл өзенінің жағалауын тегістеу және нығайту.* 2021 жылы Куйгенжар к. контр реттеушісінен айналма көпірге дейінгі кесіндіде үйінді құру бойынша жұмыстар жүргізілді, бұл кесіндідегі өзеннің ұзындығы шамамен 10 км.

3. *Есіл өзенінің және оның салаларының су бетін санитарлық тазарту.* Жағалау аумағындағы су бетін тазалау және қоқыстарды жинау күн сайын жыл бойы жүргізіледі.

4. *Қабыршақтануға қарсы іс-шаралар (аэрация).* Қыста суды оттегімен байыту үшін жүзеге асырылады (суды айдайтын тесіктерді бұрғылау).

5. *Су қоймаларын балықтандыру.* 2021 жылы Зеренді балық питомнигінен 1 млн дана рипус сип балықтарының дәрнәсілдері және 1 млн дана пелядь шығарылды. Күзгі балық аулау аясында 2 090 647 дана ақ амур, тұқы және мөңке балықтары шығарылды.

6. *Балық шаруашылығы және су шаруашылығы су қоймалары мен учаскелерін күзету.* Гидротехникалық және су құрылыстарын қарап-тексеру және айналып қарау жүргізіледі. Қысқы кезеңде қар жамылғысы мен мұздан тазарту, көктемгі су тасқынының апатсыз өтуі үшін шөгінділерден тазарту, арналарды тазарту жұмыстары жүргізілуде. Қоянды және Вячеслав су сақтағыштарының күнделікті қорықшылық айналып қараулары өткізіледі.

7. Табиғат қорғау іс-шаралары.

Беткі сулардың ластануының негізгі көзі қалалық су бұру жүйелері болып табылады. Елордада су бұрудың 2 жүйесі бар: шаруашылық-тұрмыстық және нөсерлік.

Шаруашылық-тұрмыстық ағынды суларды тазартудың 3 сатылы жүйесі жұмыс істейтін кәріздік тазарту қондырғыларымен жүзеге асырылады: механикалық, биологиялық және ультракүлгін сәулелермен зарарсыздандыру. Төгілетін ағындардың сапасын күн сайын «Астана Су арнасы» МКК аккредиттелген зертханасы және экологиялық қызметтер бақылайды.

Нөсер ағындарын тазарту жүйелері бар 17 тазарту құрылысында жүзеге асырылады. Пайдаланушы кәсіпорын – «Elorda Eco System» МКК жыл сайын аккредиттелген зертханамен оларды беткі су көздеріне ағызу нүктелерінде ағындардың сапалық құрамын іріктеу және талдау үшін шарт жасасады. Бұдан басқа, пайдаланушы кәсіпорындар технологиялық жабдыққа қызмет көрсету және реконструкциялау бойынша профилактикалық және жөндеу жұмыстарын тұрақты негізде жүргізеді.

12.15.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

Жер қоры

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің деректері бойынша 2021 жылы Нұр-Сұлтан қаласының пайдаланылатын ауданы 80,9 мың га құрайды.

2020-2021 жылдардағы Нұр-Сұлтан қаласының жер қоры санаттар бойынша 12.15.6-кестеде ұсынылған.

12.15.6-кесте

2020-2021 жылдардағы санаттар бойынша Нұр-Сұлтан қаласының жерін бөлу, мың га

Жер санаты	2020 жыл	2021 жыл
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	0,8	0,8

Елді мекендердің жерлері	79,7	79,7
Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер	-	-
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері	-	-
Орман қорының жерлері	0,4	0,4
Су қорының жерлері	-	-
Босалқы жерлер	-	-
Барлығы	80,9	80,9

Көзі: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті.

Топырақ жағдайы

2021 жылы «Қазгидромет» РМК Нұр-Сұлтан қаласының топырақ жағдайына бақылау жүргізді. Қаланың әртүрлі аудандарында іріктелген топырақ сынамаларында кадмий мөлшері 0,02-0,4 мг/кг, қорғасын – 0,0009-0,011 мг/кг, мыс – 0,001-0,015 мг/кг, хром – 0,0292-0,07 мг/кг, мырыш – 0,002-0,06 мг/кг шегінде болды.

Толығырақ ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

12.15.4. ЖЕР ҚОЙНАУЫ

Нұр-Сұлтан қаласының аумағында кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі комиссия отырысының 11.05.2012 жылғы № 2 хаттамасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 15.08.2001 жылғы №1064 қаулысымен бекітілген қаланың бас жоспарына қайшы деп танылғандықтан, елорданың аумағында кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша конкурстар жүргізілмейді.

Осылайша, Нұр-Сұлтан қаласының аумағында пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшарттар жоқ, тиісінше рұқсаттар берілмейді.

Нұр-Сұлтан қаласын пайдалы қазбалармен (ұсақ тас, құм, саз және т.б.) қамтамасыз ету мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі қаладан 50 км радиуста орналасқан жер қойнауын пайдаланушылардың тізбесін жасады.

12.15.5. БИОӘРТҮРЛІК

Нұр-Сұлтан қаласында ауданы 92 га республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ болып табылатын Ботаникалық бақ бар, сондай-ақ 12 саябақ – 431,4 га, 8 бульвар – 52,5 га, 108 сквер – 150,5 га.


Қала аумағында жергілікті шұғыл континенталды климатқа тән ағаштар отырғызылады (терек, қызыл тал, сүйелді қайың, күл жапырақты үйеңкі, кәдімгі қарағай, сібір шыршасы, шегіршін, жиде және т.б.). Елорданың жасыл аймағын құрудың басты мақсаттарының бірі қолайсыз климаттық жағдайларды жеңілдету болып табылады.

Елорданың жасыл белдеуінің жалпы ауданы 14 827 га құрайды, оның ішінде 11 502,2 га орман екпелерімен қамтылған, онда 10 млн астам ағаш (қайың, қарағаш, терек, үйеңкі, емен, жиде, шаған, шырша, қарағай, сағызқарағай, арша) және 1,8 миллионға жуық бұта (қарақат, көріктал, бөріжидек, мойыл) өседі.

2021 жылы 838 га алаңда 890 151 дана ағаш көшеттері отырғызылды (V кезең). Жұмысты жалғастыру үшін 2022–2026 жылдарға арналған VI кезеңді қайта құру жобасы әзірленді, жасыл желектердің жалпы саны – 1 011 108 дана, 2022 ж. – 202 004 дана, 2023 ж. – 456 031 дана, 2024 ж. – 200 217 дана, 2025 ж. – 101 900 дана, 2026 ж. – 50 056 дана болады.

Жыл сайын экологиялық сенбіліктер мен акциялар шеңберінде елорда аумағында ағаштар мен бұталар отырғызылады (12.15.3-сурет).

2018-2021 жылдары жасыл желектерді отырғызу, мың дана



Көзі: Нұр-Сұлтан қ. әкімдігі.

Жануарлар әлемі

Елорданың жасыл белдеуі құрылғаннан бері оның аумағы қояндар, түлкілер, қарсақ, кекіліктер, қырғауылдардың мекендейтін жеріне айналды.

Нұр-Сұлтан қаласының су шаруашылығы объектілерінің экологиялық жай-күйін жақсарту және арналық реттеу іс-шараларын жүргізу нәтижесінде су биологиялық ресурстарының келтіретін залалын азайту үшін жыл сайын су қоймаларын бағалы балық сорттарымен қоректендіру жүргізіледі.

12.15.6. РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің деректері бойынша, 2021 жылы қалада тұрақты радиациялық жағдай байқалды. Қала аумағында табиғи сәулелену көздерін қайта өңдеумен айналысатын объектілердің болмауы және пайдалы қазбаларды өндіру бойынша жұмыстар жүргізілмегендіктен, барлық санаттағы радиоактивті қалдықтардың түзілу жағдайлары тіркелген жоқ.

2021 жылы «Қазгидромет» РМК радиациялық гамма-фонға және атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивті түсулер тығыздығының өзгеруіне бақылау деректері бойынша 2021 жылы Нұр-Сұлтан қаласындағы радиациялық фон шекті жол берілетін деңгейден аспады.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayushey-sredy/2021>) сайтында орналасқан.

12.15.7. ҚАЛДЫҚТАР

Тұрмыстық қатты қалдықтар

Қала аумағы 24 учаскеге бөлінген, онда 5 091 контейнерлік алаң жайластырылған және 14 595 контейнер орнатылған. Энергия үнемдейтін және құрамында сынабы бар шамдарды жинау үшін 545 контейнер орнатылды: Есіл ауданында – 200 дана, Сарыарқа ауданында – 185 дана, Алматы ауданында – 112 дана, Байқоңыр ауданында – 39 дана. «2ГИС» қосымшасына ЭСШ үшін контейнерлерді орнату орындары енгізілді.

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша қалдықтарды шығару бойынша көрсетілетін қызметті беруші «Clean City NC» ЖШС компаниясы болып табылады. Қаланың аумағында түзілетін ТҚҚ қоқыс өңдеу кешеніне шығарылады, сұрыпталады, қайта өңделеді және брикеттеледі.

Кешен аумағында органикалық қалдықтарды, қара металл сынықтарын автоматты түрде бөлетін және қайталама шикізатты (ПЭТ-бөтелкелер (полиэтилентерефталат), полиэтилен, макулатура) қолмен сұрыптайтын 2 желі бар. Пластмассаны (полимерлі түйіршіктер) және макулатураны (эковат) қайта өңдеу бойынша екі цех жұмыс істейді. Сондай-ақ, зауытта пайдалы емес фракцияны өңдеуге арналған пиролиз қондырғысы (6 реактор) жұмыс істейді. Қайта өңдеуге жатпайтын брикеттелген ТҚҚ көму үшін полигонға әкетіледі.

2021 жылы ТҚҚ полигонында шамамен 448,0 мың тонна қалдықтар қабылданды. Полигонда құрылыс қалдықтарын (кірпіш, асфальт, бетон қалдықтарын және т.б. қайта өңдеу) сақтауға және қайта өңдеуге арналған алаң бар.

Уытты қалдықтар

ТҚҚ полигонының периметрі шегінде жеке алаңда 2 қондырғы орнатылған: «УДМ-3000» - құрамында сынабы бар шамдарды демеркуризациялау үшін және «ЛВК 240» - лак-бояу құралдарының қалдықтарын, барлық түрдегі пайдаланылған майларды, мұнай шламдарын, мұнай өнімдерін, майланған шүберектерді кәдеге жарату үшін.

Медициналық қалдықтар

Нұр-Сұлтан қаласында медициналық қалдықтарды кәдеге жаратумен «Утилизация ЛТД» ЖШС, «Sara M Servis» ЖШС айналысады.

«Утилизация ЛТД» ЖШС қуаттылығы жылына 700 тонна «NanjingSumecareEnterpriseCO, Ltd» инсинераторында «В» класындағы медициналық қалдықтарды, бір рет қолданылатын медициналық құралдарды кәдеге жаратуды жүзеге асырады.

«Sara M Servis» ЖШС медициналық қалдықтарды кәдеге жаратуды мамандандырылған қондырғыда жағу жолымен жүргізеді.

Қауіпті және қауіпті емес қалдықтар

2021 жылы Нұр-Сұлтан қаласы бойынша қауіпті қалдықтар көлемінің ұлғаюы байқалады (12.15.7-кесте).

12.15.7 -кесте

2020-2021 жылдардағы Нұр-Сұлтан қаласы бойынша қауіпті қалдықтардың қозғалысы туралы ақпарат, тонна

Қауіпті қалдықтардың қозғалысы	2020 жыл	2021 жыл
Жыл басына болуы	29 080,3	30 570,9
Түзілді	1 699,0	1 818,8
Басқа тұлғалардан түсті	827,8	10,2
Қайта өңделді, пайдаланылды, өртелді	826,6	9,3
Залалсыздандырылған	0,0	0
Көмілген	1 615,9	0
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілді	59,8	27,3
Жыл соңында болуы	30 720,7	32 363,1

Көзі: ҚОҚ БАЖ.

12.15.8-кестеде Нұр-Сұлтан қаласында 2020-2021 жылдары түзілген қауіпті емес қалдықтардың көлемі туралы ақпарат берілген.

2020-2021 жылдары Нұр-Сұлтан қаласы бойынша түзілген қауіпті емес қалдықтардың көлемі, мың тонна

Атауы	2020 жыл	2021 жыл
Жыл басына болуы	799,9	1 149,8
Түзілді	291,4	165,6
Басқа тұлғалардан түсті	433,9	763,3
Қайта өңделді, пайдаланылды, өртелді	0,2	62,5
Залалсыздандырылған	47,0	1 579,3
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілді	278,4	435,0
Жыл соңында болуы	1 246,7	1,8

Көзі: ҚОҚ БАЖ.

Жануарлардың қалдықтарын кәдеге жарату және көму (мал қорымдары)

Елордада қауіпті қалдықтарды көмуге арналған арнайы полигон жоқ. Жануарлардан алынатын қалдықтар «АстанаВетСервис» МКК өндірістік базасының аумағында арнайы инсинератор-пеште жойылады.

12.15.8. ЖЫЛУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ЖӘНЕ ТҰТЫНУ

Нұр-Сұлтан қаласын электрмен жабдықтауды «Астана-АЭК» АҚ қамтамасыз етеді, ЭЖ және КЖ ұзындығы – 4 458,941 км, ҚС саны – 1 560 дана.

ЖЭО-1, ЖЭО-2 энергия көздерінен қолда бар қуаттылық 577 МВт құрайды, оның ішінде: ЖЭО-1 – 22 МВт (өз қажеттіліктеріне), ЖЭО-2 – 555 МВт.

Электр энергиясын өндіру: ЖЭО-1 – 22 МВт, ЖЭО-2 – 551 МВт.

220 кВ сақинаның өткізу қабілеті – 1 118 МВт. Жалпы өткізу қабілеттілігінен жүктеме – 64%. Бұл көрсеткіш күзгі-қысқы кезеңде және жыл бойы өзгермейді.

12.15.9 кестеде Нұр-Сұлтан қаласы бойынша электр және жылу энергиясын тұтыну туралы ақпарат ұсынылған.

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша электр және жылу энергиясын тұтыну

№	Тұтыну	2020 (нақты)	2021 (нақты)	2022 (жоспар)
1	Электр энергиясы (мың кВт · сағ)	3 321 833	3 901 418	4 087 443
2	Жылу энергиясы (Гкал/сағ)	7 455 612	8 538 680	7 764 146

Көзі: Нұр-Сұлтан қ. әкімдігі.

Электр станциялары мен жылу станцияларының отын шығынының динамикасы (отын түрлері бойынша) 12.15.10-кестеде ұсынылған.

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша электр станциялары мен жылу станцияларының отын шығыны

№	Отын түрі	2020 (нақты)	2021 (нақты)	2022 (жоспар)
1	Көмір (тонна)	3 825 369	4 290 437	3 849 042

2	Мазут (тонна)	8 018	8 637	8 838
3	Табиғи газ (мың м ³)	3 645	53 557	235 892

Көзі: Нұр-Сұлтан қ. әкімдігі.


2021 жылы елордада жел электр станциясы құрылысының инвестициялық жобасын іске асыру басталды, қуаттылығы 50 МВт немесе 150-200 млн кВт · сағ / жыл. Жобаның бастамашысы Eni («Arm Wind» ЖШС) трансұлттық компаниясы болып табылады. Жобаны 2024 жылға дейін аяқтау жоспарлануда.

«Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының «Бюджет секторында және ТКШ энергия тұтынуды азайту» 2-көрсеткішін орындау шеңберінде Нұр-Сұлтан қаласының отын-энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы 2022 жылдың соңына дейін Нұр-Сұлтан қаласының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған Жол картасын әзірлеуді көздейді.

12.15.9. ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

ҚР жаңа Экологиялық кодексінің енгізілуіне байланысты қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу үшін қаражат бөлуге бюджеттік өтінім беру жоспарлануда.

12.16. АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

	2021 жылдың жалпы көрсеткіштері				
	Субъектінің S, мың км ²	0,7	Халық саны, 2022 жылдың басына, адам	2 024 861	
	2018-2021 жылдардағы негізгі экологиялық көрсеткіштер				
	Көрсеткіштер	2018	2019	2020	2021
	Кәсіпорындардың ҚОҚ жұмсаған шығындары, млрд теңге	4,98	5,1	5,1	8,8

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Алматы (1921 жылға дейін – Верный қ.) – Қазақстанның ең ірі мегаполисі. 1927-1936 жылдары Қазақ АКСР астанасы, 1936-1991 жылдары Қазақ КСР астанасы, 1991-1997 жылдары Қазақстан Республикасының астанасы. Іле Алатауының етегінде – Тянь-Шаньның ең солтүстік жотасында, теңіз деңгейінен 600-ден 1 650 метр биіктікте орналасқан. Алматы орталығының биіктігі – теңіз деңгейінен 800 м биіктікте. Бұл орналасу көбінесе қаланың климатын анықтайды, ол жыл бойы ғана емес, сонымен қатар тәулік бойы температураның үлкен ауытқуымен сипатталады. Қаңтардың орташа температурасы – -8°C , шілдеде – $+22,3^{\circ}\text{C}$. Ауаның температуралық ауытқу деңгейі әр түрлі биіктікте өзгереді: теңіз деңгейінен 1 400 метрден жоғары көтерілгенде, орташа жылдық ауа температурасы әр 100 метр сайын $0,66^{\circ}\text{C}$ төмендейді.

Алматы – еліміздің негізгі ғылыми, мәдени, өндірістік және қаржы орталығы және «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» трассасындағы ірі логистикалық хаб.

12.16.1. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА

Ластағыш заттар шығарындылары

Көптеген жылдар бойы Алматы ауаның ластану деңгейі жоғары қалаларға жатады. Ерекше табиғи-климаттық ерекшеліктер, аумақтың табиғи үрленуінің төмен деңгейі және қыс мезгілінде ұзақ уақыт сақталатын температураның қуатты жер бетіндегі инверсиясы қала атмосферасында қазандықтар, ЖЭО, өнеркәсіптік объектілер шығарындыларынан, жеке секторды пешпен жылытудан және т.б. ластағыш заттардың жиналуына әкеледі.

2021 жылы ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес Алматы қаласында стационарлық ластану көздерінің саны 8 568 бірлікті құрады (12.16.1-кесте).

12.16.1-кесте


2019-2021 жылдардағы ластағыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны, бірлік

Атауы	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Шығарындылардың стационарлық көздері	10 359	9 640	8 568

Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2021 жылы Алматы қаласының атмосфералық ауасына стационарлық көздерден шығарылатын шығарындылар көлемі – 40,8 мың тоннаны құрады (12.16.1-сурет).

2019-2021 жылдардағы стационарлық көздерден атмосфералық ауаға ластағыш заттар шығарындыларының көлемі, мың тонна




Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Мегаполистің атмосферасының жай-күйіне Алматы облысындағы ЖЭО-3 шығарындылары және газдандыру деңгейі 40% төмен көршілес облыстың 5 газдандырылмаған шекара маңы аудандарынан шығарындылар да әсер етеді.

2019-2021 жылдары Алматы қаласының атмосфералық ауасына негізгі ластағыш заттар шығарындыларының көлемі туралы ақпарат 12.16.2-суретте ұсынылған.

2019-2021 жылдары Алматы қаласының атмосфералық ауасына негізгі ластағыш заттардың шығарындылары, мың тонна



Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Стационарлық көздерден басқа, жылжымалы көздер, атап айтқанда автокөлік қаланың ластануына айтарлықтай үлес қосады. ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 01.01.2022 ж. жағдай бойынша Алматы қаласында 463,0 мың бірлік жеңіл және 39,1 мың бірлік жүк автокөліктері тіркелген.

2021 жылы қалаға негізгі кіреберістерде 19 жаңа экологиялық бекет орнатылды. 2021 жылы экологиялық бекеттермен автокөліктің пайдаланылған газдарының 189 552 бірлігі өлшенді, уыттылық пен түтінділік нормаларының артуы 24 348 бірлік автокөлік құралдарында анықталды.

Автокөліктің пайдаланылған газдарының уыттылығы мен түтінінің белгіленген нормаларының сақталуын бақылау үшін 1 жылжымалы экологиялық зертхана және 3 жылжымалы экобекет іске қосуға дайындалуда.

Автокөліктің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту мақсатында Алматы қаласында қалалық

жолаушылар көлігімен дизель отынын пайдалануға кезең-кезеңімен тыйым салынады, 2027 жылға дейін автобустарды газ отынына толық ауыстыру жоспарлануда.

2021 жылы Алматыда 21 автобус паркі 151 бағытқа қызмет көрсетеді, 515 газбен жүретін автобус, 196 троллейбус, 15 электрмен жүретін және 1 715 дизельді автобустар тартылған. Қалада 6 автомобиль газ толтыру компрессорлық станциясы жұмыс істейді. Инвестициялық жоба аясында «ҚазТрансГаз» АҚ 2 қосымша станция салу бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Атмосфералық ауаның сапасы

2021 жылы «Қазгидромет» РМК Алматы қаласының аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылауды 16 бақылау бекетінде, оның ішінде 5 қолмен сынама алу бекетінде және 11 автоматты станцияда жүзеге асырады.

Бақылау барысында 18 көрсеткіш анықталады: қалқыма бөлшектер (шаң), РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, фенолдар, формальдегид, озон, кадмий, мыс, мышьяк, қорғасын, хром⁽⁶⁺⁾, никель, мырыш, бенза(а)пирен.

«Қазгидромет» РМК стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпы «ластанудың жоғары деңгейі» ретінде бағаланды (12.16.2-кесте).

12.16.2-кесте

2021 жылғы Алматы қ. бойынша атмосфералық ауаның сапасы

№	Бақылау бекеті	Көрсеткіштер		
		АЛИ	СИ	ЕКҚ (%)
1.	№ 2 бекет (Іле ауданы, Бурундай автошаруашылығы, Аэродромная көшесі)	7 (жоғары деңгей)	10 (жоғары деңгей)	-
2.	№16 бекет (Айнабұлақ-3 ш.а.)	7 (жоғары деңгей)	-	28 (жоғары деңгей)

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ескерту. Градациялар бойынша атмосфералық ауаның ластану дәрежесін бағалау 1 «Атмосфералық ауа» бөлімінде ұсынылған.

Стационарлық бақылау бекеттерінен басқа Алматы қаласында жылжымалы экологиялық зертхана жұмыс істейді, оның көмегімен ауа сапасын өлшеу 7 көрсеткіш бойынша қосымша 10 нүктеде (Талғар қ. – 2, Есік қ. – 2, Түрген ауылы – 2, Өтеген батыр к. – 2, Қаскелең к. – 2) жүргізіледі: қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, азот оксиді, азот диоксиді, көміртегі оксиді, фенол, формальдегид.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналасқан.

Атмосфералық ауаның ластануын төмендету бойынша шаралар

2021 жылы Алматы қаласының атмосфералық ауасының ластануын төмендету жөніндегі негізгі шаралар жеке тұрғын үй секторын газдандыру, көлік инфрақұрылымын жақсарту, қоғамдық көлікті экологияландыру, табиғат пайдаланушы кәсіпорындардың қызметін экологиялық реттеу болып қала береді.

2021 жылы аяқталған жобалар:

- ЖЭО-1 техникалық қайта жарақтандыру жүргізілді және «Алматыжылужайэнерго» АҚ қазандықтарының 90% табиғи газға ауыстырылды.

- ЖЭО-2 азот тотығын басуға арналған жаңғыртылған жанарғы құрылыстары, жаңа буын эмульгаторы бар және тазалау дәрежесі 99,5% дейінгі №8 қазандық агрегаты пайдалануға берілді.

- АГТС-тен Батыс жылу кешеніне дейін газ құбырының құрылысы аяқталды.

- Жеке секторды газдандыру жалғасуда, қала маңындағы кенттер мен бау-бақша қоғамдарын газдандыру мәселесі шешілуде.

- 42,8 км астам жаңа жолдар салынды, 3 жол айрығының құрылысы жалғасуда, 219 шақырым жол жөнделді.

- 2 метрополитен станциясының құрылысы аяқталды – «Сарыарқа» және «Достық».

ЖЭО-2 және ЖЭО-3 табиғи газға ауыстыруға қатысты 2021 жылғы 29 қарашада «Қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып Жакутов атындағы Алматы ЖЭО-2 жаңғырту» тақырыбында қоғамдық тыңдау өткізілді. ТЭН жобасы мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алды.

Самұрық-Энерго ақпараты бойынша, Алматы ЖЭО-3 жаңғырту ТЭН әзірлеу бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде. «Алматы электр станциялары» АҚ мен «КазНИПИЭнергопром» АҚ арасында ПМУ құрылысымен ЖЭО-3 газға ауыстырудың ТЭН әзірлеуге шарт жасалды.

Алматы қаласының қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу мақсатында қаланың әртүрлі аудандарында белгіленген 20 бақылау бекеттерінде ауа бассейнінің ластануына мониторинг жүргізіледі.

Халықты ақпараттандыру үшін ауа сапасы туралы деректер мегаполистің әртүрлі бөліктерінде орнатылған 49 LED-экрандарда және «Алматы» телеарнасында таратылады.

2021 жылы профилактикалық бақылау шеңберінде Алматы қаласы бойынша Экология департаментіне стационарлық және жылжымалы көздерді аспаптық талдамалық бақылау әдістерін қолдана отырып, ірі табиғат пайдаланушылар тексерілді. 10 кәсіпорынның автокөлік құралдарын тексеру барысында «Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ, «Қазферросталь» ЖШС, «SmashLTD» ЖШС, «Темірбетон-1» ЖШС, «ТАР-СТРОЙ» ЖШС, «ДСУ №13» ЖШС тиесілі 15 автокөліктерінен шығатын газдардағы ластағыш заттардың нормативтерден асып кетуі анықталды.

2021 жылы «Таза ауа» рейдтік іс-шарасын ескере отырып, Алматы қаласы Полиция департаментімен бірлесіп 116 бірлік автокөлік құралдары тексерілді, оның ішінде 24 бірлікке нормативтердің асып кетуі анықталды. Тиісті ұсыныстар берілді.


Газдандыру

Алматы қаласы әкімдігінің мәліметінше, 2021 жылы орталықтандырылған газбен жабдықтауға жеке тұрғын үй секторының 99% қол жеткізе алады (12.16.3-сурет). Жалпы ұзындығы 266 км газ тарату құбырларының құрылысы орындалды, 4 мыңға жуық тұрғын үйдің қосылуына қолжетімділік қамтамасыз етілді.

Бұл ретте жекелеген учаскелерде тұрғын үйлерді газдандыруға арналған тарату желілері жоқ, бұл жаңа шағын аудандарды қосу есебінен қала шекараларының кеңеюіне байланысты.

12.16.3-сурет

2017-2021 жылдардағы Алматы қаласының газбен қамтамасыз ету деңгейі, %



Көзі: Алматы қ. әкімдігі.

Қаланың газ тасымалдау жүйесінің қуаттылығын арттыру мақсатында айналма газ құбырының құрылысымен ГТС-2 қуаттылығын шығару аяқталды, нәтижесінде қаланың айналасында табиғи газды пайдалана отырып, тұрғын және тұрғын емес объектілерді жылумен жабдықтауға байланысты мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін газ құбыры сақинасы құрылды.

12.16.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

2021 жылы Алматы қаласының әкімдігі қала аумағында су объектілеріне паспорттау жүргізіп, электрондық база жасады. Паспорттау қорытындысы бойынша қаладағы су объектілерінің жалпы саны – 153, оның ішінде 109 су ағыны және 44 су қоймасы. Алматы қаласының аумағы бойынша су ағындарының жалпы ұзындығы – 586 км, оның ішінде жағалаудың нығайтуы орындалған – 206 км астам. 48 гидротехникалық құрылыстар, оның ішінде бөгеттер, бөгендер, бөгет құрылыстары, су тораптары, ашық су шығару түріндегі су қабылдағыштар және тұндырғыштар бар, олардың көмегімен тасқын (сел) сулардың зиянды әсерінен қорғау орындалады және су көздерінен су алу жүзеге асырылады.

Арық желілері мен нөсер кәріздерін түгендеу деректеріне сәйкес, Алматы қаласында 1 525 км арық желілері бар, оның ішінде: аулалар аумағында – 245 км, саябақ аймақтарында – 60 км, суару үшін пайдаланылады – 168 км, жөндеуді немесе реконструкциялауды талап етеді – 424 км.

Суды тұтыну


Алматы қаласын сумен жабдықтау жер үсті және жер асты суларынан жүзеге асырылады. Жер асты сулары тереңдігі 165 метрден 500 метрге дейінгі Алматы, Талғар және Кіші Алматы кен орындарының 330 астам ұңғымаларынан өндіріледі (барлық су қабылдағыштардың жобалық өнімділігі – тәулігіне 1 318 мың м³). Бұл ретте қаланы сумен жабдықтаудағы жерасты көздерінің үлесі 67,9% құрайды.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2021 жылы Алматы қаласының су құбыры желілері мен су артқыштардың жалпы ұзындығы – 3 695,5 км (2020 ж. – 3 601 км) құрайды. 2021 жылы сапалы сумен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін Наурызбай, Алатау және Түрксіб аудандарының 24 шағын аудандарында (36,5 мың үй) 170 км су құбыры салынды.

2021 жылы қаланың су тұтынуы 171 963,2 мың м³ құрады (12.16.4-сурет).

12.16.4-сурет

2021 жылы Алматы қаласында су тұтыну көлемі, мың м³



Көзі: ҚР Ұлттық статистика бюросы.

Суды бұру

Жалпы қалалық кәріз қалалық ағынды суларды қабылдауды, бұруды және тазартуды жүзеге асырады. Ағынды сулар Алматы облысындағы аэрация станциясында тазартудың бірнеше кезеңінен өтеді. Қаланың кәріз жүйесі толық бөлек жүйе бойынша жұмыс істейді: бір нөсер (арық) кәрізі кіші өзендерге су бұрумен, екіншісі аэрация станциясының тазарту құрылыстарына жіберілетін өнеркәсіптік және шаруашылық-тұрмыстық ағынды суларға арналған жалпы қалалық кәріз. Аэрация станциясы, Сорбұлақ жинақтағышы және оң жағалаудағы Сорбұлақ каналы Алматы облысының Іле ауданында орналасқан.

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2021 жылы Алматы қаласының кәріз желісінің жалпы ұзындығы – 1 867,9 км (2020 жылы – 1 778,4 км) құрайды, оның ішінде 1 097 км ауыстыруды қажет етеді.

Ағынды суларды бұру үшін шамамен 175,9 км кәріз коллекторлары (146,6 км ауыстыруды қажет етеді) және 29 сорғы станциясы бар. Кәріз желілері 70 жылдан астам уақыт бойы жұмыс істейді және тозу деңгейі 59,3%, кәріз сорғы станциялары – 54%, кәріз тазарту қондырғылары – 60% құрайды.

Алматы қаласы бойынша Экология департаментінің деректері бойынша, 2021 жылы Алматы қаласында су бұру көлемі 138 912,3 мың м³ құрады (12.16.3-кесте).

12.16.3-кесте

2020-2021 жылдардағы Алматы қаласындағы ағызудың нақты көлемі

Ағызулардың нақты көлемі		2020 жыл	2021 жыл
Өнеркәсіптік ағызулар	Су бұру көлемі, млн м ³	46 300,9	48 466,4
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	23 004,4	21 171,3
Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар	Су бұру көлемі, млн м ³	85 987,4	90 009,0
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	42 722,4	39 318,1
Апаттық және рұқсат етілмеген ағызулар	Су бұру көлемі, млн м ³	-	-
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	-	-
Барлығы (жоғарыда аталған ағызулардың барлығы)	Су бұру көлемі, млн м ³	132 288,3	138 912,3
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	65 726,8	60 489,4

Көзі: Алматы қаласының Экология департаменті.

Алматы қаласының бейкі су қоймаларына, өзендеріне және жер бедеріне өнеркәсіптік ағызулар жүзеге асырылмайды, авариялық ағызулар тіркелмеген, ластану негізінен жеке сектордан және жер үсті нөсер ағындарынан туындайды.

Ағынды суларды ағызуға рұқсаттары бар 2 ұйым:

- «Ақ-Отау group» ЖШС, негізгі қызметі – құртшабақ балықтарды өсіру, су қоймаларында балықтар мен жемшөп организмдерін бейімдеу;

- «Парк КОК-ТОБЕ» ЖШС, негізгі қызметі - қала тұрғындары мен қонақтары үшін демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру.

Беткі сулардың сапасы

2021 жылы «Қазгидромет» РМК Алматы қаласының аумағындағы беткі сулардың ластануын бақылауды 4 су объектісінде (Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы өзендері) жүргізді.

2020-2021 жылдардағы Алматы қаласының су объектілері суының сапасы туралы ақпарат Бірыңғай сыныптамаға сәйкес 12.16.4-кестеде ұсынылған.

2020-2021 жылдардағы Алматы қаласының су объектілері суының сапасы

Су объектісінің атауы	Су сапасының сыныбы		Параметрлер	2021 ж. шоғырлануы, мг/дм ³
	2020 жыл	2021 жыл		
Кіші Алматы өз.	3 сынып	3 сынып	Магний	21,3
Есентай өз.	2 сынып	3 сынып	Аммоний ион	0,51
Үлкен Алматы өз.	2 сынып	2 сынып	Жалпы фосфор	0,132

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Ескерту. Су пайдалану сыныптарының сипаттамасы 3 «Су ресурстары» бөлімінде ұсынылған.

Толығырақ ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналастырылған.

Су ресурстарының ластануын азайту бойынша шаралар

Беткі су объектілерінің ресурстарын сақтау және іргелес су қорғау аймақтарын абаттандыру мақсатында габиондармен жағалауларды тереңдету, нығайту, қажет болған жағдайда қала аумағындағы өзендердің жекелеген учаскелері бойынша барраждар салу және т.б. жұмыстары жүргізілуде.

2021 жылы жобалар бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталды:

1) «Кіші Алматы өзені арнасының жекелеген учаскелерін су бөлгіштен Достық даңғылына дейін, оның ішінде Алматы қаласы Мақатаев көшесіне дейін гидротехникалық құрылыстарды қайта жаңарту». Жалпы ұзындығы – 8,9 км.

2) «Тиксай және Жарбұлақ өзендері арналарының жекелеген учаскелерін қайта жаңарту. Тиксай өзені». Жалпы ұзындығы – 1,8 км.

3) «Алатау ауданында Қарасу шағынауданындағы рекреациялық аймақтың (көлді қоса алғанда) құрылысы».

Келесі нысандар бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жалғасуда:

1) «Тиксай және Жарбұлақ өзендері арналарының жекелеген учаскелерін қайта жаңарту. Жарбұлақ өзені». Жалпы ұзындығы – 6,7 км.

2) «Су бөлгіштен Алматы қаласы Медеу ауданы Жамақаев көшесіне дейін Есентай өзенінің су қорғау белдеуі мен арнасының учаскесін реконструкциялау». Жалпы ұзындығы – 4,2 км.

3) «Алматы хайуанаттар бағы КМҚК тазарту құрылыстарын пайдалана отырып, тоғандарды реконструкциялау және абаттандыру».

4) «Көкмайса шағын ауданындағы Есентай өзенінің арнасы бойындағы жағалау құрылысы». Жалпы ауданы – 16 га.

12.16.3. ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

Жер қоры

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің деректері бойынша, 2021 жылы Алматы қаласының жалпы жер көлемі 68,3 мың га құрады, олар 4 аймаққа бөлінген:

- тұрғын үй аймағы – 10,8 мың га немесе 15,8%, көп қабатты тұрғын үй құрылысын және жеке тұрғын үй құрылысын қамтиды;
- әлеуметтік аймақ – 2,1 мың га немесе 3,1%, мемлекеттік мекемелерге ресімделген барлық әлеуметтік маңызы бар объектілерді және заңды тұлғаларға ресімделген объектілерді (жоғары оқу орындары, мектептер, қоғамдық қорлар және т. б.) қамтиды;
- коммерциялық аймақ – 7,4 мың га немесе 10,8%, тұрмыс, қоғамдық тамақтану, сауда, іскерлік қызмет көрсету, өндіріс саласының объектілерін қамтиды;
- өзге аймақ – 48,0 мың га немесе 70,3%, көлік объектілері (т/ж вокзалдары және әуежай),

ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер, ЕҚТА, сауықтыру объектілері (санаторийлер), тарихи-мәдени мақсаттағы объектілері, әскери және су объектілері, қала құрылысына немесе өзге де қызметке тартылмаған (резервтік) және жалпы пайдаланудағы жерлер (жол-көлік және арық желілері, аллеялар, аула аумақтары, тротуарлар және т.б.) енгізілген;

2021 жылы Алматы қаласының жер алаңдарындағы өзгерістер: тұрғын үй аймағының жерлері 17 га, әлеуметтік аймақтың жерлері 272 га, ал өзге аймақтың жерлері 290 га азайды. Өзгерістер ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлер – әлеуметтік құрылысқа беру, әлеуметтік аймақ және бау-бақша объектілері үшін нысаналы мақсатының өзгеруі есебінен болды.

Топырақ жағдайы

2021 жылы «Қазгидромет» РМК деректері бойынша Алматы қаласында 2021 жылы әртүрлі аудандарда іріктелген топырақ сынамаларында хром мөлшері – 0,11-1,1 мг/кг, мыс – 0,36-1,9 мг/кг, мырыш – 4,8-15,6 мг/кг, қорғасын – 12,3-40,4 мг/кг, кадмий – 0,07-0,46 мг/кг шегінде болған. Майлин көшесінде іріктелген топырақ сынамаларынан «Mercur» автоорталығы ауданында қорғасын бойынша асу мөлшері – 1,2 ШЖШ болып табылды. Әуежай ауданында қорғасын шоғырлануы 1,1 ШЖШ құрады. Абай даңғылы мен Сейфуллин даңғылының қиылысында, сондай-ақ Сайран су сақтағышынан 0,5 км төмен қорғасын мөлшері 1 ШЖШ шегінде болды (кесте 12.16.5).

12.16.5-кесте

2020-2021 жылдары Алматы қ. ауыр металдармен топырақтың ластануы, мг/кг

Ауыр металдар	2020 жыл	2021 жыл
Хром	0,16-1,1	0,11-1,1
Мыс	0,3-1,1	0,36-1,9
Мырыш	2,95-10,6	4,8-15,6
Қорғасын	12,6-38,9	12,3-40,4
Кадмий	0,18-0,45	0,07-0,46

Көзі: «Қазгидромет» РМК.

Біршама толық ақпарат «Қазгидромет» РМК (<https://kazhydromet.kz/ru/ecology/ezhemesyachnyy-informacionnyy-byulleten-o-sostoyanii-okruzhayuschey-sredy/2021>) сайтында орналасқан.

Жерлерді алып қою

Алматы қаласын Дамыту бағдарламасын іске асыру мақсатында Жер қатынастары басқармасы мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару, көлік инфрақұрылымын (жолдар, айырбастар), әлеуметтік объектілерді (мектептер, балабақшалар, ауруханалар және т.б.) және энергетика объектілерін (КСС, қосалқы станциялар) салу бойынша жұмыстар жүргізуде.

2021 жылы мемлекет мұқтажы үшін 25,3 млрд теңге сомасына 300 жер учаскесі сатып алынды (2020 жылы мемлекет мұқтажы үшін 12,07 млрд теңге сомасына 189 жер учаскесі алынды).

Мемлекеттік мекемелерге 612 жер учаскесі (2020 жылы – 231 учаске) берілді, оның ішінде: энергетика объектілерін салуға – 65; денсаулық сақтау объектілерін салуға – 11; мектепке дейінгі тәрбие беру объектілерін салуға – 7; спорт объектілерін салуға – 10; метрополитенге – 13; Қорғаныс министрлігінің, ҰҚК, ПМ мұқтаждары үшін – 4; қалалық ұтқырлық объектілерін (автотұрақтар, автостанциялар) салу үшін – 398; қалалық зираттар үшін – 54; коммуналдық меншік объектілері – 39; республикалық меншік объектілері – 11.

12.16.4. БИОӘРТҮРЛІЛІК

Алматы маңындағы оңтүстіктен республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ болып табылатын Іле-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркімен шектеседі. 708,2 га алаңда жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ – «Медеу» табиғи паркі және «Баум тоғайы» мемлекеттік табиғат ескерткіші (137,7 га) орналасқан.

Саябақ аумағында құстардың кем дегенде 136 түрі кездеседі, оның ішінде ұя салатын, отырықшы, қоныс аударатын және қыстайтын құстар, соның ішінде көк құс, бүркіт, ителгі, бидайық, лашын, құмай, көкжөре, үлкен құралай.

12 тұқымдас сүтқоректілердің 25 жуық түрі мекендейді. Бұғылар, сібір еліктері бар. Кеміргіштер, көптеген тиіндер, аламандар түрлерге байланысты алуан түрлі. Бұл аймақтағы жыртқыштардың ішінде түлкі мен сусардың өкілдері – ақкіс пен борсық мекендейді, ақтөс сусары кездеседі.

2021 жылы Баум тоғайының аумағындағы жасыл екпелердің қазіргі жай-күйіне ғылыми-зерттеу бағалауы жүргізілді, оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету бойынша ұсынымдар әзірленді, тоғайдың жасыл екпелеріне түгендеу жүргізілді. Медеу саябағы мен Баум тоғайының аумағында жасыл екпелерді биоөңдеу жүргізілді.

Алматы қаласында республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ – Бас ботаникалық бақ (104 га) бар. Оның аумағында Қазақстан мен әлемдік флораның жабайы және мәдени өсімдіктерінің бай қоры жинақталған. Ботаникалық бақтың коллекциясында 2 235 ағаш өсімдіктерінің таксоны, 580 тропикалық және 1 150 гүлді-сәндік, 255 мың жоғары тамырлы өсімдіктер, 100 мыңға жуық саңырауқұлақтар мен қыналардың үлгілері және 200 астам дәрілік өсімдіктердің таксондары бар.

Алматы қаласының барлық аудандарында ең көп таралған ағаштар – шегіршін және қарағаш (Ильмовтар тұқымдасының ағаштары), көбінесе тамал шегіршін және жүнді шегіршін кездеседі (12.16.6-кесте).

12.16.6-кесте

Алматы қаласында қарағаштың кең таралған түрлері, бірлік

№	Түр атауы	Саны
1	Тапал шегіршін	302 361
2	Жүнді шегіршін	95 043
3	Ұсақ жапырақты шегіршін	2 775
4	Тегіс шегіршін	1 654
5	Андросов шегіршіні	232
6	Кәдімгі шегіршін	78
7	Қалың шегіршін	1


Көзі: Алматы қ. әкімдігі.

Қаланы көгалдандыру

Ел Президентінің тапсырмасын орындау аясында 2020-2030 жылдарға арналған Алматы қаласын көгалдандыру стратегиясы әзірленді.

2021 жылы Алматы қаласының Жасыл экономика басқармасы 215 261 ағаш көшетін отырғызды (12.16.6-сурет).

2019-2021 жылдары Алматы қаласын көгалдандыру, дана



Көзі: Алматы қ. әкімдігі.

Қаланың шеткі аудандарын көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде. Мәселен, Алатау ауданында қарағай орманның аумағында 4,0 мың дана қылқан жапырақты және 2,0 мың дана жапырақты ағаш отырғызылды. Линиялық парк аумағында Момышұлы көшесінің батысында 600 дана жайпақ жапырақты ағаштар отырғызылды. Бостандық ауданында жеміс бағының аумағында 1 990 дана жеміс ағаштары отырғызылды.

Ағаштарды отырғызу магистральдық жолдар, жол айрықтары бойында, көп функциялы тұрғын үй кешендерінің аумақтарында, өзен жайылмаларының бойында, саябақ аумақтарында, санитарлық-қорғау аймақтарының аумағында және т. б. жүргізіледі.

Жасыл қорды сақтау және сауықтыру мақсатында жыл бойы «Дезинфекция» медициналық мекемесі, «Ж.Жиёмбаев атындағы өсімдіктерді қорғау және карантин ҚазҒЗИ» ЖШС, «ЗаРа Гранд» ЖШС, «Professionalgroup – KZ» ЖШС мамандандырылған ұйымдарды тарта отырып, ағаш зиянкестері мен зең ауруларынан жасыл екпелерді өңдеу жүргізіледі. Бұл жағдайда қолданылатын дәрі-дәрмек жапырақ кеміргіш және сорғыш жәндіктердің санын сенімді бақылауды қамтамасыз етеді, ұзақ мерзімді қорғаныс әсеріне және жоғары селективтілікке ие, қоршаған ортаға қауіпсіз.

